"УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 21"
ТОМ 3
"ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 21"

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ТОМ 3

"ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 21" атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
21 сәуір

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
"УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 21"
21 апреля

MATERIALS
of International practical science conference
"UALIKHANOV READINGS - 21"
21 st of April

Көкшетау, 2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ш.УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 21» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ 21 сәуір

МАТЕРИАЛЫ международной научно-практической конференции «УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 21» 21 апреля

MATERIALS of International practical science conference "UALIKHANOV READINGS - 21" 21 st of April

Том 3

Көкшетау, 2017

УДК 001.83
В 17

«Шоқан оқулары - 21» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. Қазақстан, Көкшетау, 2017. Т.3. – 328 б.

В 17

«Уалихановские чтения – 21» сборник материалов международной научно-практической конференции. Казахстан, Кокшетау, 2017. Т.3. – 328 с.

Materials of International practical science conference "Ualikhanov readings - 21". Kazakhstan. Kokshetau. T.3. – 328 p.

ISBN 978-601-261-336-0

Бұл басылымға 2017 жылдың 21 сәуір күні өткен «ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 21» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енген. Жинақ ғылыми қызметкерлерге, ЖОО оқытушыларына, PhD докторанттарға, магистранттарға арналған әр түрлі ғылым салаларындағы өзекті мәселелерді қамтиды.

В настоящее издание вошли материалы традиционной международной научно-практической конференции «УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 21», проходившей 21 апреля 2017 года. Они отражают проблемы различных отраслей науки, рассчитанные на широкий круг работников, преподавателей ВУЗов, PhD докторантов и магистрантов.

УДК 001.83

СЕКЦИЯЛАР:

«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ»
«ОРЫС ФИЛОЛОГИЯСЫ»
«ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ»

СЕКЦИИ:

«КАЗАХСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ»
«РУССКАЯ ФИЛОЛОГИЯ»
«ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ»

РЕДКОЛЛЕГИЯ:

Әбжаппаров Ә.Ә. – Ш. Уәлиханов атындағы КМУ ректоры, т.ғ.д., профессор
Жарқынбеков Т.Н. – бірінші проректор, г.-м.ғ.к., РЖА профессоры
Жақыпова А.Д. – ОӘЖ проректор, ф.ғ.д., профессор
Ысқақов А.Ж. – ӘЭМ жөніндегі проректор, э.ғ.д., профессор
Шапауов Ә.Қ. – ғылым және коммерциялау қызметі жетекшісі, ф.ғ.к., профессор
Қақабаев Ә.А. – ХЫ АҰ және КО жетекшісі, доцент
Шалабай Б.Ш. – ф.ғ.д., профессор
Әміренова Р.С. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Немченко Н.Ф. – ф.ғ.к., ак. проф.
Жахина Б.Б. - п.ғ.д., ак.проф.
Анищенко О.А. – ф.ғ.д., проф.м.а.
Громова О.В.– БРБ жетекшісі

ISBN 978-601-261-339-1 (3)
ISBN 978-601-261-336-0

© Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік университеті, 2017

ТҮРКІ ЕНИСЕЙ ЭПИТАФИЙЛЕРІ – ӘДЕБИ ТУЫНДЫ

Айдарбекова Ж.Қ.
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ.
zh-zh-k85@mail.ru

Түркітану ғылымында түркі жазба ескерткіштеріндегі жазба тілінің жанры туралы екі негізгі пікір бар. Бірі - бұл тарихи жылнама немесе қысқаша шежіре (П.Мелиоранский, С.Кляшторный, А.Щербак, Л.Гумилев т.б.) деп түйіндесе, екіншілері – тарихи-эпостық жыр, батырлар жыры (Ф.Корш, И.Стеблева, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Жолдсабеков т.б.) деп айтады.

Эпитафия грек тілінен «құлпытасқа жазылған жазу және дүниеден өткен адамға шығарылған жоқтау («ода»)» деп аударылады. Ол проза не поэзия үлгісінде жазылады. Оның көлемі шағын болады [1: 449] деген анықтама беріледі.

Тарихи жылнама болу үшін тариихи деректер ешбір ұйқассыз, әсірелеусіз, айшықтаусыз «жалаң ресми стильде» баяндалуы керек. Егер тарихи баяндау барысында тілдік бейнелеу құралдары, эмоционалды сөздер мен сөз тіркестері, оқиғаны суреттеу барысында табиғит көріністерін суреттеу, немесее тарихи тұлғаның портретін жасау барысында бейнелеу сөздері, салыстырулар орын алса, онда туынды тарихи жылнама емес, *тарихи эпостық жыр* болуы тиіс.

С.Е.Малов «...эпитафии – это кладбищенская поэзия» [2: 5] деп көне түркі туындыларын атады. Мұнда батырдың (жауынгердің) шеңі, атағы, жасы, шайқастары мен олардың саны, өлтірген қарсылас-жауынгерлер саны және т.б. оқиғалар суреттеліп, «өмірдің қызығымен құмарымды толық қандырмадым» (“не насладился”) деген қайғыру, өкіну эмоциялары беріледі.

Тарихи эпос не жыр туралы сөз қозғаған А.Н.Веселовский былай деген: «... Шынын айтқанда, батырдың ерлігін жырлаған эпостар халықтың қалыптасуымен қатар туып бастаған. Тарихи кезеңдердің елеулі тұлғалары - ерлердің төңірегінде неше түрлі өлеңдер құрастырылып, солардың негізінде бүтін цикл жасаған» [3: 76]. Олай болса, бл эпитафийлер – әрі тарих, әрі тарихи тұлға, әрі – эпостық жыр (баяндау).

Көне түркі енисей эпитафийлерінің кейбіреулерінде тіптен ұйқас жоқ, бірақ әдеби туынды емес деп айтуға жатпайтын қағида. Профессор Б.Кенжебаев айтқандай «...жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады. Көп жерлері, тіпті ұйқассыз да келеді» [3: 104].

Д.М.Насилов енисей эпитафийлерін зерттей келе, оларды Орхон жазба ескерткіштертерінен әдеби тұрғыдан төмен екендігін атай отырып, Енисей бойындағы түркілердің жазу мәдениеті мен әдеби тіл белгілі деңгейде болғандығын мойындауымыз керек дейді [4: 123].

Көне түркі енисей эпитафийлері - 8-11 ғасырлар аралығына жататады. Эпитафий мәтіндерінде этнонимдер мен топонимдер көрсетілсе де, нақты қай саяси этникалық құрылым туралы толық дерек берілмейді. Мемориалдық жазбалардың басым көпшілігі Алтай, Хакасия, Тува өңірлеріндегі енисей қырғыздарымен байланысты. Көне түркі енисей эпитафияларын алғаш зерттеген ғалымдар И.Р.Аспелин, В.В.Радлов, С.Е.Малов болды. Кейін енисей рунологиясының зерттелуіне үлес қосқан ғалымдар С.В.Киселёв, И.А. Батманов, А.Ч.Кунаа, Л.Р.Кызласов, Э.Р.Рыгдылон, З.Б.Чадамба, А.М.Щербак, С.Г.Кляшторный, Д.М.Насилов,В.Я.Бутанаев, Д.Д.Васильев, И.В. Кормушин.

Бүгінгі күнде жалпы саны 158-ден асатын көне түркі енисей эпитафийлері бар. Олардың 60 пайызға жуығы Тува дерінде табылған. Бұл эпитафийлердің барлығын да біріктіретін басты қағида - тарихи эпостық жыр сарынында жазылуы.

Көне түркі енисей жазба ескерткішінен мысал келтірейік. «(1) qujda qunčujïm-a äsizim-ä ajïta özdä oγlïm äsizim-ä adïrïltïm-a ajïta (2) jüz qadašïm ujarïn üčün jüz ärin älig öküzin tikdi (3) kök täŋridä kün aj äsiz ärmiš ajïta äsizim-ä adïrïltïm-a (4)qanïm elim-ä äsizim-ä ajïta […]qanïm elim-ä äsiz ajït-a adïrïltïm… - (1) О, мои супруги в женских покоях, - как жаль мне, как грустно! Мои родные сыновья, - как жаль мне, я отделился (от вас), как грустно! (2) Благодаря благородству ста мужей, моих сородичей, с помощью ста мужей и пятидесяти волов водрузили (этот памятник) В синем небе – жаль! – были солнце и луна. Как грустно, как жаль мне – я отделился (от вас)! (4) О, мой хан, моё государство – как жаль мне, горе! … Мой хан, моё государство – жаль, грустно! – я отделился (от вас)» (Е-10) [5: 228].



Сурет – 1. Көне түркі енисей ескерткішінің бірі - Саргал-аксы (Е-60) қабіртасы. Жазуы.

Жоғарыда келтірілген бір мысалда қаратпа сөз бен одағай да («qunčujïm-a», «elim-ä», «qanïm» - «О, жұбайым менің», «О, елім менің», «О, ханым

менің!»), эмоционалды реңкі бар сөздер мен сөз тіркестері де («äsizim-ä», «äsiz» - «өкініштісін-ай!», «өкінішті!..»), қайғыру мәңді етістіктің әр сөйлем сайын қайталануы, перифраз да («adïrïltïm-a ajïta», «adïrïltïm-a», «ajït-a adïrïltïm…» - «айырылдым, ажырап кетім»), эпитет («jüz qadašïm ujarïn üčün» - «жүз асыл (игі) жауынгердің арқасында»), табиғатты суреттеу («kök täŋridä kün aj äsiz ärmiš ajïta äsizim-ä adïrïltïm-a» - «Көк аспанда күн мен ай болды, өкініштіай!...айрылдым бәрінен») образдары – мұның барлығы әдеби көркемдік құралдардың қолдануы арқылы жазылған мәтін. Тарихи жылнама (дерек) қағидасы сақталмаған! Бұл оның сонау 8-ғасырда өмір сүрген көне түркі енисей қырғыздарының әдеби туындысы, жоқтауы, тарихи-эпостық жыр үлгісіндегі шығармасы екендігінің дәлелі.

Әр көркемдік бейнелеу құралына жеке тоқталатын болсақ. Ең молынан кездесетін поэтикалық және стилистикалық ұғымы бар, экспрессивті айқындауш сөз - эпитет. Мысалы:

1. Кейіпкердің (жауынгердің) бойындағы барлық жақсы қасиеттерді көрсету мақсатында бейнелеу сөздері қолданылады. Мысалы, «alp» - алып (отважный), «küč» - күшті (сильный), «qatïg» -қатты, берік (твёрдый), «täŋri el törümišim» - тәңірден жаратылған (рождённый богохранимым государством), «ïnal» - абзал (благородный), «buŋsïz» - мұңсыз, қайғысыз (беспечальный), «bögü, bilgä» - білгір, дана (мудрый), «alp» - абыройлы (доблестный), «külüg» - атақты, әйгілі (знаменитый), «ujar» - мықты (могучий) т.б.
2. Автордың (баяндаушының) адресаттың ролін, қатынасын көрсету мақсатында қолданылатын тілдік көркемдік бейнелер. Мысалы, әйелінжұбайын сипаттауда «сүйіктім» дегенді - «til ara», «нәзігім» дегенді - «sezil», «қарапайымым» дегенді - «qabaj» деген сөздермен беруі. «Ұлдарын» сипаттау барысында (қайтыс болған әкесі атынан жазылған қабіртаста) «шебер» дегенді - «uz» сөзі, «қанымыз бір, қандаспыз» деген ұғымды - «özdä» сөзін қолдану арқылы мағыналық реңкті беру тәсілі қолданылады.
3. Космогониялық сөздердің кең қолданылуы. Мысалы, «аспан, көк» - «kök» (небо), «jer» - «жер» (земля), «qara jer» - «қара жер» (черная земля), «мәңгі» - «bäŋkü» (вечный), «ïduq» - «қасиетті» (священная), «kün» - «күн» (солнце), «aj» - ай (луна) т.б.
4. Жауынгерлік атақтар мен ел шеңдері. Мысалы, «täŋri elimkä» - «тәңірден жаралған ел», «тәңір-ел» (правитель-государство), «ärdämin adagly» - жауынгерлік ерлігі (войинская доблесть), «är ärdamimdä» - «менің жауынгерлік жігерім (ерлігім)» (моя военская доблесть), «bilgä tutuq» - «білгір түтүк», «дана түтік» (мудрый тутук), «alp tutuq» - «қаһарман түтүк» (отважный тутук), «töläs alp tutuq išiŋä» - «барлық алып түтүктердің ішіндегісі» (лучший из правителей (тутуков), «är bäŋküsi» - «жауынгер ескерткіш», «ер ескерткіші» (вечный памятнки войну) т.б.
5. Жауынгер тұлпарына байланысты теңеу-метафоралар. Мысалы, «ašnuqï» - «жүйрік жылқы» (быстрый конь), «tamqa at» - «еңі бар ат» (клейменый),

егер «altun» - «алтын» болса, «altunlig» - «алтынмен әшекейленген» украшенный золотом, «känč» - «жас» (молодые) т.б.

6. Антитезы. «jabï zïγ bädük qïltïm» - бейшараны (жебірді) адам (мықты) қылдым (ничтожных сделал великими, великие и малые (подданные); «örüŋüm qaram» - «бар жинағаным, мүлгім» (моё светлое и тёмное (имущество)); «antlïg adašïm-a» - «ант еткен достарым» (друзья, связанные клятвой), «antsizda äbgü äšim-ä» - «анттаспаған достарым» (товарищи, не связанные клятвой)
7. Параллелизм – «kök täŋridä äsiz kün aj ärmiš jaγïz järdä äsiz el qan ärmiš» - «көк тәңірдегі күн мен айдан айырылдым, өкінішті!...қара жерде ханым мен елімнен айырылдым...өкінішті!.. » (в голубом небе, жаль, были солнце и луна, на бурой земле, жаль, были государство и хан).
8. Эвфемизмдердің қолданылуы. Мысалы, қайтыс болдым, я өлдім демей, орнына «azïšdïm» яғни «бұл өмірді көруден, естуден қалдым» (я перестал видеть и слышать вас), «adïrïltïm» - айырылдым (сендерден), ажыратылдым (бұл дүниеден) (разлучился, расстался, отделился), «kök täŋridä küngä azïdïm» - «көк тәңірдегі күнді көруден айырылдым» (я перестал видеть солнце), «bökmädïm» - «өмірдің қызығына тоймадым» (не насладился, не насытился этим миром).
9. Өлімді, қан төгісті жұмсартып, бейнелеп, әсірелер жеткізу. Мысалы: «abda gäjik atmaq nä ärgäj» - «кербұғыны енді кім атып, аулайды!» (на облавной охоте стрелять ланей, кто будет!); «qanta är sanmaq nä ärgäj» - «ханның жауынгерлерін кім енді санайды!?..» (у хана считать мужей кто будет!); «buŋum bu ärmiš» - «менің бар мұңым осы» (печалью моей стало вот это).

Түркі енисей эпитафийлерінің жанрлық сипатын айқындау үшін қарастырылған 56 эпитафия қарастырылды. Соның тек Е-104 (означеноое II), Е-37 (Тесь), Е-61 (Шаньчи I), Е-54 (Оттук-Даш), Е-100 (Баян-Кол)эпитафияларында тілдің көркемдік әдеби тәсілдеріне мысал келтірілмеді. Оның себебі, мәтіндер бүгінгі күнге дейін сақталған, әр қабіртаста тек 1-10 аралығындағы сөз біркелкі емес жерде ғана мүжіліп, сақталған. Қалған 51 эпитафийде тарихи-эпостық жыр не әдеби туынды екендігін дәлелдейтін мысалдар көп. Олар: Е-25, Е-48, Е-27, Е-29, Е-28, Е-30, Е-31, Е-32, Е-98, Е-40, Е-120, Е-21, Е-65, Е-66, Е-96, Е-152, Е-22, Е-23, Е-17, Е-92, Е-1, Е-42, Е-49, Е-52 , Е-70, Е-12, Е-14, Е-19, Е-20, Е-3, Е-43, Е-68, Е-6, Е-7, Е-5, Е-8, Е-45, Е-44, Е-46, Е-55, Е-10, Е-59, Е-147, Е-149, Е-2, Е-51, Е-109, Е-110, Е-11, Е-50, Е-53.

Қорыта айтқанда, түркі енисей эпитафийлері – 8-11 ғасырларды қамтыған түркі халықтарының бай әдеби мұрасы. Эпитафийлердегі жоқтау жанры мен жауынгерлер ерлігін мадақтау үлгісі – кейінгі қазақ әдебиетіндегі батырлық жырлар мен эпостар дәстүр жалғастығы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж, X том
2. С.Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. Тексты и переводы. // М.-Л.: 1952, 114 с.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012. – 344 бет
4. Насилов Д.М. Критика и библиография// Вопросы языкознании. РАН. 2000 г. С 122-126
5. Кормушин И.В. Тюркские енисейские эпитафии. Тексты и исследования. Москва: «Наука» - 1997 г. 304 стр.

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Айтуғанова С.Ш., Рүстемова Ұ.Е.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
s-aituganova@mail.ru, dana_91.28@mail.ru

Халық өмірінің ғарыштық жылдамдықпен өсуі балалар прозасына да тың тыныс, сонны соқпақтар әкелді. «Балалар ауыз әдебиетін жасаған – халық. Адамға баласынан жақын, баласынан артық еш нәрсе болмаған. Халық еш нәрсені де – өзінің баласынан жоғары бағалаған емес. Сондықтан халық ең алғаш өзінің жақсы ойын, тәтті қиялын өлең етіп, ән етіп баласына арнаған. Жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш еткен. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу, оның алдына неше алуан тілек-мақсаттар қою өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылған» - деген [1, 11]. Бұрындары сезім толғанысы, көңілді оқиғалар, тәрбиелік қиыншылықтар, азаматтық рух т.б. деген сияқты қазақ балалар прозасындағы қалыптасқан ұғымдар өзгеше реңмен айтылып, өзгеше талғаммен талдана бастады. Қазіргі қай прозалық шығарма болсын, өмір шындығына бейімділік, реальды нақтылық, ойшылдық басты сипаттарының бірі. Эпикалық жанрлардағы көркемдік, шеберлік пен ізденістердің сан қырлылығы, молдығы да уақыт ерекшелігі. Сюжеттік тартысы мол шығармалар да өзіндік сымбат-бітімін түрлендіре түскен. Тілдік, стильдік, формалық ізденістер… Образ жасау, көркемдік бейнелеу принциптері. Осындай толып жатқан өзекті, мәнді проблемалар соңғы он жыл қазақ балалар прозасындағы өзгерістерді көрсетеді.

... Қайнар көзі фольклордан нәр алған қазақ балалар прозасы ұлттық әдебиетімізге XX ғасырда ерекше реңк сыйлады. Халық санасында берік орныққан ертегі мен аңыз, мысал мен дастан салалары ұлттық әдебиеттің әдебиеттің өсіп-өркендеуіне орай, өзінің канондық табиғатын сақтай отырып,

ақын-жазушылар творчествосына ықпал ете бастады. Осы кезеңде әсіресе ертегі жанрлық мүмкіндіктерін кеңінен аша түсті. Ол жазба әдеби жанрлармен байланысқа түсіп, олардың әсерінен өмірді реалистік тұрғыдан көрсету құралдарымен толықты. Осы мәселе тұрғысында «Адам-дүниені ұйымдастырушы, екінші жаратылысты, мәдениетті жасаушы күш-қуаттың иесі, адам-жаратылыстың органы, жаратылыс оны өзін тану, өзін көркейту үшін туғызған, міне, балаларға осыны ұғындыру керек. Балалар алты-жеті жасынан ой-пікірдің кереметтей күшін түсіне бастауға, әлеуметтік көріністердің мағынасын ұғынып, өз қабілеттерін тануға тиіс. Сондықтан балаларды өмірмен таныстырғанда, бұрынғы өткен заман туралы, еңбек процестерінің және ой-пікірдің ұйымдастырған жұмысының бастапқы кезеңі туралы әңгімелерден бастау керек» - деген [2, 100]. 1930 жылдары ертегі өзінің тұрақты өміршеңдігін тағы да дәлелдеді. Ұлттық балалар әдебиетіне тән ертегі поэмалар, ертегі повестер, ертегі пьесалар пайда болды. өлеңмен жазылған ертегі де прозалық ертегі сияқты бағытта дамыды. Онда да көркем образды нақтылаумен ерекшеленген өміршеңдікті игеру үрдісі жүріп жатты. Барлық ертегілік шарттарды қолданумен қоса, оларға дәлме-дәл реалистік детальдар, ерекше жеке характерлер енгізіп, қазіргі оқырманның ой мен көңіліне жақындата түсті. Сондықтан балалар әдебиетін тегі бойынша (эпос, лирика, драма) және жанры бойынша жіктеуге болады. Бұндай жіктелісте роман, повесть, әңгіме, поэма, комедия, драма сияқты әдеттегі жанрлар балаларға арналған әдебиет саласына түскен кезде тарнсформацияға ұшырайтындықтарын есте сақтау керек. Ертегілердің жанрлар поэтикасына әсері әр түрлі жанрлық модификациялардың пайда болуына әкелді: повесть-ертегі, новелла-ертегі, поэма-ертегі және т.б.

Демек, «Қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағдарына көз салғанда сан, сапа жөнінен өсуді, жанрлық формалардың баюын, нақты адам бейнесінің жасалуын, шеберлік мәдениетінің көтерілуін айту шарт. Халықтың рухани есеюінің айқын көрсеткіші – ұлттық өнер эстетикалық жағынан салмақтанып, тамырын тереңге жайып келеді. Рас, өмір күресін, тірлік тартысын, адам психологиясын, ғылыми-техникалық революция, өтпелі заман, тәуелсіздік нәтижесінде туған жаңа қарым-қатынастарды бейнелеуде қазақ әдебиетінің алатын асулары әлі алда» [3, 145], - деген академик Р.Нұрғалидың пікірі бізді көп ойға жетелейді. Өйткені, балалар прозасы туралы, оның ішінде әңгіме және ертегі жанрлары алдағы әдебиетіміздің дамуында да айрықша асуларды игеруге күш салады деген үміт ұялатады.

Осы тұрғыда, балалар прозасына қойылатын негізгі шарттарға тоқтала кетсек:

- ✓ Балалар прозасының ең ұтымды әрі ең басты ерекшелігі ол – оқиғаның екпінмен басталуы және оны баланың тартымды қабылдай алуы;
- ✓ Көркем туындының лексикалық қоры әрдайым жеңіл әрі түсінікті болуы тиіс;
- ✓ Оқиғаның сюжеттік көріністері ширақ, әрі сюжеттік байланыстары түсінікті болғаны абзал;
- ✓ Сюжетіне сай мағыналық әрі тәрбиелік байлығы да мол болуы тиіс;

✓ Баланың психологиясы мен жас ерекшелігіне сай мотивтердің өрбуі өте маңызды.

Яғни, «Жан тұрмысы өркендеу үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады. Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Бірақ ертегінің де ертегісі бар. Кейбір ертектер баланы бұзудан басқаға жарамайды. Мысалы, дию, пері, жалмауыз кемпір, аруақ, көрден кебініп жалмап шығатын обыр, жын-шайтан секілді ертегілер баланы бұзады, қорқақ, жасық қылады» [4, 38 б], - деп Мағжан Жұмабаев өзінің балаларға арналған шығармасының бірін осылайша түсіндіреді.

Балаларды ертегілер әлеміне енгізетін, олардың ойын байытып, қиялын ұшқырландыра түсетін дайын сюжеттерді ақындық тілмен көркем кестеленген поэтикалық шығарманың маңызын жоққа шығаруға болмайды. Фольклорлық шығармалар желісіне немесе нағыз түпнұсқаға негізделген көркем проза немесе поэтикалық шығарма қандай жағдайда да авторына бағынышты болатыны да шындық. Автор әдеттегі ертегі кейіпкерлерінің бастан кешкен оқиғаларын суреттегенде көп жағдайда баланың жас ерекшелігін, бүгінгі күн баласының сұраныс-тілегін ескеріп отыратыны да белгілі. Ол кейде дайын мәтін табиғатын бұзатыны, жалпы фольклорлық принципке нұқсан келтіретінін де жоққа шығармаймыз.

Қазақ балалар жазушылары, әсіресе сюжетті, композициялық құрылымы фольклорға тәуелсіз, өз алдына дербес, жаңа өмірдің жаңаша шығармаларын жазуға бет бұрды. Бұл шығармалардың тақырып ауқымы да кең. Олар ерлікті, патриоттық сезімді, адамдар арасындағы адамгершілік пен адал қарым-қатынасты, адал еңбекті насихаттады, бала санасына мейірімділік пен қайырымдылықты сіңіруге арналды. Н.Г. Чернышевский: «Біз кейде балардың ақыл-ойын дұрыс бағалай білмейміз... Біз баланың зейіні нашар, ақылы өткір емес деп ойлаймыз; жоқ олай емес, баланың тек тәжірибесі ғана жоқ, ал ақылы өткір, қиялы жүйрік екеніне сеніңіз. Үлкен кісілердің кез келгеніне ұғындыра алмайтын алгебраның қиын есептерін он екі жасар бала оқып үйренеді ғой... Ендеше, істі біліп қана қолға алу керек, балалармен тарих туралы да, адамгершілік туралы да, адамгершілік ілімдер туралы да сөйлесуге болады» - деген [5, 648]. Табиғатты қорғау, хайуанаттарға, өсімдіктерге қамқорлық жасау адамзаттың ғана қолынан келетін игілікті іс екені еске алынды.

Мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап он алты жасқа дейінгі жасөспірімнің жас ерекшелігіне лайық оқылатын кітаптар бар. «Балаларға арнап шығарма жазу былай тұрсын, жазылған жақсы шығарманы жыға танып қабылдаудың өзі бір мәселе. Әлгі шығармаларды түсіну үшін алдымен кім-кімге де бала бола білу, балаша ойлау, балаша қабылдау керек» [6,171], - дейді әдебиеттанушы Қ.Ергөбек. Қазақ балалар ақын жазушылары да өз шығармаларын жазуда баланың жас ерекшелігін басты нысанға алады. Әрбір қаламгер шығарма жазарда, оның жасы кіші балаға немесе ересек балаға

арналатындығын алдын-ала болжайды. Автордың кей жағдайда шығармасы жазылып біткеннен кейін ғана оның қай жастағы балаға лайық екендігін анықтауы да мүмкін. Сонымен қатар әдебиеттанушы «Көркем шығарманы өмірдің өзі деп қарайтын, солай қабылдайтын бүлдіршіндердің көңіліне қаяу салмау үшін оларға арналған көркем шығармада иненің жасуындай жасандылық болмауы шарт. Бар ойынды бала мінезіне құрып жеткізуің керек. Ең бастысы, бұл жастағы балаларға бағытталған шығарма сезім арқылы көңілге ұялауы шарт» [6, 168] – дегенімен келіспеске болмайды. Ертегі, әңгіме, аңыз сюжетіне өзек болған көркемдік шындықтың өмір шындығымен сабақтасып жатуы, оның балалардың ұғым-түсінігіне, танымына лайық суреттелуі жазушыларымыздан талантпен қоса педагогикалық білімді де талап етеді.

Қазіргі балалар әдебиетінде портретке орын қалмай барады. Психологиялық тартыстың келгені сияқты, прозада психологиялық портреттің етек алуы заңды. Қазіргі сәтте балалар прозасында аз да болса кейіпкерді суреттеп беруге тиістіміз. Өйткені, жас бала көркем шығарманы елестете қабылдайды. Бізде кейіпкер портреті ескеріле бермейді. Шығармаларда оқиға бар, қозғалыстағы адам жоқ. Кейіпкердің аты аталады, көзге елестетерлік адам жоқ. Осы мәселе тұрғысында Ә.Бөпежанова былай дейді: «Төл балалар әдебиетімізде жеке кейіпкерлер психологиясын көрсетуде табыстар бар болғанмен, уақыт рухын терең беретін шығармаларға зерулік сезіледі. Үлкен маштабтармен келгенде – жинақтау, қоғамдық ой айта білу, баланың рухани әлемін, жан дүниесіндегі қиян-кескі «майданды» зерделеу, оның бойындағы тазалық-рухани күш-қуаттың терең қыртыстарын қопару жағы кемшін. Характер ірілендіру, характер біртумалылығы, жаңа көркемдік ізденіс-шешімдер де қажет-ақ» [7, 124]. Демек, уақыт рухын терең беретін шығармалар туғызу – қазіргі қазақ балалар ақын-жазушыларының алдында тұрған келелі міндеттердің бірі.

Әдебиеттер:

1. Ш. Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. – Алма-ата: Мектеп, - 1974 ж. - 175 б.
2. М. Горький. Әдебиет туралы. – Алматы. – 1954 ж. – 100 б.
3. Р.Нұрғали. Жеті томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Астана: Фолиант, - 2005ж. - 452 б.
4. Қазақ балалар поэмасының антологиясы // Құрастырған: Қажыбаева Г.К. – Алматы: «Арда», 2011. - 496 бет.
5. Н.Г. Чернышевский. «А.С. Пушкин, оның өмірі мен шығармалары». – II том. – 648 б.
6. Қ. Ергөбек. Арыстар мен ағыстар. 1,2 кітап. – Алматы: Өркениет, 2003 ж. – 306 б.
7. Ә.Бөпежанова. Өрнектер. – Алматы: Жазушы, 1991 ж. – 200 б.

КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ МӨЛШЕР АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-ҰЛТТЫҚ СЕМАНТИКАСЫ

Ақмағамбетова Б.Е.
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттіқуниверситеті,
Петропавл қ.
gauharaltaeva@mail.ru

Қазіргі таңда лингвистика тілдің біздің санамыз бен танымымызға қалай әсер ететінін, сонымен бірге біздің дүние жайлы мағлұматтарымыздың тілге қандай әсері барын зерттеумен шұғылданады. Кейде кейбір тілдік құбылыстарды тек бір халықтың тарихы, мәдениеті, психологиясы тұрғысынан түсіндіру қажеттігі туып жатады. Соның бірі кеңістік, уақыт, өлшем мен мөлшер ұғымдары. Аталмыш ұғымдар ұлт санасында ғасырлар бойы қалыптасып, таным құбылысы нәтижесінде түрлі өзгерістерге ұшырап отырды.

Дүние бейнесінің кеңістіктік, уақыттық, мөлшерлік, өлшемдік және басқа да параметрлердің көмегімен айқындалатыны белгілі. Оның қалыптасуына тіл, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, табиғат, тұрмыс және шаруашылық жағдайлары және басқа да әлеуметтік факторлар әсер етеді. Дүниенің тілдік бейнесі дүние бейнесін жасап қалыптастырады, Себебі адам өзінің тілі арқылы қоршаған болмысты түсінеді және түсіндіре алады. Тіл адамның қоғамдық-тарихи тәжірибесін өз бойына сіңіреді. Осының әсерінен белгілі бір ұлт өкілдерінің санасында нақты дүниенің тілдік бейнесі қалыптасады.

Жалпы уақыт, өлшем, мөлшер категорияларының кеңістіктен тыс өмір сүре алмайтыны белгілі. Бұл ойымызды М.Б.Бахтиннің бір-бірінен ажырағысыз қатынаста болатын кеңістік — уақыттық (мезгілдік) байланыстарды белгілеу үшін қолданған «хронотоп» термині дәлелдей түседі.

Кеңістік, уақыт, өлшем мен мөлшер атаулары дүниенің ұғымдық бейнесінің маңызды компоненттерінің бірі болып саналады. Сондықтан да, әсіресе кеңістік пен уақыт мәселелері философтар мен лингвистердің назарын аударған нысан болып келеді.

Аталмыш мәселелер М.М.Покровский, С.Т.Мелюхин, В.В.Морковкин еңбектерінде орын алған.

Уақытты білдіретін сағат, мөлшер мен өлшемдерді білдіретін сандар дүниенің ежелгі бейнесінде қазіргі мағынада қолданылмағаны белгілі. Тұрмыс, шаруашылық, қажеттілігі үшін кеңістік, уақыт, мөлшер мен өлшем басқаша бағдарланып отырған. Яғни, уақыт өлшемдері, заттың өлшемі мен мөлшері, алыс-жақын жерлер, оған кететін уақыттың ұзақтығы, т.б. сөздік ұғымдармен белгіленген.

Шығармаларда аталмыш категорияларға байланысты мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

Д.СЛихачевтың пікірінше «Жазушы өз шығармасында оқиға желісі өтетін белгілі бір кеңістікті жасайды» [1, 335б.]. Оның көзқарасы бойынша сөз

өнеріндегі кеңістік уақытпен тығыз байланыста және үнемі өзгерісте, даму үстінде болады.

Шығармалардағы уақыт мөлшерінің космологиялық және антропоморфтық бағыттарға негізделгенін көреміз. Яғни, космологиялық бағыт бойынша, адам планеталардың Күнді айналуына байланысты болып отыратын табиғаттағы циклдық өзгерістерге сүйенген. Оған: өткен қыс; күзге қарай; таң алдында күздігүні қайтатын қараша қаз Қайраң көлдің бетін бір жауып өткенше; күзгі қара жаңбырға дейін; судың суынған кезі; жер қарадан; күзгі; күзге таман; еңкейе берген күн көзіне; күн жаңа ғана көтеріліп келеді; күн түске тармасып қалып еді; күн көтерілмей; кешкірген бұлыңғыр күн; күн шықпай; күн бата; бірер күн; қар түскен соң;күн кешкіре келе; қысы-жазы; түске дейін; тал түс; түн ортасы кезінде; күн-түні; кешке қарай; іңір қараңғысы түсе бергенде; іңір кезінде; шілденің қайнап тұрған ыстығы еді; қызыл іңір; қараңғы түнде; арғы күні; түнделетіп; алдыңғы жылы; жаздыгүні; түс ауа;кештетіп; жылма-жыл; ана жылы; кешке ғана; түн бойы; осы жаз; көз байлана; келер жыл; кешке жақын; іңір ауа; ертелі-кеш, қар еріп; қаз-үйрек келіп жатқан кез еді; қар қалыңдаған соң; қысты күні; қысқа қарай; алты ай қыс; қыс түскенше; қыстың аяғында; айналасы бір-ақ қыс; таң атпай; таң атқанша; таң атқалы; таң құлан иектей келе;және т.б. мысал бола алады.

Мысалы: Жылысып өткен алты ай жаз алдап кеткен сияқты... Құйрық тістесе қыс келерін, алай-түлей боран боларын, қабағын түйсе қаһар төккен ақпан менен қаңтар барын айтпай кеткен...

Үлкен-кіші тегіс мәз, есіл жаз енді еске түскендей...[2, 31б.]

Кеше кештетіп төгіле жауған қара жаңбыр жер бетін жалап өткен екен, сарғайып қуқыл тартқан кер дала химчисткадан шыққан көне киім секілді – сондай таза, сондай өңсіз. Жақындап қалған күз белгісін танытып, ызғырық жел соғады [3, 37б.]

Ал, антропоморфтық бағыттың негізі адамға тікелей қатысты, яғни оның санасы арқылы оқиғалардың болып өту мезгілдері ретке келтіріледі. Оған шығармадағы: жұрт аяғы басылған шақ; өле-өлгенше; ауыл жатып қалған кез; баяғының баяғысынан бері; атам заманғы ертеден; бір шай қайнатым уақыт; жатар уақыт жеткенше; ораза айы өткен соң; кешкі шай үстінде; кейінірек; соңын ала; алдақашан; «балаңның баласына дейін»; жаңа ғана; көптен бері; дәл аттанарда; анда-санда; өткен заман; өмір-бақи; ақыры; ұзамай; үзбей; бұдан былай; ертерек; өмірінде; жылдағысынан гөрі кешеуілдеп; бұл жолы; әуелі; сол кезең; әдеттегіден ұзағырақ; баяғыдай; мана; біржола; өмірлік және т.б. жатады.

Мысалы: Қанат, шынында да, алыста жүрсе керек, ай аралатып қана келеді [3, 120б.]. Айған дүние салардан үш күн бұрын осы бір дерт Марғауды мүлде меңдеп алған еді, Үй сыртындағы төбенің басына шығып, алып, күн демей, түн демей толассыз ұли берген-ді [3, 135б.]. Ел аралап, той тойлап ала жаздай үйіне бір соқпайтын балуан «малым бар еді-ау» деп көрген емес. Мал қамы, жан қамы ел үстінде [3, 56б.].

Келтірілген мысалдардан ұлт өкілдерінің жаз жайлауға шығып, қыстауға құлайтын кезендерді, малдың төлдейтін уақытын т.б. құстардың келуі мен

қайтуына, аспан денелерінің қозғалысына, ауа райына, бастан кешкен ірілі-ұсақты оқиғаларға байланыстыра бағдарлап отырғанын көруге болады.

Географиялық бағыт-бағдар кез келген ұлттың тұрмыс тіршіліктеріне және оның айналысатын шаруашылығының саласына байланысты болып келеді. Көшпенділік, жаугершілік, жартылай және бүтіндей отыршылықты басынан өткізген қазақ халқының тілінде аталмыш мағынадағы лингвокультуремалар мен соматикалық және топонимикалық лексемалармен бірігіп келген лингвомәдени бірліктер да баршылық. Олардың қатарына: бас жақ; етек жақ; теріскей; оң жақ; сол жақ; желге қарсы; қалың орманның жотасы; қалың орманның ортасы; шығыс жақ етегінде; ық жақ; күнбатыс; айдала; жотаның қырқасында; үйдің айналасында; кереге басында; көзжетпес көкжиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап; тұяқ тимеген қара отты кең шиыр; алыстан көз тігіп тоқтаған жер; сонау қалыңның орта тұсы; батыс; шығыс; оңтүстік; ығын; дүзге жақын; ту сыртына; ауыз үй; төр үй; айдай әлем; айналасы ат шаптырым; үйдің есігі қай жаққа қарап тұрса сол; оң жағына кіргізіп алу және т.б.

Кеңістікті білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің табиғаты әр халықта өзінше бір ерекше сипатқа ие болған. Үй-ішіндегі бағыт-бағдарды білдіретін төр, есік жақ, босаға жақ, аяқ жақ лексемаларына байланысты жоғары шығу, төрлету, төмен отыру сияқты лингвомәдени бірліктер қалыптасып, дүние бейнесінде сыйлы, жасы үлкен адамның, қонақтың жоғарыға, ал жасы кішілердің, келіндердің немесе әлеуметтік жағдайы төмен кісінің босағаға қарай орын алатындығын білдіретін лингвомәдени коннотация жатқанын көреміз. Олар дүние бейнесінде қалыптасқан ұлттық стереотиптерге мысал бола алады. Мысалы:

- Өзің отыршы, сөзіңді тыңдағым кеп барады,- деді.

Әйел байбатшаларды етегімен сырып, қақ жарып барып кілемнің

үстіне отыра кетті. Қай жерге қалай отыруды өзі таңдады. Үйткені отырғандарды адамға санамады да [2, 61б.].

Алып денелі Битабар тұра келді де, ебедейсіз қимыл жасап:

- Е, тамыр, үй таппай келмеген шығарсың, төрлет! – деп қалбалақтады [3, 60б.].

Битабар көңілі орнығайын деді.

- «Е, бір көрген біліс, екі көрген таныс» деген. Үй таппай келмеген шығарсың, төрлет, тамыр, - деді Битабар тағы да, осы кезде еркін басып, төрдің қақ төбесіне шығып үлгерген шетен қалпаққа. – Қымыздан басқасы да болады [3, 60б.].

Атекем деген опырақ шалдың отыратын дағдылы орнына мен отырып қалған екем. Шал басын қақшитып алған бойы тура маған келіп тірелді де тұрып қалды. Мен төмен ығысып, орнын босаттым. Екінші біреуіне тағы орын берейін деп, тағы да төмен қарай ығыса берім ем. Атекең аз ған сақалын алдына қарай шошайтып:

- Ендігі жол қонақтікі, қозғалма, - деді. Бірақ, жолдастырым сырғи-сырғи, менен алыстап кетті. Аз ғана тамағымыз ауыл адамдарының алдында қалды. Олардың ортасында мен ғана... [2, 199б.].

Жер көлемінің, заттың ұзындығы мен биіктігінің, енінің өлшемін білдіретін лингвокультуремалар да ұлттық дүние бейнесін көз алдымызға елестетіп, ұлт өкілдері айналысқан шаруашылық түрі мен олардың тұрмыс тіршілігінен мағлұмат береді. Оған: қырық шақырым; ат шашасынан аз-ақ асатын; жүз қадам; қозыкөш жер; оқ жетпес биік; оқ бойы; ат тізесінен келмейтін ақша қар; арқан бойы; ат шаптырым; жетектері аспан тіреп; екі сүйем; бір жер; бір жарым жер; күндік жер; жылқы мойны жетер жер; құлаш; жеті жылдық жол; алақандай ғана жер; баланың жаялығындай, бір шаршы; екі адым; телегей-теңіз; ұшар басына дейін т.б. лингвокультуремалар жатады.

Мысалы: Біз отырған беттегі сонау шалғай етекте жалғыз шуда бұлтқа ұқсап бұлыңғырып бір төбе көрінеді. Ал мына бетте қиян алыста жер шегіндей болып орман көгеретін сияқтанады. Осы бір жалпақ жазықта көзге ілінер де сол екеуі ғана. Қай бетке қарасаң да, болат доңғалаққа келіп соғылар сары балақ тартқан егін теңізі тұп-тура темір жолдан басталады да, көз ұшына дейін құлдырап арманғы алысқа кетеді [3, 8б.].

Тоны жылы қасқыр мен қарсақ болмаса, бұл жерде аң да қалмаған. Басқа аңдардың бәрі де қыстың ыңғайын қабағынан танығандай, әлдеқашан шұбарға қарай сырғып кеткен. Бұл тұста таяқ тастам отыратын ел де жоқ.

Мылқау түнек солтұстықтың бар суығын осы араға айдап әкелгендей көз аштырмай, ес жидырмай қойғалы табандатқан екі ай! Боранның өзі де ашыққан, көрінгенге тап беріп, қарды қуып, тас тырналап, күні-түні ұлиды. Бұл жерде шуылдарлық қамыс, гуілдерлік орман да жоқ, аш өзекке жем түспей, құр ұлиды, босқа ұлиды.

Жұмыс барағынан екі адым шықсаң, ел қай жақта, жел қай жақта, оны айыруың екіталай-ақ [2, 33б.].

Мөлшерді білдіретін лингвомәдени бірліктерге: қақ жартысы; үй толы (адам); ерсілі-қарсылы; қырық үй (күрлеуіт); бір қос (жылқы); аз ғана; көш-көш; аула толы; қаптап-қапталдап; бір топ (жігіт); қара өрттей қаптап келе жатқан; қалың көпшілігі; елуге тарта; екі-үш есе көп; он бес шамалы; қырық жапырақ; қырық аттың (ақшасы);дүниенің байлығы; бір көш (түйе); ығы-жығы; бір аяқ (қымыз); бір тал (шөп); қаптап-қамбалап; он арба (шөп); бір тамшы; едәуір азайған екен; бір жетіге мол жететін; аузы-мұрнынан шығып толып тұр ғой; бірнеше топ (кездемелер); топ-тобымен; үй басына; бармақ басындай; мыңдаған; екі үйлі (жан); шама-шарқы; дүниенің малы; бір ауыл; бармақтай-бармақтай; маңдайына бітіп көрмеген көп (жылқы); өмірінде көрмеген байлық; қаптап; бір үйдің (киізі); бір-бір қадақ; түймедей-түймедей; бір уыс; бір қасық (су); уысың толар; тай тұяғындай; бармақ тырнағындай; бір түйір; қара құстың ұясындай; бір-екі кесек; сынық күреш; бір көмбе (нан); екі тостаған (қымыз); бір қап (тезек), ағыл-тегіл; телегей-теңіз; бір тайпа (ел); бір үйір (жылқы); екі тоғыз (сыйлық); бір саба (қымыз); бір бума (жүк); алты ауыл (Сибан); бір тармақ; бір пұшпақ; алты қанат (ақ үй); бір астау (ет); бір табақ (сары майға

бұлғанған нан); жардай; бір табын (мал); бір шелек (су); бір сындырым (нан); бір теңгелік; бір-екі жауымша (су); жарты түйін; үйірімен үш тоғыз; екі қағаз (ақша); екі десе (бидай); төмпе-төмпе; елу ту бие (сойыстық); бір-екі ауыз (ой) және т.б. жатады. Мөлшерді білдіретін бірліктердің көбіне шамамен, яғни болжау арқылы жасалғанын көруге болады. Мысалы: Әйел қайнаған самауырды үйге кіргізді де:

- Шырақтарым, бұл ауылда бір қайнатым шай жоқ. Ақ су ішесіңдер, - деді. Бізде шай барлығын естіген соң, шайнек іздеп басқа үйлерді кезіп кетті [2, 198б.].

Таң ата көк теке бір астау ет болып алдымызға келді. Бірінің соңынан бірі сәлем етіп, он шақты әйелдер кіріп келді. Бәрі де бір-бір баласын жетелей келіпті. Ұйқыдан оятып алған ірің көз қыз балалар, жасынан-ақ кетілген тістерін жасыра алмай, есіней кірді. Бәрі де жүдеу, бәрі де науқас, бәрі де шала жан балалар... Төре тұқымы мәңгіден бері бірінің қызын бірі алып, әбден азғындап болған, балаларда тіршілік белгілі болымсыз ғана сезіледі [2, 201б.].

Шығармалардағы уақыт, кеңістік, өлшем мен мөлшер ұғымдарына қатысты лексемаларға жасалған талдау олардың сағат, күнтізбе тәрізді өлшем бірліктерінің болмауы себебінен түрлі құбылыс-заттармен, оқиғалармен байланыстырыла суреттелгенін көрсетеді. Олардың көбі мал, аң шаруашылығымен, аспан, табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты және қазақтардың ұлттық дүние бейнесін құрайтын атрибуттар болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Лихачев Д. С. Поэтика древнерусской литературы. – Москва, 1979. – 156 с.
2. Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2002. – 283 б.
3. Шаймерденов С. Битабар балуан. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 272 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Ақмағамбетова Г.Қ, Баязитова Г.Ә.
Петропавл қ, қалалық білім бөлімінің әдіскері
Петропавл қ, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
gul_den84@mail.ru

Қазіргі таңда, білім ошағында шешілмей тұрған мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлқының орын алуы. Оның себебі - қазіргі өмір талаптарының өзгеруі салдарынан туындаған жаңұядағы

күрделі дағдарыстық ахуалдың артуын халқымыздың келешегі болып саналатын жап-жас өрендеріміздің көтере алмауы. Осыған орай, жыл сайын жасөспірімдердің аутодеструктивті әрекеттерге қарқынды бейімделуі өзекті мәселеге айналып отыр.

Жасөспірімдік кезең – бала бойындағы ерекше мінез-құлықтың қалыптасу кезеңі болып табылады. Жеткіншек осы кезеңде ерекше мінез-құлқы арқылы өзінің негізін, мәнін ашады. Ол нәзік жанды, сәтсіздікке берілгіш, тез уайымдауға бейім болады. Қандай болмасын жеке көзқарас, қатты сөз, ерекше әсерлі болып оны жолынан тайдыруы мүмкін. Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншектік шақта қалыптасып қойған туындысы болып табылады, делінген[1]. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншектік шақта сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Жасөспірімдердің негізгі мәнді өзгерісі - бұл тұлғаның өзіндік дамуы [1].

Жасөспірімнің өзіндік дамуының аса маңызды факторы – ауқымды әлеуметтік белсенділігі болып табылады. Ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалауға бағытталады.

Жеткіншектік шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады. Личко А.Е. өз еңбегінде, мұның салдары бала мен ортаның арасындағы қатынастың бұзылуына жетелейтінін көрсетеді[2;190]. Жасөспірім өзін ересекпін деп сезіне бастайды, яғни ол мұндай құбылысты айналадағылардан да талап етуге ұмтылады [2].

Ст.Холлдың, Э.Шпрангердің айтқан тұжырымдарын бойынша, жасөспірімдердің даму деңгейі үш түрге бөлінеді:

1) Күрделі өзгеру - дағдарыстық уақытпен сипатталады. Ол қайта дүниеге келген адамдай уайым-қайғыға түседі, түп тамырында оның жаңа өзіндік «мені» пайда болады.

2) Өте баяу, ақырын, жайбасар тұлға. Жасөспірім ересектік өмірге өзінің жеке басына ешқандай өзгеріс енгізбей аяқ басумен сипатталады.

3) Жасөспірім белсенді және саналы түрде өзін тәрбиелейді, өзін-өзі қалыптастырады. Өзінің ерік-жігерінің күшімен ішкі дағдарыстары мен күйзелістерін, мазасыздығын жеңеді, бұл өзіндік бақылау мен өзіндік мінез-құлқы жоғары деңгейдегі адамға тән.

Осыған орай, Э. Шпрангердің көзқарасы бойынша жасөспірімдердің ең басты жаңа құрылымы – «өзіндік менінің» ашылуы сияқты рефлексияның пайда болуы, яғни өзінің жеке даралығына саналы түрде көз жеткізіп, тұлғаның өзіндік анықталуы [3].

А.Г.Амбрумованың, Е.М.Врононың, А.В.Боенконың, А.Л.Галиннің, Ц.П.Короленконың, Н.В.Конанчуктың, В.А.Тихоненконың, С.Сафуановтың

және тағы басқа да ғалымдардың еңбектерінде жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекеттің психологиялық детерминанттары зерттелген, яғни олардың зерттеулері әрекеттің аталған түріне бейім тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған [4;280].

Ендеше, психика жағынан сау жасөспірімдер арасында тек мінез акцентуация мен психопатиялық мінез ерекшелігі бар тұлғалар ғана суицидтік әрекетке әлдеқайда бейім болады деген қорытындыға келеміз.

Психологиялық әдебиеттерде жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекет пен дағдарыстық ахуалдардың пайда болуын детерминациялайтын және дербес немесе басқа да себептермен бірлесе психологиялық қауырттылықты күшейтетін жасерекшелік психологиялық факторлар туралы мәліметтер әлі де болса жеткіліксіз жағдайда. Осағын орай, теориялық талдау барысында жасөспірімдерде аталған деструкция мінез-құлқы жасерекшелік психологиялық жаңа құрылымдардың пайда болуынан эмоциялық (жеткіліксіз эмоциялық зерттеу, депрессиялық жағдай), когнитивті (талдау қызметінің бұзылуы, болжамдау мен ақпараттарды бағалау, ойлаудың, зейінің, есте сақтаудың реттеуші қызметтерінің бұзылуы) және тұлғалық салалардың (өзіндік сана сезім дамуының бұзылуы) бұзылуымен түсіндіріледі [7; 156].

Жасөспірім өзінің «есейгендігін» көрсетуге деген қажеттілігін фрустрациялау, өзіндік сана сезімнің дамуы барысында «Мен-тұжырымдамасаның» жағымсыз қалыптасуы, өзін-өзі жек көру, өзіне деген жағымсыз көзқарас, өзін-өзі төмен бағалау жене өзін-өзі кемсіту сияқты әрекеттер жасерекшелік дағдарыстың патологиялық барысын детерминациялайды, яғни бұл суицидтік әрекеттің пайда болу қауіптілігінің елеулі факторы болып табылады. Жасерекшелік дағдарыстық патологиялық барысы алаңдау, мазасыздану, үрейлену, психозақымдаушы жағдайларға фиксациялану, өзіндік дәрменсіздік, күйзелу, жалғыздық, үмітсіздік, өзіндік тұлғаны пессимистік бағалау, болашақ өмірді және өзекті мәселені, яғни болашақты жоспарлау қиынға соғатын жағымсыз қарқынды эмоциялармен сипатталатын дағдарыстық ахуалдардың пайда болуына жетелейді.

Дағдарыстық ахуалдардың дамуы әлеуметтік-психологиялық бейімделмеуіне жетелеп, жасөспірімдер арасындағы суицидті қоздырады. Олар: психоэмоционалдық күйзелістерге деген төзімділіктің төмендеуі, ерекше интеллект (максимализм, өзгеше пікірлер, үзілді-кесілді ойлар), коммуникативті қабілеттердің жеткіліксіз дамуы, өзіне-өзі жағымсыз баға беру, дамымаған сындарлы копинг-стратегиялар және психологиялық қорғану, өмірдің құндылықтарын шала түсіну және т.б. Сонымен, әрекеттік девиациялардан көрініс табатын жасерекшелік дағдарыстан деструктивті шығудың жолы бірден-бір жолы - суицидтік әрекетке жетелейді[8; 135].

Туған-туыстармен туыстық қарым-қатынасты үзу, өнімді сабаққа деген салбырлық көрсету, өмірден түңілу, жанұяның, қоғамның құндылықтарына жағымсыз көзқараспен қарау, сияқты әрекеттердің патологиялық қалыптасуы суицидтік әрекет пен дағдарыстық ахуалдардың пайда болуын шарттастыратын

детерминациялаушы фактор негізінен, жеткіншектер қай жағынан болсын әлсіз сипатта болады. Олардың бойында әлеуметтік маргинализм байқалады. Өйткені олар әлі де болса, есейіп үлгерген жоқ, жасөспірімдер немесе жеткіншектер көп жағдайды терең жағымды түсіне алмай, күйзеліске ұшырайды. Олардың бойында ұялшақтық пен агрессиялы мінез-құлық, жастық максимализм, шектен тыс мазасыздану, шамасы келмесе де «өзім білеміндікке» ұмтылу сияқты әрекеттер мінез-құлыққа тән болады.

А.Е.Личконың пікірінше, аутодеструктивті әрекеттерге мынандай факторлар жетелейді: 1) сүйікті адамнан айырылу; 2) жалықтыру күйі; 3) өзінің адамгершілік құндылығын кеміту сезімі; 4) есірткі, гипногендік психотропты дәрілер және ішімдікке салыну нәтижесінде тұлғаның қорғаныш тетіктерінің күйзелуі [2].

Қорытындылай келе, жасөспірім мінез-құлықтың аутодеструктивті аспектілерінің пайда болуы түрлі факторлар мен мәселелеріне байланысты. Оның бастысы – жасөспірімділік кезеңіндегі баланың мінез акцентуациясы, қоршаған әлеуметтік ортаның және ішкі жан дүниесінің өзгеруі болады.

Әдебиеттер:

Возрастная психология /под ред.Л.Ф.Обуховой.-М.,2004.

1. Личко А.Е. Типы акцентуаций характера и психопатий у подростков. М.: Эксмо-Пресс, 1999. – 416 с.
2. Юрьева Л. Н. Клиническая суицидология. - Днепропетровск: Пороги, 2006.
3. Жарықбаев Қ.Б. Жантану оқулығы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, сондай-ақ университеттер мен пединституттардың педагогика және психология бөлімінің студенттеріне арналған. – Алматы, 2008.-632 б.
4. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінш., толықт., түзет. және қайта өңд. бас./ Орыс тілінен аударған М.А.Құсаинова. - М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.
5. Зотов М.В. Суицидальное поведение: механизмы развития, диагностика, коррекция. — СПб.: Речь, 2006.
6. Берно-Беллекур И.В. Социально-психологические аспекты аутодеструктивного поведения. – СПб., 2008.
7. Ефремов В. С. Основы суицидологии. - СПб.: «Диалект», 2004.
8. Құдиярова А. Қ. Жантану әліппесі. – Алматы, Дарын, 2006.-154 б.
9. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012.

АНТРОПОНИМДЕР – АДАМНЫҢ БОЛМЫСТЫ ҚАБЫЛДАУЫН СИПАТТАЙТЫН КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМ

Амренова Р.С.
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ.
amrenova07@mail.ru

Қазақ халқының өмірінде асқақ қиял мен діни түсініктің жетегінде туған мифтік танымдар аңыз-әңгімелер, әпсаналар, ауыз әдебиеті туралы деректер Ш.Уәлиханов, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Жанпейісов, С.Қасқабасов, Қ.Жұмалиев, А.Сейдімбек, Н.Уәлиев, т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Алайда бүгінгі күнге дейін жалқы есімдерге арналған зерттеулер өз жалғасын тауып, өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Жалқы есімдерді когнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы, Г.Б.Мадиеваның айтуынша, "белгілі бір тілдік социум мүшелерінің жалқы есімдерді қабылдауы; жеке адам санасындағы жалқы есімдердің қызметі, ұжымдық санадағы жалқы есімдердің қызметі; болмыстың ментальді түріндегі жалқы есімдерде таңбалануы; тілдік сананың ұлттық когнитивтік негіздерін құрайтын өзекті жалқы есімдердің құрамын айшықтау; жалқы есімдердің жекелеген жүйелеріндегі негізгі элементтер мен стереотиптерін анықтау зерделенеді" [1: 21]. Ономастикалық концептілер қоршаған болмысты ментальді түрде сипаттай отырып қазақ жалқы есімдерінің табиғатын, қызметін "тіл-сана-ұлт" тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік береді.

Адам туралы концептуалдық түсініктерді ономастикалық кеңістік арқылы да қарастыруға болады, өйткені тілдің когнитивтік кеңістігінде антропонимдер сияқты тілдік формалар арқылы адам туралы ментальді түсінік беріледі. Қазақ ертегілерінде Адамның кеңістіктегі бағдары, болмысты қабылдауы мен талқылауын сипаттайтын психикалық және когнитивтік құрылымдар аз емес. Солардың бірі – қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлер есімдері. Ғалымдардың пікірлеріне сүйенетін болсақ, ертегілердің негізі мифтерде жатыр. Қазақ мифтері қазақ халқының көне заманғы ойлау жүйесінің жемісі болып табылады. Қазақ мифтері арқылы қазақ халқының ұлттық әлемі бейнеленеді. Мифология арқылы халықтың салт-дәстүрі, наным-сенімі, танымы туралы ақпарат алуға болады. Қазақ халқының ұлттық әлем бейнесін сөз еткенде мифтік (аңыздық) антропонимдік қабаттан бастаған жөн. Себебі мифологиялық таным адам танымы түрлерінің ең бастапқысы болып табылады. Адам танымы аясында адамға, дүниеге, әлемге, қоршаған ортаға байланысты аңыздық түсініктер, ұғымдар қалыптасады. Әлемнің мифологиялық бейнесі мифонимдерден (мифологиялық жалқы есімдерден) тұрады. Бұлардың басқа жалқы есімдерге қарағанда бір ерекшелігі бар, ол – мифтік танымға негізделуі.

Қазақ халқының мифтік танымы бойынша үш әлем: аспан әлемі, жер әлемі, жер асты әлемі алынады. Бұлар – бос кеңістік емес, әр әлемнің өз нысандары бар. Мәселен, аспан әлемінде – құдыреті күшті Тәңір бастаған адам,

жан-жануар, аң, құс кейпіндегі жұлдыздар; жер әлемінде – Күн мен Ай; оның кіндік ортасында қасиетті Көктөбе, Бәйтерек, т.б. табиғи нысандар бар. Үш түрлі әлем: аспан әлемі, жер әлемі, жер асты әлемі қазақ халқының түсінігінде ежелден қалыптасқан.

Көне заман адамының ментальдік деңгейінде Күн мен Ай ерекше орын алғандығын аңғаруға болады. Ай мен Күн туралы мынадай түсініктер берілген: 1) Ай – ару, Күн – күйеу; 2) Күн мен Ай – егіз сұлу қыздар. Ежелгі адамдардың түсініктеріне сәйкес Ай суықтықтың ғана емес, сұлулықтың да символына айналған. Сондықтан болар қазақ халқының аңыз, ертегілерінде кездесетін антропонимдердің көбі *ай, күн, жұлдыз, тау* сөздерінің қатысуымен жасалғандығы байқалады. Мысалы, *Айдын, Айым, Айжан, Айбарша, Айсұлу, Таусоғар ("Ер Төстік" ертегісі), Таукөшірер ("Ер Төстік" ертегісі), Көлтауысар ("Ер Төстік" ертегісі), Көлжұтқыш, Құйын,* т.б. сияқты есімдер кездеседі. Бұдан қазақ дүниетанымында Ай мен Күн, жұлдыз, тау туралы түсініктер ерекше екендігін айтуға болады.

Ай сөзінің этимологиясына баратын болсақ, *"ай"* – кәдімгі жер серігі, ғаламшардың атауы. Жер серігінің атауы көне түркі тілінде "*а": й*" деп дыбысталған. Ал, қызғылт сары түсті жібек мата кесіндісі де *"ай"* аталған [2: 147-148]. Бұл анықтама бойынша ғаламшар аты оның түсіне байланысты қойылған деп болжам жасауға болады. Шумер тілінде "аспан", "жұлдыз" деген ұғымдар "ан" дыбыстық құрамындағы сөзбен бейнеленген көрінеді. Олжас Сүлейменов түркі тілдеріндегі "ай" атауын осы сөзбен түбірлес деп қарастырады. Ол "ан" түбірі қазіргі түркі тілдерінде сын есімде сақталған дей отырып, "анық", "айқын" деген сөздерді салыстырады [3 : 229]. "Ай ғаламшарының атауы моңғол тілінде "сар" тұлғасында дыбысталады. Бұл сөздің "сары" ұғымын беретін "шар" сөзімен түбірлес екендігі дау тудыра қоймас" [4 : 99, 170].

Б.Қошым-Ноғай айдың атауы көне түркі тіліндегі "*ақ*" сын есімінен пайда болған деп есептейді: *"ақ-аг-ай"*. "Түркі тілдерінің заңдылығы бойынша *қ/г/й* дыбыстарының сәйкестігі жиі ұшырасып отырады. Яғни, *"ақ"* тұлғасының бірте-бірте "*ай*"-ға айналуы шүбә келтірмейді", – деп Б.Қошым-Ноғай ойын тұжырымдайды [5 : 31]. "*Ай"* сөзінің шығу төркінін Г.Вамбери де *"ақ"* деген сын атауымен байланыстырып, бұның дәлелі ретінде *"ай йүзлүк*" деген тіркестің мағынасына тоқталады. Қ.Ғабитханұлы осы оймен келісе отырып, "расында *ай* атауы о баста заттың сын-сипатын білдіретін сөз болғанға ұқсайды. Қазақ тіліндегі *"айдын", "айқын"* сөздері *"ай"* түбірі негізінде жасалған. Демек, "*ай"* сөзі о баста *"ақ"* деген түсті білдіретін сөз болған, осы сөзден кейін келе қазіргі тіліміздегі сын есім "*ақ"* туындаған. Бұл өзгерісті *ай > аг > ақ* түрінде көрсетуге болады. Түркі тілдерінде *й-г-қ* дыбыстарының сәйкестігі бұрыннан бар қалыпты құбылыс", – дейді [6 : 25].

Қазақ халық ертегілерінде көп жағдайда, адамның өзін табиғатпен тұтастықта түсінетін танымы адамның белгілі бір жануар кейпінде немесе, керісінше, аң мен жан-жануарлар адам кейпінде беріліп отыруынан көреміз. Мұндай бейнелер антропоморфыланған, зооморфыланған бейнелер деп

аталады. Антропоморфыланған кейіпкерлер: *Ай мен Күн, Шалқұйрық* ("Ер Төстік" ертегісі), үй хайуанаттары ("Үй хайуанаттарының жыл басына таласуы" ертегісі), т.б. Зооморфыланған кейіпкерлер: *Жалмауыз, Жезтырнақ, Бапы хан*, т.б.

Мифтік аңыздарда аспан денелері Ай мен Күн адам кейпінде берілген, антропоморфыланған. Әлемнің мифологиялық бейнесі адамның тәніне, жанына, рухына сәйкестендіріліп көрсетілген: *"Асылында, ай-ару мен күн-күйеу, көк аспанда ғашық-машықтар еді. Олар ұдайы қараңғылықты қуғындаумен айналысып, біреуі түнде көшіп-қонып, өмірбақи өріс-қоныстары айқаспағандықтан, бір-біріне қосыла алмаған екен. Көк жүзін кезіп қанша іздесе де кездесе алмайды. Олар осы ауыр халдерін қайғырғанда, аспанды қара бұлт қаптайды, кейде қабақтарынан қар борайды. Сағынышқан саулаған жастары жаңбыр болып жауады. Кейде құсалықтан тұнған күйі отты жүздерін жалын болып шарпиды, бұл сәттерде күннің көзі, айдың жүзі тұтылады"* [7 : 12].

"Ертеде Ай мен Күн атты егіз сұлу қыз болыпты. Екеуінің ішінде Ай өте сұлу екен. Бір күні Ай өз сұлулығын айтып, Күнге мақтаныпты. Сонда Күн қатты қызғанып, Айдың бетін тырнап тастапты, содан Ай бетінде дақ қалыпты. Осы оқиғадан соң Күн Айға жақындаса болды, Ай бетін жасырып қорғанады екен, ал Күн қашықтаса, Ай толып, толықсып бетін түгел көрсетіп Күнге мақтанады екен" [8 : 75].

Қазақ мифологиясында Ай негізінен қыз образымен бейнеленеді.

Айсұлу – "Ай астындағы Айсұлулар" ертегісінің кейіпкері. "*Ай* – планета; жылдың он екіден бір бөлігі" [9 : 325].

Айбарша – (қазақ-парсы сөзінен тұрады). *Айпарча, Айбарша (ай +парча)* [10 : 275].

Қазақ халық ертегілерінде *ай* сөзінің қатысуымен жасалған ер адамдардың аттары да кездеседі: *Айдын* – XYIII ғасырда өмір сүрген филолог Мехди-хан бірсыпыра түркі тілдерінде қолданылып жүрген *айдын* сөзі туралы мынадай этимологиялық талдаулар жасаған. Оны А. Щербактың жазғандарынан көруге болады: *айдын (айлы түн) - ай + түн* (Щербак. Грам. староузб. яз.). Шынында да, *айдын* сөзі осы күнгі көптеген түркі тілдерінде айтылады: азербайжан (*айдын*), ұйғыр (*айдын, айдун*), т. б. Осы тілдердің сөздіктері бойынша *айдын* сөзінің орыс тіліндегі аудармасы былай беріледі: *айлы түн, ай сәулесі, ай сәулесі түсіп, жарқырап жатқан нәрсе* (Малов. Уйг. яз.; Малов. Лобн. яз., т.б.). Сонда бұл сөз *ай + түн - айтүн - айдын* болып қалыптасқанға ұқсайды. Түбір сөздегі *т (түн)* дыбысының *д-ға* айналуы оны қоршап тұрған дыбыстардың *(й мен ын)* әсерінен болса керек, ал *у* дыбысының *ы-ға* ауысуы, біріншіден, алғашқы компоненттегі *а* дыбысының жуандығына қарай үндесу болса, екіншіден, ерін үндестігінің соңғы буында әлсізденуінен болар [11 : 23-24].

"Көне түркі тілінде *айдың* – айдың сәулесі. Бұл сөздің орта ғасыр ескерткіштерінде осы көрсетілген мағынасымен қатар *"жарқыраған, анық, ашық, айқын*" мағынасы бары көрінеді. Әрі ол айдың тұлғасында да келеді

(Құрышжанов, 80, Фазылов, 36). *Жарық сәуле, жарық (жарқын) болу* күн сәулесіне қатысты. Сондықтан "*жарық*" ұғымы "*ақ*" деген ұғымға оңай алмасады", – деп түйіндейді Р.Сыздық [12: 18-19].

Осы пікірлерге сүйене отырып қазақ халық ертегілерінде кездесетін мына антропонимдер де *ай* сөзіне байланысты пайда болған ба деген ой келеді: *Ақ білек, Ақшахан, Ақжүніс , т. б.*

Тәңірлік көзқарас бойынша адам өзін табиғаттан тыс қарастырмаған. Қазақтың атақты ғалымы Шоқан Уәлиханов қазақтар бұрын Айды "Құдай" тұтқан болу керек дейді. "Шамасы, ай қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Қазақтар жаңа айдың туғанын көргенде, тәжім етеді. Жазда, сол айға тәжім еткен, жерден шөп жұлып алып, отқа салады. Қазақтар айда кемпір бар деп айтады (шамасы, айдағы адамның бет-пішініне ұқсас дақтарды айтады. Қазақтар, айға ұзақ қарап тұрмайды, сескенеді. Айдағы кемпір кірпікті санап қояды дейді, егер санап қойса, адам өледі. Дәрет сындырғанда да, бетін айға беріп отырмайды. Жалпы, қазақтар айды құрметпен ауызға алады" [13 : 180].

Ертедегі адамдар табиғаттың сырын білмей тұрған кезде табиғат күштеріне, Күн мен Айға ғибадат етіп табынған. XYI ғасырда өмір сүрген Рузбаханидың (бұл Шейбани ханның имамы) айтуынша, "қазақтардың ең ұлықты құдайы – Күн болған. Қазақ қымызын ішуден бұрын бетін Күнге қаратып, қолындағы ыдысынан Күн шығатын жаққа қымыз шашады. Сонан кейін Күн тәңіріге табынып, бас иеді".

Түркі халықтарының мәдениетінде аспанмен қатар оның шырақтары да құдай деңгейіндегі құдіретті, қасиетті құбылыс деп танылған. Бұл мағынада, әсіресе, күннің атқаратын рөлі ерекше. Миф-аңыздар, ертегілердің кейіпкерлерлерінің есімдері сондықтан да *Күнсұлу, Күн астындағы Күнікей* және т.б. деп аталған болу керек. Бұл мәдениетті солярийлік (күндік) деп атауға негіз жеткілікті. Бұл жерде мифтік танымда Күн мен Адамның тығыз байланысы аңғарылады. Халық табиғат сырын танып, табиғатпен етене араласу барысында өмір сүруге қолайлы жағын, мүмкіндігінің де молая түсетінін танып білген.

"Күн астындағы Күнікей қыз" ертегісінде алып туған бала мен ананың қасиеті анық бейнеленген. Бұл ертегі бір ғана алып күшті сипаттамайды, мұнда әлеуметтік сарын жатыр. Күнікей – қасиетті ананың бейнесі. Күннің астындағы елде тұрған *күндей сұлу* қыздың есімі Күнікей деп аталған. Ру дәуіріндегі қазақ қауымының тілегі бойынша ел қорғаны ұл тапқан әйелдер (Күнсұлу, Айбарша, Күнікей, Қобыландының шешесі Аналық) ардақты саналады**.** Күн астындағы Күнікей тіркесі үш компоненттен құралған. *Қыз* сөзінің мағынасы – *қыз бала, бойжеткен қыз.* Бұл көне түркі сөзі, оның негізгі түбірі *қызу* етістігі болуы мүмкін. Бұл етістік алдымен "жану, *жарқырау" дегенді білдірсе, кейін "қызыл, от, жылы" деген қосымша мағынаға ие болған* [11: 134].

Қазақ мифонимдерінің таңбалық семантикасында мифологиялық ойлау типі бейнеленіп, ғалам мен универсумда бұл ойлау типі рухани жаралған сакральдік әлем ретінде ерекше қабылдауды іске асырады. "Мифологияланған

қазақ жалқы есімдерінде көне жазба мәтіндер, архетиптер мен әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдердің таңбалық сипаты орын алған" [14 : 82].

Миф – байырғы адамдардың күнделікті тұрмысы мен өмір тәжірибесінен туған таным-түсінігі, өмір салты, ішкі сезім-түйсігінің нәтижесінде қалыптасқан ойлау жүйесі [15: 4]. Мифтік наным-сенімнің, дүниетанымның материалдық мазмұны, халықтың рухани, мәдени өмірін сипаттайтын сөздер мен тұрақты сөз тіркестері мифтік наным-сенімдер фольклорында көптеп кездеседі. Бұларды тілді жасаушы халықтың бір кездердегі ой-санасының, жан дүниесінің сәулесі деп түсіну керек. Мұнда халық бала секілді бәріне сенеді, айға, бұлтқа тіл қатады. Алыстағы аспан денелерінің құрылысында құпия, сиқырлы күш бар, ол әрі қасиетті, әрі киелі деп санаған, соған табынған, жалбарынған. Күнге, айға, жұлдыздарға табынудың негізінде олардың рухы бар деп түсінген. Жаңа туған айға бата қылудың *"Ай көрдім, аман көрдім, баяғыдай заман көрдім. Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа"* деп жалбарыну астарында Айды тірі рух ретінде тану нышаны бар.

Демек, мифонимдерде сақталған, сол мифонимдерге қатысты мифтік аңыз, әңгімелерде жинақталған әлемді танып білуге деген өте көне архаикалық көзқарас, мифтік таным ғаламның мифонимиялық бейнесін реконструкциялауға, сипаттауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: "Қазақ университеті", 2004. – 190 с.
2. Қашқари М. "Түбі бір түркі тілі". – Алматы: "Ана тілі". – 1993.
3. Сүлейменов О. "Аз и Я", Алматы: "Жазушы". – 1975.
4. "Орос хэлний түгээмэл хэрэглэдэг4000 үгийн толь. Орос монгол сурах толь"– М., "Русский язык", 1986.
5. Қошым-Ноғай Б.С. Тіл ұшындағы тарих. – Алматы: "Жазушы", 2003. – 496 б.
6. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: "Арыс", 2006. – 168 б.
7. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, 2001. – 319 б.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СӨЗҚОСЫМ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Баязитова Г.Р.
Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
Bayazitova_gulnaz@mail.ru

Қазіргі қазақ тілінің жалпы мәселелері біршама жан-жақты зерттелгенмен де, бүгінгі күнге дейін өз шешімін толық таппаған жекелеген мәселелер мен әлі де зерттей түсуді қажет ететін тұстары бар. Әсіресе тіліміздің сөзжасам айналасында мұндай мәселелер молынан кездеседі. Сөзжасамның сондай мәселелердің бірі – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған біріккен күрделі сөздер мен фразеологиялық тұлғалар арасындағы ара қатынасы жайлы мәселелерді атап көрсетуге болады. Сөз болып отырған тұлғалардың қыр-сырының жете ашылмауы, олардың табиғатын айқындаудағы, түсіндірудегі қиындықтар, біріккен сөздерді тіркескен сөздерден ажырату, күрделі сөз ретінде қайсысын біріктіріп, қайсысын бөлек жазу жайының анықталмауы да күні бүгінге дейін шешімі табылмай келе жатқан мәселелердің бірі. Жоғарыда аталған біріккен күрделі сөздердің лексикалық тұлға ретінде сөзжасам жүйесінде алатын орнын айқындау да осындай мәселелердің бірі. Өйткені тіліміздегі осы аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің барлығы да жаңа мағыналы сөз дәрежесіне жете бермейтіндігін көрсетеді.

Жалпы тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, біріккен сөздердің шығу тегі негізінен, сөздердің еркін тіркесі. Оның пайда болуының өзіндік жолдары бар. Негізгі жолы – біріккен сөздердің сөз тіркесінен қалыптасуы. Мысалы, *«бозторғай», «қараторғай»* деген сөздердің алдыңғы сыңарлары бастапқыда құстың түр-түсіне байланысты анықтауыштық қатынаста қолданылса, кейін атаулық мәнге ие болып, біріккен сөзге айналған. Сол сияқты *«Жетісу»* сөзінде де жеті сөзі өзен, яғни су сөзінің санын білдірсе, кейін пысықтауыштық сөз тіркесінен атаулық мәнге ие болып, біріккен сөзге айналған [1:14].

«Сөздердің еркін тіркесі компоненттерінің соңғысы бағындырушы, ал бастапқы оған бағынушы сөз болып, бастапқы сөз соңғы объекті мәнінде тұрған сөздің түсі, көлемі, сипаты, мекені, тегі, қызметі, сол сияқты түрліше қасиеттерін айқындап, аралары синтаксистік байланыстың белгілі-белгілі үлгілері бойынша грамматикалық байланысқа түсетіні мәлім. Аққу, қарақұс тәрізді сөздерге келсек, бұлардың да сыңарлары басында осындай байланыста болып, кейіннен жұбын бұзбай, үнемі бірге қолданудан компонеттері орын-орындарында әбден бекініп, ол байланыс мәнән мүлдем жойған. Құрамындағы сөздер жеке сөз табы, сөйлемде дербес мүше болу қасиетінен де айырылған; компоненттері жеке-жеке емес, бір екпінге иеленіп, айырым емес, ритмикалық екпінмен айтылатын болып кеткен. Бұған олар басынан идиомалану, лексикалану, оған қосымша грамматикалану процестерін өткізу барысында келіп жеткен» – дейді ғалым Ж.Шәкенов [2:25-26].

Жоғарыда көрсетілген мысалдардағы сөздер сияқты ақсақал, бізтұмсық, егеуқұйрық, балтатұмсық сөздердің жасалуында аналитиалық тәсілмен қоса семантикалық тәсілдің де көрінісі байқалады. Профессор С.М.Исаев «...кейде белгілі бір сөзжасам процесінде, шынында да, бір емес, бірнеше сөзжасам тәсілінің қатысы болуы мүмкін. Әрине ондайда басты рөл қай тәсілге жатады, соған қарап анықталады да, ал басқа тәсілдің я тәсілдердің қатысу дәрежесі көрсетіледі» – дейді. Кейбір ғалымдар да өз зерттеулерінде осыған байланысты синтетикалық-семантикалық, морфологиялық-синтаксистік сияқты сөзжасам тәсілдерін көрсетеді.

Сонда аталған біріккен сөздердің тек аналитикалық тәсілмен ғана емес, сонымен қатар семантикалық тәсіл арқылы да жасалып тұрғанын байқаймыз. Л.Қ.Мусин «Аналитикалық құрылымды сөздердегі семантикалық тәсілдің көрінісі» деп аталатын еңбегінде семантикалық тәсіл арқылы пайда болған біріккен сөздердің жасалу жолын екіге бөліп қарастырады.

1. Мағына ауысуының метонимиялық түрі. Ғылыми әдебиеттерде метонимия белгілі заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстығына қарай алмастыру амалы болып сипатталады. Мысалы: *тараққұйрық* – кеміргіштер тобына жататын, егінге зиянды ұзын құйрық саршұнақ; *егеуқұйрық* – ауыл шаруашылығына зиянды, тұмсығы сүйір, құйрығы ұзын тышқан; *балтатұмсық* – тұмсығы қызыл, пішіні балта тәрізді, шекесі ақ айдарлы, қоңыр құс.

Мағына ауысуының метонимиялық түрін Л.Қ.Мусин халық ұғымында бар заттардың архисемасы келесі заттың дифференциалаушы семасына айналып, әрі ол актуалдана атаулық дәрежеге көшуін айтады. Яғни, тышқан, құс лексемаларының мағынасы бір деңгейде анықталатын құйрық, тұмсық лексемаларына ауысқан. Бұл – метонимиялық тәсіл.

2. Мағына ауысуының метафоралық түрі. Тілдік метафора зат пен құбылысқа берілген атау өзінің негізін бастау тегінен (референтінен) үзбесе ғана пайда болады. Метафора пайда болғанда сөздің архисемасы көмескіленеді немесе ауыстырылады да, керісінше дифференциалды сема доминанттық сипат алып, ол жаңа атауға негіз болады. Мысалы: *ақсақал, ақсүйек, бақтала*[3:24-29].

Г.Қ.Абдирасилова «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл (бірігу, қосарлану, тіркесу) арқылы жасалуы» деген еңбегінде: «Біріккен сөз компонентінің соңғысы өзі бейнелеп тұрған объектіге тікелей қатысы бар, белгілі дәрежеде соны білдіретін сөз болып келеді. Оның мәні, мәселен, *аққу, қарақұс* тәрізді сөздердің құс баласына қатысты екені, ал *көксағыз, асқабақ* сияқты біріккен сөз түрлерінің өсімдік атаулары екенін соңғы компонентінен-ақ білуге болса, *аққу, аютабан, бұзаубас, егеуқұйрық, бізтұмсық* тәрізді біріккен сөз атауларының өсімдік, жәндік атаулары болатынын олардың соңғы компонентінен білу мүмкін емес. Өйткені олар еркін тіркестерден емес, басқаша жолмен, яғни метафоралық қолданыс немесе бойында бар ерекше қасиеті бойынша пайда болған» – дейді [4:15] .

Жоғарыдағы осы аталған тәсілдердің көрінісі тіліміздe кейбір фразеологизмдердің жасалуында да байқалады. Мысалы, *екіқабат, құрқол, аққұла, немқұрайды, албасты, балажан, ержүрек,* секілді біріккен сөздердің мағына бірлігіне келсек, оған идиомалану процесі ұйтқы болған. Екіқабат дегеннің жүкті; құрқол дегеннің бос, ешнәрсесіз; аққұла деген сөздің бекер, босқа деген мағыналарды білдіруі және бұлардың мағынасын осылайша басқа сөздермен беруге келуі идиомалану процесінің нәтижесі.

Тіл білімінің белгілі ғалымы академик І.К. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегінде біріккен тәсіл арқылы жасалған *ақсақал, қарасақал, ақсарбас, отбасы, тайқазан, тоңмойын* сияқты фразеологизмдерді көрсетеді. Олардың жасалу жолына тоқталсақ.

Ақсақал, қарасақал – үлкен-кіші, кәрі-жас.

Жақында, осыдан он шақты күн бұрын, Шыңғыстың бөктерінде, Тәкежан, аулына бар Ырғызбайдың Әзімбай, Шұбар бастаған ақсақал, қарасақалы жиылып, баталасып аттаныпты. (М.Әуезов). Мұнда ақ сөзі «қар, сүт тәрізді нәрсенің түсі» дифференциалды семадан «асыл, таза, әділ» ауыспалы мағынасында көрініс береді. Ол «еркек адамның иегі мен жағына шығатын түк» архисемасының мағыналық дамуға түскен сақал сөзімен тіркесіп, «жасы үлкен құрметті адам» мағынасындағы атауды жасайды. Қарасақал сөзінің жасалу жолы да солай, бірақ мұнда қарасақал сақал-мұрты әлі ағармаған, орта жастағы ер адам деген мағынаны береді.

Тоңмойын – ырыққа көнбес, томырық мінезді кісі туралы.

Тоң – жер қыртысының суықтан сіресіп, қатып қалған үстіңгі қабаты. Мойын – басты кеудемен жалғастыратын дене мүшесі. Бұл сөздің бірінші сыңарының архисемасы ауыстырылады да, дифференциалды сема доминанттық сипат алып, жаңа атауға негіз болды. Осы сияқты сөздер бастапқыда адамға сипаттама беру нәтижесінде туып, кейін соның атауына айналады.

Міне, тіліміздe жоғарыда көрсетілген сөздерді түрлі-түрлі тәсілдермен біріктіру арқылы пайда болған фразеологизмдердің аз емес екенін байқай аламыз. Осы фразеологизмдер халқымыздың тәлімі мен танымы мол екенін танытады. Шынымен де «Фразеологизмде Адам, Қоғам, Табиғат жөнінді тілдік ұжымның сан ғасырлық дәстүрлі білімдер жүйесі сақталған. Фразеологизмдер тіл қазынасының ерекше бір қымбат дүниесі – сөз жүлгесінің ішінде шоқтығы болып көрінетіні де сондықтан» [5:32-36]

Қорытындылай келсек, тұрақты тіркестер мен күрделі сөздер алғашқыда сөз бен сөздің тіркесуі арқылы пайда болып, кейін уақыт өте келе олардың кейбіреулері біріккен сөзге айналып кеткенін көреміз. Идиомалану, лексикалану, грамматикалану сияқты даму, өзгеру процестерін басынан өткізіп, қазіргі кезде бұлар лексика-грамматикалық жағынан біртұтас, екпін, ырғағы жағынан біріңғай болып фразеологизмдерден біріккен сөзге айналып, жаңа мағынаға ие болып, тіліміздің сөздік қорымызды одан әрі дамытып, толықтырып отырады.

Шынында да, тіліміздің табиғатын терең түсініп, сөз құдіретін бағалай білген біздің ата-бабаларымыздан бүгінгі күнге дейін жадымызда сақталып жеткен сөз байлығымыздың сарқылмас бұлағы – осы фразеологизмдер.

Ы.Маманов сөзқосым тәсілі арқылы жасалған, ауыспалы мағынада қолданылатын бұл идиомалардың біразы біртұтас лексикалық бүтін деп айтуы дұрыс.

Қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл, сөзқосым арқылы жасалған фразеологизмдер мәселесін барынша қарастырып, біріккен сөздер мен фразеология болмысын, өзара үндесуін, тіркесімдігін анықтай алдым деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1989.
2. Ж.Шәкенов, Қазақ тілінің күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. «Сөзжасамның тарау болу, соған сай терминдердің тұрақталу, тілдік тақырыптардың жүйелену мәселесі» атты ғылыми-әдістемелік семинардың материалдары. – Көкшетау: Келешек-2030, 2006.
4. Абдирасилова Г.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегісөздердің аналитикалық тәсіл (бірігу, қосарлану, тіркесу) арқылы жасалуы: Автореферат. – Астана, 2003.
5. І.К. Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҚОСТІЛДІ ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

Бейсембина А.Е., Төлеубек Е.
Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
i_nomad.kz@mail.ru, yerke300398@mail.ru

Бүгінгі таңда жалпы тіл білімінде тілдесу барысындағы адамның рөлі, яғни, қостілді тұлға төңірегінде тың мәселелер көтеріле бастады. «Қостілділік тұлғасы» – тіл білімі мен тіл философиясының дамуымен қатар жүрген ұғым. Бұл терминді ұғымдық аппаратқа енгізу себебі, біріншіден, тұлғаның тілде іс-әрекет етуімен шарттыланса, екіншіден, дәстүрлі лингвистикалық тұжырымдамаларда бұл ғылыми ұғымға кешенді ыңғай немесе зерттеу болмағандығымен түсіндіріледі. Қостілді тұлға мәселесі көне дәуірден бастап ғалымдардың зерттеп келе жатқан мәселелерінің бірі екендігін айта кеткен жөн. Әрине, бұл зерттеулер адамтануға бағытталған ғылымдар аумағында болған. Көне дәуірде тілдік тұлға ұғымы шешендік өнер аясында қарастырылды.

Тіл біліміндегі «тілдік тұлға» жөнінде ғалым Ю.Н. Караулов былай дейді: “Ауызша мәтінді қабылдай алатын адамдар мінез-құлқы мен қабілеті үшке бөлінеді: а) тіл-құрылымдық деңгейі; ә) шынайылылықтың тереңдігі мен дәлдігі; б) белгіленген мақсаттық бағыты” [1.3].

Яғни, тілдік тұлға – адамға тән қабілеттер мен сипаттамалар жиынтығы, құрылымдық тілдік шығармаларды (мәтіндерді) түсініп, қабылдай алатын адам. Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны мынадай үш деңгейде қарастыруды ұсынады: 1) вербалды-семантикалық; 2) лингвокогнитивтік; 3) мотивациялық[1.4].

Қостілділікке төмендегідей психолингвистикалық және лингводидактикалық сипаттама беруге болады: жалпы, қостілділік феноменін психолингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында келесі мәселелер көтеріледі: 1) екінші тілді үйрету тәсілі; 2) екінші тілді меңгеруші адамның жас мөлшері; 3) қостілді тұлғаның бір тілден екінші тілге ауысу қабілеттерінің бар-жоқтығы; 4) бірінші және екінші тілді меңгеру деңгейі; 5) туған тілдің негізінде екінші тілге үйрету кезінде жиі кездесетін қиыншылықтар; 6) екінші тілдің тілдік нормалардан ауытқуы; 7) екінші тілді толық игеріп, мүлтіксіз білуі. Демек, психолингвистика ғылымы қостілділік мәселелерін қарастыру барысында оларды коммуникант тұлғаның сөйлеу әрекетінде пайда болатын мәселелермен байланыстырады [1.6].

Психолингвистикалық жағынан қостілділік мәселесін Е.М. Верещагин және А.Е. Карлинский зерттеген. Е.М. Верещагин қостілділік теориясын төрт фактор негізінде дамытады: 1) орындалатын іс-әрекеттердің саны бойынша; 2) екі сөздік механизмнің сәйкестігіне қарай; 3) әрбір тілдегі ойлау жүйесімен байланысу тәсіліне қарай; 4) қостілді тұлғаның сөздік механизмінің басымдылығына қарай [2].

Әлемдік мәдениет тарихында әдеби қостілділік ерте замандардан-ақ белгілі. Соңғы екі ғасыр ішінде ол филолог мамандар үшін де, «табиғи лингвистер», яғни сол тілде сөйлеушілер үшін де эмоционалдық, қызығушылық туғызатын талқылау тақырыбына айналып отыр.

Адамзаттық мәдениеттің даму тарихындағы бірегей феномен ретінде әдеби қостілділік әртүрлі аспектіде қарастырылады. Адамзаттық іс-әрекеттің ерекше өнімі ретінде ол бірден-бір мәдениетаралық коммуникация – сөйлесу, қарым-қатынас дәлелі болып табылады.

Көпғасырлық мәдени дәстүр әлемге әйгілі шығармалармен белгілі. Атап айтатын болсақ:

- Көне дәуірде вавилондық Беростың, мысырлық Манефонның грек тіліндегі шығармалары;
- Араб тілінде VIII-IX ғ.ғ. иран халықтарының әдебиеті және ортағасырлық парсы-түркі-арабкөптілділігі дәуіріндегі парсы-тәжік поэзиясы;
- Қайта өрлеу дәуіріндегі түрлі еуропалық мәдениет өкілдерінің латын тіліндегі шығармалары;
- Жапон әдебиетшілерінің қытай тіліндегі мәтіндері.

Бұл дәстүр XX ғасырда орыс-шетел ұлттық әдеби қостілділігімен жалғасын тапты. Бұл қатарға Азия, Африка және Латын Америкасы сияқты

елдердің қазіргі ағылшын, испан әдебиеттерін жатқызуға болады. Жоғарыда аталған қатарда тарихи және мәдени бағытта ағылшын тілі негізіндегі әдеби қостілділік дәстүрі маңызды орын алады.

«Қостілділік» түсінігін әр зерттеуші әртүрлі анықтайды. Кей ғалымдар қостілділікті екі немесе бірнеше тілдерді әртүрлі деңгейде білу десе, ғалымдардың бір тобы екі немесе бірнеше тілді ана тілін білу деңгейінде меңгеруі деп қарастырып жүр. Белгілі ғалым Бақытжан Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте, ана тілі мен екінші бір тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» [3.86] деген тұжырым жасайды. Чех лингвисі К.Гавранек қостілділікті «тілдік қатынастың ерекше жағдайы ретінде» анықтай отырып және осы терминді қолдану тек ұжымдық екітілділікке қатысты екенін нақтылап, кең көлемде түсінік береді [4.111]. В.А.Аврорин қостілділікке төмендегідей анықтама береді: «Шамамен екі тілді және одан да көп тілдерді бірдей еркін меңгеру. Нағыз қостілділік екінші тілді меңгеру деңгейі бірінші тілді меңгеру деңгейіне жеткенде ғана басталады» [5.140].

Қостілділік түсінігі және екі тілді меңгеру деңгейі туралы анықтаманы Е.Ю.Протасова былай деп түсіндіреді: «Қостілділік жеке жағдайда, көптілділік жай мағынада – екі тілде қатар сөйлеу мүмкіндігі, яғни, екі тілдік деңгейінің ана тілін меңгеру деңгейіне жақын болуы, ал ғылыми тұрғыда – күнделікті өмірде екі тілді жүйелі пайдалану. Тілдердің қоғамда толық жетіліп дамуы немесе тең дәрежеде қалыптасуы, сондай-ақ бір-бірімен араласып кетуі, не болмаса, бір-бірімен тәуелсіз жағдайда болуы мүмкін. Тұрақты тілдік жағдайда, қоғамда мәртебесі жоғары беделді тіл және мәртебесі төмен беделсіз тіл қатар өмір сүреді. Оның біріншісі – грамматикасының күрделі болуымен ерекшеленіп, көбінесе ресми жағдайларда және жазбаша жазуларда қолданылады. Ал екіншісі – күнделікті өмірде, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады» [6.15]. Лингвистердің көпшілігі У.Вайнрайхтың ізімен қостілділікті «екі тілді кезек қолдану тәжірибесі» деп таниды [7.263]. М.Михайлов қостілділікті анықтау кезінде құбылыстың қызметтік жағы маңыздырақ деп санайды: «Екі немесе одан да көп түрлі ұлт өкілдерінің ортақ қызметі кезінде екінші тіл арқылы өзара түсінісуге қол жеткізу мүмкіндігінің тәжірибесі – қостілділік мәселесінің негізгі белгісі» дей келе, «қостілділік» пен тілдердің өзара ықпалы ұғымдары айтарлықтай шамада бірін-бірі алмастырады, себебі, әдетте, бірі екіншісін білдіреді» деген тұжырым жасайды [8].

Қостілділік туралы ғалымдардың пікірін сараптай отырып, біз В.А.Авроринің берген анықтамасын негізге аламыз. Себебі, автор тек екі тілді қатар меңгергенде ғана қостілді тұлға ретінде танылa алады.

Қостілділіктің түрлеріне тоқталатын болсақ, Е.М.Верещагин қостілділік типологиясының үш түрін (психологиялық, социолингвистикалық және

лингвистикалық) атап көрсетті[9]. Л.В.Щерба «Екінші тілді үйрену қостілділікке апарып соқтырады, оның таза және аралас түрі болады. Тілдер арасында ешқандай салыстырулар, теңдестіре байқаулар болмаған, қостілділер үшін бір тілден екінші тілге аудару мүмкін болмаған және қалай болғанмен де өте қиын болғанда таза болады» деп жазады [10].Ол қостілділіктің мұндай типінің белгілі бір жағдайларда ғана өте сирек болатынын көрсетеді. Екінші тілді үйрену кезінде «үнемі алғашқы тілге қарайлаудан» туындайтын қостілділікті аралас деп атай отырып, «қостілділіктің қалыпты типі» деп осы аралас қостілділік екендігін ескертеді. Себебі, біз қостілділіктің осы типін жиі кездестіреміз. Мұндай қостілділік кезінде, қостілділердің екінші тілдегі сөйлеуіне алғашқы тілдің ықпалының екіншінің біріншіге әсерінен анағұрлым күшті болатыны сөзсіз. Бірінші тілдің жүйесі қалыптасып болған, қостілді үшін үйреншікті және табиғи, бұл тілде сөйлеу автоматтандырылған. Екінші тіл бірінші тілдің жүйесі арқылы меңгеріледі. Л.В. Щерба аралас қостілділік кезінде «Жаңадан меңгерілетін тіл әрқашанда бірінші тілдің қандай да бір болмасын ықпалына ұшырайды» деп жазады [10].

О. Алтынбекова өз еңбегінде қостілділіктің мынадай түрлерін көрсетеді: қатынастық және қатынастық емес. Қатынастық қостілділік түрлі этникалық және тілдік топтар қызметі және бірлесіп өмір сүру барысында пайда болады. Оған мысал бұрынғы КСРО аумағындағы ұлттық орыс қостілділігі болып табылады. Қостілділіктің тіршілік әрекеті барысында екінші тілді қолданушылармен тікелей қатынаста болмауы қостілділіктің қатынастық емес түрі болып табылады. Қатынастағы тілдердің қолданылу бағытына қарай қостілділік біржақты және екіжақты болып бөлінеді. Біржақты қостілділік: қатынастық тілдерді қолданушылардың кейбірі екінші тілді меңгереді, ал қалғандары екінші тілді меңгере алмайды. Қостілділіктің екіжақтылығы жағдайында қос қатынас тілдерді қолданушылар қостілділер болып табылады. Қостілділіктің бұл түрлері тіларалық байланыстар нәтижесінде пайда болады. Қолданушылар аясының кеңдігіне қарай жеке (белгілі бір ұлттың жеке мүшелерінің екі тілді білуі және пайдалануы), топтық (белгілі бір этникалық және әлеуметтік топ), көпшілік (екі тілді тұрғындардың көпшілігінің білуі және қолдануы) және жалпыға бірдей (барлық тұрғындар) болып бөлінеді[11.115-122]. Р.Хашимов қостілділіктің отбасылық түрін көрсетеді. Өйткені, аралас некелерде қостілділік және мультилингвизмнің түрлі формалары кеңінен қолданылады [12].

Жалпы, қостілділіктің түрлері әр салада жан-жақты зерттеліп, әр түрлі классификация жасалуда. Мысалы: Б.Хасанұлы әлеуметтік-лингвистикалық негізде жасалған классификацияны ұсынады: а) қостілділіктің түрлерін оның белгілі қауыммен сәйкестенуінің бағытына қарай жеке, топтық және бұқаралық қостілділік деп жіктеуге болады; ә) тілдерді игеру тәсіліне қарай табиғи және жасанды түрлерге бөлуге болады; б) тілдерді меңгеру деңгейіне қарай координативтік (таза) және субординативтік қостілділіктің түрлерін сипаттауға болады [3.27].Белгілі ғалым Ф. Вальверду қостілділіктің он түрін айқындайды: 1) инструменталдық-интеграциялық (бұл қостілділік түрлері жеке тұлғаның

психологиялық мотивациясына қарай жіктелінеді); 2) реттелінген (координативтік), реттелінбеген (субординативтік) қостілділік; 3) симметриялық (белсендік)-ассиметриялық (бұл қостілділік түрлері тілдерді білу деңгейіне қарай бөлінеді); 4) органикалық жалпы қостілділік (осы қостілділік түрлері қоғамда тарағанына қарай белгіленеді); 5) ерте жастағы, егде жастағы қостілділік (бұл жағдайда қостілділік түрлері адамның жас мөлшеріне, оның екінші тілді қандай жаста игергеніне қарай өзгешеленеді); 6) әулеттік-әлеуметтік қостілділік (әулеттік қостілділік отбасы деңгейінде кездессе, әлеуметтік қостілділік бүкіл мемлекеттік деңгейде кездеседі); 7) бейтарап-диглоссиялық қостілділік (бұл қостілділік түрлері тілдердің орындалатын функцияларына қарай белгіленеді); 8) ресми және бейресми (ресми қостілділік мемлекетте заңды түрде бекітілуі мүмкін, ал бейресми қостілділік қуғынға ұшырайды, себебі екінші тілді осы мемлекетте қолдануға рұқсат бермейтін жағдай болуы мүмкін); 9) ассимилятивтік, ассимилятивтік емес қостілділік (бұл қостілділік түрлері мемлекеттің тілдік саясатына қарай жіктелінеді, мысалы, мемлекеттік тілдік қостілділік ассимилятивтік қостілділікке жатады, себебі екінші тілді білу арқасында қостілді тұлға көпұлттық социумғаинтеграцияланады); 10) функционалдық-көркем қостілділік (көркем әдебиетте көрініс табады) [15].

А.Серикова қостілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық типологиясын көрсеткенде, келесі түрлерін атайды: 1) координативтік, аралас, субординативтік; 2) жақын туыстағы-алыс туыстағы қостілділік; 3) контактілік-контактілік емес; 4) біржақтылық-екіжақтылық; 5) бұқара территориялық, жеке қостілділік; 6) балансталған-балансталмаған; 7) күнделікті тұрмыстық-ресмижәне өндірістік қостілділік [16.98].

Біз көріп отырғандай, әдебиетте қос тілді бірдей жетік меңгерген адам жоқ (немесе ана тілі аз да болса, шет тілінен басым) деген түсініктер көптеп кездеседі. Бірақ, басында кемшін тұстары болғанымен, кейін қостілді жазушының шет тілін барынша жақсы меңгере алатынын мойындауымыз керек. Көпшілік жаттығу мен шығармашылық ізденістің арқасында жазушы қолданыстағы шет тілін ана тілі деңгейіне дейін жеткізетін мүмкіндігі бар. Ол, тіпті, шетелдің тілдік мәдениетімен шектесіп кетуі ықтимал. Бұл жерде тағы бір ескерер жайт: шет тілді көп қолданудың нәтижесінде ана тілі өз ықпалын жоя бастайды. Дегенмен, қай кезеңде болмасын, адам бойында өмір бақи сақталатын бойда бар тұрақты ана тілдің дәрежесі өзінің әсерін жоймайды.

Қорыта келгенде, әдебиеттегі әр мәтіннің сыртында тіл жүйесін меңгерген қостілділік тұлғасы немесе сөйлеу туындысын (мәтінді) тудыруына және қабылдауына қарай адамның қабілеттері мен мінездемелерінің жиынтығы ретінде түсінілетін автордың тілдік тұлғасы тұрады. Жоғарыда келтірілген тілдік деректерге сүйене отырып, мәтіннің авторға тәуелділігі мәтін авторы – қостілді тұлғаның типімен анықталатындығына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер:

1. Ю.Н.Караулов. Русский язык и языковая личность. М., 1987, 3-б.

2. Е.М.Верещагин.Язык и культура. – М., 1990.
3. Б.Хасанұлы. Тілдік қатынас негіздері. А., 2006, Қаз.мем.қыз.ПИ, 86-б.
4. К.Гавранек. К проблематике смешения языков // Новое в лингвистике. Вып. 6. М., «Прогресс», 1972, 64-111-б.б.
5. В.А.Аврорин. Проблемы изучения функциональной стороны языка. Л., «Наука», 1975, 140-б.
6. Е.Ю.Протасова. Становление и функционирование двуязычия // Материалы по исследованию билингвизма. М., Изд. МГУ, 1999, 3-15-б.б.
7. У.Вайнрах. Языковые контакты. Киев, «Высшая школа», 1979, 263-б.
8. М.Михайлов. Двуязычие: принципы и проблемы. Чебоксары, Чувашиздат, 1969.
9. Е.М.Верещагин. Лингвострановедение и текст. Сб.статей / Ин-трус.яз. им.А.С.Пушкина. М., Русскийязык, 1987.
10. Л.В.Щерба. О понятии смешанных языков // Избранные работы по языкознанию и фонетике. Л., 1958.
11. О.Алтынбекова. Билингвизм типологиясы туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2006, № 6, 115-122-б.б.
12. Р.Хашимов. Таджикско-русское двуязычие. Душанбе, 1986.
13. Э.Сулейменова, Н.Шаймерденова. Словарь социолингвистических терминов, А., «Қазақ университеті», 2001, 36-б.
14. М.Исаев. Актуальные аспекты рассмотрения комплексной проблемы «Язык и культура»// Материалы II Международной научной конференции «Язык и культура». – М., 17-21 сент. 2003.
15. Зорина З.Г. Билингвизм и явления субстрата // Народы содружества независимых государств накануне третьего тысячелетия: реалии и перспективы: Тез.Междунар. науч. Конгр., СПб. 15-17. 05.96. – СПб, 1996. - Т.3.
16. А.Серикова. О социолингвистической типологии двуязычия // Вестник КазНУ. Серия филологическая, № 5. А., 2005, 98-б.

ӨЛЕҢ ТІЛІНІҢ ӨЛШЕМДІК ДЕҢГЕЙІ

Бекқожа Жылқыбекұлы
Астана қ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
bekhoja_astana@mail.ru

Өлең тіліндегі образды ойнақылықтың орасан зор өміршеңдікке ие болып келетіндігі бәрімізге белгілі. Ондай отты тіл тегеуіріні бейнелеп көрсеткен заттар мен құбылыстар оқырмандардың көзіне көріліп, құлағына естіліп, танауына иіскеліп әрі етіне жанасып, тіршілікті тітіркендіріп тұрғандай сезіледі. Мысалы:

Қоғалы көлдің бетінде
Қобыздың қоңыр әуені.

Қоралы қойдың шетінде
Қорылдап жатыр тау елі. [1]

Бұл бір шумақ өленді оқып болғаннан соң-ақ, ой-қиялымыз дереу жанданып, есту түйсігіміз елең ете түседі де, құлағымызға "Қобыздың қоңыр әуені" қойшының қой қораның шетіндегі “қоңыраулы” қорылы естіле бастаумен бірге оның басына ер-тоқым жастар жамбасына құрым киіз төсеп, үстіне ақ тон жамылып ұйықтап жатқан бейғам бейнесі көз алдымызға лезде елестейді. Міне мұның өзінен біз өленгегі суретті бейнелеудің сүйкімді құдіретінің өлең өрнегінде қаншалықты қарымды рөл ойнай алатындығын айқын аңғарамыз.

Өлең тілінің образды болу мәселесі оның басқа ерекшеліктеріне қарағанда жиі сөз болып келе жатқан кексе тақырып. Сондықтан ол жөнінде бұл арада өте жінтіктеп талдап кету міндетіміз емес. Алайда оның өлең тілінде образды сөз-сөйлемдерді қатаң сұрыптау мен түрлі көркемдік тәсілдерді өз орнында лайықты қолдана білумен тікелей қатысты екендігін ерекше ескергеніміз жөн. “Мысалы, асау сөзі де жанды заттардың сынын білдіріп, жәй әуездегі тілде "Асау ат", "Асау тай" деген сияқты тіркесте айтылады. Бірақ осы жәй тіркестердегі "Асау" сөзін көрінген сөзбен жандандырып, құлпыртып қолдануға болады. Қазақтың көркем әдеби тілінің негізін салған данышпан ақын Абай: "Асау терек долданып, буырқанып...", (Терек - өзен аты) "Асау той, тентек жиын...", "Асау жүрек аяғын шалыс басқан..." тәрізді тіркестермен керемет қиюластық жасап, "Толғауы тоқсан қызыл тілдің қиуадан шауып, қисынын тапқан да", әсем метафоралық тіркестер құрған.” [2, 87] Сол сияқты "Шақырған бей уақытта мен бір тауық" (Таңжарық Жолдыұлы), "Жігіттің құшағындай ыстық өмір" (Ақұштан Бақтыгерева), "Таулар жатыр жарылып, көмір құсып " (Қыдырхан Мұқатайұлы), "Доссыз адам айнасыз қыз секілді" (Мұхтар Шаханов), "Жүргіншіні жол сүйреп дедектетті" (Жұмекен Нәжмиденов), "Отырады жағада еріккен жұрт, теңізді қармақпенен іліп алып" (Оңайгүл Тұржан), "Қазанда сары бауырсақ тыпырлаған” (Фариза Оңғарсынова), “Өз кеудеңе қарасаң - төбелес шыққан тойдайсың" (Ұлықбек Есдәулетов), “Шөмеле бұлт үстіне шаншылып қалды орақ Ай” (Аманхан Әлімұлы) қатарлы сөз тіркестері мен сөйлемдердің бәрі де ең ершімді ой ұшқындарымыз бен көңіл-күйіміздің күйініші мен сүйенішін қозғайтын өте әдемі әрі жанды да ойнақы нағыз өленділік тіл болып есептеледі. Бір өленде мұндай бірер әдемі сөз бен сөз тіркестерінің болуы жеткіліксіз. Өлең шумағындағы сөйлемнің тұла бойы төгіліп тұрған ойнақы да образды әрі суретті тұжырым болуы қажет. Бірер сөйлемнің образды да ойнақы болуы бір өленге өң кіргізе қоймайды. Өленнің бүкіл тұлғасын құраған сөйлемдердің бір-бірімен образды түрде біте қайнасып, тығыз байланысты болуы ғана сол өленнің бір тұлғалы және бір тұтас нағыз өлең болуын қамтамасыз етеді. Біздің төрт аяғын тік басқан, төрт мүшесі сау, бір тұлғалы, мінсіз, нағыз өлең деп жүргеніміз де осындай өленderге қаратылған қатаң өлшем екендігін өлең жазып жүрген әрқандай азамат міндетті түрде ұғынуы шарт. Мысал үшін қытай

қазақтарының маңдай алды ақыны Задақан Мыңбаевтың "Ей отыншы" атты өлеңін оқып көрелік:

Ей, отыншы, қыршын талды қимашы,
Жұп торғайды үркітпеші, қумашы!
Жасты қисаң, қуарып жер құшады,
Жұпты қусаң, екі айрылып ұшады.
Үріксе торғай, құлап түссе бір шыбық,
Селк етемін тұла бойым түршігіп.
Неге десең, мен де айрылғам жұбымнан,
Жас үмітім қыршынынан қиылған... [3, 153]

Бұл өлең отыншының "Қыршын талды қиып, жұп торғайды үркіткен" осы бір қыңыр қылығына өтініш етуді негізге ала отырып жазылған өлең болып, одан туындайтын зардаптан неңдей нәтиже шығатындығын өте сенімді ситат-дәйектер арқылы дәлелдей келіп, өлеңдегі "Мен" өзінің өкінішті жастық көктемінің көз жас тамшыларымен өлеңінің соңына көп нүкте қояды. Бажайлап, бақылар болсаңыз, өлеңде қолданылған сөз-сөйлемдердің біреуінің де олпы-солпылығы немесе басы артықтығы байқалмайды. Оның бәрі де өлең тұлғасындағы өз міндеттерін шебер қолдан мұқияттықпен қаланған пысық кесектей керемет келісті сұлулығымен мінсіз орындап тұрғандай болады. Өйткені өлеңдегі әрбір екі тармақтың грамматикалық байланысы ұйқастардың қажеті үшін құрбандыққа шалынудан аулақ болумен бірге өлең өзінің бір тұлғалы логикалық қисынын – бірінші-екінші тармақтарда пікірді ортаға кою, үшінші-алтыншы тармақтарда сол пікірді нанымды сезімдік дәлелдер арқылы дәлелдеу, ал жетінші-сегізінші тармақтарда болса, өлең иесі "Неге десең?" - деген түйінді сұрауды оқырман алдына көлденең тарта отырып, бейнелі де өткір тіл арқылы логикалық қисын негізінде талдау жасалған сол бір нанымды барыстан байыпты қорытынды шығарумен өлеңін аяқтайды. Міне мұның өзінен біз әрқандай бір өлеңнің ұйлыққан ұйқастармен ғана безендіріле салмайтындығын, қайта оның қатаң да тәртіпті бір тұлғаланған, жүйелі лирикалық толғаныс үстіне құрылатындығын айқын аңғара аламыз.

Қорытып келгенде өлең тілінің қисынды жүйесі мен көркем образдың ойнақы бояуы бір-бірімен біте қайнасып келетін бір бүтін тұлға. Әрқандай бір өлеңде белгілі бір ой жүйесі болғанымен образды тіл болмаса, онда ол бояусыз сүрең суретке ұқсап қалады. Ал өлеңде образды тіл ғана болып, оның белгілі бір ой жүйесі болмаса, онда ол өлең бояуын қалай болса солай баттастырып жаға берген өлшемсіз өгей көрініске ұқсаған құнсыз дүниеге айналады. Егер өлеңде ол екеуі ерекше шеберлікпен бір тұлғаланып, араларынан қыл өтпейтіндей қиылысып, қисындасып келетін болса, онда өлеңнің өткірлігі мен жинақылығы тіпті де көрнектілене түседі. Сөйтіп сол секілді өлеңдерді дүниеге келтірген ақынның өзіндік өлең стилі қалыптаса бастайды. Өлең өнерінде өзіндік стил қалыптастырды дегендік - сол ақынның өлең тіліндегі жеке сөздерді сұрыптап, оларды грамматикалық құрылымда өзінше қолданудан тартып, бір өлеңнің тұлғалы тұтастығын қалай дүниеге келтіргендігіне дейінгі ешкімге ұқсамайтын жеке өзіне ғана тән жаңаша образды ой қорытуын

көрсетеді. Мысал үшін Мұхтар Шаханұлының өлеңдерін көз алдыңызға келтіре алсаңыз болды, соның өзі-ақ жеткілікті. Бұл түйін өзіне ғана тән образды ой қорыта алмайтын, не Мұқағалиша, не Жұмекенше өлең жазып, оларға құры еліктеумен күн өткізетін ақынсымақтардың өмір бойы нағыз ақындық биіктікке көтеріле алмайтындығын айқын аңғартады. Өйткені біз жоғарыда сөз етіп өткен логикалы ойлау - екінің бірі егіздің сыңары жетік игермесе, өмір сүруі мұң болатын азаматтық ойлау да, ал бейнелі ойлау болса, ақындарға және басқа да көркемөнершілерге тән жасампаздық ойлау болып табылады. Ақын деген киелі атауды арзан иемденіп алғысы келіп жүрген ақынсымақтардың жасампаздық жалынға ие образды ойлау қисынын меңгермек тұрмақ, әдеттегі қарапайым ой жүлгесін бейнелейтін логикалы ойлауды жетік меңгере алмай тұрып, өрелі өлең өнеріне соқтығуы, күллі әлемге күлкілі, бейшаралық екендігі елге аян. Сондықтан да өлеңдеріндегі бір сөйлемнің логикалық қисынынан немесе оның грамматикалық құрылымынан, қалайда бір кінаратты байқатып жүрген, ұйқасшыл жазғыштарды ақын деуге келмейтіндігін Әлікей Марғұланның: "Қазақ арасында әрбір кісі бақсы бола бермейді, сол сияқты біздегі әрбір адам ақын бола алмайды" [4, 5] деген текті пікіріне жүгіне отырып, кейбір “ақын ағайындар” ғұмыр бойы өлең жазумен айналысса да, бірақ өлең өнерінің сол бір бастауыш немесе орталау мектебінің өзін бітіре алмай өмірден өтеді демекшіміз. Егер біз кең пейілсіп, оларды ақын болып жүрсе жүре берсін ше дейтін болсақ, онда орыстың әйгілі оқымыстысы Чернышевскийдің "Егер бір адам ыстық ықыластан шабыт алмаса, кесек табыс жарата алмайды" [5,10] деген дәйекті пікірін ескермеген боламыз. Міне бұл біздің өлең жазуға жаңадан әуестеніп жүрген жалынды жас буын қаламгерлердің, әсіресе, өлең жазғыштардың терең ойланып- толғануға татитын рухани нарықтық мәселесі.

Қысқасы әрқандай бір адамның сөйлеген сөзіне қарап, оған баға бере алатынымыз сияқты, өлеңдер де өзінің қолданған тілі арқылы, өз өміршеңдігінің құнды немесе құнсыздығын әйгілей алады. Ондағы құндылық - өлең тілінің құрылымдық мінсіздігі мен оның образдылығының бір тұлғалылығын көрсететін болса, ал ондағы құнсыздық - ол екеуінің бір-бірімен сәйкесе алмай, олардың ара жігінің алшақтап кетуін меңзейді. Сондықтан өлеңдегі сөз тіркестері мен сөйлемдерде грамматикалық кінәраттардың болмауымен бірге олардың байланысында да логикалық кемістіктің туындауын болғызбау қажет. Өйткені тілдегі логикасыздық көбінде грамматикалық дімкәстық арқылы жарыққа шығады. Сол себепті өлең тілінің дәлдік жүйесі мына өлшемдерге қатаң бойсынуы шарт.

Бірінші, сөз тіркестері немесе суретті ұғымдар өте айқын әрі түсінікті болу керек.

Екінші, әрбір сөйлемдер немесе тұжырымдар грамматикалық жақтан да, логикалық жақтан да кінаратсыз болмаумен бірге олар суреткерлік тұрғыда образды да ойнақылықты өз үстіне алған болуы шарт.

Үшінші, өлеңнің тұтас тұлғасы көркем образды тіл бояуы ішінде тіршіліктегі бір бүтін тұлғалы тірі организмдер сияқты өзінің мінсіз сұлу сымбатын әлемге әйгілеп тұруы қажет. Сонда ғана өлең нағыз, мінсіз өлең

болып шығады. Сондықтан қытайдың әйгілі жазушысы Лу Шин айтқандай өленді "жазып болғаннан кейін кемінде екі рет оқып шығу тиіс. Қолданса да болатын қолданбаса да болатын сөз-сөйлемдерді әрі бөлектерді ешқандай қынжылмастан алып тастау керек." [6, 179] Сонда ғана талғампаздық дарыны астында өленнің өңі жанданып, оның көңіл-күйдің көзін оятатын ойнақы жақтары жарқырай түседі де, жинақылығы тіпті де көрнектіленіп, адам сезіміне серік бола алатын, көңілге көрік беретін нағыз нар тұлғалы өлендер дүниеге келетін болады.

Әдебиеттер:

1. Рабатов Б. // Алтай аясы. – Алтай, 1998. № 4
2. Қожахмет Ы. Тіл және логика // Тіл және аударма. – Үрімжі, 1983. № 1. – 87
3.. Орта мектеп әдебиет оқулығы. 3-бөлім. – Үрімжі, 1997.
4. Қазақ бақсы-балгерлері. - Алматы: “Ана тілі”, 1993. - 224 б.
5. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. - Алматы: “Жазушы”, 1982. - 468 б.
6. Шығармашылық. – Пекин, 1985

СИНТАКСИСТІК ТІРКЕСТІҢ ЛЕКСИКАЛАНУ ҮРДІСІ

Бекмаганбетова О.К.
Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
Oralsyn90@mail.ru

Қазіргі кезде сөз тіркесі синтаксистің ең бір үлкен саласы болып табылады. Ол туралы бірнеше еңбектер, автореферaттар, монографиялар бар. Сөйтіп сөз тіркесі жан-жақты зерттеу обьектісіне айналып отыр. Дегенмен, сөз тіркестері әсіресе олардың байланысу формалары туралы әлі де болса арнайы қарауды қажет ететін жайттар бар.

Сөз тіркестерінің байланысу формалары оның басқа да обьектілеріне қарағанда ең алғаш зерттеле бастады.

Сөз тіркестерінің байланысу формаларының берілуінде әр түрлі алшақтықты көруге болды. С.Аманжолов, Н.Сауранбаевтар мектеп грамматикасында сөз тіркесін қиысу, меңгеру, қабысу және жанасу деп берсе, ал 1950 жылдардан кейін оған матасуды енгізді. Сөйтіп авторлар сөз тіркесін байланысу формаларына қарай меңгеру, матасу, қиысу, қабысу және жанасу деп беске бөліп береді. Осы пікірді К.Е.Қабиева, Ш.Әуелбаев, Ғ.Әбуханов, Р.Әмір, Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев т.б. қолдайды.

Сөз тіркестерінің байланысу формаларының ішінде, жалпы ғылымда изафеттік қатынас деген терминмен аталатын матасу деген түрі айрықша зерттеуді талап етеді.

Атаулардың жаңа мағыналық сипатын айқындау үшін оларға семалық талдаулар жасаймыз. Сема – мазмұн межесінің ең кішкентай бөлшегі болса, бірнеше сема жиналып, бір семеманы құрайды. Семалық талдау сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кішкентай бөлшегі – семаларды қарастыратын семантикалық зерттеудің айрықша түрі.

Семалық талдауды былайша бөлуге болады:

1. Туынды сөздің құрамындағы алғашқы матаса байланысқан сөз тіркестеріндегі сөздердің мағынасын талдау;
2. Туынды сөз ретінде қалыптасқан атаудың мағынасын талдау;
3. Соңғы компоненттің мағынасын талдау;
4. Ортақ семаны талдау;
5. Жаңа жасалған атау сөздің ерекше мағынасын талдау. Осындай талдаулар арқылы матаса байланысқан сөз тіркестеріарқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық құрылымын дұрыс айқындап, тұжырым жасауға болады.

2002 жылы ғана шыққан Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің тілдерді дамыту департаменті бекітіп шығарған «Терминологиялық жинақ» бойынша жаңа атаулардың сипатын айқындар болсақ, көпшілік сөздер изафет негізінде пайда болғанын аңғарамыз. Матаса байланысқан сөз тіркестері арқылы жасалған туынды сөздерді жинап, топтастырғанда, оларды былайша жүйеледім.

1. Ауызекі лебіз арқылы қалыптасқан атаулар;
2. Жазба тіл негізінде термин болып қалыптасқан атаулар;
3. Жер-су атаулары;
4. Әртүрлі мекеме атаулары;
5. Газет, журнал атаулары.

Матаса байланысқан сөз тіркестерінің түркі тілінде мынадай негізгі сипаты болатыны С.С. Майзель еңбектері арқылы белгілі:

1. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының толық сипатта келуі. Құрылымдық типі – С $М_с$
2. Ілік септігінің жалғауы жалғанбай, тәуелдік жалғауымен келуі. Құрылымдық типі – $С_с$ М
3. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының еш жалғаусыз келуі. Құрылымдық типі – $С_0$ $М_0$.

С.С.Майзель ұсынған бұл ғылыми пікір түркітану ғылымында толық қуатталған, негізінен осы бағытта танылады. Қазақ ғалымдары әуелгі екі сипаттағы изафет түрін матаса байланысқан сөз тіркесіне жатқызып, үшінші изафеттің түрін қабыса байланысқан сөз тіркесі ретінде таниды. Сондықтан да біз изафеттің үшінші түрін қабыса байланысу түрін талдағанда кездестіреміз. Осы жіктеу бойынша матаса байланыскан сөз тіркестері негізінде калыптасқан туынды сөздерді жүйелесек, онда былай деп бөлуге болар еді:

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының толық сипатта келуі арқылы пайда болған туынды сөздер: Құрылымдық типі – С $М_с$

1. Терминдік сипаттағы туынды мағыналы атаулар: *шарттың күші, өнімнің ассортименті, әдебиеттің тәрбиелік мәні т.б.*

2. Мекен атауы: *кітапхананың балалар бөлімшесі т.б.*

3. Атақ-шен атауы: *Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстанның халық жазушысы т.б.*

4. Қызмет атауы: *өрт сөндірудің кезекші қызметі, газ-түтіннен қорғау қызметінің атқарушысы т.б.*

Қазақ тіл білімінде семантиканы терең зерттеген ғалымдардың бірі М.Оразов: «лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі» – деп жазады [9,18]. Яғни, ғалымның ойынша, кез келген сөздің бойында сигнификаттық мағынаның үлесі болады екен. Осы ғылыми тұжырымға сүйене отырып, біз де матаса байланысқан тіркестер негізінде қалыптасып, атау сөз ретінде танылған сөздердің құрамында сигнификаттық мағынаның болатындығын байқаймыз.

Тіл өмірмен өзектес жанды құбылыс. Сондықтан оның сөздік құрамы әрдайым өзгеріп, толысып отырады. Әр дәуір, әр қоғам өзіне қажетті жаңалықтарды туғызса,сол жаңа зат құбылыс, ұғым іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады.

Лексикалану процесі тілдің даму барысында белгілі бір тілдік құбылыстардың (септік жалғаулар, сөз тіркестері т.б.) сөзге (туынды сөзге) ауысып отыруын білдіретін, барлық кезеңдерде үнемі болып отыратын тарихи-жалғаспалы құбылыс.

Жалпы тіл білімінде лексикалану мәселесі көптен зерттеу нысанына айналған. Лексикалану дегеніміз – тілдік элементтің және әртүрлі тілдік элементтер жиынтығының жеке атау сөзге айналуы.

Анықтауыштық қатынасы солғындап, лексикаланып, сөз тіркесі қатарынан шығып, белгілі бір заттың атауына айналып бара жатқан немесе толығынан айналған тіркестер изафеттің қатарына жатпайды. Мұндай тіркестер қазақ тіл білімінде атаулық тіркестер немесе номинативті тіркестер деп аталып жүр. Мысалы:қант қызылшасы, Бәйтен көпір т.б.

Сөз тіркесінің лексикалану жолдары жайында әр түрлі пікірлер бар. Мысалы, Қ.Жұбанов күрделі сөзге айналған сөз тіркестерінің бес түрлі белгісін көрсетсе, татар тіліндегі күрделі арнайы зерттеген Ф.А.Ганиев сөз тіркестерінің лексикалануының төрт белгісін көрсетеді.



1- схема. Сөз тіркесінің лексикалану жолдары

Ғалымдардың топтастыруын басшылыққа ала отырып, лексикаланған сөз тіркесі кемінде екі сөзден жасалып, сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқарып, бір мағынаны білдіріп, бір екпінге бағынатынын қорытындыладық.

Изафеттік құрылыстың нәтижесінде пайда болған жаңа сөздер кейінгі кезде жаңа сөз жасауға қатысты.

Изафеттің екінші түрі лексикалық қорды байытып, номинативтену қасиетімен ерекшеленетіндігін байқадым. Майзельдің, Дмитриевтің пікірлеріне сүйене отырып, изафеттің бұл түрі түркі тілдерінде ерте дәуірден келе жатқан құрылымға жататынын зерттеп, мағынасына қарай талдау жасадық.

1. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың неге арналғанын білдіреді: оқу үйі (оқуға арналған үй), тұқым қоры (тұқымға арналған қор).
2. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың кімнің атында екенін білдіреді: Абай көшесі (Абайдың атындағы көше), Мағжан кітапханасы (мағжан атындағы кітапхана), Абылай хан даңғылы (Абылай хан атындағы даңғыл).
3. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың, яғни кәсіпорынның бағытын айқындайды: кірпіш зауыты (кірпіш шығаратын зауыт), сүт фермасы (сүт өнімін өндіретін кәсіпорын).
4. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың тұрғылықты мекенін анықтайды: ауыл мектебі (ауылдағы мектеп), тау халқы (таулы жердің халқы).
5. Қатар айтылған екі зат есімнің бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардың заттық сапасы ретінде жұмсалады: (әскер тәртібі).
6. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың себеп – салдарын анықтайды: соғыс мүгедегі (шайқаста болған мүгедектік).
7. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың материалын атап анықтайды: мұз айдыны, өсімдік майы.
8. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың мезгілін анықтайды. (жаз айы, күзем уақыты).
9. Бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың ұлттық, рулық сапасы болып жұмсалады: қазақ тілі, орыс әдебиеті.т.б.

Демек, кірпіш зауыты, тау халқы, әскер тәртібі, соғыс мүгедегі, күзем байланысқан сөз тіркесі деп қарастыруға тиісті емеспіз. Бұл келтірілген қолданыстар лексикалану үрдісі арқылы жасалған номинативті атау болады.

Ғалымдардың пікірінше, осы номинативті атау изафеттің II түрі арқылы жасалған. Матаса байланысқан сөз тіркестері негізінде жасалған туынды сөздерді сөзжасамдық аспектіде қарап, олардың барлығы аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы жұмыс барысында сараланды.

Олай болса, біз, сөйлем мүшелерін талдау барысында қателіктерге ұрынбау үшін матаса байланысқан сөз тіркестерін және номинативтік мәнге ие болған сөздерден айыра білуіміз керек. Ол үшін жоғарыда айтылған қағидаларды ұстануға тиіспіз.

Әдебиеттер:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 470 б.
2. Әмір Р., Әмір Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Санат. 1997 - 190 б.
3. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі.- Алматы : Санат, 1997.- 319 б.
4. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негізі (ф.ғ.д. . диссер.). – Алматы: Ғылым, 2002.-312 б.
5. Сәрсембаева М. Матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы негізінде жасалған туынды сөздер семантикасы (ф.ғ.к. ... диссерт.). -Алматы: 2006.-23 б.
6. Гаджиева Н.З. Природа изафета в тюркских языках. Советская тюркология. 1970, № 2, 3.
7. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. -Алматы, 1969.- 344 б.
8. Майзель *С.С.* Изафет в турецком языке. Москва, Издательство Академии Наук СССР. 1957.-С.284.
9. Бөкеев О. Ән салады шағылдар. –Алматы: Жалын, 1978.-280 б.

ДРАМАДАҒЫ КОНФЛИКТ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(қазақ-поляк пьесалары негізінде)

Бөкен Г.С., Шапауов Ә.Қ.
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ.
asya_2309@mail.ru

Драма – әдебиеттің үлкен бір жанры. Ол өзінің қоғамдағы орны мен жазылу формасы арқылы эпостық және лирикалық шығармалардан дараланады. Драма бір жағынан әдебиет туындысы болса, екінші жағынан ол театр өнеріне негіз болады. Драманың басты нысаны – адам, оның қоғамдағы орны, іс-әрекеті, жеке басының қасиеті, ізгілікке ұмтылуы, күресі жатады. Және ондағы

әрекет пен әрекетсіздік – кейіпкердің психологиясы мен дүниетанымын, мінездің ішкі коллизиясын көрсетеді.

Драмалық коллизия шығармада ішкі және сыртқы конфликтпен сабақтасады. Бұл жөнінде философ Г.Гегель:«...собственно драматический процесс есть постоянное движение вперед к конечной катастрофе. Это объясняется тем, что именно коллизия составляет центральный момент целого. Поэтому, с одной стороны, все стремиться к выявлению этого конфликта, а с другой стороны, как раз раздор и противоречие противостоящих умонастроений, целей и деятельности нуждается в разрешении и устремлении к такому своему результату»[1],-дейді. Яғни коллизияны, бір жағынан, тартыстың туу себебін анықтайтын, екінші жағынан, оны қалыптастыратын бүтіннің орталық бөлігі ретінде бағалайды. Сондықтан тартыс – белгілі бір әлеуметтік себептер негізінде, қаһарманның дүниеге көзқарасы мен ішкі рухани әлемінің ортақ қайшылықтарынан туындайтынын пайымдай аламыз. Мұндағы тартыс – кейіпкерлердің өзара диалогынан, іс-әрекеттерін бейнелейтін ремаркалардан, оқиғаның орны мен әрекет ету уақытын көрсететін сипаттамалардан тұрады.

Конфликт тек сыртқы әлемдегі қайшылықтардың образға әсер етуінен ғана емес, сонымен қатар, қаһарманның ішкі жандүниесінде жылдар бойы қоғамдық орта мен саяси жүйеге, т.б. деген наразылығынан пайда болатынын да айта аламыз. Ойымызды зерттеуші П.Павидің көзқарасымен сабақтастыра кетсек: «в конечном счете, конфликт определяется не одной только волей драматурга, но зависит от объективных условий описываемой реальности»[2].Шығармада тартысқа түсуші – әрбір қайшылықты нақты күрес мысалында көрсетіп, оны екі жақты бағалауға мүмкіндік береді. Бірі – объективті түрде қоғамда орын алған әлеуметтік тартыс болса, екіншісі – субъективті негіздегі қаһарман мінезі мен әрекеттерінің коллизиясын құрайды. Бұл қаһарманның жоғары моральдік ұстанымдарға сай өз еркімен ойластырған әрекеттерінен бас тартуына немесе көзсіз күрес жасауына себепші болады. Негізінен, тартыс шығарманың сюжеті мен фабуласында, әрекеттің орны мен уақытында көрініс табады. Тартыс пьесаның кульминациясында шешіледі. Дейтұрғанмен, кейбір парадокс театрының пьесаларында негізгі тартыс шешілмей қалады.

Жалпы тартыстың үш түрі бар екенін білеміз: 1) қаһарман-қаһарман тартысы. Мұнда автор мен оқырман тартысқа түскен екі жақтың бірін таңдап, соған болысады. 2) Қаһарман-оқырман тартысы. Бұл көбінесе, сатиралық комедияларға тән. Бұл жерде, көрермендер сатиралық қаһарманның моральдік тұлғасын, мінез-құлқын, амал-әрекетін сын тезінен өткізіп, кемшіліктерін күлкіге айналдырып, әжуалайды. Сөйтіп, өзіндік наразылықтары мен көзқарастарын білдіріп отырады. 3) қаһарман-қоршаған орта тартысы. Қаһарманның қоршаған ортамен түскен күресінде, автор мен оқырман үшінші ұстанымда болады. Дегенмен, драмалық шығармалардағы тартыс аталған үш түрімен шектелмейді. Сол сияқты тартыс адамның ішкі жандүниесінде тууы әбден мүмкін. Мәселен, сана мен сезім, парыз бен ар-ұят, мораль мен

құмарлық, пайым мен түйсік, жеке тұлға мен көпшілік, тіршілік пен тірлік ету және т.б. Мұнымен қоса, тартыстың түрлері бір эпизодта бірігіп кетуін байқауға болады.Бұл туралы зерттеуші Д.Н.Аль: «Деление драматических конфликтов по виду и построения не носит абсолютного характера. Во многих произведениях можно наблюдать сочетания двух видов посторения конфликтов»[3,43],-деп тұжырымымызды дәлелдей түседі.

Жоғарыда драмадағы тартыстың өзі түрлі қайшылықтардан құралатынын айтқан едік. Олар махаббат, отбасылық, парыз бен сезімдер коллизиялары және т.б. Ендеше, осынау теориялық тұжырымдарымызды XX ғасырдың 60-80 жылдары қазақ және поляк драматургиясына орасан үлес қосқан жазушылардың комедиялары негізінде нақтылай түссек. Мәселен, поляк драматургі С.Мрожектің «Жазғы күн» пьесасында, саналы бар ғұмырында жолы болмай жүрген қаһарманның өзіне деген сенімділігін махаббат сезімі ұялатады. Қаһарман бойындағы үрей-қорқыныш пен нәзік сезім коллизиясы тартысқа түскенде, махаббат жеңіске жетеді. Мұны келесі Жолы болғыш пен Жолы болмағыштың диалогынан аңғарамыз: *Ж.Болғ. Айтпақшы, соңғы рет қашан жүзіп ең?/Ж.Болм.Жүзу? Осыдан жиырма жыл бұрын жүзгем.../Ж.Болғ.Содан бері жүзіп көрдің бе?/Ж.Болм.Жоқ/Ж.Болғ.Яғни сен оның алдында тәуекел етейін деп тұрсың ба? Ешбір дайындықсыз?/Ж.Болм. Мен ештеңемен тәуекел етіп тұрғаным жоқ. Оның бұл жерде болуының өзі маған күш береді. Ол барда менің қолымнан бәрі-бәрі келеді. Бұл бір ғажап күш»*[4]! Бұл шағын эпизодта тартыс екі қаһарман арасында өрбиді. Сондықтан кім жағымды, кім жағымсыз кейіпкер екенін анықтау оқырманның өзіне қалады. Бірі аңқау әрі ақымақ болса, екіншісі қамқор адамның кейпін танытады.*Пьесада:«Ж.Болм.Менің саған бір өтінішім бар?/Ж.Бол.Қандай өтініш?/Ж.Болм.Бір жағдай болса, мені құтқаршы.../Ж.Болғ.Ол жағына қам жеме!/Ж.Болм.Дәл осы кезде өлгім келмейді.Әсіресе, оны кездестірген сәтте... Түсінесің бе?/Ж.Болғ.Ештеңе түсіндірмей-ақ қой! /ЖБолм.Мен өмір сүргім келеді/Ж.Болғ.Себебі,сен ғашықсың.../Ж.Болм. Дәл солай»*[4].Дегенмен, Жолы болғыш оны құтқармайды, өлімге қия салады. Қарап тұрсақ, Жолы болғыш та қарсыласын махаббат жолында құрбан етеді. Сөйтіп махаббат жолындағы тартыс өліммен аяқталады. Бұл коллизиялық үдеріс қазақ қаламгері С.Адамбековтың «Алтын табақтағы жылан» сатиралық комедиясында жалғасын табады.Өзінен жасы біршама үлкен, дөрекі әйелді қаладан әкелгенінде Ақтайлақ пен ата-анасы арасында конфликт орнайды. Пьесада: *«Ақтайлақ. Қатынымды ұрғанша, мені ұр. Қайдағы шайтан, қайдағы жын? Өзімнің сүйіп алған қатыным ғой, беззебараз/Қойбағар.Балшыққа бат, қатыныңмен қоса бат, есектің миын жеген жалғызым! Жалғызым жардан ұшты. О, құдай!/Ақтайлақ. Сендерден безсем де, бұл қатыннан безбеймін»*[5].

Драмалық тартыс қарама-қайшы көзқарастардың, мүдделердің күресі ретінде ашық та көрінеді, сонымен қатар көзге көп байқалмай, қаһарманның жан-дүниесінің терең түкпірінде де өтіп жатады.Сондықтан қаһарман өзін қоршаған ортаға, заңдарға, тіпті отбасында дәстүрге айналған ұстанымдарға қарсы күрес жүргізуі әбден мүмкін. Бұл – отбасыдағы үлкендер жағы мен

жастар жағы ажыратылған позицияға ұласып, жанұялық коллизияның тууына себепші болады. Мұндай конфликті Мрожектің «Тангосынан» кездестіреміз: «*Артур. Эдик анаммен ашына боп жүр. Бұған не дейсіз?/Стомил. Қымбаттым, сенікі шындық делік. Алайда, сексуалдық бостандық – адам бостандығының алғашқы көрсеткіші емес пе?»* [4]. Немесе, «*Аля. Артур, мен Эдикпен әуейі болдым/Артур. Не? Қалай дедің?/Аля. Сен үшін бұл маңызды емес деп ойлаймын. Сен маған тек өз ұстанымыңның дұрыс екенін дәлелдеу үшін үйленбексің ғой/Артур. Мен сені сүйген ем, Аля! Ал сен басқамен төсектес болдың. Не үшін сатқындық жасадың? Не үшін?/Аля. Сүйетініңді ертерек неге айтпағансың*»[4]... Өз әкесінің ездігі мен шеттен тыс бостандыққа жол беруі –анасының оқымаған, ожар Эдикпен ашыналас болуына әкелсе, сүйген қызының жеңілтек мінезі ақ некесін қияюға кедергі жасағанын түсінген Артур терең ішкі күйзеліске ұшырайды. Оның гуманистік ойлары тас-талқан болады. Ол – оның өз отбасына қарсы шығуына әкеп соғады. Конфликт тудырады. Осыған ұқсас эпизод Адамбековте бар. Комедияда: «*Қарақатын (Тайлаққа сыбырлап). Саған берем деген алтын табағы қайда екен? Кеудесінде жаны барында сұрап қал/Ақтайлақ (шешесіне үңіліп).Мама-ау, маған беремін деген алтын табағың қайда?/Қойбағар (шошып). Алтын табақ! Саған алтын табақ керек пе? Шешеңнің өлігінен аттап барып, алтын табақ алмақсың/Қарақатын(Сәруарға дәрі беріп). Балаңа алтын табақты берсең, алып қаламын жаныңды. Міні – дәрі, алтын табақ – кәні»*[5]? Мұндағы «әке» мен «бала», «қайны ата» мен «келіннің» отбасылық тартысы – материалдық затқа таласу негізінде өрбиді. Автор адамгершілік, сыйластық, үлкенге құрмет ету сияқты ізгі қасиеттері тәрк етіп, әшкерелейді.

Бұл Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындағы» Марфуға мен Сұңғат арасындағы конфликтіден көрінеді: *«Марфуға...Сен әуелі сондай постыларды занимать ет, потом можешь задирать нос/Сұңғат. Маған дәреженің керегі жоқ. Адал арыммен өз мамандығымда еңбек етсем болды/Марфуға. Ах, так. Теперь все. Женой учителя-колхозника я не буду! /Сұңғат.Солай де! /Марфуға. Подумаешь, учитель, алатының алты жүз сом, менің бір платьемнің бағасы»*[6]. Эпизодтағы ерлі-зайыпты жандардың арасындағы конфликт лауазым мен ақша мәселесінен туындайды. Бұл олардың психологиялық көңіл-күйі мен құндылықтарды бағалау ұстанымдарына байланысты болып келеді. Мұнымен қоса, драмадағы тартыс шектен тыс қамқорлықтан да өрбуі мүмкін. Мрожектің «Бойня» пьесасында анасының ұлына деген қамқорлығы фанатизмге айналып, «ана» мен «ұлы» арасындағы тартысқа ұласады. Шығармада: *«Анасы.Менен артық сенің өнеріңді бағалап, тыңдайтын кім бар дейсің? Қоғам тым қатыгез. Сенің өнеріңді дәл мендей ешкім бағалай алмайды. Басқалар сені күндеп, дарыныңды жоққа шығарып, қорлайды/Скрипкашы. Мейлі... Түкіргенім бар! Мен үшін атақ пен даңқ керек! Қалғаны бос далбаса.../Анасы. Сенің дарының жоқ. Сен одан мақұрымсың»/Скрипкашы. Жоқ! Мен гениймін! Гений!*[7]. Мұнда жалғыз басты ананың қасіреті жатыр. Жалғыздықтан үрейленген анасы, ұлының ер жеткенін мойындамайды. Оған балаша қамқорлық жасайды. Өнерін өзі көріп, өзі

бағалауды жөн көреді. Бұған ұлы наразылық білдіреді. Сондықтан ана мен бала арасында түсініспеушілік пайда болып, ол өз алдына тартысқа ұласқан. Драмадағы махаббат пен отбасылық коллизиясына ұқсас, парыз бен сезім тартысы мәселесі бар. Ол қаһарманның психологиясына байланысты болып келеді. Мұны С.Мрожек пен С.Жүнісов драмаларынан кездестіреміз. Мрожек «Полициясында»: «*/Полиция басшысы. Сіз біздің енді ешкімді ешқашан тұтқындай алмайтынымызды түсінесіз ғой, иә?/Сержант.Әлбетте! Мен не істеуім керек, мырза?/Полиция басшысы. Әдеттегідей үкіметке қарсы анти ұрандар тастайсыз! Бірақ, бұл жолы сізді тұтқындаймыз/Сержант. Мені?/Полиция басшысы.Сөзіме сеніңіз, бұл ең жауапты іс.Қаламызда полиция бөлімшесінің қалуы не қалмауы – тек Сіздің арқаңызда. Бұл абыройлы іс. Екінің бірінің қолынан келе бермейді.Тек Сіз сияқты таңдаулы қызметкердің қолынан келеді.Сіз өтеуші-сержант болуыңыз керек! Сіз мега суперполиция қызметкерісіз* [7],-деп, қызмет бабына тым адал, жауапкершілігі мол, қарапайым сержантты өтеуші-тұтқынға айналдырады. Ал өзі императивті нормаларды ұстанып қана қоймай, мақтау мен жоғары шен алуды үміт етеді. Осыған ұқсас, сюжет С.Жүнісовтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад» сатиралық комедиясында көрінеді. Орынбасардың Хайдаровқа мыйтрезвительді маскүнемдерге толтыр деген тапсырмасы мен «Полициядағы» басшысының қызметкерін тұтқынға айналдыруы үндес. Пьесада: */Орынбасар...Биыл үш жүз, ендігі жылы екі жүз. Бара-бара мүлдем түспесе, вытрезвитель жабылады. Осы жұмысыңның жақсарғаны?/Хайдаров. Ең, бұдан артық не жақсылық керек? Дүниеде мастар болмаса, адамдардың рухани мәдениетінің жетілгені, эстетикалық түсінігі байып, санасының өскендігі, осыған қолымыз жетсе, вытрезвительдің тәрбиелік маңызының артқаны»*[8],-делінеді.Алайда Орынбасар тағы да қарсы уәж айтып, қалай да масхананың жабылмауын міндеттейді: «*Егер дұрыс жұмыс атқара алмайды екенсіңдер, іш, түс! Вытрезвительді қаңыратпай өздерің жат»*[8]! Байқағанымыздай, қоғамдық ортада, саясатта, отбасыда, адамның психологиялық көңіл-күйіндегі коллизиялар драмада конфликт түрінде шынайы көрініс табады.

Әдебиеттер:

1. Гегель Г.В.Ф.Эстетика//Собрание сочинений: в 4т. Москва: Искусство, 1971.Т.3. – 548 с.
2. Пави П.Словарь театра. – Москва: Прогресс, 1991. – 504 с.
3. Аль Д.Н. Основы драматургии. – Санкт-Петербург,2005. – 43с.
4. Мрожек С. Тестариум: Избранные пьесы и проза. Москва: Арт-Флекс; Вахазар, 2001.832 с
5. Адамбеков С. Қожанасыр қақпасы. – Алматы: Жазушы, 1989. –255
6. Мұхамеджанов Қ.Таңдамалы: Пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 544 б

7. Мрожек С. Хочу быть лошадью (Сатирические рассказы и пьесы). – Москва: Молодая гвардия, 1990, С.310
8. Жүнісов С.Өліара: Пьесалар мен мақалалар. – Алматы: Өнер, 1985. – 376 б.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Букаева А.А.
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.
anar-bukaeva@mail.ru

Қазіргі таңда білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер мен ынталы бастамаларды кеңінен пайдалана отырып сабақты түрлендіріп, сапалы әрі қызықты өткізуге болады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытумен айналысатын оқытушылар инновациялық әдіс-тәсілдердің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі керек. Сондықтан оқытушы қазіргі заман талабына сай біліктілігін көтеріп, шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастырып, қазіргі ақпараттық технологияларды кеңінен меңгеруі қажет.

Қазіргі білім беру теориясы мен әдістемесінде кеңінен қолданылып жүрген «Инновация» ұғымына тоқталатын болсақ, көптеген ғалымдар оған әртүрлі анықтама берген. Мысалы, Э. Роджерс: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея»-деп түсіндірсе, Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз” дейді.[1]

Ендеше, «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде “жаңа”, “жаңалық енгізу” деп көрсетілсе, ал кейбіреулер оны “өзгеріс ” деген терминмен анықтайды. Инновация латыншадан аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді. Ал, С. Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация - бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес, енгізілген жаңалық дегенді білдіреді.Америка ғалымдары Биль және Болен педагогикалық инновацияны “құрамының материалдық өзгіруіне ғана емес, сол материалды қолданудағы көзқарастардың кешенді өзгеруін білдіретін үлкен өзгеріс”-деп түсіндіреді.[1]

Біздің елімізде «инновация» ұғымын пайдалану соңғы жылдар еншісінде. Ең алғаш “инновация” ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс” деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деп көрсетеді.[3] Ал Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының әдіскері Қ.

Құдайбергенова инновация ұғымының негізін құраушы “инновация”, “нововведение”, “новшество”, “новое” сөздерін қазақшаға аударып, “инновация - жаңарту”, “нововедение” – енген жаңалық, “новое” – жаңа, “новшество – жаңалық”, “инновациялық процесс” – жаңарту үрдісі- деп, “Инновация - нақты қойылған мақсатқа сай салынған жаңа нәтиже” деп көрсетеді.

Инновация сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданылып жүрген термин. Инновацияны оқыту әдістемесі тұрғысынан қарастырсақ, оның төмендегідей ерекшеліктерін байқауға болады:

- Тіл үйренушінің белсенділік іс-әрекетін дамыту;
- оқыту мен үйренудің өзара үйлесімділігін қалыптастыру;
- тіл үйренушінің дербес қабілетін дамытуға тікелей көмек беру;
- тіл үйренушінің танымдық үрдіске белсенді қатысуын анықтау мүмкіндігі;
- көрнекілік құралдарын көбірек пайдалану арқылы сезіміне қабылдау эмоциясына әсер ету.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, студенттің өзі ізденіп, ғылыми негіздерді өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне студенттің іс-әрекетін бақылау жатады.

Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді:[2]

- изгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде “бала-субъект”, “бала-объект” тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекеттің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады:
- ақпараттық бағдарламар арқылы оқыту - оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұймдастыру;
- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
- адамның іс-әрекеті тұрғысынан техника жаңалықтарын енгізу;
- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда “адам-қоғам-табиғат” үйлесімдік бағыттағы дүние танымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады:
- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады:
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игеру үшін ізгілік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін арттырады;

- дамыта оқу технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде сабақты “оқушы-субъект-мұғалім-объект” тұрғысынан қарастырып, оқушыны ұдайы шығармашылық ізденіске бағыттайды.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогика – психология ғылымдарының жетістігін практикаға енгізу болып табылады.[5] Педагогикалық қызметте инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану - қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады:

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуда.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсуде.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолдануға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасалуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда. Демек, әрбір жаңашыл педагог оқу үрдісінде түрлі инновациялық және интерактивтік әдістемесін пайдалана білсе, сабақ сапасының жақсара түсетіні сөзсіз.

Ғылымға мықтап енген “педагогикалық технология” ұғымына әр түрлі түсініктемелер берілген (В.П. Беспалько, В.М. Шепель, И.В. Волков, М.Чошанов, М.В. Кларин, Г.К. Селевко және т.б.). Дегенмен, барлық анықтамалардың ортақ басты негізі бар, бұл, біздің ойымызша, келесі түсіндірмеден айқын көрінеді.

“Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды”

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктері шоғырландыру (УДЕ) технологиясы Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту

технологиясы, Ш.А. Амонашвилидің ізгілікті - тұлғалық технологиясы, В.Ф. Шаталовтың оқу материалдырының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М. Чашановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И. Третьяковтың, К. Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.М. Монаховтың, В.П. Беспальконың және басқа да көптеген ғылымдардың технологиялары кеңінен танымал. [4]

Біздің елімізде осы мақсаттарды іске асыру үшін көптеген ғалымдар ұзақ уақыт талмай еңбек етуде. Бүгінгі таңда Ш. Қаланованың, Ж. Караевтың , Ш. Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С. Лактионованың, М.Жанпейісованың, Қ. Нағымжанова мен Ә. Жүнісбек, С. Көшімбетованың т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Ойымызды қорыта келе, осындай жаңа технологиялар негізінен жеке тұлғамен жұмыс істеуге бағытталғандықтан оның мақматы жеке тұлғаны дамыту, оның мәдени, рухани ізгіліктерін көтеру болмақ. Осындай технологияларды пайдаланудың арқасында білім алған маман нарықтық заманда өз халқына дұрыс қызмет ете алатын, ақпараттық қоғамда еркін тіл табысып кете алатын маман болып шығуы сөзсіз дегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Е.С. Полат. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М:Academia, 2000, 171 б.
2. К.Бұзаубақова. «Педагогикалық жаңа технологиялар зертханасы» Қазақстан мектебі №12 2004ж.
3. Қ.Қадашева Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2005ж.
4. Н.Ж. Құрманова Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.Астана, 2008ж.
5. Н.Ж.Құрманова Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. Астана, 2007ж.

АҚЫНДЫҚТЫҢ ТОҒЫСҚАН АРНАЛАРЫ

Дуйсебекова А.Е.
Ы.Алтынсаин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,
Арқалық қ.
aisaule_duisebekova@mail.ru

Жиырмасыншы ғасырда жүз жасаған замана жырауы Жамбыл– өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды тоғыстырған ұлы жырау.Атамыздың жарық дүниеге келуінің өзі де бір қызық оқиға. Ұлы атасы Ыстыбайдың боранды күні көш үстінде дүниеге келіп, тоқтышақ терісіне оралып алынған немересіне Жамбыл тауының етегінде тұрып:

- Боранды күні туған бала бақытты болады деуші еді. Жаратқан иесі бақытты қыла көрсін, жасы ұзақ болсын! Аты Жамбыл болсын! – деп берген батасы қабыл болған екен. Өйткені, дана ақын артына өлмес мұра мен өшпес ізін қалдырып, бақытты ғұмыр кешті деп білеміз.

Жыр алыбы Жамбыл бұл бақытқа жету үшін де талай қиырлы жерлерден басып өтті. Сол жолдарда кездескен алғашқы ұстазы – XIX ғасырда өмір сүрген, Жетісу ақындарының ішінде шоқтығы биік сөз шебері – Сүйінбай Аронұлы еді. Сүйінбай он төрт-он бес жасынан бастап ақындық өнерді машық еткен, суырып салма «от тілді, орақ ауызды» айтыс ақыны болған. Мәселен, Сүйінбай кезінде қарсы келгеннің басын қылышпен қиған, ұры ұстап, қол тонаған Тезек төренің қаһарынан жасқанбай:

«...Хан емессің, қиықсың.
Қалың елді айдап жеп,
Теріне зорға сиыпсың.
Ұры- қары зұлымның,
Бәрін өзіңе жиыпсың.
Жанға жауап бермейтін,
Дүлей, мылқау сияқты,
Дүниені жұтса тоймайтын,
Түпсіз жатқан ұйықсың!.»-

деп,кесапат-қиястығын, жауыздығын түбіне жеткізе әшкерелейді. Ел басқарып отырған төреміздің өзі ұры-қарыны қолдап, арамнан ет жесе, ел қалай оңар дегенді айтады.

Өткір тілді, өр мінезді Сүйінбай ақын өз өлеңдерінде хан мен биге қарсы тұрып, олардың жауыздығын, парақорлығын, озбырлығын әшкерелеуі – оның шыншыл ақын екендігін көрсетсе, екіншіден, келер ұрпақты үстем таптың озбырлығынан жирендіре отырып, адалдық пен әділдікке тәрбиелеуді көздегенін байқаймыз.

Сүйінбайдың бір топ өлеңдері адам мінезін тәрбиелеуге арналған. Онда жақсы мен жаман деген кім, жақсы адамның қасиеттері қандай болуы керек дегендер сөз болады. Ақын жаман адамдарды:

Жаманның көкірегі – көр,көзі соқыр,
Жүрер жолдан тал түсте адасып- ай.
Жамандар – өтірікші,өсегі көп,
Ел- жұрттың іріткі салар арасына- ай,-

деп топшыласа, халық қадірлейтін жақсыларды:

Жақсы жігіт ел-жұрттың қаласындай.
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма, өрік ағашындай,-

деп дәріптейді.

«Болат пышақ қап түбінде жатпас» демекші, Сүйінбай ақынның осы секілді ойлы да мағыналы өлең-жырларын ел аузынан естіп, қанық болған Жамбыл ақынмен жүздесуді өзінің асыл арманындай көрген. Сөйтіп Жамбыл

Алатау атырабына атағы әйгілі Сүйінбай ақынға жолығып, одан бата алуға мүмкіндік туады. Ол нағашысы Қанадан берген қара қобызын қолына алып, бір күні кешқұрым жайлаудағы Сүйінбай үйінің тұсына барады.

Өлеңім келді жол шегіп,
Осынау елге алыстан.
Түн болды, үйге ендейтін
Табылмай тұр таныс жан...-

деп, термелей жөнелген Жамбыл өзінің жаңа талап жыршы екенін, ел кезіп жарапазан айтып жүргендігін айта келіп:

Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса...-

деп Сүйінбайдың өз сөзін қайталайды.

Кеше ғана ел арасындағы дау- дамайдан шаршап оралған Сүйінбай өлеңдетіп тұрған кім екен деп ойлап:

-Ақын болсаң, үйге кір,жасқанба! – дейді. Жамбыл табалдырықтан кіре жыр тарланына сәлем береді. Қолында қобызы, бұтында тері шалбары бар мұндай жалаң аяқ ақынды Сүйінбай ешбір ауылдан кездестірмеген екен, ол жөн сұрайды:

- Қай туған баласың?

- Шапырашты Жабай баласы Жамбылмын.

- Е-е-е, - деп, Шапыраштыда бір жыршы бала бар деуші еді,сол екенсіңғой. Жақынырақ отыр. Ұстаз бен шәкірт ең алғаш осылай танысып,сөз кезегін жырға береді. Бала ақын өзі аңсап келген ұстазы алдында, әуелі, жасқана, имене отырып, қыза келе бар өнерін төгеді. Бала шәкірттің аяқ алысына риза болған қарт жыршы:

-Осы шабысыңнан тайма, өлең жырды дауылдата бер! Бірақ, байқа балам, ақындық жол – қиын жол. Оның ыстық-суығына төзген, ол өнерді жан- тәнімен сүйген, халық намысын жыртқан азамат қана ақын бола алады. Домбыра – садақ, өлең – сол сабақтың оғы, оны шебер пайдалана біл. Ең бастысы – шыншыл, әділ бол, халықтың ойындағысын таба сөйле, дұшпаныңа батыл, досыңа асыл бол!- деп бата берген екен.Содан былай қарай әділдікті жақтап, жауыздықты түбіне жеткізе айтуды Сүйінбайдан үйренген Жамбыл:

«Менің пірім- Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырдың суы сияқты,
Маған тартқан сыйындай»,-

деп, өзіне рухани күш-қуат ала отырып, өлең-жырды қардай боратқан.

Жамбылдың алғашқы ақындық ортасы бір ғана Сүйінбай болып қоймаған, ол жас кезінен-ақ Алатау, Қаратау атырабындағы көптеген ақындармен кездескен, олармен тұздас-дәмдес болған.

Кейінірек Қаратал, Ешкіөлмес, Алтынемел жағын аралап жүріп, Бақтыбай ақынға жолығады. Сонда Жамбыл:

Қаздай қалқып ерінбей өлең тердім жасымнан,
Майкөт ақын, Құлманбет орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ – пірім еді бас ұрған, -

деп сөз бастайды. Бұдан ақынның оңтүстікте жүріп Майкөт, Құлыншақ, Майлықожа тәрізді ірі ақындармен кездесіп, оларды өзіне ұстаз тұтқанын аңғарамыз.

Ақынның ақындығын танытатын айтыс өнері ғой, Жамбыл жас шағында және есейген кездерінде талай ақындармен айтысқаны баршамызға мәлім. Алайда 35 жасында атақты Құлманбетпен сөз сайысына түсіп, өзінің айтыскерлік даңқын аспанға бір көтергендігін айтып өтудің айыбы болмас. Бұл айтыс Іле өзені бойындағы Топар деген ауылда өтіпті. Сол тойда Құлманбет тоғыз ақынды бірден жеңіп, Жамбылды айтысқа шақырады. Ол:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды.
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болсаң қайда отыр, ол неменесі,
Көрелік оны неге ардақтайды?

Деп, кезінде Түбек, Жанақ, Сүйінбай, Бақтыбаймен талай рет айтысып «Құлан аяң Құлманбет»атанған қарт жырау алғашында Жамбылды менсінбей «Болғанда мен ақ сұңқар, сен бір тауық» деп серпіле сөйлеп, өз руының бай мен бектерін дәріптей берген екен. Сонда Жамбыл елді сорған арам тамақ сасық байларыңды мақтағаннан не пайда, оданда ел қорғаған батырларың бар ма, соны айт деп, өз елінің Сұраншы, Саурық батырларын, олардың жорықтарын толғай жөнеліпті. Ақынның осылайша батырлықты, адалдықты, адамдықты дәріптеген жырларын естігенде Құлманбет мүдіріп қала беріпті. Оның ертеректе Арқада болған барымта, дауға қатысып бұл елге қашып келгенін бетіне басып, бізден аулақ жүр кесір-кесапатың жұғады деген Жамбылдың:

А, Құлманбет, Құлманбет!
Ағып жатқан сумен кет
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Оғанда кесірің тиеді...
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,
Қараңғы тұман түнмен кет!
Түнде қайтып келеді,
Асқар ала таумен кет!
Тауда халық мекендер,
Кесірің жұғар Құлманбет!
Қу бәлекет арман кет!

Дегендей кестелі термелерін төгеді.Бұл ауыздан ауызға тарап кеткен екен. Осыдан бастап Жамбыл ірі ақындар санатына қосылып, ақындық даңқы елге

жайыла береді. Кейін Сарыбас, Доспанбет, Бөлтірік, Шашубай сияқты атақты ақындармен де айтысып, оларды да жеңген.

Осылайша,аты елге мәлім болған дана жыршының да өз соңынан ерген шәкірттері де болған. Соның бірі – Кенен ақын. Жас күнінде қой соңында аспандағы бозторғайға ән қосып жүрген жалбағай жалаң аяқ қойшы бала сол өңірде Жамбыл дейтін жыршының бар екенін ең әуелі әкесінен естіген.

«Жас кезімде естуші ем,
Өз әкемнен Жамбылды.
Өлең сөзге даңғылды...» -

деген өлең жолдары бұл сөзіміздің дәлелі іспетті. Жас Кенен де осы ақынды бір көрсем деп армандайды. Оның сәті былай түседі: сол бір жылдары Қырғыз елінің Манабы Шабданға ас беріліп, ұлан асыр той болыпты. Осы тойда екі ақын алғаш рет кездеседі. Бұл кезде Кенен далада қой бағып жүретін бала болатын. Алғаш көптің алдына шығып сөз бастағанда қысылыңқырап барып, былайша желдіртіп кеткен екен:

Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көл, Қопа, Қордай деген жерден келдім.
Жас бала жаңа талап, өзім жетім,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім,-

деп жыр бастаған бала Кенен сол тойға Алатауды жағалап жеткен Жамбылдың жыршылық сипатын кейіннен былайша сипаттайды.

Кісі екен алпыс жасты алқымдаған,
Салдықтың самалымен салқындаған.
Домбыра ап, төңірекке қарағанда,
От болып екі көзі жарқылдаған.
Термелеп домбыраны сабағанда,
Шіркіннің екі иығы бүлкілдеген.
Бір жырды ақ боз үйде төгіп салды,
Ағайын қазақ, қырғыз жұртым деген...

Кенен Жамбылмен жүзбе-жүз кездесіп сәлемдеседі. Сонда Жамбыл:

Кенен, Кенен деп жүрғой елдің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі,
Сәлем берсең, қарағым, сәлемат бол,-

дей келіп, жас талапкердің сәлемін қабыл алып, «Ақын болсаң, шыншыл бол, халықтық жырын жырла, жарды паналап бұғып жататын жапалақ болма, әділ сөйле, жұрт алдында қырандай биікке, самға!»-деп батасын береді

Шәкірт бала ұстазын осы айтқан өсиетін мүлтіксіз орындап, бүгінде бүкіл елге белгілі ірі тұлғалы ақын-жыршы, әрі әнші, халық композиторы атанды. Кенен Әзірбаевтың өлең-жырлары мен айтыс өнерін бір сөзбен топтап айтсақ жүзден астам ән мен текстік 200-дей лирикалық арнау толғаулар, ондаған дастан, жиырмаға тарта айтыс, барлығы 90 баспа табақтай жыр қазынасы бар екен. Шежіреші қарттың айтатын аңыз әңгімеге, естелік, шешендік және мақал-мәтел, нақыл сөздері қоры – өз алдына бір төбе. Демек, мұның бәрі – «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген ұлы сөздің айғағындай. Өйткені, жоғарыда

әңгімелеп өткен Сүйінбай мен Жамбыл, Жамбыл мен Кенен – бірінің арманын екіншісі жалғастырған ұлы тұлғалар.

Ақындардың бабасы – Қабан ақын болса, Сүйінбай одан тәлім алып, сол ақындық өнер Жамбылға, одан Кененге, Кененнен кейінгі өскелең ұрпаққа мәңгілік мирас болып қалғандығын айту қажет.

Сөйтіп, Мұхтар Әуезовтің айтуынша: «XIX ғасырдағы Жетісу ақындарының алтын діңгегі» атанған Сүйінбай мен «XIX ғасырдың Гомері» атанған жыр алыбы Жамбылдың, «Кенекең – өлең-жырдың кені екен» деп барша қауымнан алғыс алған Кененнің ақындық жолдары бір арнада тоғысқан. Осындай дана да дара ақындардың әділде шыншыл, сырлы да сыншыл өлең-жырлары мен дастандары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өз бағасын ала беретіндігін ақиқат деп танимыз

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А,1991.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Жинақ 2-кітап, II том. А.,1967.
3. Қаратаев М., Алтайский К. Жиделі Байсын- жер жұмағы. А.,1977.
4. Төреқұлов Н. Жамбыл мен Кенен. А.,1978.
5. Сүйіншіалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2000.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ МӘҢГІЛІК ІЗІ

Есмағұлов А.Ы.
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ.

Еркіндік сүйгіш ержүрек қазақ халқының мыңдаған жылдарғы тарихын зерделеп жазған, өзі де Ұлы Отан соғысы деп аталған алапатта «оқ пен оттың астында» болған майдангер ұрпақтың өкілі, кешегі еліміздің егемендік алуы қарсаңында кеңестік құрсаң заманға көптен бергі қордаланған ашу-ызаны батыл түрде қарсы айта алған қайсар жастарды қорғап Колбинге айтқан әйгілі сөзімен көпке танылған айтулы ақын Жұбан Молдағалиев «Мен – қазақпын» поэмасының әр тараушасының бастауында тұрған:

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген, - [1,103]

деген халқымыздың қиын да қастерлі өмірлік жолында мойымай, ілгергісіне үмітпен қараған, сәл қуанышына марқайған қазақтың қылығын қызықтап «Біз, қазақтар, қызықпыз», -десе [1.99] өз халқының барша мінезін айқын сезінген

ақын ойларында терең шындық бар. Азаттық үшін айқасқан мыңдаған жылдардың ең ауыр азабы 300 жылға созылған орыс отаршылдығы болатын. Соның ең қасіретті жылдары XIX ғасырдың II жартысы еді. Патша үкіметінің қазақтарды басқарудағы «низам» реформасын (1822) қатайтқан «жаңа низам» атанған 1868 жылғы реформасы болатын. Осы жылдардағы халық тағдырын өз шығармаларына өзек еткен ақындарды заманымыздың ұлы жазушысы, ақыл-ой кеніші атанған Мұхтар Әуезов «зар заман ақындары» атандырған-ды. Олар шын мәнінде халық мұңын, халық зарын жырлады, отаршылдықтың ең бір шарықтау шегінің шындығын көпке жайды. Сол заман жыршысы Мұрат Мөңкеұлы:

Еділді келіп алғаны,
Етекке қолды салғаны,
Жайықты келіп алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды келіп алғаны,
Ойындағысы болғаны,

- деп толғаған болатын. Осы кезде заман шындығын анық таныған, қиындықтан оңайлықпен құтылу мүмкін емес екендігін сезген қазақтың маңдайына біткен жарқын жұлдыздары, ақыл-ойдың үш бәйтерегі Шоқан, Ыбырай, Абайлар бұл азаптан отар ел бола отырып, отарлаушы елдің жақсысымен жанасып, жаманымен жауығып, үстем елдің өнер-білімімен толысып, одан әрі ілгерілеп, ақырында одан басым түсуді дұрыс жол деп тапты. Үшеуі де осы кезеңде қалыптасып, осы кезеңде толысқан, замана өрісін аңдай алғандықтан болашаққа сенімді болатын. Үшеуі де осы жолда бірін-бірі танып-біліп, бірін-бірі толықтырып отырды. Мұны қазіргі заманымыздың, кешегі кеңес заманының, осы үшеуінің ізін жалғастырып, елді азаттыққа бастай білген алашшыл, ұлт жанашырлары, алғыр ойлы азаматтар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбергенов, ұлтжанды ақын – жазушылар Жүсіпбек, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер айқын түсінді де үш ағартушының жолын жалғастырушылар болды.

Бүгінде тарих қойнауынан жаңадан ашылып жатқан деректерге сүйенсек, алаш басшыларының барлығы дерлік Ыбырай ашқан оқу жүйесінде оқып, содан нәр алғандар. Он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың басындағы барша зиялы қауым Ыбырай ашқан білім жүйесінен өсіп шыққандар, сол жүйемен жұртты оқытып, ел өркениетін биіктеткендер.

Тарих ғылымдарының докторы, ұлтжанды азамат, 20-ғасырдың 50-жылдарындағы дүрбелең кезінде 58-баптың құрбаны болған Бегежан Сүлейменов Шоқан мен Ыбырайдың, бір-біріне жақын болуына, бір-біріне жақсы танығандығына, бір-бірімен ортақ таныстары, Шоқанның жақын досы, татар оқымыстысы Құсайын Фаизханов арқылы бетпе-бет кездескеніне тоқталады:

«Санкт-Петербург университетінің оқытушысы, татар оқымыстысы Құсайын Фаизхановтың Н.И.Ильминскийге жазған екі хаты бізге белгілі. Алғашқысында, қазанның 4-де жазған хатында ол, сол жылы Орынборда болған

кезінде Орынбор Шекаралық комиссиясының аға тілмашы Ыбырай Алтынсаринмен танысқанын айта келіп, Ильминскийден Алтынсаринге жазған хатын табыстауын өтінеді. Н.И. Ильминскийге жазған келесі хатында (1862, қаңтар) Қ. Фаизханов өзінің қазақ досы Ыбырай Алтынсарин жайында аса жақсы лебіз білдіреді.

Ы. Алтынсарин мен Фаизхановтың танысуы Уәлихановтың Петербургте болған кезеңімен тұспа-тұс келеді екен. Ол осы Ильминскийге жазған екінші хатында Петербургте Ш. Уәлихановпен болған кездесуі жайында жазады. Уәлиханов туралы жылы лебіз білдіре отырып Қазан гимназиясындағы оқитын оның кіші інісіне қамқор болуын өтінеді. Бұл деректерден Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин бір-бірін сөзсіз білді деген қорытынды жасайды» [2.12 б].

Одан әрі ғалым Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың таныстығына шүбә келтіруге болмайтындығын нақты дәлелдермен толықтырады да олардың творчестволық толығу, толысу кезеңдерінің хронологиялық жағынан тұспа-тұс келетіндігін сөз етеді.

Бұл олардың екеуінің де қазақ жерінің барша түкпіріне мәлім болған шағы еді. Ы. Алтынсарин болса Торғай облысы мектептерінің инспекторы сынды аса лауазымды қызметте болған исі қазақтан шыққан тұлға болатын, ал оның «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы құралы» тәрізді кітаптары бүкіл қазақ жеріндегі орыс-қазақ мектептеріндегі оқу құралына айналған болатын. Ал ондай мектептер Семейде және Қарқаралыда да болатын. (Осы Қарқарылағы мектепте Ахмет Байтұрсынов сабақ берген еді.) Олардың екеуінде де Абай ауылының, оның төңірегіндегі ауылдардың балалары оқыды, Абайдың өз немерелері мен інілері Кәкітай мен Әзімбай балалары да оқыған. Мұхтар Әуезов «Абай жолының» үшінші кітабында өзі әкеліп Семей мектептерінде оқытып жатқан Иіс кемпірдің қос немересі Асан мен Үсенді, Дәркенбай баласы Рақымдарды үйіне алғызып, олардың оқуларының жайын тексеруі айтылған-ды. Олардың орыс тіліне шорқақтығынан Крылов мысалдарын еркін түсіне, ұғына алмағандығын біліп, ол мысалдарды қолма-қол аудара бастайды. Ол аударған мысалдарды («Қарға мен түлкі», «Шегіртке мен құмырсқа») Ыбырай да аударып, өз хрестоматиясына қосқан. «Абай жолы» эпопеясының осы кітабында Петербуртегі оқуынан демалысқа келген баласы Әбдірахман да Ыбырай мен оның кітаптары туралы көп айтатын, қазақтан шыққан қайраткердің лауазымды қызметіне сүйсіне айтатын. Әрі Абай жетік білетін Қарқаралымен Торғай өлкесі көршілес мекендер еді.

Ал Абай мен Шоқанның таныстығына мүлде шүбә келтіруге болмайды. Бұдан бұрынырақжазған «Көкшелік абайтанушылар» атты мақаламызда [3.] Шоқан мен Абайдың әкелері Шыңғыс пен Құнанбай бір жылдың төлі екендігін, екеуінің жақын достығын сөз ете келіп, әкелі-балалы Шоқан мен Шыңғыстың Омбыға істі болып келген Құнанбайға көмектесіп, тұрмеден құтқарғанына тоқтала келіп, Шоқанның Қашқар еліне Әлімбай болып барып, аман-есен оралуына Құнанбай ықпалы болғандығын сөз еткенбіз. Әрлі-берліні терең білетін, зерек Құнанбай Әлімбай уақиғасын айтып қана қоймай, оның

аржақтағы беделді туыстарына арқа сүйеудің жолдарын да айтқан еді. Абайдың баласы Әбдірахман мен Шоқанның інісі Махмұт Омбы қаласындағы әскери гимназияда (бұрынғы кадет корпусы) бірге оқыған, әрі Шоқанның жақын досы Федор Михайлович Достоевскийдің Семейде тұрған кезінде Абай бұл қаламен жиі араласатын. Бір рет қана Семейде болған американдық философ Джордж Кеннанмен сұхбаттасып, оны философия жөніндегі пікірталаста жеңіп шыққан Абайдың атағы кең жайылған белгілі жазушымен жақын болмауы мүмкін емес.

Осыдан барып Семей даласында жүріп Петербургтегі «Современник» журналында жаңадан жарияланған шығармаларын біліп отыратын, Семейдің Гоголь атындағы кітапханасының тұрақты оқушысы ұлы ақынды Семей үшін атақты тұлғалар болатын – орыс жазушысы мен жалынды жас офицер Шоқан достығы қызықтырмауы мүмкін емес.

Сонымен, XIX ғасырдың екіншісі жартысында қазақтың бір өңірінде өмір сүріп, еңбек еткен үш алып тұлғалары бір-бірін жете танып, пікірлес болуы, өз халқының тағдыры туралы ойларының бір арнаға тоғыспауы мүмкін емес. Ал біз осылардың ішінен ұлы ағартушы Ыбырай туралы сөз етпекпіз.

Өз заманында туған халқының қасіретті тағдырын жеңілдету жолында жан аямай күрескен ұлы ұстаз отаршылдық қыспағынан құтылудың бірден бір жолы халықты жаппай сауаттандыру және оны отарлаушы елдің тілін еркін меңгеріп, білім деңгейін олардан да асыру мақсатында жүргізу керектігін насихаттай отырып, орыс-қазақ мектептерін ашып, өркендету жолында жан аямай еңбек етті, қазақ жерінде қалың жұртшылыққа арналған бүтін бір мектептер жүйесін құрды – оның бұл еңбегі теңдесі жоқ тарихи қызметі болып табылады. Бұл мектептерде ол орыс тілімен қатар қазақ тілін де оқытуды басты міндет ете отырып, патша үкіметінің қазақтарды орыстандыруға барын салып жатқан әрекеті барысында қазақ тілін шұбарландырып, бірте-бірте құрдымға кетіру үшін әрі қазақтардың ұлттық болмысын, тәлім-тәрбиесін, наным-сенімін іріту мақсатында ислам дінінің реакциялық ықпалын пайдалануға тырысты. Содан да қазақтарды түркілік әлемнен шеттетіп, оларға ислам дінін татар молдаларын пайдалана отырып, тілін шұбарлап, ділін бұзуға тырысты. Ғұлама ғалым өз оқушыларын орыстың гуманистік, демократиялық бағыттағы білімімен сусындандырып, ислам дінінің имани, адами, адалдыққа тәрбиелеу жолындағы жетістіктеріне сүйене отырып оқытуды жөн көрді, осы мақсатта өзінің төл шығармаларында халқымыздың бала тәрбиесіндегі озық ойларын насихаттай отырып, ислам дінінің, оның басты ілімі-құранның асылдарын дәріптеп, насихаттайтын «Шариат – ул – ислам» және «Мактубат» еңбектерін жазды. Алғашқысында құранды, пайғамбар хадистерін қазақ тілінде талдап түсіндірсе, келесі кітабы мұсылман парыздарын орындау жолдарын түсіндіретін суретті кітапша болатын.

Ыбырай ашқан мектептер балалар ғана емес, сауаттылықтан үміт күткен бүкіл қазақ қауымы үшін мәдени орта қалыптастырды. Алғаш рет білім мен ғылым, өркениет пен мәдениет ұғымдарының мәні жуықтап, өзара ықпалдастығы арта түсті. Ол сондай-ақ қазақ ауылына лайықты, оқытудың интернаттық жүйесінің де, қазақ кәсіби мектебінің де басында тұр. Ол қазақ

кәсіби мектебінде тәрбиеленуші жастардың кәсіби білігі мен дағдыларын, іскерлігі мен ісмерлігін, шеберлігін үздіксіз дамытуға күш салды. Одан үлгі алған, ол таңдаған шебер ұстаздардың шәкірттерге кәсіп үйрету тәжірибесі дидактикалық ұстанымдарға негізделді, үйренушінің экономикалық, кәсіби деңгейі өсіп отырды.

Ол өз мектептерінде қос тілділікке, оны дамытуға ықпал етіп, салыстырмалы граматиканың қалыптасуына жол бастады. Қыздар мектебін ашуда да, ұстаздарды тәрбиелеуде де Ыбырай бастауларын айтпай отыра алмаймыз. Одан білім алып, оның жолын қуған мыңдаған ұстаздар халыққа білім берудегі Ыбырай іздерінің таусылмастығының кепілі. Ақын – жазушылар Ахмет Байтұрсынұлы, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов, Сәбит Дөнентаев, Бернияз Күлеев, Тайыр Жомартбаевтар оның тікелей шәкірттері болса, олардан кейінгі ұстаздар ұлы ұстаздың ілімін таратушы қалың қауым.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қарашаның басында қазіргі Қостанай облысында, Қостанай ауданына қарасты Арақарағай орманын мекендеген Балқожа бидің ауылында дүниеге келген. Әкесі Алтынсары ерте қайтыс болғаннан кейін, би атасы сәби жасындағы немересін өз тәрбиесіне алады.

Бұл патшалық Ресей әкімшілігінің қазақ даласын отарлау шараларын әртүрлі салаларда жеделдете жүргізіп жатқан кезі болатын. Солардың бірі жергілікті халық жастарынан тілмаш, хатшы сияқты кеңсе жұмысын жүргізетін ұсақ шенеуніктер әзірлейтін мектептер ашу еді. Сондай оқу орындарының алғашқы біреуін Орынбор Шекаралық комиссиясының жанынан ашу көзделіп, 1844 жылы сол оқу орнының жұмыс ережесі алдын – ала бекітіліп те қойған-ды.

Балқожа ақсақал бір тайпаның биі ретінде әкімшіліктің басқару жұмысына араласқан, Шекаралық комиссияның әскери старшыны деген шені бар, көзі ашық, есті адам болған. Ол Орынборда қазақ балаларына арнап мектеп ашылатынын естігеннен кейін, 1846 жылы Орынборға барған бір сапарында Шекаралық комиссия төрағасы генерал-майор М.Ладыженскийге өтініш білдіріп, бес жасар немересін сол мектепке күні бұрын жаздырып қойған. Мектеп 1850 жылы күзде ашылды.

Мектептің жеті жылдық оқу бағдарламасында басқа пәндермен қатар орыс, араб, парсы, татар тілдерін оқытуға ерекше назар аударылған. Бұл мектепті бітірген қазақ баласы осы тілдерді әжептәуір меңгеріп, емле қатесін жібермей, көркем жаза білудің үстіне, мұсылман дінінен де іргелі білім алып шығатын болған. Құранның аят, сүрелерін мақамына келтіре жатқа айту өз алдына, олардың мағыналарын да жетік білетін болған. Мұсылман дінінен Мұхтасар-Вахаидан өткенше Орынбордың орталық мешітінің ахуны Ғұсман Мусин өзі дәріс берген, ал араб, парсы тілдерін белгілі шығыстанушы Мірсалық Бекшурин оқытқан.

Жеті жылдық оқу бағдарламасының әрбір жылында шәкірт Ыбырай ылғи да үлкен зейінділік танытып, үздік үлгірімге жетіп отырады. Жылдың «Сынақ актілерінде» оқу озаты ретінде оның аты арнайы аталады. Оқу бітіргенде де оған алғыс жарияланып, мақтау қағазы беріледі.

Оқуының соңғы жылдарында көңіл көзі ашыла бастаған жас жігіт Орынбор өлкесіне саяси себептермен жер аударылып келген демократияшылдық ниеттегі зиялы қауым өкілдерімен аралас- құралас болады. Солардың әңгімелерін тыңдап, әртүрлі әсер алып жүреді. Оқып жүрген кезінде ол Орынбор Шекаралық комиссиясының төрағасы, белгілі шығыстанушы В. В. Григорьевтің үйінде жиі болып тұрады. Білімге құмарлығы арта түскен шәкірт жігіт одан қосымша көп дәріс алады, оның бай кітапханасын пайдаланып, ілгерішіл орыс ғылымы мен мәдениетінен сусындайды.

1857 жылы тамыздың аяғында Орынбордағы оқуын ойдағыдай аяқтаған Ыбырай еліне қайтып келіп, екі жыл бойы би атасының кеңсесінде хатшы болып қызмет істейді. Бұл мезгілде орталықтан білім алып келген оқушы жігіт ел өміріне жіті назар аударып, оның күнгейі мен көлеңкесін анық аңғарады. Патша әкімшілігінің отаршылық саясатына да сын көзімен қарап, көп нәрсені көңіліне түйе жүреді.

1859 жылы би атасы қайтыс болғаннан кейін, ол Орынбордағы облыстық басқармаға кіші тілмаштық қызметке ауыстырылады. Ауылдағы жұмыспен салыстырғанда, бұл жер мен көктей айырмашылығы бар шаруа еді. Ойлап отырса, жас жігіт соңғы үш-төрт жылдың ішінде үш түрлі ортаның дем-тынысымен танысыпты.

Біріншісі – жоғарыда айтылғандай, оқуының соңғы екі жылында Орынбордың еркін ойлы саясаткерлерінің қызу қанды айтыстары, сол арқылы сезілген орыс қоғамының қым-қуыт қайшылықтары, әсіресе патшалық озбырлықтың бұғауында бұлқынған қалың қара шаруа бұқарасының тағдыры үшін наразылық наласы еді.

Екіншісі – өзінің туған топырағы. Сырты тыныш көрінгенімен, астарында қапталдасқан ұсақ – түйек басараздық, кейде одан да әрі насырға шауып тұратын барымта-сырымта жанжалдары, бәрі де барлық ауыртпалығымен би атаның алдына келіп жүгінетін. Солардың ешқайсысына бұра тартпай, әділ шешімін тауып отыратын турашылдық үлгісін жас жігіт сонда танып еді.

Енді, міне – қазыналық үлкен мекеменің ішіндегі қызмет. Бұл бұрынғы өзі білетін Шекаралық комиссия, қазір Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі облыстық басқарма деп аталатын болыпты. Басшысы да – сол бұрынғы комиссия төрағасы, мектептегі барлық ұстаздардың бастығы В.В.Григорьев. Оқып жүргенде сол кісінің рұқсатымен кітап алып оқып жүретін бай кітапхана енді қасында, қол созым жерде ғана.

Осында жас маманға жаңа ұсыныс жасалды. Алыстағы Орынбор бекінісіне (болашақ Торғай қаласына) барып, сол жерден мектеп ашуға тиісті болды. Бұл жөнінде Ыбырай туралы жазған зерттеушілерде әртүрлі пікірлер бар. Біреулер Орынборда орталық басқармада қызмет істеп жүрген жас жігіт Торғайдан мектеп ашамын деп өзі тіленіп барып еді дейді. Шындығында олай емес. Бұл жөнінде алғаш рет пікір айтып, қарауындағы кіші тілмәшқа ұсыныс жасаған басқарма басшысы В.В.Григорьевтің өзі болатын. Бәлкім, оған да жоғарыдан нұсқау болған шығар. Қалай болғанда да, облыстың шығыс бөлігіндегі төрт бекініс халықтың қалың ортасынан орысша-қазақша төрт

мектеп ашу жөнінде арнайы ұйғарым болған. Ал Григорьев болса, бұрынғы Шекаралық комиссия мектебін алғаш бітірген төрт жігітті Елек пен Ырғыздан және Торғай мен Николаевтен ашылатын төрт мектепке жіберу жөніндегі ұсыныста өз тарапынан білдірген. Сөйтіп, Ыбырайдың үлесіне тиген Торғай бекінісіндегі мектептің мәселесі осылай жоғарыдан көтерілген-ді.

Өзі жоғары жақтан келген, сол жақта көп оқып, мол білім алған, аса сыпайы, жүзі жылы, сөзі орнықты жас жігіт ел арасына бірден сіңісті, танымал болып кетті. Сондағы алғашқы әсерін өзінің Орынбордағы досы Н.И.Ильминскийге 1860 жылы 18 қарашада жолдаған алғашқы хатында былайша жеткізген:

«Қазақтар мені құшақ жайып қарсы алды, оқуға беретін балалары сансыз көп екенін білдірді»,- деп жазды ол, солардың үшеуін қазірдің өзінде қасына алып оқыта бастағанын және хабарлады. [3.5б.] Осыдан екі ай өткенде жазған тағы бір хатында: «Қазақтар маған көп үміт артып отыр, әсіресе ауқатты ақсақалдар жағы балаларын оқуға беретінін айта отырып, ең алдымен үкімет заңдарын көбірек оқытсаңыз екен деген тілек білдіреді...»- деген нақты пікірлерін де көрсетті.

Сөйтіп, жаңа мектепті ашуға дайындық жұмысы басталып кетті. Мектеп үйін салуға қаражат мәселесі де шешіліп, оның құрылысы дереу қолға алынды. Жас мұғалім қазақ балаларына ғылыми пәндерді оқытатын мектептің бастауыш кластарына арналған оқу жоспарлары мен соларға қажетті оқулық құрал-жабдықтарды әзірлеуге кірісті. Бұл ретте ең алдымен орыс мектептерінде қолданылып жүрген оқу құралдарын негізге алып, соларды қазақ оқушыларына бейімдеп қолдану, белгілі орыс педагогтары мен жазушыларынан: К.Д.Ушинскийдің «Детский мир», Л.Н.Толстойдың «Азбука и книга для чтения» атты оқу құралдарын, тағы сол сияқты басқа да авторлардың еңбектерін икемдеп пайдалану жолдарын қарастырды. Бұл ретте Ильминскийдің көп көмегі тиді. Ол қазақ балаларына орыс тілін үйрету үшін қолданылатын «Самоучитель русской грамоты», «Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия» атты көмекші оқу құралдарын әзірлеп, оларды Қазан баспаханасынан бастырып, Ыбырайға арнайы жіберді. 1859 жылы сол Н.И.Ильминскийдің айтуымен облыстық басқарма бастығы В.Григорьев Орынбор губерниясының батыс өңірінен ақын Марабайды шақыртып алып, оған бірсыпыра жырлар айтқызыпты. Сол кезде Н.И.Ильминский Құлыбеков деген жігітке ақынның аузынан «Ер Тарғын» жырын араб әрпімен жаздыртып алған. Соны ол Қазанға барғаннан кейін кітапша етіп бастырып, 1862 жылы Торғайдағы Ы.Алтынсаринге жіберген болатын. Мұның өзі тек Ыбырайға ғана емес, жалпы Торғай тұрғындары үшін үлкен оқиға болып еді. Бұл жөнінде Ыбырай өзінің кезекті бір хатында Н.И. Ильминскийге былай деп жазады: «Менің Дәуренбек деген жолдасым және шәкіртім Тарғын әлеміне ерекше сүйіспеншілік сезіммен қарайды. Ол кітапты көргенде: «Как отлично напечатано!» деп орысшылап та жіберді. Қазақ тілінде мұндай кітап бұрын ешқашан баспадан шығып көрмеген ғой, сондықтан

олардың өз тілінде тасқа басылып шыққан кітапқа таңдана, қызықтап қарауы өте орынды еді».

1864 жылы 8 қаңтар күні Торғайдағы орыс-қазақ мектебі салтанатты түрде ашылды. Бұл жөнінде Торғай бекінісінің бастығы, енді майор атағы бар Яковлев пен хат жүргізуші Алтынсариннің қол қоюымен Орынбор қазақтарының облыстық басқармасы атына жіберілген баяндау хатта былай делінген: «Қазақ мектебінің ашылуын орда адамдары шынайы қуанышпен қарсы алды; сол күні-ақ училищеге 12 баланың жазылғаны осының дәлелі болып табылады. Олардың көпшілігі сұлтаңдардың, бекет бастықтарының және құрметті байлардың балалары».

Ыбырай осы мектептің қамқоршысы және орыс тілінің мұғалімі болып бекітілді. Бұл тарихи күн қазақ даласындағы оқу-ағарту ісінде ғана емес, Ыбырайдың жеке өмірінде де белесті кезеңнің басы болды. Оның бүкіл өмірінің негізгі мазмұны болған жемісті ағартушылық жұмысы осы күннен бастау алып еді. Бұл жұмыстың сондайлық нәтижелі және абыройлы болуына, ең алдымен, Ыбырайдың өз басының қадір-қасиеті мен дарын-қабілеті себеп болса, одан кейінгі себеп оның ел адамдарымен жақсы қарым-қатынас жасай білгендігі еді. Бұл ретте, әсіресе, сол өңірдегі беделді де ықпалды әулет – қазақтан шыққан тұңғыш тархан, атақты батыр Шақшақ Жәнібек Қошқарұлының ұрпақтарымен жұрағат туыстығының да игі әсері болған.

Ыбырайдың шешесі Айман ана сол Жәнібектің шөбересі Шеген бидің қызы екен. Шегеннің жеті ұлының бірі – Бірімжанның үш баласы бірдей Ыбырайдың алдынан дәріс алған. Н.И.Ильминскийге жазған хатында айтылған Дәуренбек – сол үшеудің үлкені. Ал одан кейінгі Қорғанбек пен Әділбек бірінші тізбедегі он алтының ішінде аталады.

Ыбырай алдынан сабақ алған алғашқы түлектерден кейін қандай ұрпақтар тарағанына мысал ретінде жаңағы Қорғанбек Бірімжанұлын атауға болар еді. Ол Алтынсарин мектебін бітіргеннен кейін гимназияда оқып, білімді азамат болып шығады. Ал оның ұлы Ахмет Бірімжанов 1894 жылы Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі болғаны, одан кейін Кеңес тұсында жауапты заң қызметкері ретінде елге еңбек сіңіргені (белгілі Ахаңюст) және Ахаңнан туған атақты химик ғалым, академик Батырбек Бірімжановтен қазақтың көптеген қайраткерлері тәрбие алғаны бүгінде көпке мәлім.

1879 жылы Алтынсариннің өмірлік арманы мен бойындағы мүмкіндіктерін сол кездің жағдайында толығырақ жүзеге асыруға жол ашылды. Ол Торғай облысының мектеп жөніндегі инспекторы болып тағайындалды. Ыбырайдың туған халқы алдындағы, тарих алдындағы ұлы міндетінің орындалуы нақ осы кезеңнің үлесіне тиіп еді. Жаңа лауазымның шеңберіндегі ұйымдастыру жұмыстарына көз жібергендегі алдымен ойға оралғаны – Торғайдың өзіндегі және басқа үйездердегі орыс-қазақ мектептерін нығайтып, олардың мәртебесін көтеру бір болса, сонсоң көптен бері кезек күтіп тұрған болыстық және ауылдық мектептер жүйесін құру шаралары да күн тәртібіне сұранып тұрған.

Келешектің осы сияқты келелі істерімен қатар, сол жылы Алтынсариннің ұстаздық-шығармашылық әлемінде де екі бірдей жаңалық дүниеге келді. Ұзақ жылдар бойындағы мұғалімдік тәжірибені қорыта келе, ұлттық мектептің дәл бүгінгі таңдағы ең зәру проблемаларын ескере отырып, көп ойлану-толғану нәтижесінде туған екі оқулық құрал еді бұлар. Атап айтқанда – «Қазақ хрестоматиясы» (ондағы аты – «Киргизская хрестоматия») және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы ережесі» (ондағы аты – «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку»).

Бұл екі еңбектің екеуі де сол 1879 жылы Қазанда баспадан басылып, кітап болып шықты да , тиісті мектептерге оқулық құрал ретінде ұсынылды. Бұл өте сүйінішті тарихи оқиға еді. Бірақ олар өмірге оп-оңай келе салған жоқ.

Ұлттық оқу-ағарту ісінің алыс болашағын және ұсынылып отырған бұл оқулықтардың ұзақ мерзімді кәделік маңызын ескере келгенде, авторды ең алдымен ойландырған да, қиналдырған да нәрсе, әрине, сол алыс-жақын замандарда бірдей қолданысқа жарайтын әліпбиі жоқ халыққа нені ұсыну керек еді, автордың алдында қандай таңдау тұр еді?

Бұған дейін халықтың діни сауатын ашу үшін қолданылып келген араб әліпбиі және оның тек араб тіліне бейімделген хадым үлгісі. Бұл – бір таңдау. Екінші таңдау – қазақ халқының тұрмысына енді-енді кіріп келе жатқан орыс әліпбиі. Алтынсариннің он-он бес жылдық тәжірибесі бойынша, ең қолайлысы да, оңтайлысы да – осы жоба: орыс әліпбиінің құрамын сақтай отырып, оны қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестей отырып, орыс графикасының негізінде қазақтың ұлттық әліпбиін жасауға әбден болатын сияқты.

Бірақ Алтынсарин көз жұмбай қызулыққа салынған жоқ. Осы іспен табаны күректей үш жыл айналысты. Ізденді. Зерттеді. Өзі осы жұмыспен шұғылданғалы бері істес болған көп адамдармен ақылдасты. Торғай мен ЫрғызТорабындағы мұғалімдермен, тіпті жоғары сынып оқушыларымен де пікірлесті. Ақыры, орыс әліпбиін негізге алуға тоқталды. «Қазақ хрестоматиясы» дүниеге осылай келіп еді.

Патшаның отарлық қыспағы заманында бұл оқулық тек Алтысариннің өз тұсында ғана тұтыныста болғанымен, кейінгі кеңестік дәуірдің жарты ғасырында және күні бүгін де осы нұсқадағы ұлттық әліпби өзінің өміршеңдегін көрсетіп келеді. Ал енді грамматикалық тұрғыдан, негізінде тіл құралы есебінде ЫбырайұсынғанекінШі оқулықтағы («Бастапқы ережедегі») сөз күні осы уақытқа дейін қолданалып келе жатқанын орынды түрде мақтан етуге хақылымыз.

Өмірінің ақырына дейінгі инспектор лауазымын атқарған он жыл ішінде Алтынсариннің облыс көлемінде оқу-ағарту ісін өрістетіп, ілгері бастыру жөніндегі тындырған жұмысы ұлан-ғайыр еді. Соның бір тарабын тек құжаттық деректер негізінде атап кетуге тура келеді. Мәселен, ол жаңа қызметке кіріскеннен кейін, келесі 1880 жылы, жоғарғы орынға «Торғай облысындағы қазақ мектептерінің хал-жағдайы туралы» жан-жақты кеңейтілген есеп берілді. Онда жыл ішінде бұл салада істелген жұмыстармен қатар, оны ойдағыдай

атқаруға қиындық келтірген кедергілер және оны жоюдың жолдары, мемлекет тарапынан қолданылуға тиісті жедел шаралар толық баян етілді. Мұндай есептер кейінгі тоғыз жылда жүйелі түрде жіберіліп отырды.

Міне, осы сияқты құжаттық деректер негізіндегі тындырылған жұмысты жинақтап айтқанда, Ыбырай Алтынсарин инспектор болып тағайындалған 1879 жылы облыста іс жүзінде екі ғана училище болса (Торғай мен Троицкіде), одан кейінгі он жыл ішінде тек сол кісінің күш салуымен ашылған барлық орыс-қазақ училищелерінің саны 14-ке жеткізілген; жаңадан 4 болыстық қазақ, 1 болыстық орыс-қазақ, қазақ қыздарына арналған қолөнер училищесі жатаханасымен қоса ашылған. Мұның барлығы ұлы ағартушының көзі тірісінде өзіне орнатып кеткен ескерткіштері еді. Соның заңды нәтижесіндей, ол кісі көзінің тірісінде-ақ замандастарының да, ресми орындардың да зор құрметіне бөленді. Соның бір-екі мысалы мынадай: 1879 жылғы 2 желтоқсан күні облыстық «Оренбургский листок» газетінде «Библиографическая новость» деген тақырыппен көлемді мақала жарияланды. Онда Ыбырайдың ағартушылық қызметіне, өз халқының игілігін көздеген қажырлы еңбегіне жоғары баға берілді.

«Қай халықтың болса да өз тілінде тұңғыш рет жарық көрген кітап,- деп басталады мақала,- сол халықта ағарту ісінде тұтас бір дәуір болып табылады. Өзінің қандастарына арнайы шығарылған Алтынсарин мырзаның «Қазақ хрестоматиясы» жөнінде осыны айтуға болады... Бірақ еккен егінің қаншалықты жақсы болса да, қажырлы қайраткерлерсіз іс оңға баспайды... өзінің халқын жақсы білетін, оны жақсы көретін адамдар қажет болады...»

Мақала мынадай сөздермен аяқталған: «...Қазақ тіліндегі осы алғашқы кітапты басып шығару құрметі біздің еншімізге тигенін мақтан етеміз, өйткені, бәлкім, ол кітаптың тағдырына осынау ерекше дарынды халықтың, жалпы адамзат өміріне ақындық шығармашылық пен тұмса ақыл-ойдың сарқылмас мол қорын әкелген халықтың әдебиетіне негіз болу үлесі тиген болар».[4.15б.]

Арада бес жылға таяу уақыт өткенде, дәл осы газеттің бетінде Торғай облысының қазақтары атынан тағы мынадай хат жарияланған-ды: «Мұндай ағартушылық еңбектер,- деп жазылып еді онда,- ұмытылуға тиіс емес, сондықтан, біз, қазақтар, Алтынсарин мырзаға оның еңбектері үшін, өз халқына деген сүйіспеншілігі үшін алғыс айтуды өз міндетімізге аламыз. Біз сияқты көшпелі ел үшін оның өзі қандай болса, шығармалары да дәл сондай өте қымбат.

Туған халқының өркениетін ойлаған ізгі ниетті адамдар даңқты жерлесінің осындай игілікті ісіне сүйініш білдіріп жатқанда, оны сырттай ғайбаттап, орысқа беріліп кеткен шоқынды деп жала жабушылар да болды. Ал кешегі кеңестік идеологияның өктемдігі тұсында кейбір зерттеушілердің саяси есеппен Ыбырайды мұсылман дініне қарсы атеист етіп көрсетуі де орын алған болатын. Ол былай тұрсын, ұлтымыздың ұлы ағартушысын сол кездегі патшашыл орыс миссионерлерінің қол шоқпары болды деп шолақ пікір айтушылар бірен-саран болса да күні осы уақытқа дейін табылып қалады. Бұл – шындыққа мүлде жанаспайтын түбірімен қате пікір.

Оны Алтынсариннің өмірінен алынған көптеген мысалдармен дәлелдеуге болады. Мәселен, Орынбор Шекаралық комиссиясының жанынан ашылған қазақ мектебінде ғылыми пәндермен бірге, ислам дінінің қағидаларын жете меңгеріп шыққан Ыбырай кейін өзі үйезден орыс-қазақ мектептерін ашып, соның оқу бағдарламасын жасағанда, қазақ балаларына ислам дінінен, ал орыс балаларына христиан дінінен дәріс беруді оқу кестесіне міндетті түрде енгізген және оның орындалуын қатаң қадағалап отырғаны басты дәлел осы емес пе?!

XIX ғасырдың 60 жылдарында өмір кешкен қазақ халқының адал перзенті, ұлттық мақтанышы, қазақ педагогика ғылымының негізгін салушы, сөз зергері, аудармашы, қоғам және мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсариннің есімі қоғамдық ой-пікірдің, төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады.

Ыбырай қазақ балаларының менталдық бейнесін жасаған жазушы, көркем сөз шебері. Оның дидактикалық әңгімелері қазақ баласының жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық рухта сипаттайды. Жастарды еңбексүйгіштікке, ізгілікке, тапқырлық пен әрекетшілдікке, ізденімпаздыққа тәрбиелейді.

Өз заманында туған халқының қасіретті тағдырын жеңілдету жолында жан аямай күрескен ұлы ұстаз отаршылдық қыспағынан құтылудың бірден бір жолы халықты жаппай сауаттандыру және оны отарлаушы елдің тілін еркін меңгеріп, білім деңгейін олардан да асыру мақсатында жүргізу керектігін насихаттай отырып, орыс-қазақ мектептерін ашып, өркендету жолында жан аямай еңбек етті, қазақ жерінде қалың жұртшылыққа арналған бүтін бір мектептер жүйесін құрды – оның бұл еңбегі теңдесі жоқ тарихи қызметі болып табылады.

Ұлы ағартушының қалдырған мұраларының ең құндысы – оқушыларды тәрбиелеуде олардың бойына адамгершілік негіздерін сіңіру. Осы жолда ол тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі бала адамгершілігінін дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістер болуы тиіс. Бұл факторлар балалардың кәдімгі және күрделенген жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлықтың тұрақты болуынан, ересектердің сырттай бақылауынан салыстырмалы түрде тәуелсіз болуынан өз қылықтарын адамгершілік салдарынан болжай білуден, іштей бақылау сезімінің – ождан, қылықтық – моральдық жағына баса көңіл бөліп, оларды адамгершілік қасиеттердің иесі ретінде тәрбиелеуді ұсынады. Адамгершілік қасиеттерге ұлы ағартушы мыналарды жатқызады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, сондай-ақ ол оқушыларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеудің маңызына да ерекше көңіл бөлген. Оның шығармалар жинағының I томында «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл» және басқа әңгімелері жастарды адами асыл қасиеттерге тәрбиелейді. Сондай-ақ өзінің шағын әңгімелерінде ел ішіндегі діни ұстанымдардың, халықтық салт-дәстүрлердің де ретсіз қолданылуын көрсетеді («Надандық», «Этнографиялық еңбектері», «Орынбор

ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі»,) «Орынбор ведомствосы қазақтарының «Құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі»).

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді демекші, ұлы ұстаздың қалдырған ізіне қанша үңілсеңіз де өткеннен сыр шертіп, келешекпен үндестік тауып, сара жол сілтеп, оқырмандарымен, шәкірттерімен сырласып жатқан Ыбырай есімі, ол қалдырған із мәңгілік болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Ж. Молдағалиев. Мен-қазақпын. Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Раритет-2007, 240 бет.
2. Ы.Алтынсарин. 2 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы -2003жыл, 240бет.
3. Ы.Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы» Алматы: «Білім» баспасы -2003жыл, 112бет.
4. Ы.Алтынсарин. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы -2003жыл, 268бет.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ТҰЛҒАСЫ

Жәмбек С.Н.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

www.s_jambek@mail.ru

Тарихта есімі жақсы сақталған әйгілі жырауларымыздың бірі – Қожаберген жырау. Қожаберген жыраудың есімі, оның халқы үшін істеген ерен еңбегі, ел арасында тараған шығармалары өз арасында көп айтылып, жұрт санасында жақсы жатталғандықтан, ол тіпті аңыздық тұлғаға да айналып кеткен.

Қожаберген Толыбайұлы 1663 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданындағы Гүлтөбе – Маманай деген жерде Толыбай сыншының отбасында дүниеге келген. Жыраудың анасы Ақбілек – Арғын ішіндегі Сүйіндік Айдабал бидің қызы. Қожаберген - өз заманының көзі ашық, өте сауатты адамы болған. Бала шағынан өз әкесі Толыбай сыншының туған нағашысы – Кіші жүздей алты ата Әлім ішіндегі Төртқара руынан шыққан атақты Жалаңтөс баһадүр Сейітқұл ұлы ұрпақтарының тәрбиесінде болып, Үргеніш, Бұқара, Самарқанд медреселерінде оқиды. Сейітқұлдан тараған ұрпақ осы кездерде Орта Азияның осы шаһараларында тұрған болатын. Медресені бітірген соң имандық жолға түспей, ақындық өнерді қуады. Он үш жасынан өлең шығарып, он жеті жасында толысқан,кемел ақындардың қатарына қосылады. Ел арасындағы аңыз -әңгіме, хикаяларды хисса – дастанға

айналдырып, жырға қосады. Қожаберген- араб, парсы, шағатай тілдерін өте жетік білген. Осы қасиеттеріне байланысты ол қазақ ханы Әз-Тәуке ордасының елшілерінің бірі болған. «Әз-Тәукенің Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді ақылшы билері оны көршілес Қоқан, Хиуа, Бұқара хандақтарына, hарсы еліне, түрікпенге елшілікке жіберіпдипломатиялық жұмысқа пайдаланған. Біз бұдан жыраудың ел ішіндегі сол кездегі саяси, қоғамдық жұмысқа белсене араласқаның көреміз»[1,10]. Қожаберген Кіші жүз алшын ішіндегі он екі ата Байұлына жататын, Есентемір руынан шыққан Қабылан бидің Айша есімді қызына үйленген. Қабылан бидің Айбасқали деген ұлымен Қожаберген Самарқанд медресесінде бірге оқып, көңілі түзу дос болған.

Қожаберген мен Айшаның үйленгеніне бір жыл болғанда, яғни 1681жылы әкесі Толыбай сыншы да, анасы Ақбілек те дүние салады. Жас жұбайлар ағасы Қарабастың қамқорлық тәрбиесінде болады. Қожаберген он жеті жасынан ат жалын тартып мініп, жорықтарға шығып батыр атала бастайды. Ол туралы жырау:

Адам деп өз бойына өнер жиған,
Ел-жұртым деп атайды мені имам.
Жорыққа он жетімнен араласып,-
Болғам жоқ, софы, қожа, имам

- десе, енді бірде:

Қолбасшы батыр болмасам
Көбелі сауыт кимейін.
Ту ұстайтын болмасам,
Зергер болып жүрмейін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызық дәурен сұрмейін.
Арабы ақбөз мінбейін.
Талапты жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимейін.
Қару-жарақ соқпасам,
Дулығамның төбесі,
Буылмаса маржанмен
Басыма оны кимейін.

Қожаберген жырау – тарихта нақты болған тұлға. Қожабергеннің арғы ата-бабалары кезінде Алтын Орда хандығында, Сібір хандығында әскербасы, батыр, би болған әйгілі адамдар. Қожабергеннің сүйегі – Ашамайлы керей. Орта жүздің белді тайпасы.

Шежіреде ашамайлы керей Жанай батырдан – Бағлан би, одан Фархад батыр, Фархадтан белгілі Танаш би туады. Танаш Фархадұлы Алтын Орда дәуірінде ақылшы би болған. Танаш бидің 19 ұлынан тек қана төртеуінен ұрпақ қалған. Танаш бидің ұлы Едіге өзімен аттас Маңғыттан шыққан Едігемен бірге заманында Ақсақ Темірге қызмет еткен. Танаш бидің бір ұлы Көшебе де заманында bahадұр атанған әскербасы батыр болған.

Қожаберген Толыбайұлы (1663-1763) өзінің он бірінші атасы туралы былай дейді:

Арғы атам ту ұстаған Ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге.
Қазақтың кейінгі жас батырлары
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?

Танаштың көп баласының бірі – Көшебе би. Көшебенің бәйбішесі Балумаржаннан туған үлкен ұлы Жауынгер, одан тараған Көшебе ұрпақтарын ел Бәйбіше баласы немесе Бәйбіше Көшебе керей дейді. Жауынгерден

Асылболат, одан Байбол, Байболдан Алдаспан, одан Шілікші би туады. Шілікшіден Жаңбыршы, одан Қараораз, Қараораздан Таузар, Таузардан Дәулен, Дәуленнен Толыбай, Толыбайдан Қожаберген жырау туады.

Толыбай сыншы кенжесі ем Қожаберген
Бата алғам Әнет пенен Әз-Тәукеден.
Күйзелген ел жағдайын көзбен көріп
Өзегім өртенген соң айттым өлең, - дейді өзі жайлы Қожаберген.

Қожабергеннің он жеті ұлы мен бір қызы болған. Әйелі Айша Кіші жүз ішінде он екі ата Байұлына жататын, Есентемір руына жататын Қабыланби. Қабыланбидің баласы Айбасқалимен Самарқанд медресесінде оқыған. Анасы Ақбілек – Орта жүз Арғын Айдабол бидің қызы. Қожаберген өзінің туған анасы Ақбілек жайында былай дейді:

Орта жүз Арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты Сүйіндіктен.
Жиырма ұлдың көкжал туған сүт кенжесі ем,
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.

Қожаберген жыраудың әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы (1603-1681) Орта жүз Ашамайлы керейдің Көшебе руының Таузар әулетінен шыққан.

Атақты әскербасы, керей руының басшысы болған. Алдағыны болжайтын, көреген, аттың да құстың да сыншысы болған. Әділетті жақтаған турашыл би, айыр көмей, жез таңдай шешен адам болған. Алыс-жақын көрші елдер ноғай, башқұрт, қарақалпақ, Сібірдегі Ескер, Параба татарлары да қазақтар сияқты Толыбайды Толыбай сыншы атап кеткен. Бәйбішесі Ақбілектен жиырма ұл, ал жеңгелей алған әйелі Қалимадан төрт ұл көрген. Ұлдарының ең үлкені Қарабас, ең кенжесі Қожаберген болған.

Тоқсаныншы жылдарға дейін (1990) Қожаберген жырау өмірі, шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің тарихында ескерілмей қараусыз қалып келді. Қазіргі күннің өзінде де кейбір әдебиетшілердің тарапынан Қожаберген тұлғасына, шығармашылық мұрасына күдікпен қараушылар жоқ емес. Олардың барлығына да айтарымыз, Қожаберген шығармаларының тарихилық сипатына жеткілікті көңіл аударма уында деп білеміз.

Қожабергеннің өзі мен шығармалары туралы мәліметті ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин өзінің Орынбор қаласында 1879 жылы шыққан «Қазақ hхрестоматиясында» («Киргизская хрестоматия») келтіреді. 19 ғасырдың жартысы мен 20 ғасыр басында өмір сүрген ағартушы-ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің 1881 жылы шығарған «Даналарға» атты өлеңінде былай дейді:

Өнерге құлаш ұрып бала жастан
Тарихын бұл жүздің етіп дастан.
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген,
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан.
Қолбасы, ақын, жырау һәм елші-би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй.

Қазақтың талантты ақыны С.Торайғыров 1911 жылы шығарған бір өлеңінде былай жазады:

Керейде Қожаберген, Сегіз өткен, Үш жүзге өлеңменен үндеу тастап,
Қазақтың шежіресін жыр ғып шерткен. Олар да бірлік үшін еңбек еткен.

Қожабергенге қатысты жоғарыдағы дуалы ауыздан шыққан сөздер жырау тұлғасының тарихилығына күдік қалдыра алмасы ақиқат.

Белгілі әдебиетші, қаламгер Сегіз серітанушы Нәбиден Әбуталиев былай деп жазады: «Солтүстік Қазақстанға, соның ішінде Гүлтөбе-Маманай жеріне соңғы экспедиция Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов үшеуінің басқаруымен 1936 жылдың жаз айында барғанын деректер дәлелдейді. Сонда олар атақты Қожаберген жырау мен оның ұрпақтары жайлы материал жинап, әдеби шығарма жазуды мақсат еткен болуы керек. Бірақ осы кісілер жинаған мол материал-мұраның бәрі 1937 жылы жоқ боп кеткен.

Қазақтың белгілі ақыны С.Сейфуллин Қожаберген жырау мен Сегіз сері туралы поэма жазуға даярлық жасап, 1934 жылы көп материал жинатады. 1927 жылы олардың өлеңдерін, өмірбаянын Қызылжар өңіріне барып өзі де жинағанын деректер дәлелдейді. Әттең, сүйікті Сәкен ақынымыз да бұл арманына жете алмады...»[1,25].

Белгілі қоғам, мемлекет қайраткері, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жанашыр қамқоршысы Ілияс Омаров кезінде Қожаберген мен Сегіз сері туралы материал жинауға нұсқау берген. Әйгілі тарихшы, профессор Ермұқан Бекмаханов Қожаберген деген атақты жырау болғанын, жырау өмірінің зерттелмей белгісіз боп қалғанын өкінішпен айтқан. Қожаберген шығармаларында ерлікті, батырлықты көп дәріптейді. Мұның сыры өзі де қолына қару алып, ел қамы үшін атқа мініп, өз кезінің қоғамдық-саяси ортасына көп араласуынан деп білуіміз қажет. Осы тақырыптарға байланысты ел арасына кең тараған дастандар шығарған. Олар: «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қасқа жолды Ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Қосай», «Асан ата», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Орақ батыр», «Ер Едіге», сонымен қатар елге «Қарғыс атқан қалқам-ай» «Шоңғал, шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы атты өлеңдері Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Қожабергеннің «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Шұбырынды», «Сұлама», «Елім-ай» күйлері және «Елім-ай» әні бар. Мұның өзі оның жан-жақты талант иесі болғанын дәлелдейді. Қожаберген Тәуке ханның тұсында Қазақ Ордасының көршілес елдердегі елшісі болған. Бұған медреседен үйренген шығыс тілдерін жақсы білуі де ықпал етсе керек.

Тіліне араб-парсы болдым жетік, Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Оны да қолданбадым өнер етіп. Мен жүрдім қазағыма қызымет етіп.

Қожаберген қазақ халқының өткен тарихын терең зерделейтін, көкірегі құйма алтын, шежіреші адам болған. Оны «Ата тек» деген мына дастанынан аңғарамыз:

Түріктен өрбіген елді тоғыз дейді,
Тартатын күй аспабы қобыз дейді.
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ,
Төртеуін шежірешілер оғыз дейді.
Қытай-шүршіт, қалмақты қуған жері.
Алатау, Алтай мен Сыр мекен болып,
Алтай тау қазақ атам туған жері,
Оғыздың қобыз тартқан көсемдері.
Қазақтың түп атасы Оғыз-Түрік,
Құт қонған ұйтқы болып орнап бірлік.
Моңғолдың Шыңғысханы шапқан кезде,
Керей түгіл Оғызға салған бүлік.

Қожабергеннің «Елім-ай» дастаны 7 бөлімнен, 3683 шумақ, 14732 жол өлеңнен тұрады. Біздің заманымызға толық көлемінде жетпеген. Дастанның бірінші бөлімі, яғни, 2000 жолдай өлең жеткен. Бұл қолжазба Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институтының қолжазбалар бөлімінде сақтаулы тұр. Дастанда 1723 жылы қазақ басына түскен тарихтың ауыр тағдыры шынайы суреттеледі:

Ызғарлы күн шығыстан жел келеді,
Шұбырған Алтай жақтан ел келеді.
Еділден убашы қалмақ тағы шапты,
Зор бөгет тас маңдайға кез келеді.
Осылай екі жақтан тиді қалмақ,
Ғаскерін күн-түн демей жиды қалмақ.
Қазаққа екі беттен шабуылдап,
Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ.

Шығыстан жоңғар, батыстан Еділдің торғауыт қалмақтарының екі жақтан қазақ елін алқымнан алуы тарихи фактілермен толық сәйкес келеді. Зеңбірекпен қаруланған қалмақтың Сыбан Раптан бастаған әскерінің бейғам жатқан қазаққа ұрымтал тұстан соққан аса бір қатыгездігін:

Намаз оқып жатқанда жаулар қырар,
Атылған дәу мылтықтан доп кеп ұрар.
Мінәжат қып жайнамазда отырғанда,
Ит қалмақ ұстап алып тұтқын қылар.

Теріскейінен Ресей, күншығысынан Қытай сияқты зор империялардың қалмаққа қару-жарақ, оқ-дәрі сатып, қай жеңгенің менікі дегендей, қалмақты қазаққа айдап сап, аңысын аңдаған жымысқы да сұм, аяр саясатын, түстіктегі көршілес ағайын елдердің қазаққа көмектеспей, қам-қарекетсіз жатқан безбүйрек саясатын аяусыз сынайды:

Қазақтың сахарасы жер құлпырған,
Қытай мен орыстарды қызықтырған.
Қоқан, Хиуа, Бұхар да көз алартып,
Қазақты бас салуға дайын тұрған.
Қаруын орыс,қытай қалмаққа сатты,
Қоқан да күнгей беттен қоқаңдады,
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты.
Жау болды ағайын ел Естен(к) бізге,
Жасады ол да жорық елімізге.
Айдап сап малұндарды қоқаңдатты.
Соқтықпақ ойғыр, қырғыз тағы бізге.

Сол кездегі қазақ еліне төнген зор қауіп, қасіретті, халықаралық саяси жағдайды сұңғыла жырау тамыршыдай дөп басып, айна-қатесіз жыр жолдарына айналдырған. Дастанда қазақ руларының өз мекен-жайларынан ауа көшуі, қайғы-қасірет, қалмақтардың озбырлығы, қазақ батырларының елдің азаттығы жолында шыбын жандарын шүберекке түйіп, зор күш-қайратпен, алапат ашу-ызалы кекпен жауға атойлап шапқан буырқанған, бұрқанған ерлік жігерін, батырлық іс-әрекеттерін реалистік тұрғыда жеткізеді. Аталмыш жайттар жырау шығармаларының тарихилық сипатын күшейтіп тұр.

«Елім-ай» дастаны қазақ тарихының қасіретті бір кезеңінің көркем шежіресі іспетті. Болашақта қазақ тарихын түбегейлі зерттеушілер Қожаберген жырау мұраларының тарихилық сипатына аса қатты мән беріп шұқшия зерттегені ләзім бе деп ойлаймыз. Қорыта келгенде, айтарымыз, Қожаберген жырау өз дәуірінің тарихи келбетін, заман тынысын көркем шежіреге айналдырған,XYIII ғасырдағы қазақтың әйгілі жырауларының қатарынан орын алады деп ой түйеміз.

Әдебиеттер:

1. «Сегіз Сері» Алматы, 1991. – 164 б.
2. Қожаберген жырау (шығармалар жинағы)/ Құрастырушы-редакторы: Бекет Тұрғараев/ Петропавл қаласы,210. – 292 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жоламанова Т.М.
Ж. Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
Taindik67@mail.ru

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді. Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелермен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Бір ойын түрі ойлауы мен қабылдауын жетілдірсе, ал екінші ойын түрі ойлау қабілетін, үшінші ойын түрі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану оқушылардың оқып отырған сабағына қызығушылығын арттырады, жаңа тақырыпты түсінуге мүмкіндік туғызады. Олай болса, ойын түрлері оқушылардың фонетиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді, өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыландырады.

Ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды.

Сабақтағы ойын түрі – ұжымдық еңбек, сондай-ақ тәрбиелік мәні зор тәсілдерге жатады. Ойын барысында оқушының қабілеті, іскерлігі көрінеді. Ұстаз әр оқушының жұмысын бағалауға мүмкіндік алады. Ойын оқушыны бірлікте, ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйретеді, іздендіру, іздену дағдыларын қалыптастырады.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагогтар, ғалымдар «жақсы ойын – жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын – жаман жұмыс сияқты» деген пікіп айтып, ойын мен еңбек арасында айырмашылық көп емес деген түйін жасаған.

«Ой ойыннан басталады» десек, ойын жасжеткіншектің ойын жетілдіріп, сабаққа деген белсенділігі мен қызығушылығын арттырады.

Ойынның негізгі мақсаты – жасжеткіншекті қызықтыра отырып білімді берік меңгерту құралы болса, ұстаздың міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге, дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

Ойынның негізгі міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Қызығу деп – біз бір нәрсеге асыра, артығырақ зейін аударуға бағытталған қатынасты айтамыз немесе бір нәрсемен танысуға, соны зерттеуге, қабылдауға құмарту. Қызығу – адамның білімге құмарту сезімін тудыратын, білім қорын өсіретін, психикалық тіршіліктің мазмұнын байытатын қозғаушы күш[1: 27]. Ойын элементтері кез келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті үлгерімі нашар оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, ұстаз түрлі жағдаяттар туғыза отырып, көрнекілікпен бірге әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептерде қазақ тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Ойын оқушылардың ой-өрісін дамытып қана қоймай, сонымен қатар ойлау қабілетін арттырады және өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойын оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорын да молайтып, сауатты жазуға да баулиды.

Оқушыларды пәнге қызықтыру арқылы сабаққа ынтасын арттырып, оны бірте-бірте тұрақтандырып қалыптастыру қажет. Оқу жоспары мен бағдарламасы, оқулық пен көрнекі құралдар, мұғалімнің дидактикалық жағынан тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін арттыру – қазақ тіл пәнін оқытудың сапасын жетілдіретін басты белгілер. Мұғалім оқытудың әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеру арқылы қазақ тілі пәнін оқытуда оқушыларға

тиянақты, сапалы білім береді. Жақсы ұйымдастырылған жұмыстар арқылы ұстаз бен шәкірт арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас нығая түседі.

Ойынның үлкен төрт түрі бар: рөлдік ойындар, дене-қимыл ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар – баланың ақыл-ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Дидактикалық ойындарды құру төмендегідей негіздерге сүйенеді:

а) оқушылардың іс-әрекетін ойын түрлерімен оқуды байланыстыру, біртіндеп қызықты жеңіл ойындардан ойын-тапсырмалар арқылы берілген оқу-тәрбие мәселелеріне көшу;

ә) ойын шарты мен міндеттерінің біртіндеп күрделенуі;

б) берілген тапсырмаларды орындауда оқушының ақыл-ой белсенділігінің күшеюі;

в) оқу-тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Дидактикалық ойын түрлері:

1. Заттық-дидактикалық ойындар. Бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады. Мысалы: «Сиқырлы сандық», «Ғажайып алма», т.б.

«Қарсыласыңды тап» ойыны. *Ойынның шарты:*Бірнеше зат пен оқу құралдары беріледі. Соларды қарама-қарсы мәнде қолданып, дұрыс орналастыру керек.

*2. Әдеби ойындар.*Бұл – қазақ тілі пәнін әдебиет пәнімен байланыстыра, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту барысында жүргізілетін ойын түрі. Мысалы: «Жаңылтпашты тез айт», «Мақалды жалғастыр», «Ұйқасын тап»,«Сыңарыңды тап», т.б. ойындар.

*3. Лингвистикалық ойындар.*Бұл – тілдік элементтерді қатыстыра отырып, сауатты жазуға, сауатты сөйлеуге баулитын ойындар. Мысалы: «Қай әріпті жоғалттым?», «Әріптер тізбегі», «Адасқан буындар», «Жаңа сөздер тізбегі», т.б.

«Моншақ» ойыны. *Ойынның шарты:* Қатты қағазға жуан және жіңішке түбірлі сөздер жазылады. Сыныпты екі топқа бөліп, қағазға жазылған сөздер таратылады. Белгіленген уақыттан кейін әр топ бір жуан, бір жіңішке түбірлі сөздерден жіпке моншақ тізулері қажет. Қай топтың моншағы бірінші тізілсе, сол топ жеңіске жетеді.

Керекті сөздер: дәріхана, аурухана, дәрі, тамақ, астана, орман, кезекші, үзіліс, оқушы, өшіргіш, қалам, күнделік, көктем, қыс, балық, алма, асқабақ, күрек, қайрақ, балта, дәптер, қазақ, өзбек, т. б.

«Орамал тастамақ» ойыны. *Ойын шарты:* кімге орамал тасталса, сол оқушы сұраққа жауап беруі керек, егер жауап бере алмаған жағдайда, өнер көрсетеді.

«Теңге алу» ойыны. *Ойын шарты:* оқушылар шеңбер құрып тұрады, ортаға «теңге» тасталады, «бір, екі, үш» дегенде кім тез теңгені алады, сол сұраққа жауап береді не тапсырма орындайды.

4. Сөздік дидактикалық ойындар,яғни ауызша ойналатын ойындар. Бұл – алдыңғы сабақтарда үйренген сөздерін жаңғырту, қайталау, бүгінгі сабақта

үйренген жаңа сөздерін бекіту мақсатында қолданылатын ойын түрлері. Мысалы: «Жіпке тізбектелген сөздер», «Суретті сөз» ойындары.

«Жіпке тізбектелген сөздер» ойыны. *Ойынның шарты:* Әр оқушыға белгілі бір ұзындықтағы жіп беріледі. Оқушы жіпті саусағына орай отырып, әр орағанына бір сөзден айтады. Сөзді қайталамай, ең көп сөз айтқан оқушы жеңіске жетеді.

Сабақты көрнекіліктерді тиімді қолдана отырып дидактикалық ойындар арқылы өткізу, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қажеттілігі мен талабын ұштастырып, ой-өрісін кеңейтуге, іздену қабілеттерін дамытуға, шығармашылық қабілетін арттыруға әсерін тигізеді

Қазақ тілі пәні мұғалімнің іс-тәжірибесінің молдығы, шығармашылықпен жұмыс істеуі келешек ұрпақтың сауатты, білімді, жан-жақты дамыған азамат болып өсуіне ықпалын тигізеді. Яғни, сабақтың білімдік мазмұны мен тәрбиелік мәнін бірлікте қарау – ұстаздың негізгі мақсаты. Ойын түрлері дұрыс қолданылып өткізілген сабақта оқушының қазақ тілін үйренуге деген ықыласы артып, сол тілде сөйлеп үйренуге, тілді үйренуге қызығушылығы артады. Сабақта ойын арқылы білімін шыңдап, ой-өрісін кеңейте алады. Оқушының жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады және сабаққа қызығушылығын арттырады. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Орта буындағы оқушыларға өз бетінше іздену мақсатындағы жұмыстарды беріп, ойын түрлерін шығармашылық түрінде ұйымдастыру пайдалы. Оқушының шығармашылық қабілетін шыңдау бағытында жүргізілетін ойындардың бірі –*«Каламбур» ойыны. Ойынның шарты:* не біркелкі дыбысталатын, не біркелкі жазылатын, әртүрлі мағыналы сөздерден екі тармақты өлең құрастыру[2: 61]. Мәселен,

Алма болды еш дәмсіз,
Алма оны сен мансіз.

Немесе:

Ұшып келіп қарға
Қонды аппақ қарға.

Келесі *ойын түрі – «Лимерик» ойыны.* Ол ойынды ойлап тапқан – Эдвард Лир деген ағылшын ғалымы. *Ойынның шарты:* белгілі бір құрылысқа бағынатын сайқымазақ, күлдіргі өлең шығару. Ол құрылыс – бойынша өлең бес тармақтан тұруы шарт. Сонымен бірге әр тармақтың мазмұнына сілтеме беріледі. Айталық, бірінші тармақ – кейіпкер, екінші тармақ – кейіпкерге мінездеме, үшінші, төртінші тармақта – қимыл-әрекет, оқиға, бесінші тармақ – оқиғаның салдары немесе автордың сол кейіпкердің іс-әрекетіне бағасы[2: 61]. Мәселен,

Болыпты бір бала
Өзі сондай қап-қара.
Оқы десе оқымай,
Болыпты ол масқара.

Әй, әңгүдік қара бала.

Тілді үйренуге ойын арқылы қызықтырып, өмірмен байланыстырып отыру – тиімді әдістердің бірі. Оларды жаңа сөздерді игеруде, өткен сабақты қайталауда, жаңа тақырыпты өтуде де тиімді қолдануға болады. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады.

Дидактикалық ойындарды сабақта қолдануда күтілетін нәтижелер:

1. Тілді ұстартады, сөздік қорды молайтады, өмірді танып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді.
2. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Қорыта келгенде, ойын арқылы қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту баланың өмірді тануына, еңбекпен танысуына, психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына, тілді еркін меңгеруіне ықпал етеді. Оны көптеген тәжірибе дәлелдеп келеді.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Мектеп, 2002 ж. – 27-б.
2. Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту. – Алматы: Рауан, 1994 ж. – 61-б.

ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Имангалина Ш.М., Жүнісова Г.М.
Дарынды ер балаларға арналған қазақ-түріклицей-интернаты, Астана қ.
Banu59@mail.ru, Gulynaz.mintaewna@mail.ru

Бүкіл адамзат қоғамының XXI ғасырдың ғылыми-техникалық үдеріс пен өркениеттің даму дәуіріне бет бұру кезеңінде тәуелсіз мемлекетіміз үшінші мыңжылдыққа ұлы да үлкен мақсатпен қадам басты. Ол мақсат – дүние жүзінде өзіндік салмағы бар ел болу. Ондай елді жасайтын қазіргі таңда біздің алдымызда отырған шәкірттер легі, солардың ішінде – дарынды балалар. Үш тілде оқыту – тұлғаның әлемдік білім кеңістігіне шығуына жол ашатын, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.Жаңа қоғамға лайықты, саналы, білімді, іскер, өзіндік ой-талғамы,

адамгершілігі бар, жан-жақты дамыған, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру – бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет.

Тілдің қуатты таным құралы екендігін айқындай түсетін басымдықтың бірі – кез-келген ғылым саласы мен адамның, дүниенің сырын танып білуі, ғылыми мағлұматтарды игеру әрекетінің бәрі тіл, сөйлеу арқылы жүзеге асатындықтан, қазіргі өзгерген қоғамдық-әлеуметтік жағдай нәтижесінде тілдің танымдық рөлі үлкен қажеттілік туғызуда.

Елбасымыз биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында білім сапасына қатысты: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Сонымен бірге, IT білімді, қаржылық сауттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет. Үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдылығы сақталады», – деп атап көрсеткен болатын [1: 15].

Лицейіміздің алдына қойып отырған мақсаты –оқушылардың білімдерін әлемдік кеңістікте шығармашылықпен қолдана алатын, қоғамдық өзгеріске икемді,ақпарат құралдарын,сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін жетік меңгерген,бірнеше тілде сөйлей алатын, өзін-өзі дамытуға мүдделі және көпмәдениетті тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау. Ұлттық дүниетанымы мен рухы қазақ тілі негізінде орныққан тұлғаның бірнеше тілді меңгере отырып, елдік құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті болуына жағдай жасау.Қазақ тілінің айқындаушы рөлін орнықтыратын лицей ұжымында лингвистикалық сана қалыптастыруға әлемді тұтас жүйелі танудың доминанты – ана тілі екеніне саналы келуге негізгі өзек болып табылатын орта жасау қажеттілігі туындады.

Қазіргі кездегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріліп отыр. Оқу әрекетін ұйымдастыруда жеке тұлғаның өзін-өзі танытуы, ғылыми ойлауын, зерттеу мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби мақсаттарын қалыптастыруды қамтамасыз ету және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу қажеттілігі бар. Жоғары сатыдағы оқушыларды бағдарлы оқытудың жүйесін жасақтау мәселесі пайда болды. Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2007 жыл, 27.07 №319-III) «кредиттік оқыту технологиясы – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту» ұсынылды.Ал оқытудың несиелік жүйесі – несиелік түрдегі білім көлемін ескере және оқу үрдісінің регламентация аясында білімдік траекторияны таңдауы даралау негізінде өзіндік білім беру және шығармашылық білімді меңгертудегі деңгейді көтеру бағытындағы білім жүйесі. Білім беру парадигмасының өзгеруіне сәйкес бейіндік оқытуды қамтамасыз ететін, өзінің білім алу қызметін тиімді

жоспарлау, ұйымдастыруды көздейтін оқытудың несиелік жүйесі негізінде 10-сыныптың қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасының сипаттамасы – силлабус дайындалды.

Силлабус – берілген курсты жүргізетін оқытушының курсы жайлы жүйелі және қысқа суреттемесі, жұмыс құжаты және оқытушы мен білім алушы арасындағы келісім шарт. Ол пәннің мақсатын, ол мақсатқа жету үшін білім алушы атқаратын міндеттерді,жұмыс түрлерін, сондай-ақ бағалау түрлері мен өлшемдерін қамтиды.

Өзектілігі: Тұлғаның өмірлік әрекет тиімділігіне жарамдылығын қамтамасыз ету үшін, оның құзыреттілігін, әлеуметтенуін, танымдық, моральдық-адамгершілік, эстетикалық , шығармашылық, коммуникативтік потенциалын көтеру.Сондай-ақ, білім алушының өздік жұмысын ұйымдастырудың бірден-бір тиімді жолы ретінде әзірленген силлабустың негізгі мақсаты – білім берудің жоғары сатысындағы оқушылар үшін бейіндік оқыту мазмұнын меңгеруге жағдай жасай отырып, күтілетін нәтижелері түріндегі құзыреттіліктерді қалыптастыру, өздігінен білім алуға бейім, білімді шығармашылықпен игеретін, зерттеушілік мәдениеті жоғары дара тұлғаны дамыту.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер жүктеледі: оқу бағдарламасының ішкі мазмұнын зерделеуге мүмкіндік беретін оқу курсының бағыты мен саясатынан мағлұмат беру арқылы оқушының өзіндік әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік туғызу;

- оқу еңбегіндегі ой дербестігін сақтай отырып, образды ойлауын дамытуға ықпал ету;
- өзіндік бағалау мен қорытынды жасау үшін өзінің әрекеті мен оның нәтижелерін білім мазмұнын ашатын құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар ұсыну негізінде ақпарат көздерімен жұмыс жасай алу машығын дамыту;
- өзіндік тапсырмаларды жүзеге асыру барысында мәселені анықтау, мақсат қою және іс-әрекетті жоспарлап, баға бере білу қабілеттерін дамыту;
- көркем мәтінді ерекшелігіне сай талдауға негізделген тапсырма түрлерін ұсына отырып, зерттеушілік- шығармашылық іскерлігін жетілдіру;
- жобалаушылық әрекет негізінде зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетпен шұғылдану қабілеттерін арттыру;
- түрлі өмірлік жағдаяттарда өз бетімен шешім қабылдау және әрекет жасау, өз тұжырымдарын дәйектеу және айналадағылармен өзара қарым-қатынас орнату;

Білім алушының өздік жұмысының маңызы мен мәртебесі артады. ОӨЖ білім алушының белсенділігін қамтамасыз ететін жоба қорғау түріндегі тапсырмалармен ерекшеленеді.Бұл оқу материалын кеңейтуге және бекітуге, жаңа кәсіптік білім алуға, белсенділігі меншығармашылығын дамытуға , тәжірибелік дағдысының қалыптасуына ықпал етеді. Өздік жұмыс білім алушының ғылыми әдебиеттермен және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу білігін дамытуға әсер етеді.

Оқушылар дайындығының деңгейіне қойылатын талаптар (білім-білік, дағдылары):

Білімі: суреткерлердің көркемдік ізденістерінен басты, жан-жақты мәліметтер;

- кейбір оқылған шығармалар жайлы әдеби-көркем сындағы бағалаулар әдеби-сын;
- әдеби бағыт туралы түсінік;
- әдеби-теориялық білім;
- көркем бейне, әдеби тип, әдебиеттің шарттылығы ұғымдарының басты белгі-сипаттары;
- әдеби туындының тұтастығы, мазмұн мен түр деңгейі, туындының идеялық-стильдік бірлігі жайлы қорытынды мәліметтер.

Оқу әрекетінің негізгі түрлері:алған әдеби-теориялық және тілдік эстетикалық білімге сәйкес көркем мәтіннің тұтастық бітімін ұғынуы мен оқушының өзінің талдап-таразылауы;

- туынды бойынша мәселелік сипаттағы пікірнама-шығарма жазу;
- компьютермен, техникалық ақпарат құралдарымен жұмыс істеу;
- оқушының сын тұрғысынан ойлай білуі, өзіндік ой-пікірін жинақтау, қорытындылауға дағдыландыру;

Біліктілігі:өз бетінше мәселелер, мақсаттар (оқылған шығарма бойынша) айқындай алу, оны жоспарлай, жүйелей білу, эпиграфы мен қажетті дерек, цитаталарды орынды пайдалана алу, тұжырымдар жасай білу;

- энциклопедиялар мен сөздіктерді, әдебиеттану терминдері сөздіктерін пайдалана білу;
- әдеби-зерттеушілік жұмыстар атқару; пікір айту, рецензия жазу, сұхбат-интервью жүргізе алу, хабарлама, баяндама жасай алу, жарнамалар құру, сценийлер, әдеби монтаждар құра білу, жеке шығармашылықтың пайда болу үдерісін меңгеру.

Күтілетін нәтиже: ұлттық әдебиетіміздің базалық құндылықтарын игереді;

- білім алушы эвристикалық, ізденушілік әдістерге негізделген дүниетанымдық, шығармашылық зерттеу мәселелерін шешуге қабілетті;
- бір немесе бірнеше көздерден ақпарат ала отырып, ақпараттың күтілетін нәтижедегі орнын анықтайды;
- өз ісіне мақсат қоя отырып, оны іске асыру үшін қажетті жағдайларды анықтайды және ондағы жетістіктерге жету тетіктерін жоспарлап, ұйымдастыра алады;
- жоба жұмысында меңгерген біліктіліктерін басқа әрекет түрлерінде қолданысқа енгізе біледі.

Көне дәуір әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиеті, XIY-XY ғасырдағы жыраулар поэзиясы, XIX-XX ғасырдағы қазақтың классикалық әдебиеті, қазіргі кезең әдебиетінің жеке үлгілерін, шетел әдебиетінің кейбір үздік туындыларын оқып, зерделенген туындының негізгі мазмұнын, тектік жанрлық сипатын, идеялық тақырыптық мазмұнын білуі; кейіпкерлерге мінездеме беруі, салыстырмалы

талдау жасай білуі; әдебиеттің бейнелілік-образдылық табиғатын білуі, шығарма жаза білуі, ауызша пікір айта білуі, өзіндік көзқарасы болуы керек.

10-сыныпқа арналған білім мазмұны XIX ғасыр әдебиетіндегі қазақ елінің болашағын ағартушылық идеясымен байланыстыратын, саяси және рухани тәуелсіздік рухы біріктіретін ақын-жазушылар топтамасынан құрылады. Бұл сыныпта сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетінің жарқын болашағын белгілеген осы күшке тікелей қосылмаса да, оған тілектес болған халық мұңын шығармасына арқау еткен, бір топ әнші -ақындар шығармашылығы да қамтылған [2].Ақын-жазушылар шығармашылығынан монографиялық тұрғыдан оқытылатындықтан, сыншы ғалымдарымыздың еңбектері оқып зерделеуге қоса ұсынылады. Зерттеушілік бағыттағы жұмыстарға байланысты ақын-жазушылар туралы сын-зерттеу еңбектерін қарастыру көзделген [3].

Үш тілде білім беруді жетілдіру жөніндегі жұмыстар ата-аналармен, ЖОО-мен, желілік қоғамдастықпен байланыста жолға қойылған. Бұл байланыс конференция, диспут, іскерлік ойындар, коучингтер мен семинарлар түрінде жүзеге асырылуда. Оқушылардың үш тілді еркін меңгеру деңгейін анықтауда түрлі бағыттағы интеллектуалды білім сайыстары, кездесулер ұйымдастырады.

Осы ауқымды шараларды іске асыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- оқушыларды көп ізденіп мол білім жинақтауға жетелейді;
- мемлекеттік тілдің қажеттілігін арттырумен қатар тілдік ортаны кеңейтеді;
- Отаншылдық тәрбиенің қызметін нәтижеге бағыттап, өз бетінше өмір сүру дағдысын қалыптастырады.

Шығармашылық-зерттеушілік қабілеттерін дамыта отырып, пәнді оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байыту, эстетикалық, интеллектуальдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, оқырмандық талғамды, логикалық ойын, ауызша сөйлеу және жазба тіл мәдениетін қалыптастыру; мәдени-тарихи құндылықтарды дарытып дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу.

Жоба жасауға қойылатын талаптар:

- Жобаның негіздемесі (Жобалауға алынған әдіс-тәсіл, технология, модуль,т.б.-ға сипаттама беру, жағымды,жағымсыз жақтарын анықтау, қол жеткен нәтиже мен болжау арасындағы қарам-қайшылықтарды анықтау, шешуді қажет ететін проблемалар. Оларға әсер ететін факторлады анықтау, жобаның негізгі ойы, т.б.);
- Жобаның мақсаты мен міндеттері. (Мақсат –соңғы өнімді көрсетеді.Мәселені шешуде не істеу керектігін шамалау, міндеттер- мақсатқа жетудің негізгі әдістері, жолы, әрекеттің бейнесі).
- Күтілетін нәтиже: жобаның тиімділігін бағалау критерилері (Мысалы: мынандай әдістер қолданғанда, білім сапасы артады, оқушының өз бетінше жұмыс дағдысы қалыптасады,т.б.);
- Жоба нәтижесін қолданушылар;

- Жобаның болжамы (Егер ... істесек, онда..... мынандай нәтижеге жетемін);
- Жобаны іске асыру мерзімі.

Зерттеу әдісін қолданудың тәртібі:1) Зерттеудің негізгі мәселелері мен міндеттерін анықтап алу, («миға шабуыл»,дөңгелек үстөл»);

2) Гипотеза құру және оны шешу;

3) Зерттеу әдістерін талдау (статистикалық, эксперименттік, бақылаулар жүргізу, т.б.);

4) Соңғы нәтижені рәсімдеуге алдынала дайындық жасау, талқылау (презентация, қорғау, шығармашылық есеп,жинақтау, жүйелеу және нәтижені талдау);

5) Қорытындылау және нәтижені рәсімдеу,презентация;

6) Шешім жасау, жаңа зерттеулер тақырыбын қарастыру.

Осы әдістерді жүйелі қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жол ашылады.Өзіміздің іс-тәжірбиемізді қорытындылай келе мынадай түйін жасауға болады: шығармашылық тапсырмалар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, олардың білім сапасы көтеріледі. Әр мұғалім болашақ үшін жұмыс істеп, оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өмірдегі өз орнын табуына көмектеседі. Яғни,шығармашылық – бұл оқушының өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып келеді.Сонымен, көпұлтты Қазақстан жағдайында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды тетік болып саналады. Мұны Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін құруға және дамытуға бағытталған ұлттық идеологияның бір бөлшегі деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1.Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік// ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2017.

2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1999.

3. С.Қирабаев. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. –Ұлы ағартушы,демократ, педагог (Ы.Алтынсарин бөлімі) Алматы,1995.

4. Ана тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2012.

СЫНДАРЛЫ СЫННЫҢ САҢЛАҒЫ

Қайыржанов С. М.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

saken_81.12@mail.ru

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушылардың бірі профессор, сыншы Есмағамбет Ысмайылов. Есмағамбет Ысмайылов әдебиет пен өнер мәселелеріне түгелдей араласып,өзінің сүбелі ойы мен пікірлерін айтып

отырды. Е.Ысмайылов әдебиетке 30-жылдардың бас кезінде келді. «Он жылдағы олжа» мен «Алыптар» атты кітаптарға рецензиялары «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланып.қазақ әдебиеті сынына жаңа дарын именбей келе жатқанын аңғартты. 1934 жылы КСРО Журналистер одағы мүшелігіне қабылданған дарын «Тұлпар жыры», «Жігер жыры» мен «Жаз еркесі» атты үш өлеңдер жинағында 104жыр-толғаулары енгізілген. Бүкіл пионерлер әніне айналған «Күн күлімдетіп,біз лагерьге барайық» өлеңінің авторы Есмағамбет Ысмайылов екенін қазір біреу біледі, біреу білмейді. Ысмайылов әдебиеттану ғылымымен студент шағында-ақ шұғылдана бастаған. 1934 жылы «Абайдың поэтикасы» (Зейін Шашкинмен бірігіп жазған). Мақаланың өзгешілігі,мұнда Абай ақындығының жаңашылдығы,көркемдік қуаты,поэтикасы ерекше бейнеленеді. «Абайдың поэтикасы» «Өлең өрнектері», «Абайдың кейіптеу заңы», «Дауыс ырғағы» атты үш бөлімнен тұрады.Біріншісінде ақынның қазақ поэзиясында өлең өрнегінің жаңа он алты түрін енгізгендігін аңықтап, оны мысалдармен дәлелдейді. «Өлең өрнектерінде» ақын поэзиясындағы теңеу, бейнелеу, кейіптеу,айқындау, әсерлеу, түйдектеу сияқты бейнелеу құралдарына,сөз қолдану тәсілдері мен кейіптеу заңдары қарастырылған.Ал «Дауыс ырғағы» бөлімінде аллитерация,эпифора,анафора яғни Абай өлеңдеріндегі әр жол немесе әр тармақтың бір дыбыстан басталуын,қайталануына зерттеушілер ақынның «Күз өлеңім» мысалға алып отырып ой өрбітеді.Осындай талдаулардың нәтижесіне сүйене отырып,авторлар «Абай-қазақ поэзиясының атасы,шебер,шешен,ұста,классик ақын» деген тұжырым жасайды.

Сыншының қаламының бір ерекшелігі – әдеби даму процесін жалпылай әңгімелегенде әрбір ақын-жазушының шығармашылық тұлғасын көппен бірге араластырып алмай, ол әкелген жаңалықты,тәжірибені таңбалай,айшықтап көрсетсе,әдеби дамуға қалай жаңасып,толықтырып жатқандығын аңғару қиын емес. Қазақ ақындарының шығармашылығы туралы Е.Ысмайыловтың арнайы мақала жазбағаны аз. Оның ішінде жаңа әдебиетіміздің негізін қалаған Сәкен,қазақ поэзиясының шоқтығын бір көтеріп тастаған Ілиястан бастап кейінгі толқын Еркеш Ибраһимге шейін Е.Ысмайыловтың қаламының жаңға жайлы жылы лебізін көруге болады.50-жылдар соңындағы әдебиеттануғылымындағы қазақхалқының рухани-мәдени өмірдегі ерекше атап өтерлік оқиға-сталинизм қасіретінен аяулы есімдері қараланып,шығармаларына тыйым салынып келген С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды алыптардың ақталып, әдебиет тарихынан орын алуы болды. Сәкен мұрасының құндылығын,әдебиеттарихында алар орнын айқындау мен туындыларын кеңірек насихаттау, жан-жақты таныстыру мақсатында сыншы-ғалым ақын шығармаларын жариялау ісін жедел қолға алды. Е.Ысмайылов: 40 жыл ішіндегі үлкен олжамыздың бір саласы-қазақ совет әдебиетінің дамып,гүлденіп одақтық әдебиетке айналды. Сәкентануда тынымсыз еңбектенген ғалым «Революционер ақын» кітапшасын, «Сәкен Сейфуллин»аттыорта мектептің оныншы сыныбына арналған оқулық жазды. Сонымен қатар Сәкеннің алты томдық шығармалар жинағын баспаға дайындауға ұйтқы болған. Е.Ысмайылов 1964 жылы «Ақын

және революция» монографиясын жариялады. Сәкеннің қазақ кеңес әдебиетінің негізін салуға қосқан үлесіне жоғары бағасын берді. «Социалистан», «Тар жол, тайғақ кешу» атты күрделі новаторлық шығармалары қазақ әдебиетінің жаңа дәуірін жасады» деп ақын жаңашылдығына,қазақ кеңес әдебиетінде революцияны жырлауға алғаш үн қосқанына сындарлы пікірін білдірді. Ысмайылов еңбектері сәкентанудың тың ғылыми зерттеу үлгісін бастады. Ғалымның бұл еңбектерінің құндылығы К.Сейдаханов, Т.Кәкішев, С.Қирабаев зерттеулерінде жан-жақты бағаланып,қазіргі ұрпаққа мұра болып отыр.

Ғалым реализмді ауқымды ұғымда қарастырған. Абайға дейінгі халық поэзиясындағы реалисттік сипаттың дамуын оның кейінгі әдебиеттегі өркендеуіндегі ықпал-әсеріне басты назар аударған. Қазақ кеңес әдебиетінің поэзия, проза жанрындағы көркемдік ізденісі, реалистік дәстүрдің өрістеуі оның социалистік реализнің орнығуына ықпалын зер сала баяндаған ғалым, біріншіден, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, С.Ерубаев, С.Шарипов шығармаларының реалистік сипатын атаса,екіншіден, С.Мұқанов, М.Әуезов туындыларындағы социалистік реализм әдісіне ұласуын тұжырымдайды. Қазақ кеңес әдебиетінің туу,қалыптасу барысында реализм әдісімен қатар сыншыл реализм де өрісті арнасымен дамыды. Алайда сыншыл реализмнің шығармашылық игерілуі, қазақ кеңес әдебиетіндегі көрінісіне идеологиялық тұрғыда қарау себепті бұл өзекті мәселе өз деңгейінде шешімін таппай келеді. Сыншы ғалымның проблемалық ойларға толы сын мақалалары туралы айтқанда «Идеялық нысана көркем шығарманың негізгі арқауы», «Белестер биігінен қарағанда», «Әдебиетіміздің өзегі-бүгінгі күн», «Биіктей бергің келеді», «Ақын трагедиясы қандай» мақалаларында әдебиеттанудың әдеби-теориялық және ғылыми-зерттеушілік мәселелерін көркем сынмен тығыз байланыста қарастырған автор сюжет пен композиция,стиль,образдар жүйесі,жанр сыры,тіл шеберлігі,тәрізді сан- алуан проблемаларда ой-пікірін білдірді.

1939 жылы Қазақ КСР Оқу халық комиссариаты «Орта мектептің 8-10 сыныптарындағы әдебиет сабағы 5-7 сыныптардағыдай әдебиеттік оқу болмай,тарихи әдебиеттік курс болып оқытылуға тиіс» екендігін тұжырымдады да,оқу құралдарының жаңа жүйесін жасау қажеттігін ескертті.1939 жылы 9сыныпқа арнап Е.Ысмайылов пен Т.Ақшолақов жасаған хрестоматия 1940 жылы түбегейлі өзгеріске ұшырады, Е.Ысмайыловтың авторлығымен шықты. Осы хрестоматия негізінде оқулық жасау міндеті де Ысмайыловқа жүктеліп, 1941 жылы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулық жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» оқулығы зиянды, оларда XIX-XX ғасырларда жасаған кертартпа ақындар кіріп кеткен, «олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық,буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар ашып көрсетілмеген» деп бағаланды. Әсіресе Мұраттың, Дулаттың, Шортанбайдың, Шәңгерейдің, Омар Қараштың шығармаларының ескішілдік жақтарына көбірек шүйіледі. Е.Ысмайыловтың зерттеулерінің үлкен бір саласы фольклористика жатыр. Оның «Шора батыр туралы» және «Қазақтың ел әдебиеті,оған Фирдаусидің әсері» мақалалары осы саладағы тырнақалды ізденістері еді. Ол «Қазақ

ертегілерінің» алғашқы томын дайындап,оған алғы сөз жазды. Мұнда қазақ ертегілерінің генезисі,табиғаты,жүйесі ғылыми тұрғыдан кеңінен сөз болды. Автор қазақ ертегілерін 12 тақырыпқа,4түрге жіктейді. Кейін М.Әуезовпен «Қазақ ертегілерінің» 3томдығы шыққанда кіріспе сөз жазады[2: 177].

Ғалымның қазақ ауыз әдебиетін зерттеудегі көлемдісі де келелісі де-«Ақындар» монографиясы. Бұл еңбек зерттеушісінің ұзақ жылдар бойғы ізденістерінің ең елеулі жемісі болумен бірге қазақ кеңес фольклористикасының да үлкен табысы болатын. Төрт тараудан тұратын монографияның алғашқысы ақын және оның тұлғасы деп аталған. Мұнда ақын,жырау, жыршы, әнші-ақын, өлеңші ұғым түсініктердің табиғатын,шығу төркінін,мән-мағынасын тереңашып талдайды. Мысалы, «ақын» ұғымының аясына әңгімеші,жыршы,импровизатор дегенді сыйғызады. Ал, әнші-ақындарға, негізінен сал-серілер жатады. Бұларды халық өнерінің өкілдері деп есептейді. Ысмайыловтың топшылауынша «сері» сөзі араб халқының «сейір» немесе «серуен» «сайран салу» дегенінен өрбіді десе, ал «сал» ұғымын «салдырту» «салтанат» сөздерінен іздейді. Әлбетте, ақындық, музыкалық, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серінің арасында соншалықты айырма болмағанымен,сыртқы қимыл-әрекетінде,киім киісінде,сыпайылық әдетінде, мінез-құлқында өзгешелік барын әділ көрсетеді.

Есмағамбет Ысмайылов Үкілі Ыбырай жөнінде деректер келтіреді. Ол құранның мақамымен жырлаған.Сөйтіп тыңдаушыларын желідегі байлаулы құлындай ұстаған. Үкілінің дауыс екпіні айдардың лебіндей,жын буған бақсыдай,перідей,ой-пікірге мейлінше тапқыр,сөзі семсердей өткір еді деп сипаттайды. 1965 жылы Қостанай мен Қызылжар арасында қоныстанған елдерді аралаған сапарында Үкілі Ыбырайдың мына бір өлең шумағын жазып алыпты.

Әр жерде тиіп еді,пайдаң Керей,
Салып едім ортаңда, сайран Керей.
Астыма ат,үстіме киім берген,
Атыңнан айналайын,қайран Керей!

Көкшетау,Қызылжар өңірінен шыққан атақты ақын-композиторлар Игібай Әлібаев пен Молдахмет Тырбиев Үкілі Ыбырайдың шәкірттері. Ғалым «Қазақ әдебиетінің халық поэзиясымен өзара байланысы» деген зерттеуінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысы,өзара әсері,халық поэзиясындағы сөз саптау,сөз талдау ерекшеліктері,ақындық дәстүр мен шеберлік сияқты мәселелерді қарастырды. «Жазылып немесе басылып таралған шығармалар мен ақын-жыршылардың ауызша айтылған өлең-шығармалары бірін-бірі ығыстырып жоғалтқан емес. Қайта, біріне-бірі әсер етіп,толықтырып отырды»,деп ойын әрі сабақтап ширата түседі. Мәселен, Жамбыл мен Исаның көркемдік машығында суырып салмалық пен жазба поэзия дәстүрлері ұштасып,ұласып кеткендігін нақты дәлелдейді. Халық ақындарының лирикалық және эпикалық шығармалары «Біріңғай ертегі-әңгімені,батырлық және қырғын соғыс тәрізді оқиғаларды сырттай суреттеумен

шектелмей,кейіпкерлердің рухани дүниесін» терең әрі толық сипаттауға мүмкіншілігі артты [1: 225].

Ысмайылов талантын жаңа бір қырынан танытқан «Әдебиет теориясының мәселелері» атты жоғары оқу орындарына арналған оқулығы болды.Осы ретте ғалымның теориялық оқулық жазуы сол арқылы қазақ әдебиеті теориясын жасауға үлес қоса білуі оның күрделі салаға батыл бара білген дара қасиетін де танытады.Бұл еңбек М.Әуезовтің редакциясымен 1940 жылы басылып шыққан.Ғалымның бұл еңбекті жазуға біріншіден,әдеби даму процесі барысындағы өзекті мәселелері сын мақалалары елегінен өткізсе,екіншіден,әдебиет тарихының мектептік курсын жасау ісіне қазақ әдебиеті оқулығы мен хрестоматияларын жарыққа шығара отырып келгендігін баса көрсетеміз.

Ғалымның тағы да бір, бөле-жара айтатын еңбегі,өзінің сырлас досы Қасым Аманжоловтың ақындық тұлғасына қатысты.Ғалым Қасымның 1938 жылы шыққан «Өмір сыры» жинағы ақындық таланттың ұштау арқылы шұбырпалы жыр үлгісіндегі толғау түрінде келетін өлеңдерден, Абай дәстүрі,орыс поэзиясы үлгісіндегі ойлы,мағыналы көркем поэзияға,ойысуы және Пушкин,Лермонтов,Маяковский,Байрон, Шевченко туындыларын тереңдей оқып,олардан аударма жасау да шығармашылық өсуіне ықпал еткен-деп ой түйеді.Мәселен, «Владимир Маяковский және қазақ поэзиясы» атты мақалада Қ.Бекхожин С.Мұқановтың Қасымды Маяковскийден үлгі алған ақындардың бірі деген пікірін теріске шығарады. Сондай-ақ ақынның «Елге хат» өлеңін орынсыз сынап: Кеңес ақындарының жауынгерлік,ерлік істерін,жеңіске сенімін,бірлік,достығын жырлаудың орнына сары уайымға салды.Мұндай ұшқары, әрі социологиялық арқауы басым мақаланың қисынсыздығын Е.Ысмайылов ғылыми негізде сындарлы түрде түзетуге көңіл бөлген.Атап айтқанда Қасымның Маяковскийден аударған аудармасы оның ақындық дәстүрін,шығармашылық,эстетикалық принциптерін, меңгерудегі батыл қадамдары екенін түсіндіреді.Ғалым «Қасым Маяковскийге сырттай еліктемейді,осы тұстағы кейбір ақындарша он бір буынды өлеңді бір-бір сөзбен әр жолға шашып қойып,жазатын еліктегіш үлгілерге тырмыспайды,өлеңнің ішкі мазмұнын ақындық мәдениетін дамыту бағытында ізденеді» деп сындарлы пікір түйеді.Қ.Аманжоловтың қазақ поэзиясындағы жаңашылдығы дегенде сыншы біріншіден,жаңа формамен жазған аударма өлеңдерінде,яғни «Сулико» және «Өтеді күндер» лирикаларының форма жаңалығынан гөрі мұнда лирикалық ырғақ жаңа өлеңге ажар беріп тұрғандығын,екіншіден,ақынның он сегіз буынды өлең үлгісін қазақ поэзиясында тұңғыш рет кіргізіп,кейін «Дариға,сол қыз» сияқты арнаулы музыкасымен жазған өлеңдері арқылы дамытып қалыптастырғаны жайлы құнды тұжырым білдіреді.Ақын шығармашылығын ауқымды әрі кезең-кезеңмен талдаған Е.Ысмайылов Ұлы Отан соғысы дәуірінің Қасым поэзиясындағы жаңа бір ғарыштау кезеңі болғанын көрсетеді.Ғалым Қасымның Пушкин,Лермонтов туындыларын аударуға ойысып,шығармашылық жұмысының бір саласына айналдырғанын тереңірек қарастырады. «Қасымның ақындығы деген күрделі сұраудың шешуін

үзілді-кесілді айту оңай еместігін» сыншы жасырмайды.Аманжолов жаңашылдығын талдаған ғалым ақын поэзиясына тән мынадай басты ерекшеліктерді көрсетеді: біріншіден,сыршыл,суретшіл ақын өлеңдері жалынды,жатық,оралымды тіл байлығымен,екіншіден,поэзиясында әдейі көркемдік мәнер іздеген жасандылық іздемейді,көркемдік шеберліктің түрлі әдістері табиғи қалпында жымдасып,қалыптасқан мүсінде көрінеді,үшіншіден,өлеңдері музыкалы, күйлі,сылдырлаған асыл моншақтай,судырлаған жібектей жайнаған,халықтың қарапайым жай сөздерімен өлеңдерін құлпырта білуінде[4: 300].

Ысмайылов Қалижан Бекхожинмен бірігіп,1941 жылы Кенесары,Наурызбай және олардың батырлары жайындағы жыр-дастандар мен аңыз-әңгімелер жинағын (көлемі отыз баспа табақ)баспаға әзірлесе,1943жылы Е.Бекмаханов,М.Әуезов,С.Мұқанов,Қ.Бекхожин,Б.Кенжебаевтардың ат салысуымен жарияланған.Одан бұрын яғни,1939жылы «Большевик Қазақстана» журналындажарияланған тарихшы Якуниннің шовинистік қозқарастағы қаралағыш мақаласына дер кезінде қарсы шығып,Кенесарының тарихи тұлғасын ақиқат тұрғысында зерттеу қажеттігін ескерткен ғалымдардың бірі Е.Ысмайылов болғанын айту ләзім.1939-1940 жылдардағы Кенесары қозғалысы төңірегіндегі даулы тартыстардағы өз позициясын былай өрбіткен-ді:Міне,сол айтыстың кезінде екі-үш ай бойы ұйқы көрмей,азып-тозып архивтің арасында отырып, барлық жүйкені тоздырып жүрген кездер болды.Сол не үшін? Ата-бабаның жақсы қасиетіне кір жұқтырмау үшін ғой»

Е.Ысмайылов 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихына, «Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жыр әңгімелер» тарауын жазды. Ол кезде Кенесары қозғалысы туралы дау-дамайдың өршіп тұрғанына қарамастан өзі бас болып шығарып отырған кітапқа осы тақырыпты өзі таңдап жазуының өзі Ысмайыловтың ұлтжандылық,азаматтық бағытын аңғартса керек. Мәселен,осы тақырыпты өрбітсек тамыздың ортасында (14-17.VIII.1951) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Қазақ Совет жазушылары одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктер,оны жою шаралары туралы» мәселе қарады. Онда баяндамашы; «турасын айту керек,отызыншы жылдардың ақырынан соңғы уақытқа дейін Ысмайылов жолдас өзінің кітаптарында,мақалаларында,баяндамаларында, Кенесарыны нағыз белсене дәріптеуші,қастерлеуші және уағыздаушы болды. Ол ол ма, халық ақындары мен ақын, жазушыларға да Кенесарыны дәріптеуде оның үлкен әсері болды». «Ұлтшылдыққа» қарсықүресті әлі де күшейту керектігін міндеттеп жатқан кезде сол тұстағы саяси науқанның басты нысанасына айналған әдебиетші ғалымдардың біразы түрмеде отырған болатын. Соғыстан кейінгі «саяси соққыға» алғаш,әрі көп ұшыраганның бірі Е.Ысмайылов 1951 жылы 6қарашада ұсталып,абақтыға жабылды.Оған алашордашылардың «буржуазияшыл-ұлтшылдық пиғылын насихаттап,өз еңбектерінде оңды-солды жазғаны,хан мен сұлтандарды мақтағаны,кертартпа ақындардың және кеңес халқының қас жаулары-алашордашылардың деректерін пайдаланып,антисоветтік үгіт жүргізген»деген айыптар тағылып,25жылға сотталды.

Осы саяси науқан барысында «ұлтшылдықпен» айыпталғандардың кейбіреулері «жаздым,жаңылдым» деп, баспасөз бетінде «кешірім» сұрап та жатты. Ал Е.Ысмайылов кешірім сұрамақ түгілі,түрлі жиналыстарда,талқылауларда сөйлеген сөздерінде өзіне тағылған «кінәлардың» көпшілігін мойындамай келген болатын.Есмағамбеттің өз бағытына деген сенімділігі, табандылығы сот құжаттарынан да айқын көрінеді.Е.Ысмайыловтың сын мақала және зерттеулеріндегі Кенесары,Құнанбай сияқты тарихи тұлғаларды әдеби, тарихи бағалаудағы шыншылдығы,тарихшылдығы,ғылымилығы оның ғылыми-эстетикалық,өрелі сыншылдық,зерттеушілк терең талдаулар жасаудағы ұлтжандылық,отансүйгіштік,тұлғасын танытады [3: 311].

Иә, 55 жыл өмір сүріп,оның отыз жылын бүкіл саналы өмірін идеологиялық қысымда жүріп қазақ әдебиетін зерттеуге арнаған Республика Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі,ғылымға еңбегі сіңген қайраткер,КСРО Жазушылар одағының мүшесі,филология ғылымдарының докторы,профессор Е.Ысмайылов артына айтарлықтай мол мұра қалдырды.Оның еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының,атап айтар болсақ оның теориясы,тарихы,сыны салаларының,қазақ фольклористикасының қалыптасып дамуына үлкен үлес болып қосылды.Ғалымның зерттеулері сол қиын кездің өзінде-ақ лайықты бағасын алған болатын.Заман өзгергенмен күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Әдебиеттер:

1.Негимов С. Таным мен пайым. – Алматы,2009. -225 б.
2.Ысмайылов Е. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау туралы. – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 177 б.
3. Ысқақұлы Д. Сын талқы. – Алматы,2005.-311б.
4.Жұмалиев Қ. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, «Рауан», 1994. – 300 б.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ БЕЙНЕЛІЛІГІ

Какимова М.Е., Кадыров А.Ж.
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қ.
k-sean@mail.ru

Қазақ мақал-мәтелдері – сөз өнеріміздің телегей-теңіз байлығы, ғасырлар бойы жиналған халық даналығының айқын көрінісі. Жалпы мақалар мен мәтелдер – халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған хлықтың асыл ойының көркем көрсеткіші.

Мақал-мәтелдерінің қай-қайсысын алсақ та тоқсан ауыз сөздің тобықтай

түйінін тауып шешетін асыл мұра. Мақал-мәтелдің қай-қайсысы болса да оқушының ақылын ақыл қосатын, жарқын болашағына дұрыс сілтейтін, өмірді танытатын қамқоршы. Онда халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі өсиеттері айтылған. Онда халық даналығы сақталған.

Мақалдар мен мәтелдер көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, айтайын деген ойдың мағынасын толықтыратын, сонымен қатар ұтымды да, ықшамды қолданылатын әдемі форма. Өйткені бұл мол тәжірибенің ұзақ уақыт әбден сұрыпталған, екшелген сыннан өткен асыл түйіні. Мақалдар мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, есте сақталуға икемді де жеңіл болатындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады. Мақалдар мен мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар оларды көркем және образды сөйлеуге жттықтырады, сөз байлығын дамыта түседі. Оларды жарқын болашаққа тәрбиелейді. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» - деп еңбектенудің, талаптанудың, үздік әрекеттің арқасында осындай игілікке шықаруға болатынына олрдың сенімін арттырып, сөздерін ынталандыра, қызықтыра түседі. Балалардың көңілін серпілтіп, қанатына су бүркіп аспандата береді. Осының бәрі халықтың балаға деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра.

Қ. Жұмалиев: «Мақал-мәтелдің екеуі де, негізінде, аты белгісіз халық даналарының өмірді бақылай келіп айтқан үлкен ой, терең пікірлерінің жиынтығы» [1: 29] – дейді.

Қазақ мақал – мәтелдерінің мағынасы астарлы, кең, құрылысы ықшам, жинақтылығымен қатар, ол көркем де әрлі, ажарлы болып келеді. Тілге орамды, сөз арасында айтуға ыңғайлы. Мұның құлаққа жағымды, сазды естілуінен, тез жатталуының тағы да бір ерекшелігі – дауыс ырғағы, дыбыс үндестігі, ұйқас жайларының мұқият ескерілуінен болса керек. Мысалы:

1) «Аптыға сөйлеп ауызды атанғанша, анықтап сөйлеп, маңызды атан.

2) Аққу құстың төресі, жалғыз жүріп оттамас,

3) Қас жақсының белгісі, қара сөзді жақтамас.

4) Берекесіздің ауылы – мерекесіз.

5) Атың сат, тоның сат, жатарыңда тойып жат.

6) Ел құлағы елу» деген мақал-мәтелдердің көңілге қона кетуі, ырғақ, ұйқасы келісіп тұр.

Мақал-мәтелдердің өзіндік ерекшеліктерінің бірі – оның шебер қиюласуындағы дыбыстардың үндесуі - аллитерация мен ассонанс мәселесі. «Көріктеу құралы ретінде үн гармониясын туғызтын тәсілдердің бірі-аллитрация мен ассонанс. Аллитерация микротексті бірыңғай (бірдей немесе ұқсас) дауыссыз дыбыстар қайталанып келетін сөздермен құру болса, ассонанс бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталап келтіруде қолданылатын тәсіл болып табылады» [2: 45].

Халықтың мақал-мәтелдер, жұмбақтар ырғағы, ұйқасы жағынан ешқандай өлеңдерден кем емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай үлгісі ұйқасын келтіріп тұрған – тек қана қайталама. З. Қабдолов қайталамаға мынандай анықтама береді: «фигураның (айшықтаудың) бір түрі – қайталама сөз әсерін күшейте отырып оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсені, не

құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұтқыр сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу» ғалым қайталаманы төрт түрге бөледі [3: 32]. Мақал-мәтелдерде дауыссыз дыбыстардың тізбектеліп келіп, жымдасып шеберленуі жиі ұшырасады. Мысалы:

«Жақсының жаны – жәннат.

Бір де болса бірегей болсын.

Көптің көзі көреген.

Тамыр тартқан тарықпас.

Сауда сақал сипағанша» т.б сияқты аллитерация арқылы жасалған мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.мақал-мәтел табиғатынан осы тәрізді көркем сөз тәсілдерінің мол кезхдесетіні себебі, біздің пайымдауымызша, мақалдардың тілге жеңіл, айтуға ыңғайлы, жаттап алуға оңай болуына аса қажетті шарттардың бірі болуында.

«Сөзден сескенбеген сойылдан сескенбес»;

«Санаулы сөз салмақты»;

«Сүйкімді сөз сүйек балқытар», сақаудың соңғы сөзін тыңда»;

«Жалықпаған жау жеңеді»;

«Шын орақшы, орақ таңдамайды»;

«Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу»;

«Тура биде туған жоқ»;

«Болат қайнауда шыныгады

Батыр майданда шыныгады».

Ассонанс – сөз басындағы, аяғындағы, ортасындағы дауысты дыбыстардың өзара сәйкес, үндес болып келуі болса, осы бір құбылыс мақал-мәтелдерде жиі көрініс тапқан. Ал енді ассонанстан тұратын мақалдар мен мәтелдерге мысалдар келтірсек:

«Айналдырған ауру алмай қоймас».

«Ай – айдың аты бас, әр айдың аты басқа».

«Ат алсаң, ауылыңмен ал».

«Азулы ат арымас».

«Ас адамның арқауы».

«Аштың ақылы астан әрі аспайды» т.б сынды ассонансқа құралған мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. «Аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыс үнділігін, әрине тек ауыз әдебиеті мен ауызша тараған ақын-жазушылар туындыларының көріктеу тәсілі деуге болмайды. Эвфония қарастыратын дыбыстық қайталаулардың қай-қай түрі де: аллитерация, ассонанс, анафора, эпифора, ұйқас, ырғақ эмоциялық бояу үстейтін стильдік тәсіл болса, оларды қай дәуірдін: сөзгері болса да қолданбай отырмайды» [1: 134].

«Ұстазы жақсының-

Ұстамы жақсы»,

Эпифора мақал-мәтелдерде өте жиі қолданылады.

«Жаманға шөп батады

Жақсыға сөз батады»

«Жақсыға шаң жуымас,

Жаманға жан жуымас»,

«Жақсының соңынан көп ереді

Жаманның соңынан сөз ереді» т.б.

Сонымен қоса, мақал – мәтелдер бойында параллизм кездеседі. Бірақ, мақал – мәтелдердің бұл түрі онша көп емес, болса олардың өзіндік сыр – сипатын салыстыру үшін бір-біріне ұқсас нәрселер алынады. «Параллелизм – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеудің тәсілі. Екі түрлі ұғымды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас поэтикалық бейне тудырады. Бұл халық ауыз әдебиетінде жиі қолданылады» [4: 263]. Тыңдаушыға әсері мол болу үшін және толғаныс-тебіреністі де білдіру үшін мақал-мәтелдерде параллелизм қолданылады.

Мысалы:

Отсыз өріс – малға жайсыз,

Батпақты жер – жолға жайсыз.

Сусыз жерде қамыс жоқ,

Азған елде намыс жоқ» т.б осы сипаттағы мақал-мәтелдердің бойынан параллелизмді көруге болады. Мысалы мақал-мәтелдерде жақсы мен жамандықты салыстыра отырып ой түйінделеді. Параллелизм мақал-мәтелдердегі көркемдік әсерді күшейтеді.

Мақал-мәтелдерде теңеулер де мол қолданылған.

Т.Қоңыров теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрлымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген. Қазақ теңеулері атты монографиясында ғалым теңеуге мынандай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз - ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [5: 7], - дейді.

Мақал-мәтелдерде сөздердің символдық мәні де назардан тыс қалмаған. Мақал-мәтелдерде халқымыз *ақ, қара, суық* сөздерді символ ретінде қолданып, олардың берер мағынасын тереңдеткен, көркемдігін арттырған. Мысалы, ақ түс адалдықтың символы, қара түс – зұлымдықтың символы екені белгілі. Мақал-мәтелдердегі «*Суық»* сөзінің мәні жауыздық, қаталдық деген ұғымдарды туғызу үшін қолданылады.

Мысал келтірер болсақ, Мақал-мәтелдердегі «жақсылық» пен «зұлымдық» ұғымдары қара және ақ түс арқылы сомдалады. Түр-түсте кез-келген этностың ғаламды түсінуі жақсы көрінеді. Түр мен түске әлемді танудың ерекше концептері ретінде қарауға болады. Мақал-мәтелдегі түр - түс символикасы өзіндік ерекшелікке, өзіндік символдық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Басқа халықтардағыдай қазақ халқы үшін де әлем екі түске – **ақ** пен **қараға** бөлінген. Оның бірі ақ түс-күллі игі, жақсы қасиеттер бейнесі болса, көп

жағдайда қара түс-жамандық біткеннің бедеріне ие. Оны төмендегідей мақалдардан аңғаруымызға болады:

*Ағын су арнасын табады, **ақ** адам орнын табады;*
***Ақ** бидайдың қадірін ашыққанда білерсің,*
***Ағарғанның** қадірін қыс шыққанда білерсің;*
*Ананың алды-**ақ** жаулық.*

Қазақ халқы үшін ақ-қара түстердің орны ерекше. Бұл түстер қазақ халқының наным-сенім, салт-дәстүрін, ішкі болмысын танытады. Оған жоғарыдағы мақал-мәтелдер дәлел.

Мақал-мәтел – халықтың көп жылдың, сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкенінен қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы: табиғатта, өмірде үнемі болып, қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Мақал-мәтелдер – әрбір халықтың көне де байырғы рухани қазынасы. Ол – өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналы қоғам құраған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, сұрыпталып, толассыз толығып келе жатқан жанды құбылыс, халық даналығының қорланып жиналған қоры, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани мирасы.

Әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 363 б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 207 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1983. – 231 б.
4. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, Ана тілі, 1998. – 385 б.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1978. - 192 б.

КҮНДЕЛІКТІҢ ТАРИХИ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кәрібозұлы Б., Өтегенова А.А.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.
aya1391@mail.ru

Кез келген жеке тұлға – қоғамның бөлшегі. Ол белгілі бір қоғамда өмір сүру арқылы сол қоғамның өзгерісі мен жаңалығына, басқа да жағдайларына куә болады. Тек куә болып қана қоймай оны жасауға атсалысады, араласады, белсенділік танытады. Сондықтан да ұлт, мемлекет тарихын жасауда сол кезеңде өмір сүрген жеке тұлғалардың көзқарасы, ойы, пікірі, тіптен оның ішкі әлемі тарих ғылымы үшін дерек көзі ретінде қарастырылуы да заңдылық. Ал жекелеген адамдардың көзқарас-пікірлері мен ой-толғамдарының анық, ашық, шынайы көрінетін тұсы олардан қалған күнделіктер, естеліктер және жазған

хаттары, яғни мемуарлық жазбалар. Осы әдеби жанрлардың ішінде күнделіктің орны ерекше.

Әрине, күнделік жазу үшін жазушы не тарихшы болу шарт емес. Кез келген адам өзінің күнделікті көрген-білгенін, сезіп-түйгенін ақ қағазға түсіріп отыруы мүмкін.

Біздің ойымызша күнделікті жазудың да өзіндік мақсаты болады. Кейбір күнделіктерде жеке адамның сезім-сыры, бастан өткізген оқиғасы, өмір-тіршілігі жазылады. Ал жазушы үшін күнделік – көркем шығарманың шикізаты. Тарихшы-ғалымның күнделік жүргізудегі мақсаты тіптен бөлек болуы мүмкін. Бұндай күнделіктер ғылыми мақсатқа құрылады. Қоғамдағы болып жатқан өзгеріс-жаңалықтар, саяси оқиғалар мен тарихи жағдайлар т.б. алдағы ғылыми еңбек үшін жазылады. Орыс ғалымы М.О.Чудакова күнделік жанрына байланысты: «Күнделік – күнделікті жазба түрінде бірінші жақта берілетін баяндаудың түрі. Әдетте бұндай жазбалар өткенді еске түсіруші емес, күнделікті жаңа оқиғаларды жазып отырады»,-деген пікір білдіреді [1, 707б.]. Осы пікірге сүйенер болсақ, күнделік бірінші жақтан жазылатындықтан күнделік жазушы өзі көріп-білген, сезінген, куә болған оқиғаға байланысты өзіндік пікірі мен көзқарастарын, ой-ұстанымдарын да жазуы заңды. Тарихи дерек көзі ретінде құнды күнделіктер де осылар.

Қазақ тарихын алғаш зерттеу ісі XIX ғасырдың басында қолға алына бастады. Бұған ең бірінші көңіл бөлген шетелдік зерттеушілер мен әскери шенеуніктер, ориенталистер, орыс географиялық қоғамының мүшелері болатын. Олардың көпшілігі қазақ даласын зерттеу ісінде күнделік жазуды әдетке айналдырды. Оның басты себебі, олар қазақ тарихын жазуда, қазақ мәдениеті мен руханиятын зерттеуде ұшы-қиыры жоқ қазақ даласын аралай жүріп, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, ауыз әдебиетінің үлгілілері мен өлең-жырларды жинады. Осындай кездері кіммен кездескендігін, кімнен жазып алғандығын т.б күнделік ретінде жазып отырды.

Қазақ тарихын жазуда поляк ғалымы Адольф Янушкевичтің орны ерекше. Ол 1830 жылы поляктардың ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін 1832 жылы 4 наурызда әскери сот үкімімен ақсүйек атағынан айырылып, 25 жылға Сібірге жер аударылған. А.Янушкевич айдаудың алғашқы 12 жылын Сібірде өткізді, кейіннен Тобылда және Есілде тұрады.

1841 жылы Омбыдағы шекаралық басқармаға ауысуға рұқсат алып, іс қағаздарын тіркеуші қызметін атқарады. 1843 жылдан бастап қазақ даласына сапарға шығатын экспедициялар құрамына енеді. Осы сапарларда көргендері мен білгендерін күнделігіне түсіріп, Польшадағы туыстарына хат арқылы жолдап отырды. Оны, әсіресе, қазақ елінің меймандостығы, әдет-ғұрпы, тілі, салт - санасы, ақындық, шешендік өнерлері қатты қызықтырған. Қазақтың сол кездегі толағай тұлғалары үйсін Мәуке би, аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы, сұлтан Барақ, ақындар Жанақ пен Орынбай жөнінде естелік, пікірлері аса құнды. Ол өзі секілді айдауда жүрген отандасы, белгілі ақын Г. Зелинскиймен кездесіп, етене араласты. Ақынның қазақ елі туралы «Қазақ», «Дала» атты дастандарының тууына да А.Янушкевич ықпал еткен.

А.Янушкевич қайтыс болғаннан кейін, Францияға қоныс аударған туыстары оны мәңгі есте қалдыру мақсатымен күнделіктері мен хаттарын «Адольф Янушкевичтің өмірі» деген атпен кітап етіп 1861 жылы Париж қаласында, кейіннен 1875 жылы Берлин қаласында бастырып шығарды. Қазақстанда Янушкевичтің кітабы «Дневники и письма из поездки по казахским степям» деген атпен 1966 жылы орыс тілінде, 1979 жылы қазақ тілінде басылып шықты. 2003 жылы Янушкевичтің туғанына 200 жыл толуына орай оның кітабы Астанада «Қазақ даласындағы сапардың жазбалары» деген атпен екінші рет қазақша аударылып басылды. А.Янушкевичтің осы жолсапар күнделігінен де қазақ даласы туралы көптеген мәліметтерді алуға болады. Мысалы, 1846 жылы 3 қыркүйек күнгі жазған күнделігінде: «... Сәлден соң қоршаған ағайын-туыстарының ортасында әрең-әрең келе жатқан Құсбектің өзі де көрінді. Үстінде қара биқасап шапан, қасында бірнеше жас сұлтан бар, бәрі де басына қырғауылдан бөрік киіпті. Ол атының басын Виктор үйіне тіреп, сәлемдескен соң, қатты шаршадым деп керуетке жантайды. Бұдан кейін ол үй айналасында сапырылған жұртты кетуге бұйырды да, Кенесары туралы сөз қозғады. Кенесары дәл қазір Іле сағасында жүр дейді. Надан тобықтылардан бізбен бірге ере шыққан екі қазақ таяуда үйсіндермен кездесіп, Кенесарыға жақындап кері қайтыпты...» [2, 239-240б.]. «1846 жылы 5 қыркүйек. 40 шақырым жүріп, Нұра өзені бойындағы Қаражал жайлауына тоқтадық. Ел болысы Есберген тіккізген киіз үй басқалардан ерекше: таза, он екі қанат, іші барынша жасаулы. Бізді Сухоналимов түстікке шақырып, бүлдірген шырынын, жаңадан пісірліген тоқашты дастарханға қойды. Әсіресе, осы үйден биыл бірінші рет картоп жедік. Михайл бізге Тобылдан бірнеше бөлке нан мен бір қалбыр тосап жіберіпті...

Біраздан соң Кенесарыға қарсы жіберілген жасақ бастығы казак офицері Карбышев келді. Кешкілік біз хан мен Керей ақсүйектеріне шай бердік». (Янушкевич Адольф. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Аударған Ғабит Зұлхаров. Астана. Аударма. 2003. 264 бет. 242-243-беттер)

16 қыркүйек, 1846 жыл. Мен шамасы аз-аздап қазақ болып бара жатқандаймын. Киіз үй менің үйреншікті баспанама айналды. Қарқаралыда ұйқым қашса, мына таза ауада керемет ұйықтаймын. Айнала елсіз, белуардан келетін шөп... (Янушкевич Адольф. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Аударған Ғабит Зұлхаров. Астана. Аударма. 2003. 264 бет. 249-бет). Осы аз ғана үзіндінің өзінен сол кездегі тарихи жағдайлармен бірге елдің әлеуметтік өмірінен де хабардар боламыз.

А.В.Затаевич алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жж. басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап ол өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Ол жатақханаларды, мектептерді, құрылыстарды, орта дәрежелі оқу орындарын, казармаларды аралайды, съезге, конференцияға, кеңестерге келген қазақтардан ән жазады. Базар, театр, концерт орындарының фойелерінде кездескендердің бәрінен де жазып алады. Бала жасынан кіршіксіз естітін

құлағы жасы елуден асқанша көрмеген елдің музыкасын жаза баспай нотаға түсіруге мүмкіндік береді.

А.В. Затаевич қазақ әндерін жинау мақсатында елге шығады, Жайықтың бойын, Сыр, Ертіс өзендерін, Бөкей, Қарқаралы далаларын аралайды.

Замандар бойы жабылып жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді. Ұлты басқа болса да, жер орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 жылы қиын-қыстау кездерінде кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін нотаға түсірген.

Халықтық кәсіби әнші-күйшілерінің шығармашылық қызметін, олардың орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады. Ақан Сері, Біржан Сал, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет т.б. шығармаларын алғаш рет Затаевич жарыққа шығарды.

Сөйтіп, ұлттық дәстүрлерді сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. Этнографтың "Қазақ халқының 1000 әні" (1-бас., 1925 ж., 2-бас., 1963 ж.), "Қазақтың 500 ән-күйі" (1931), "Песни разных народов" (1971), жарияланбаған "Қазақ музыкасының 3-томы" деп аталатын жинақтарында қазақ халқының классик. ән, күйлерінің үлгілері мол орын алған.

Затаевичтің еңбектері арқылы қазақ музыкасы дүние жүзіне тарады, бүкіл Еуропа елдеріне жетті, алдыңғы қатарлы өнер иелерінен жоғары баға алды. Мұнда қазақ музыкасының көптеген теориялық және тарихи мәселелерінің беті ашылды.

Қазақ халқының музыка мұрасын сақтап келген 500-ге жуық өнерпаздар – М.Шамсудинова, Ә.Қашаубаев, Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов, М.Бөкейханов пен Н.Бөкейханов, Ғ.Мұхитов пен Ш.Мұхитов, ғылым қайраткерлері Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, М.Бөжеев, әдебиет және өнер қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, Ж.Шанин, т.б. өздері білетін ән, күйлерді Затаевичке айтып, жаздырды. Қазақтың фольклорының жиналу дәстүрін қалыптастырып, одан әрі жалғастыруда А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Б.Ерзакович, М.Төлебаев, Л.Хамиди және басқалардың еңбектері орасан зор.

Сөйтіп, 1920 көктемінен бастап 1923 ж. аяғына дейін, нағыз аш-жалаңаш жол қиындықтарына да қарамай, А. Затаевич қазақтың 1000 әнін жинап нотаға түсіреді. Ол да өзінің кімнен қандай уақытта, қалай ән жазып алғандығын күнделікке түсіріп отырған. Ал ол күнделіктердің бүгінгі күні мәні ерекше.

Күнделіктің әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанына айналғанына да көп бола қойған жоқ. Орыс әдебиеттануында күнделіктің жанр ретінде зерттеле бастағаны соңғы 25-30 жылдың көлемі. Ғалымдар Л.Гинзбург, Г.Белой, Ю.Манна, В.Кардина т.б. күнделікті көркем шығарманың шикізаты ретінде қарастырып зерттеп келеді. Ал қазақ әдебиеттану ғылымында профессор Қ.Ергөбек күнделікті мемуарлық жанрдың аясында қарастыра отырып, оның қазақ әдебиетіне келуі, жанрлық ерекшеліктері туралы ой-пікір білдірді. Д.М.Поляк «Жанр дневника и проблемы его типологии» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясы қазақ әдебиеттану ғылымындағы осы

тақырыпты сөз еткен іргелі жұмыс деп айта аламыз («Жанр дневника и проблемы его типологии». Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алматы. 2004.).

Әдебиет зерттеушісі Қ.Ергөбек «Баянғұмыр» (1991), «Сәбит Мұқанов» (2000), «Жазушы шеберханасы» (2002) еңбектерінде күнделік сырына ерекше ден қояды. «Күнделік – әдебиет үлгісі. Әдебиет үлгісі болғанда, айта беретін мемуардың ішкі жанрлық бұтағы. Біз «күнделік-әдебиет үлгісі» дегенде, күнделіктің бір ғана саласын айтып отырмыз. Әйтпесе, күнделікпен іштей туысатын шаңырақ жәдігерлігі-тұрмыстық күнделік формаларын пайдаланып жазылған көркем шығармалар да бар. Әрине, олардың жайы бөлек. Тұрмыстық күнделік белгілі бір әулет шежіресін түзіп, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, кейінгі буынға желі тартып, тармақталып кете бермек...[3].

Әдебиеттер:

1. Чудакова М.О. Дневник. Краткая литературная энциклопедия в 9 томах. – М.: Сов. энциклопедия, 1964. – Т.2. – С
2. Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Аударған Ғабит Зұлхаров. Астана. Аударма. 2003. 264 б.
3. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр. (Сын-мақалалар).- Алматы: Жазушы. 1991. 232 б.

Т.ӘМІРЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АРНАЛАРЫ

Кенжебулатова Г.Б., Есентаева С.Б., Қадыров Ж.Т.
Петропавл қ., М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті

Тәңірберген Әміренов өлеңдерінің қомақты бөлігі табиғатты жырлауға арналған. Ақын табиғатты жырлаудағы ұлттық поэзияның қалыптасқан дәстүрінен үлгі алады. Бірақ, қалыптасқан дәстүрді қайталап қана қойған жоқ, халықтық поэзия мен Абай қалыптастырған нағыз суреткерлік шеберлікті ұштастыруға ұмтылды. «Жылдың төрт мезгіліне арнап өлең жазу дәстүрін қазақ поэзиясында Абай Құнанбаев жасап берген болатын. Табиғаттың айтулы кезеңдерін жырлаудағы ұлы Абай негізін қалаған дәстүр қазақ поэзиясында үзілмей, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Жалғасқанда құр қайталау емес, қайта жаңара, құлпыра, байи түсу бағытындағы дәстүр жалғастығы болып отыр» [1: 9],- деген ғалымдардың пікірі Т.Әміренов поэзиясына да қатысты айтылған.

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» деп көкжиектен көтерілген көңілді көктем маусымын жырға қосқан Абайдың ізімен Тәңірберген ақын «Майға тарту», «Көктемде», «Көктемге күшті қосып аттанайық» сияқты бірнеше өлеңдер жазды.

Ақынның күз, қыс мезгілдері туралы өлеңдерінде дәуір рухы, уақыт тынысы айқын сезіліп отырады. Бұл арада Т.Әміренов тағы да ұстаз Абайға жүгінеді. «Аяз ата» деген өлеңі кешегі Абайдың «Қысын» еске салғандай. Аяз атаның бейнесін беруде ұлы ақынға кейде ұқсап, кейде алшақтап отырғанымен, нысан біреу болғандықтан, бірін-бірі қайталау қайткенде де ұшырап қалуы таң емес. Ал, сол бейнені жырлау үстінде, өз заманының тынысын сездірудегі ақынның даралығын анық байқаймыз:

Ақ күпі үстіндегі алқын-жұлқын,
Салбырап сүңгі басқан сақал-мұртын.
Мұз кірпік, тұман қабақ, қырау маңдай,
Айнымас қас батырдан көрсең сұрқын [2: 33].

Ақын қолданысындағы «мұз кірпік», «тұман қабақ», «қырау маңдай» эпитеттері – Абай түрлеген құбылтулардың келісті жалғасы. «Қас батырдай» сұсты адам кескіні көз алдыңа елестейді. Абайда боранның қаттылығын «алты қанат ақ орда үй шайқалуынан» білсек, Тәңірбергенде ашулы адамның қимыл-әрекеті негізінде көрінеді:

Қалшылдап қаһарланса бет қаратпай,
Адамның қаймықтырып алған ырқын.
Ышқынса танауынан дауыл тұрып,
Айдайды дүркіретіп, көктің бұлтын [2: 33],-

деп айшықты сурет шебер дамытылған. Абайдағы «Басқан жері сықырлап келіп қалды» («сықырлау» – қардың қаттылығын дәл беретін етістік) деген өлең жолы Тәңірбергенде «Сықырлап ызғарынан басқан жері» болып қиуын тапқан. Осы тәріздес ұқсастықтар өлеңнің өне бойынан кездесіп отырады. Абайдағы «Бет қарауға шыдамай теріс айналды», Тәңірбергенде «Қалшылдап қаһарланса бет қаратпай; Абайда «Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда», Тәңірбергенде «Долданса көмейінен көбік құсып»; Абайда «ақ киімді, ақ сақалды» болса, Тәңірберген ақында «ақ күпілі, сүңгі басқан салбыраңқы сақал-мұртты». Өлең жолдарына сәл өзгерту енгізе отырып, «Абайды қайталауы» да Тәңірбергеннің сөз саптауының өзіндік ерекшелігін танытады.

Абай мен Т.Әміренов арасындағы ұқсастықтар Абай дәстүрінің аясында кейінгі ақынның өзіндік стиль қалыптастыра білген шеберлігін айқындайды. Табиғатты жырлауда қазақ өлеңін классикалық дәрежеге көтерген Абайдың дәстүр-тәлімін (кейіптеу, теңеу, суреттеу тәсілдері мен амалдары) Тәңірберген ақын өз туындыларында жаңарта жаңғыртты.

«Тәкеңнің ақындық диапазоны – қазақтың даласындай кең, азғана біліммен ол бір ғана таудың, ия өзеннің айналасында шырмалып қалған ақын емес, өресі ұзақ, шабысына шабыты орай салмақты өлеңдер жазған кең тынысты жүйрік» [3],- деп жазды жазушы М.Сәрсеке.

Туған жерді, кең даланы жырлаудың аға буын қалыптастырған дәстүрін кейінгі буын ақындар үзбестен жалғастырып келеді. Мәселен, Т.Әміренов өзінің «Шыңғыстау сипаттамасы», «Туған елім», «Өскен өлкем», «Туған ауылым – Саржалым», «Семей туралы сөз» атты өлеңдерінде туған жерді жырлаудың жаңа, биік өредегі дәстүріне кең жол ашты.

Еңбек, кәсіп, шаруашылыққа байланысты халық өлеңдерін Т.Әміренов сынды ақындар ілгері дамытып, жаңғыртып жырлап келді. Ақынның еңбек тақырыбындағы өлеңдерін іштей мал шаруашылығы, тың, егіншілік, өндіріс (техника) тақырыбы деп жүйелеп қарастыруға мүмкіндік бар.

Тәңірберген соғыстан кейінгі дәуірдегі қазақ өлеңдерінен елеулі орын алған тақырыптардың бірі – тың тақырыбына да қалам тартады. Ақын «Көтердік байтақ тыңды да» өлеңіндегі:

Бау-бақшалы тың өлке,
Дәулетке толған шарасы... [2: 25],-

деген сарындар «Аттанды елім егіске», «Қызыл керуен», «Қуаныш», «Еңбектің туын қолға алып» деген сияқты өлеңдерінде жалғасын тапты.

Тәңірбергеннің тіл шеберлігі сондай, поэзияға онша иліге бермейтін ауыл шаруашылығы тақырыбының өзін майын тамыза жырлайды. Мысалы:

Жер анасы желіндеп,
Ел тілегін берген жыл.
Еміреніп қара жер,
Тамыры балқып иіп тұр [1: 7].

Мұндағы ақын қабілеті жансыз жерді «желіндетіп», содан кейін «емірентіп», «иітіп» жандандырады. Бұл өлеңде де кейіптеу Т.Әміренов поэзиясындағы көркемдеуші құралдардың бірі болып саналады. Алайда, Тәңірберген ақын қолданған кейіптеулер фольклорлық шығармаларда, халық ақындарының поэзиясында өте сирек кездеседі. Кейіптеудің жаңа үлгілерін қолдана отырып, ақын бітік шыққан егінді былайша құбылта жырлайды:

Бойлап шыққан егіннің
Түйеден бойы биік тұр.
Танысқан қыздай алтын дән,
Сәукелесін киіп тұр.
Бірінен өскен өнімі
Басына әрең сыйып тұр [2: 7].

Бидайдың «танысқан қыздай сәукелесін киіп тұруы» сол уақыттардағы ақындардың көпшілігінің қиялына келе бермейтін соны теңеу, жаңды көріністер. Халық ақындары ауыз әдебиетінде ертеден қалыптасқан дәстүрлі теңеу мен салыстыруларды өз шығармаларында пайдаланғанда, ең алдымен, олардың ұлттық колориті мол бұрынғы қалпын сақтауға тырысады. Мұндағы «сәукелелі қыз» көнеден келе жатқан ұлттық образ болса, оны «дәнге» балауы жаңа бейнелер.

Еңбекші халықтың алдыңғы қатарда жүруін жырға қосу – ақынның негізгі мақсаты. Осы орайда Әміренов сынды ақындардың алымды қимылына сүйсінбеске болмайды. Тәңірберген ақынның «Бақыт күні», «Мереке тартулары», «Съезді құттықтаймын шын жүректен», «Гүлденген өмір», «Қуаныш», «Самғай бер, ерлер, самғай бер!», «Бақыт», «Табыспен қарсы аламыз», «Алты асудан асты халқым» т.б. туындыларында өз ортасы, еңбек адамдары, байтақ Отанымыздың өткені мен бүгіні жайлы шертілген сыр, тіршіліктің әсем сазын күйлеткен жыр көп.

Поэзияда махаббат – кең жырланып жүрген мәнді тақырыптардың бірі. Махаббат лирикасына жататын өлеңдер тақырыбы жағынан, көркемдік сипат өзгешілігі жағынан да сан алуан. Т.Әміреновтің жастық шақ, махаббат жайлы өлеңдері көп емес. Ақынның бұл саладағы жырларына «Айлы кеште», «Жас дәурен» сияқты махаббат сезімдерін қастерлейтін сыршыл өлеңдерін жатқызсақ, ғашығына деген сағыныш сезіміне толы «Арудың ақ төсінен тоят алып», «Опасыз жар» өлеңдерінен лирикалық қаһарманның мұңаюы, жабығуы, күйзелуі көрінеді.

Ақынның махаббат туралы жазғандарының ішінде шоқтықты өлеңдерінің бірі – «Айлы кеште». Бұл өлең халық арасына кең тарап, әнге қосылып та айтылады.

Өмір, дүние, адам тағдыры жайлы терең толғаныстарға құрылған Тәңірберген өлеңдеріне үңілейік:

Адамзат анасынан туар жылап,
Көз көріп туғаннан соң естір құлақ.
Табиғат әмірімен таңғажайып,
Ет пен сүйек жаратқан тәнді құрап.
Айлап-жылдап ер жетіп, есің кіріп,
Осы қысқа өмірде әлем деген
Жеткізбейтін бір жолға түстік жырақ [2: 47].

Фәни дүниенің жалғандығы жеткізбейтін жол арқылы бейнеленген. Ақынның бұл «Өмір туралы» өлеңінде адам ғұмырын кезең-кезеңге бөле сипаттау, сол арқылы тіршіліктің мәнін түсіндіруде Абай үлгісін ұстану бар.

Ең алғашқы тіршілік көзіндей боп,
Анаңның кеудесінен ағар бұлақ [2: 47],-

деген шумақ жолдары Шәкәрімнің «Анадан алғаш туғанымда, жыладым неге дыбыстап» [4: 187],- деп басталатын өлеңімен сарындас, үндес келеді.

Ақындық өнерге қатысты айтылған дегенде алдымен ойға оралатыны Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп басталатын өлеңі десек, Тәңірберген ақын осы орайда Абай ұстазының әлгі туындысын ту еткен-ді. Ақынға қояр талабы таудай Тәңірберген:

Шын ақын ардан аттап кете алмайды,
Оның сөзін кім күштеп отарлайды.
Ұшқыр қиял, өр кеуде, алмас тіл бар,
Тарыққа бодан болып кете алмайды [1: 45],-

деп түйеді.

Тұлпармын жібек жалды, құлан құйрық,
Орғитын ақ бөкендей мен бір жүйрік.
Төгетін сөз нөсерін қара бұлтпын,
Кеудемнен бір тасқын кетсе құйылып [1: 28].

Өлең-сөзге әсте үлкен талғаммен келуге тырысатын ақын бір сөзінде: «ақындардың сөздері таудан аққан бұлақтай тасқындап жатса ғой, шіркін» [1: 28] дегені – ақындық өнерге деген ақ адал көңілден туған тебіреніс.

Т.Әміреновтің арнаулары көбінесе қоғам қайраткерлеріне, жазушылар мен ақындарға арналған. «Сапарғали ағаға», «Арнау» өлеңдері – мазмұны мен көркемдік жағынан көңілге қонымды, сәтті шыққан туындылар.

Т.Әміреновтің жеке адамдарға арналған мадақ жырларынан басқа жақынға деген туыстық сезімі, ақыл айту, жақсы азамат болсын деген тұспалды меңзейтін туындылары да кездеседі. «Кенже күйеу, Құсайынға», «Сағынышты Омашыма», «Жұмағалидың мінезіне» сияқты жеке адамдарға арналған әзіл-арнауларында көзі көрген кемшілікке көз жұма қарамай, жағымсыз қылық пен ұнамсыз әдетті өткір сынға алып отырады. Өзімен бірге жүрген үлкен аға, кіші інілер бойындағы жеке мінді әзіл-шынын араластыра отырып қалжыңмен шенейді, ұнамсыз қылықтан арылтуға тырысады. Ақынның «Батташқа», «Майлыққа», «Рәзияға», «Тілешке» сияқты өлеңдерінің көпшілігі табан астында шыққан. Олардың көбі бірқақпайлар болып келеді. Бұл тұрғыда Тәңірберген өлеңдерінің негізгі кейіпкерлері – замандастары, туыс-жақындары мен ауылдастары, бір сөзбен айтсақ өз ортасы.

Толғау ақындарының белді бір өкілі Т.Әміреновтің туындыларын қарастырғанда, поэзиясынан шабытты арнауларды, ойлы, парасатты толғауларды көреміз. Поэзияда толғау жанрының көркемдік жазылу ерекшелігін, дара сипатын жетік меңгерген ақынның «Октябрь толғауы», «Батырлар туралы толғау», «Жамбыл тойындағы толғау», «Т.Көбдіковтің 100 жылдығына», «Абайдан шыққан ақиық», «Дос тойының толғауы», «Той күнгі толғау», «Тарлан талант» тәрізді жырларын айрықша атауға болады.

Тәңірберген Әміренов поэзиясы туралы ойымызды жинақтай айтар болсақ, ол – қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба дәстүрді қатар ұстанған, ұстанып қана қоймай қазақ өлеңінің өлкесінде өзіндік із қалдыра білген саңлақ ақын. Кеңестік дәуірдің отызыншы жылдарынан бастап сексенінші жылдар аралығында түрлі тақырыпта поэзиялық туындыларын қалдырған ақынның ерекшелігі де, дәлірек айтқанда артықшылығы халық ақындар сапында да көсіле жырлап, жазба поэзияның да көрігін қыздыра білген жан-жақтылығында. Замана кейпін беруде немесе, табиғат, махаббат лирикасына қалам тартқанда үнемі Абай поэзиясына арқа сүйеп, соның ізімен жүруге тырысты. Жаңа заманның келбетін ашуда біржақты партия мен кеңестік заманды мадақтап кетпей, әр кез сол заманның көлеңкелі тұстарын қаймықпай өлеңге қосты. Толғау жырларында Жамбыл мен Нүрпейіс ақын бастаған халық ақындар көшіне еркін ілесе білді. Бір сөзбен айтқанда қазақ поэзиясына өзіндік үлес қосқан Т.Әміренов ұлттық әдебиеттің шалқарында жүзіп, сан қырлы өнерді бойына сіңіріп қана қойған жоқ, Абай мен Жамбыл бастаған поэзияның екі арнасын өз шығармашылығында тоғыстыра білді. Осы тұрғыдан алғанда Т.Әміренов – көркем де кестелі логикалық ойлар мен сөз өнерін биік дәрежеге көтеруге үлес қосқан суреткер ақын.

Әдебиеттер:

1. Әміренов Т. Өмір өткелдері. – Алматы, Жазушы, 1985. – 80 б.

2. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы, Жазушы, 1989. – 184 б.
3. Сәрсеке М. Ертістің егде жыршысы // Семей таңы. – 1977, 18 қараша.
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. –Алматы, Жазушы, 1988. – 560 б.

ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОЙ МЕНТАЛЬНОСТИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ САМОИДЕНТИФИКАЦИЯ

Кусаинов К. К.
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау

Переломным этапом в переоценке ценностей культуры и нравственности стало время приобретения суверинета нашей республики, которому исполняется уже 25 лет. Но подчас вместо культурного роста мы наблюдаем упадок, разрушение старого здания, без постройки нового .

Имея титульную национальность--казах, она и обязана быть центральным образующим звеном новой нации. Острота сегодняшнего дня обусловлена и проблемой «вызова XXI в.» и глобализации, выживания народов, больших и малых, равных в своей самооценке, в наступившем третьем тысячелетии.

Как известно менталитетом казахской нации является ее открытость, невысокомерие, незлопамятность, дружелюбие и гостеприемственность. Об этом было сказано, еще в 1997 г., где Президент РК Назарбаев Н.Н, в своем послании народу Казахстана отметил: "Генетическими чертами казахского народа,— является открытость и доброта души, готовность обогреть, поделиться тем, что имеет, с нуждающимися. Ни к кому и никогда он не испытывал и не проявлял чувства неприязни "или превосходства, никогда не служил источником межнациональных конфликтов" [1.].

В течение длительного времени лишенных естественного права на реализацию возможностей саморазвития и получивших его в ходе развития молодая, одаренная казахская нация, ищет свой путь в мир, свою дорогу в цивилизованное сообщество народов, стремящаяся воплотить в жизнь заветную мечту многих поколений. 260 лет казахский народ находился в составе великой Российской империи, из них 75—при Советской власти, практически в состоянии непрерывной дискриминации как самостоятельный этнос, потеряв национальную самозначимость. В этой связи достаточно вспомнить судьбу известного историка Е.Б.Бекмаханова, нашумевшей в своё время книги Олжаса Сулейменова, оригинального труда антрополога О.Исмагулова и других, изъятых и запрещенных, чтобы понять суть грубого вмешательства центральной и местной партократии в развитие отечественной науки, державшей её на «коротком поводке» Центра. Казахский народ, «как трагический странник, кочевавший по степям и столетиям» (М.Ауэзов),

скитался в поисках земли обетованной (Жер Ұйық), где бы могла воплотиться казахская идея о создании национального государства, мирной и счастливой жизни. Лишь на исходе XX в. казахский народ обрёл, наконец, национальную независимость, возможность стать творцом собственной судьбы, воплотить выстраданную многими поколениями мечту в жизнь. И мы могли бы, вслед за А.С.Пушкиным повторить: «Клянусь честью, что ни за что на свете я не хотел бы переменить Отечество или иметь другую историю, кроме наших предков, такой, какой нам Бог её дал».

«Современным людям свойственна множественная самоидентификация, — пишет Е.А.Нарочицкая, — по половому, возрастному, образовательному, профессиональному, религиозному, культурному, региональному и другим признакам. На главное место среди которых в последние два столетия вышел национальный вопрос». [2]

Национальность выступает как «отец» — защита от внешнего, не всегда благоприятного влияния, внутренний цензор контроля поведения.

В таком положении нужно понять, что ценность национальной идентичности очень высока и обеспечивает нужду человека в принадлежности к коллективу и его защите, а «личностная идентичность» определена персональными качествами и характеристиками необходимые для проявления национальной самоидентификации.

Язык, религия и особенности понимания (отсчёта) времени и пространства — культурные корни представления о национальности. Древние религиозные общности были связаны сакральными языками, а современные нации не обладают священными языками.

Но для нас понятно и утверждаем, что современный художественный казахский язык сохранил элементы сакрализации. Многие смысловые обороты, символьные знаки соединяют в себе и ценностные, и пространственно-временные, бытийные константы. К примеру, слово «ар» означает высокий уровень морально-этических качеств, честь, совесть, достоинство (ардақ, ар-ұждан, арыс). «Малым — жаным үшін, жаным — арым үшін». Вместе с тем «ар» имеет значение некой черты, отрезка, измерения, некой реальности, сути и т.д. (шекара, осы ара, бар, ары, арғы, әрбір, әрқашан, әрқалай, әркім). Ар — своеобразный сгусток времени и пространства, координаты, где они пересекаются и где определяется некая черта между ними. Ар — весь мир, всё время, вся жизнь, разделённая надвое (аржақ, арғыжақ, арғы дүние и противоположное — бері, бұл, бергі, биыл, бүгін, былтыр).

В советский период для народов Средней Азии и Казахстана национальные языки стали считаться главным признаком этничности.

Казахский язык, в отличие от других языков народов Средней Азии начала XX в., был хорошо развит. Он характеризовался небольшими диалектическими различиями и поэтому уже тогда мог считаться единым национальным языком (узбекский язык имел довольно выраженные региональные различия). Скорее, можно выделять не диалекты (западный,

северо-восточный и южный), а говоры единого казахского языка, сложившегося в среде кочевников, способных сохранять взаимосвязи на широком пространстве Великой степи в советский период нашей истории русский язык был наиболее приоритетным, референтным. Сложился значительный слой двуязычных и русскоязычных казахов. При обретении суверенитета статус языка коренной национальности значительно вырос. Но по-прежнему в ряде регионов страны он не заполняет как средство передачи социально значимой информации все ниши социального бытия (экономическую, юридическую, научную). Работа по его приспособлению в данной сфере часто сопровождается симптомами «детской болезни» роста. На образный, по своей сути богатейший язык автоматически накладывается искусственно переведённая терминология.

В современности в обыденное сознание многих людей давно проникло мнение о том, что наиболее важно знать английский язык (особенно в его американском произношении), как наиболее применимый и значимый на нашей планете. Парадокс: на изучение родного языка (ана тіл) зачастую выделяется меньше средств, чем на изучение английского. Также давно идут попытки создания и распространения по всему миру искусственного языка мобиле. В обучении казахскому языку закрепилась порочная тенденция «прохождения» в учебном курсе иностранных языков. То есть ради отметки, а не знания.

Не менее важные особенности связаны с пониманием времени (истории). Люди вместо прошлого — памяти, будущего — как напряженно-деятельного ожидания предпочли жить настоящим.

Для восточных народов обычно характерно понимание времени как колебательного, цикличного явления. Время земное, в котором живут люди, и время небесное, в котором обитают божества, текут как бы одновременно. На Востоке небесные силы рассматриваются как часть живой природы. Они существуют рядом с человеком, участвуют в его жизни, влияют на него. Но и человек, в свою очередь, может влиять на ближайшие божества. К тому же прошлое, настоящее и будущее тоже существуют одновременно и человек соответственно. Вечная душа только меняет форму своего существования. Человек не отделяет себя и своё настоящее время от духов умерших предков (прошлое) и неродившихся потомков (будущее). Прошлое поэтизируется, воспринимается как лучшее, «золотой век».

Пространственно-временные координаты, благодаря отсчёту исторического времени от Рождества Христова, научно вымеряемым стандартам, всё более ощущаются однородными для всего человечества. Несомненно, такие вот «удобства» связаны с затянувшимся господством европоцентризма и успехами «вестернизации». Кроме того, возможный переход к постиндустриальному, информационному обществу передового «миллиарда» вновь изменит современное релятивистское понимание времени и пространства.

Общественные нормы складываются под воздействием условий «первой природы».

Великая степь — это огромный океан разнотравья и редких лесков, полупустынь и пустынь, сопок и отрогов горных массивов, которые раскинулись от Венгерской пушты до хребтов Хингана. В силу засушливости в летний период и стужы — в зимний, а также других особенностей ландшафта эти территории были труднодоступны для хозяйственного использования. Наиболее оптимальным способом освоения этих равнин стало кочевое скотоводство. Древние скотоводы — насельники степной полосы — превратили просторы, разделявшие культуры и цивилизации, в связующие их путь. Это открыло человеку новое понимание пространства, расширило географический и культурный кругозор, способствовало единению человечества. Обеспечивая существование торговых путей и возникших на них городов и поселений, кочевники обеспечивали удовлетворение своих собственных потребностей.

Поэтому-то «кочевник — дитя природы», как бы невидимая часть экологического цикла. С этим связан и приоритет духовной культуры над материальной. В отличие от осёдлых культур величайшим достижением кочевников стало стремление оставлять как можно меньше свидетельств своего существования.

«Пайдасыз жер жоқ, найзасыз ер жоқ» - дейді қазақ. При всей страстной привязанности казахов к родной земле, крайне изменилось их отношение к окружающей среде — как результат социальных и экономических экспериментов XX – начала XXI вв. Для большинства представителей «степного народа» огромные незаселенные просторы, некогда вскормившие казахов, стали ныне мертвой историей, не имеющей эмоционального значения. Как при Советской власти, так и сегодня большинство казахстанцев с безучастием относятся к экологическим бедам родной края. Степь же стала рассматриваться как потенциальный источник неиссякаемого богатства, который нужно покорять, а не уважать и беречь, как раньше. Земля предков «Атамекен» (земля-мать) перестала быть таковой, превратилась, даже не в средство производства, а в свободно разменяваемый капитал. Не случайно, может быть, ни один художник не сумел отразить красоту открытого пространства степи, не дополнив его изображением гор и деревьев. Живописность открытого моря изобразил когда-то Айвазовский, а открытую степь в самодостаточной полноте её красок и светотени не отразил никто.

Внешне национальное самосознание, прежде всего, проявляется в форме самоназвания. Редкий человек при ошибочном определении его национальной принадлежности не поправит ошибку, уточнив нацию, т.е. так же, как и правильно называя свои имя и фамилию.

У казахов бытует: «Атамыз — Алаш, атымыз — қазақ», арысцы или «Алаш балалары». Знаменитая легенда об Алаше или Алаш хане и трех его сотниках (Усуне, Болате, Алшыне) стала поистине национальным, этнообразующим, консолидирующим мифом, в самом положительным смысле этого слова. В современности она, к сожалению, не имеет широкого распространения.

Казахский народ состоял из десятков крупных родоплеменных объединений и более сотни многочисленных малых и средних «ру», номинально сведённых в три племенных союза «алаш жүзі». Трёхсистемное членение было характерным для кочевых народов, по принципу деления войска — на правое, левое крыло и центр. Оно имеет не подчиняющую вертикальную иерархию, а горизонтальную — порядкообразование войска. Подобная структура обеспечивала генеалогическую (Шежіре) и территориально-политическую консолидацию. Каждый казах, вне зависимости от социального положения, местопребывания, связывал себя посредством прямолинейной цепи реальных и легендарных предков (чуть ли не от самого Адама) с другими казахами. Все они считались потомками трёх братьев (Арыстар, Қожалар, Келінбеттер), имена которых разнились, а также первопредка (Алаша). Три жуза (жүз, дүние жүзі— сотня, родовая территория, пространство), потомки трёх братьев наделены некоторыми качествами, функциональными характеристиками, компенсирующими «возрастную» иерархию Старший (Ұлы) — Средний (Орта) —Младший (Кіші).Они имели таңба, опредеяющая их места в сохранении нации, как: «Ұлы жүзге қамшы бер, Орта жүзге қалам бер, Кіші жүзге найза бер».

В период кризиса кочевого общества жузовое и родоплеменное деления стали использоваться во вред единству казахского народа. Хотя даже в этом случае они были способами национальной самоидентификации казахов. На самом же деле, «жүз», «ру», «жеті ата»—имеет позитивное значение, как генеалогия, элемент национальной традиции и истории, «неписаный паспорт» казаха.

Наши соотечественники говорят: «Казах везде находит родственника по отцовской линии». На это способствовала телевизионная версия романа Алекс Халэя «Корни», показанная в Турции в 1979 г., в основе которой лежали генеалогические познания казахов.

Этнические язык, фамилии, личные имена, внешний вид казахов, обычаи и вкусы зарубежных диаспор, в силу понятных причин, трансформировались. Поэтому в Турции информаторы редко могут признать казаха, когда сталкиваются с ним по его имени и фамилии. Однако когда такой казах идентифицируется по роду, его признают с легкостью. Если покажешь фотографию казаха и спросишь о его идентификации, то в ответ зачастую можно услышать: «О, это молкы из Алтай кёя». Имя же человека упоминается редко.

Культура казахского народа, его гуманистически-ценностная направленность выражаются в его традициях

Менталитет наследников кочевых народов тесно связан с такими чертами характера, как контактность, склонность к диалогу, открытость, толерантность (терпимость), демократизм, плюрализм, свободолюбие, искренность, сострадательность, самокритичность, уважение к старшим (носителям традиции), непритязательность на оригинальность, простота и многое другое. Как отмечал Л.Н.Гумилев: «Тесные контакты с казахами, татарами, узбеками

показали, что дружить с этими народами просто. Надо лишь быть с ними искренне доброжелательными и уважать своеобразие их обычаев. Ведь сами они свой стиль поведения никому не навязывают. Однако любая попытка обмануть их доверие вела бы к разрыву. Они ощущают хитрость как бы чутьем».[3]

По этому поводу в настоящее время, интересно высказывание Профессора Парижского института восточных языков и цивилизаций Катрин Пужоль, которая рассказала о 12 качествах традиционной казахской культуры, повлиявших на развитие независимого Казахстана, передает корреспондент Today.kz.

"История Казахстана бесподобная и мощная не только потому, что она пишется в неограниченном евразийском пространстве - Ұлы дала. А потому что она превосходит время, опираясь на невидимую память прошлых поколений. Она отличается от истории соседних оседлых государств специфичным управлением, человеческими и территориальными ресурсами", - сообщила Катрин Пужоль в ходе международной научно-практической конференции "Мәңгілік Ел".

По мнению исследователя, история Казахстана изначально современна, так как в ее основе находится экономика разумного и прагматичного распределения человеческих сил, включая принципиальное гендерное равенство, без которого не могла состояться жизнь в евразийских степях.

"Почему я затрагиваю тему казахского государства таким образом? Какие качества в традиционной казахской культуре могли помочь в развитии независимого Казахстана? Я назову 12 таких качеств. Первое – прагматизм во всех отраслях: политике, геополитике, экономике, жизни. Второе – мобильность - кочевая жизнь. Третье – открытость чужим, гостеприимство. Четвертое – культура результатов. Выбор эффективного вождя. Пятое – натуральная экономика выживания в степях. Шестое – экологический уклон в антиядерном направлении. Седьмое - гендерное равенство. Восьмое – уважение к человеческой жизни. Девятое – уважение к памяти. Почитание покойных, великих и простых людей. Десятое - памятные места. Одиннадцатое - единство и общность народа. Двенадцатое – способность пережить тяжелые времена", - перечислила профессор.

Но надо иметь ввду, что этнические язык, фамилии, личные имена, внешний вид казахов, обычаи и вкусы зарубежных диаспор, в силу понятных причин, трансформировались.

Постоянная потребность в контактах, беседе, получении и передаче вестей объясняет особенное, лелейное отношение казахов к гостю, попутчику, собеседнику. «Гость — подарок Бога», — гласит народная мудрость. Пристально следили они за новостями «узын кулак», награждали за хорошие вести «суюншы» и всегда готовы были сорваться туда, где можно «других посмотреть и себя показать». Здесь можно привести следующие выражения: «С гордым горд будь, он не сын пророка. С кротким кроток будь, он не раб твоего отца»; «Можно отрубить голову, но не язык»; «Из странствий

пятилетний возвратился, ему и старец должен поклониться» и другие. Верность казахской идее народ, по своей сути терпеливый, стойкий, философствующий, но с яростной бунтарским духом, процес через все испытания истории.

Роды, племена и жузы казахов в силу своей рассеянности на громадной территории не могли построить централизованную государственность, но сумели создать весьма действенную форму самоуправления, для функционирования которой такие категории, как честь и достоинство рода, совесть, человечность и т.д., имели решающее значение. У них мораль и нравственность не расходились. Степь управлялась словом, и уровень культуры языка, по признанию В.В.Радлова, намного превосходил уровень культуры языка европейского этикета — «политеса».[4]

Казахи, отстаивая свою Родину и свободу, только силой слова, без насильственного рекрутирования, собирались в многотысячный жасақ — ополчение, без полицейско-карательных средств и тюрем обуздывали преступность. Бии, батыры, жырау и акыны обладали недюжинными способностями и огромным авторитетом, совмещали в себе способности друг друга. Они замечательная связь народа с его правящей элитой. Причём ханы и султаны не в меньшей степени обладали способностями предыдущих. Вот уж, и в самом деле, как гласит древняя тюркская формула власти: «Военноначальник — доблестен, советник — мудр, правитель —милостив».

Наличие позитивных общечеловеческих качеств у всех народов несомненно. Но способы выражения и понимания их обязательно разнятся. Иностранные авторы XVIII–XIX вв., наш Абай и другие, описывающие жизнь кочевых казахов, наделяют их качествами, узнаваемыеми у их современных осёдлых потомков. Сохранившиеся формы поведения, ценностные ориентации людей, естественно, не передаются генетически, их передача из поколения в поколение — результат культивирования в воспитании и социализации личностей в соответствующем обществе. И казахи, желая оставаться таковыми, прилагают определенные усилия к сохранению традиций. В этом они находят себя, свой народ, связь с ним и своё место в нём. Это и назовём национальной самоидентификацией казахской личности. По словам И.Гердера, «культура народа — это цвет его бытия… Традиция — вот мать религии и священных ритуалов».

Бывают случаи, когда люди не только не считают собственную национально-культурную среду лучшей, но и могут обнаруживать нечто подобное комплексу неполноценности, отрицательную сторону. Западные исследователи–советологи, их сторонники и несостоятельные оппоненты во многом способствовали крушению именно ценностных ориентаций социалистического общества. Они апеллировали к доводам сообразности производства, экономики, прогресса со стереотипами западного общества. «Но, вскрыв грудную клетку больного», они оказались незнакомы с его «внутренним строением», «анатомией» «человека советского», упустили из виду все духовные стороны жизни обновляемых обществ произошло? Это происходит в

результате непропущения национально-культурных, якобы «устаревших догм», «пережитков», традиций к цензуре, фильтрации приобретаемого нового.

Необходимая этноцентричность может выявиться в желании народа занять собственное место в истории человечества, проявить себя. Об этом более подробно отметил в свое время выдающийся деятель Индии Рабиндранрат Тагор: «Каждая нация обязана выявить перед миром свою национальную сущность. Если же нации нечего дать миру, это следует рассматривать как национальное преступление, которое никогда не прощается человеческой историей. Нация обязана сделать всеобщим достоянием то лучшее, что есть у неё… преодолевая собственные, узкие интересы, отправить всему миру приглашение принять участие в её духовной культуре». [5]

Национальное самомнение гораздо надёжнее реальные дела, способные восхищать не только твоё собственное, но и чужое воображение.

В современных условиях очередного разрыва культурных традиций и идеологии, «урбанизации», некогда сельской казахской культуры, смены экономическо-социального фона реализации привычных ценностей и т. п. обстоятельств усложняют проблему национальной самоидентификации. Культурные, по сути, восточные традиции не сделали нас защищенными и замкнутыми от влияния вестернизации. Потому что казахские традиции, сложившиеся в условиях гибкой кочевой культуры, в современности не дают категорического ответа, как повести себя этнофору, предоставляя его самому себе. В этом отличие казахстанского общества от других восточных, особенно исламских. В умме(мусульманской общине) поведение человека строго регламентируется, облегчая (ограничивая) ему выбор действий и способа самоидентификации. «Загадочная казахская душа» (намыс), национальный сгиб ума и характера по-прежнему способны ярко проявиться в минуты суровых невзгод и испытаний, когда отбрасывалось всё наносное, случайное, сиюминутное, и каждый честный казах оставался как бы наедине со своим Отечеством. В умении придать новое, актуальное звучание традиционной национальной самоидентификации может проявиться подвиг современного поколения казахов и казахстанцев.

Литература:

1 (Назарбаев Н.Н.Казахстан-2030.Послание Президента страны народу Казахстана. Казахстанская правда-1997, 11 октября, -с.9-13).

2 Нарочиская Е.А. Развитие интеграционных процессов в Европе и России. Москва.2000.-с.170

3 Информационный портал. Казахи и Гумилев. 27 ноября 2007г

4 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб. Т. 4, ч.1, 2.с.220

5 Рабиндранат Тагор. Лирика. Москва, «Художественная литература»,1967

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ «АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ ӘҢГІМЕСІН» ОҚЫТУ

Құлыбекова Ж.С., Әбекенова Г.Н.
Петропавл қ., М.Қозыбаев атындағы СҚМУ

7 сынып

Сабақтың кезеңі	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Мақсаты	Ресурстар
Кіріспе бөлім	**2 -5 мин**	Қызығушылықты ояту. Топқа бөлу. Бір-біріне сәттілік тілеп, жақсы лебіз айтқызу. Сергіту сәтін ұйымдастыру	Бір-біріне жақсы тілек тілейді. Топқа бөлінеді.	Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру. Бір-біріне жақсы сөздер айта білу.	Құрал-жабдықтарын жазу

Сабақтың тақырыбы:
Ғабит Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгімесін» оқыту
Сабақтың мақсаты:1.Халқымыздың ардақты қаламгері Ғабит Мүсірепов туралы жан-жақты мағлұмат беру, оқушылардың білімдерін тереңдету. 2.Оқушылардың сөздік қорын, тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, еркін ойлау, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіріп дамыту. 3. Ғабит Мүсіреповтің өмірін үлгі ете отырып, құрметтей білуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: Оқушылардың өз ұлтының тілін, рухани байлығын құрметтеу, тапқырлыққа, адамгершілік қасиетке баули отырып, алған білімдерін ауызша және жазбаша тілде қалыптастыру. Сонымен бірге, Ғ.Мүсіреповтің сөз қолданысын, әңгіме тақырыбының идеясын, тілін таниды.
Түйінді идея: Ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.
Сабақтың типі: жаңа сабақ

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелеу, мәнерлеп оқу, сұрақ жауап, іздену, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, талдау, ой тастау.

Сабақтың барысы:

І..Ұйымдастыру кезеңі

Оқушыларды түгендеу, қызығушылықты ояту, сыныпта психологиялық ахуал тудыру.

1 топ «Тапқырлар» .

Ұраны - «Оқу-білім бұлағы,
Білім - өмір шырағы».

2 топ «Алғырлар».

Ұраны - «Оқусыз - білім жоқ,
Білімсіз - күнің жоқ».

2.Психологиялық дайындық

Бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алған жылу арқылы жылы лебіздер тілейік.

1.Елімізге тыныштық тілеймін.
2.Күніміз жарық болсын.
3.Аспанымыз ашық болсын.
4.Дініміз сау болсын.
5.Нанымыз көп болсын.
6.Көк туымыз биік болсын.
7.Аналарымыз аман болсын.
8.Еліміздің тірегі - әкелеріміз аман болсын.

Тұсаукесер	**10 мин**	Кері байланыс Үй тапсырмасын тексеру (сұрау)	Тапсырманы орындайды. Теориялық материал арқылы қайталау жұмысы.	Жайлы орта қалыптастыру	Қажетті құрал-жабдық

ІІ. Үй жұмысын тексеру.

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің мәтіні бойынша сұрақтар.

1. Мұхтар Әуезовтің өмір сүрген жылдары?
2. М.Әуезовтің шығармалары әлемге қалай танылған?
3. Оның алғашқы әңгімесі?
4. «Көксерек» шығармасының тақырыбы?
5. Әңгімеде не туралы айтылған?
6. Көксерек деген не?
7. Құрмаш Көксеректі қалай жақсы көрді?
8. Көксеректі нелер талады?

9. Көксеректің қасқырға тән қасиетін неден көруге болады?
10. Ауыл адамдары Көксерек туралы не деді?
11. Көксерек нені түсінбейді?
12. Көксеректің берген тамақты жемеуіне не себеп болды?
13. Көксерек қай мезгілде қатты өсті? Себебі?
14. Төбеттер Көксеректен неге қашатын болды?
15. Жұмаш кім? Құрмашқа не деді?
16. Көксерек пен қара ала төбет қалай кездесті? Олар не істеді?
17. Қойға қасқыр қашан шапты?
18. Көксерек қасқырға неге ілесті?
19. Көксерек қай кезде мүлде жоқ болды?
20. Көксерек немен қоректенді?
21. Көксеректі қандай иіс өзіне тартты?
22. Қасқыр неге ұлыды?

Негізгі бөлім	***25 мин***	Жаңа сабақ Теориялық материалмен жұмыс.	Тапсырма орындау (топтық, жұптық, жеке жұмыс) Жеке жұмыс.	Өз ойларын тиянақты, дұрыс жеткізе білу. Сыни тұрғыда ойлауын, есте сақтауын, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту.	Жұмыс дәптері, карта,т.б

III. Жаңа сабақ

1. Талдау.Әңгімені баяндау жоспары:
- Ғабиттің дүниеге келуі.
- Ғабит - үйіндегі көп баланың бірі.
- Молда жалдаған оқу жайы.
- Оқудың төлем ақысы.
- Ғабиттің қоныс аударуы.
- Бекет Өтетілеуов таныстырған шығармалар.
- Оқытушы - Б.Өтетілеуов.
- Тазалыққа баулу.
- Есепке жүйріктік.
- Жоғарғы мектептегі оқу жайында.
- Бала қай кезде туды?
- Наурыз деген не?
- Наурыз туралы қандай өлеңдерді білесіңдер?
- Баланың елі қазақ даласының қандай жағын жайлайтын еді?
- Ол ел қыс айларын қайда өткізеді?
- Ол күні есте қаларлық қандай оқиға болды?
- Қалжа деген не?
- Қалжа сүйегіне неліктен иттер таласа алмаған?

- Баланың аты қалай берілген?
- Баланың есінде нелер қалмаған?
- Баланың шешесі не туралы айтып отыратын еді?

2. Қолдану. Оқулықпен жұмыс.

1. Мәтінді 3 топқа бөліп беру.
2.Оқиды, ортаға салады.
3. Мәтіннен эпитеттерді теріп жазу.

3. Жинақтау. Ғабит қандай бала?
- Білімге құштарлығын дәлелде.
- Қай сабаққа бейім?
- Б.Өтетілеуов қандай ұстаз?
- Б.Өтетілеуовтің сабырлылығын қай жерден көреміз?

4. Оқулық бойынша жұмыс.84- бетті оқып, кестені толтыру

5. «Автобиографиялық әңгіменің» 1,2 бөлімдерін оқу және оларды талдау.
- Әке-шешенің қандай тілегі орындалды?
- Ауыл жазда қай жерді қоныстайды?
- Ауыл қыс айларын қай жерде өткізеді?
- Бес-алты ауыл молданы не үшін жалдады?
- Молданың жылдық еңбегіне не беріледі?
- Ауылдың бітір садақасын кім алады?
- «Жұмалық» деген не?
- Молда балаларды әр үйде қанша уақыт оқытады?
- Балалар оқитын мектеп қандай?

6. Оқу-білім туралы мақал-мәтелдер мен тақпақтарды мәнерлеп оқу.

7. Дәптермен жұмыс. 5 жол өлең шығару.

Ғабит Мүсірепов
Қайсар, атақты
Туды, өсті, жыламады
Ғабит Мүсірепов наурызда туды
Махмұтұлы

IV. Слайд. Ғабит Мүсірепов туралы слайдтарды көру.

Кесте сызып толтыру. **<u>«ББҮ» стратегиясы бойынша</u>**

Білемін. Білгім келеді. Білдім.

Қорытынды бөлім	**5 мин**	Рефлексия: Не түсіндім? Нені оқу керек? Оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма.	Тапсырма алу (барлығы, жеке) Күнделікпен жұмыс. **2 жұлдыз, 1 ұсыныс.** **«Соңғы сөзді мен айтамын».**	Практикалық тапсырма орындау арқылы жаңа сабақты пысықтау. Шығармашылығын дамыту. Сыни ойлау дағдыларын дамыту.	Құрал-жабдықтар, көрнекіліктер

V.Үй жұмысы. Эссе « Кім болғым келеді?»
VI. Қорытынды. Бағалау.

Әдебиеттер:

1. Оразаев Ф. Жазушы стилін зерттеудің кейбір мәселелері // Жұлдыз. – 1970. – №8. – 147-156 бб.
2. Молдағалиев Ж. Ғ. Мүсірепов стилінің сипаттары // Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 101-120 бб.
3. Ахметов З. Көркем сөздің зергері (Жазушы Ғабит Мүсіреповтің 75-жасқа толуына орай) // Октябрь туы. – 1977. – 26 март.
4. Қабдолов З. Ғабиттің тілі // Таңдамалы шығармалар: 2 т. – Алматы: Жазушы, 1983. – Т. 2. – 392-395 бб.
5. Бекбергенов М. Ғабит Мүсіреповтің прозасы. – Алматы: Рауан, 1990. – 151 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫ – КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Махметова А.У., Тлегенова А.Т.
Көкшетау қ. № 11 орта мектеп-гимназиясы
aigul.makhmetova@mail.ru, tlegenova-1980 @mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын

меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. [1.5].

«АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз. АКТ - ға жататындар: ЭЕМ, дербес компьютерлер, терминалдық құралдардың жинақтары, жергілікті есептеу жүйелері, мәтіндік және графикалық ақпараттардың құрылымдары, көлемі үлкен мұрағаттық ақпараттарды сақтау құралдары, аудиовизуалдық ақпарттарды бақылайтын құралдар мен құрылымдар, машиналық графика жүйелері, программалық кешендер, жергілікті желілер, әлемдік деңгейде ақпарат алмасуын қамтамасыз ететін қазіргі кездегі байланыс құралдары.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- Интерактивті тақта;
- Мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- Электронды оқулық.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;

Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту. [2.15].

Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу;

Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау).Оң мотивацияларды қалыптастыру – мұғалімнің кәсіби міндеті. Оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты.

Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс - әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль - сабақ, саяхат - сабақ және т.б.сабақ түрлерін жатқызуға болады.

Жаңа АКТ - ны сабақта пайдаланудың тиімділігі:

Жан - жақты ізденушілігін арттырады. АКТ - ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай -

ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. [3.7].

Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (электронды оқулық) пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- Өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;
- Оқушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін - өзі тексеруге;
- Жұмысты тиянақты түрде орындауға;
- Түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;
- Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Сонымен ақпараттық технологияны дидактикалық оқу құралы ретінде пайдалану - өмір талабы. Ақпараттар түрлі жолмен беріледі.

Мысалы: 4 сыныпта **«Қазақстан қалалары»** модулін өткенде оқушыларға сабақтың мақсатына сай оқулықтағы материалдан басқа қосымша тапсырмалар, жаттығулар беруге болады. Нақтырақ айтсақ **«Көкшетау»** деген тақырыпты өткен сабақтарда АКТ- ны төмендегідей пайдалануға болады:

І .ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ КЕЗЕҢІ

(АКТ-ны қолдану уақыты -1 минут)

Оқушылардың көңіл күйлерін сабаққа икемдеу және сабақтың эпиграфымен таныстыру; (слайдтарды пайдалану)

ІІ. МАҒЫНАНЫ АШУ КЕЗЕҢІ (АКТ-ны қолдану уақыты 4+5 минут)

Мұғалімнің дауысымен жазылған мәтінді тыңдайды да, әр топ тапсырмаларын алды.

Интерактивтік тақтамен жұмыс:

Әр топ спикерлері (топ басшылары шығып) тақырыптарын қорғады. Әр түрлі тапсырмаларды интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып тиімді орындады;

ІІІ. ОЙ ТОЛҒАНЫС КЕЗЕҢІ (АКТ-ны қолдану уақыты -5 минут)

Әуен тыңдай отырып, **«Көкшетаудың табиғаты»** атты тұсаукесерді (презентацияны) оқушылар тамашалады да, алған әсерлері бойынша «Көкшетау» тақырыбына эссе жазды;

Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Әдебиеттер:

1. «Информатика негіздері» журналы №1, 2010 жыл
2. «Информатика негіздері» журналы №4-2008 жыл – Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

«ЖҰЛДЫЗ» КОНЦЕПТІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Молдағалиева Р.Ш.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

moldagalieva_66@mail.ru

«Жұлдыз» концептін қазақ дүниетанымының кілтті ұғымы деп қарастыруға болады, себебі бұл ментальды –мәдени жасалым қазақтардың ұлттық мәдениетінің іргетасы болған құндылықты бағдарларды, көзқарастарды жүзеге асырады. «Жұлдыз» концептінің құрылым күрделі, оның бес компонентін көрсетуге болады: 1)ұғымдық компонент. Ол «жұлдыз» ұғымы туралы түсінік береді. Осы ұғымға анықтама беру барысында оның негізгі белгілерін, басқа ұғымдардан айырмашылығын көрсетеді. «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде» бұл сөзге келесі анықтама беріледі: «қатты қызған

газдан (плазмадан) тұратын, күнге ұқсас, адамның көз алдында аспанда жарқыраған нүкте ретінде елес беретін аспан кеңістегіндегі қатты дене». 2) мағыналық компонент. Бұл компонент жұлдыз сөзінің мағыналарын айқындайды. Сөздікте осы сөздің қанша мағыналары тіркелгенін анықтайды. Мысалы, «Қазақша –орысша сөздікте» «жұлдыз» сөзінің келесі мағыналары көрсетілген: 1) жұлдыз, ақпа метеор; 2) ай

«Жұлдыз» сөзінің үшінші компоненті бейнелі, осы ұғымды образды түрде жүзеге асыратын метафоралық, метонимиялық мағыналарын көрсетіп, «жұлдыз» ұғымы ұйытқы болатын теңеулерді де қамтиды. «Жұлдыз» сөзінің тура мағынасы «қатты қызған газдан (плазмадан) тұратын, күнге ұқсас, адамның көз алдында аспанда жарқыраған нүкте ретінде елес беретін аспан кеңістегіндегі қатты дене» болып табылады. Оның ауыспалы мағыналары да бар, мысалы кино жұлдызы, жұлдызы аспандады (беделі көтерілді), жұлдызы жанды; (бақытты болды); жұлдызыңнан жаңылма (жақсы бағытынан басқа жаққа бұрылмау); жұлдызы жарасты (бір –біріне сай, бақытты жұбайлар); жұлдызы қарсы болу (жауласу); жұлдызы оңынан туады (ісің сәті түсті); айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын солыңнан (бақытты жол тілеу)

Осындай метафоралық тәсілдер арқылы пайда болған «жұлдыз» сөзінің ауыспалы мағыналары көркем әдебиеттегі контекстілерде жиі кездеседі, мысалы «Тау қолтығынан самал еседі. Аспан айнадай жарқырайды. Ай сәулесі дірілдеп тербеледі. Мың-мың *жұлдыздар* жарқырайды (Д.Әбілев. Ақын арманы); –Ей, аспан көркі *алтын Шолпан*, бұдан былай менікі болармысың! – деп басқышта тұрып қалды (Д.Әбілев. Ақын арманы); «*Тұрсынғалидың Қамқа әжеммен жұлдызы тіпті қарсы болды*. Екеуі кездескен жерде ұстасып қалатын (Т.Ахтанов. Шырағың сөнбесін); «Сталин басты мақсатына жету үшін жолында тұрған қандай қиын бөгеттің талқанын шығарып, дұшпанын аяғының астына таптап сала білген. Оны туғанынан жұлдызы қарсы А.Гитлер де мойындап, екінші дүниежүзілік соғысты оған қарсы, таққа емес, баққа таласып майдан ашқан» (Б.Тоқтаров. Бақытты құлдықтың ақыры); Қазақ «аманшылық болса» деп сөйлейді ғой, аманшлық болса осы бесжылдықты осы қарқынмен аяқтаса, Дәукең омырауына жұлдыз қадар ма екен деген үмітіміз бар. –әрі әзілдеп, әрі сыр қылып айтқандай сыңай танытты (Б.Нұржекеев.); «Жұлдызсыз түнек көңілін бұрынғыдан бетер жүдетіп жіберді. Осыншалық бақытсыз болып туғанына налып, көкірегі қысылып кетті. Ызаға булығып, жылағысы келді» (Б.Нұржекеев. Күтумен кешкен ғұмыр); -Шіркін –ай, Еменалы екеуіңнің жұлдыздарың қай жерде шақырайысып қарсы қарасып тұрғанын көрер ме едім бір! – деп кінәратсыз күлді. -Еменалының жұлдызы қай жерде тұрғанын қайдан білейін? Менің жұлдызым бола қалса, сенің жұлдызыңның ық жағында тұратын шығар, - деді Ұлпан (Ғ.Мүсірепов.)

«Жұлдыз» концептінің ауыспалы мағыналары келесі метафоризация тәсілдер арқылы жүзеге асырылады: 1) **кейіптеу** (жансыз затты жанды етіп суреттеу) мысалы; жұлдыздар жымыңдайды, жұлдызы жанды, жұлдызы оңынан туды 2) **сөзді бір саладан екінші бір салаға ауыстыру.**

«Жұлдыз» - астрономиялық термин. Ол астрономиялық терминдер саласынан әдеби тілге ауыстырғанда жаңа ауыспалы мағыналар пайда болды, мысалы, жұлдызы аспандады, кино жұлдызы 3) **сөзді өзіне тән емес, басқа контекстіде қолдану**. «Жұлдыз сырғалар аспан көгінде тізілді», «жұлдызы жарасты, жұлдызы қарсы болды».

«Жұлдыз» концептісі бірталай теңеулердің де ұйытқысы. Осындай теңеулер теңеудің сипатталушы мүшесі әртүрлі заттар болып табылады (жер, көз, жанар) сипаттаушы мүшесі -жұлдыз. Зат пен образға ортақ қасиет-теңеудің белгісі. Теңеудің предметі жұлдыз ұғымымен, оның қасиеттерімен салыстырылады. Ортақ қасиеттерге жұлдыздың келесі белгілері жатады 1) **жұлдыздардың көптігі, жиілігі.** Түнге қарай өндірістің бәрі қызыл шүберек оранып, шамдары *жұлдыздай жыпырлап* кетті (Ғ.Мұстафин. Қарағанды). **2) жұлдыздың жарқырауы, жалтылдауы**. Екі көзі жұлдыздай жайнап кетіп барады (Батырлар жыры); 3) **жұлдыздың ақпалы қасиеті** ағып түскен жұлдыздай; Өз өмірінде әдейі бұған арнап, ағып түскен жұлдыздай боп елес берді» (М.Әуезов). 4**) Жұлдыздың әдемілігі** «Құлпырып жұлдыздай боп күлімдейсің, не көркін көрдің, айтшы, қай жердің» (С.Сейфуллин).

«Жұлдыз» концептісінің төртінші компоненті -ментальды – мәдениеттік құрылым. Осы компонент халықтың астрономиялық көзқарасының ерекшелігін, аспандағы жұлдыздардың мифологиялық баяны туралы түсінік береді. Қазақтардың астрономиялық көзқарастары мал бағудан туындайды. Қазақ даласы шегіне көз жетпейтін теп –тегіс жазық болып келеді де, кейде көз тоқтатып, нысана етерлік зат жоғынан айналаны барлау қиынға түседі. Мұндай кезде адасып кетуге де болады. Сондықтан қазақтар үшін нысана болған аспан кеңістігіндегі жұлдыздар. Олар бағытты белгілеуге себін тигізген. Сонымен қоса, қазақтар жұлдыздардың аспанда шығу мезгілімен уақытты белгілеген: таң атарда туатын жұлдыз Шолпан. Шолпан –кешкі де жұлдыз. Сол шығысымен мал қоралайды, мысалы, «Шолпан туа қымызға қаздың бір түйір сұр шайын жұтқыздым», - деді (Д.Досжанов. Терезенің жарығы).

Үркер жамбасқа түскен – түн ортасы ауады деп түсінген. Жұлдыздардың аспанда тууы бойынша жыл айлары есептелген, мысалы Сүмбіле август айында туады, ал шілде аяғында Таразы жұлдызы көрінеді. Үркер жұлдызы жерге жақындаса көктем келеді деп шамалаған.

Темірқазыққа қарап қазақтар төрт құбыланы (Терістік, Түстік, Батыс, Шығыс) байқаған. Өмір бағдары анық жан-жағы толысқан уайымы жоқ адамды « Төрт құбыласы түгел» деген. Ай мен күн қазақ танымында былай түсіндірілген: 1) ай- ару, күн –күйеу 2) Күн мен Ай – егіз сұлу қыздар.

Осы концептінің бесінші компоненті тілдегі көріністермен байланысты. «Жұлдыз» ұғымы мақал - мәтелдерде, фразеологизмдерде жиі кездеседі. Сондықтан біз парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарын қарастырайық:

Парадигматикалық қатынастар:

1) Синонимдер а) ақпа, кометі, құйрықты жұлдыз, жұлдызды – бақытты; б) жұлдыз: күн, тәулік,сөтке;

2)Антонимдер: жарық жұлдыз, жарқыраған жұлдыз,- өткен жұлдыз; жұлдызы сай, жұлдызы жарасқан – жұлдызы қарсы болу; жұлдызы жарқ етті – жұлдызы сөнді; жұлдызы көңіл – жұлдызсыз түнек көңіл

3)Парадигматикалық қатынастағы «жұлдыз» көпмағыналық сөзінің ауыспалы мағыналары: а) жұлдыз – аспан кеңістіктегі газдардың ұйысуынан құрастырылған қатты дене (тура мағына); б) әйгілі, атақты адам – кино жұлдыз (ауыспалы); в) жұлдызды (шені үлкен) (ауыспалы мағына); г) жұлдызы аспандады (ауыспалы мағына); д) жұлдызыңнан жаңылма (тура жолынан ауыспау, бір бағдарды сақтау); е) жұлдызы жарасты (бір –біріне тең, сәйкес келген жандар) (ауыспалы мағына)

2. Синтагматикалық қатынастар:

А) **сөз тіркестер**: жұлдызы жанды, жұлдызы жарық, жұлдызы жақты, ақпа жұлдыз, жұлдызы жалт етті, жұлдызы жиі шықты

Ә) **фразеологизмдер**: жұлдыздай ақты (қатты жүгірді); жұлдыз толғанда (ел орынға отырған соң); жұлдызы жанды (жолы болды); жұлдызы жарқын (өмірі кіршіксіз); жұлдызы жоғары (мерейі үстем); жұлдызы қарсы (өш, қас); жұлдызы оңынан туды (бағы ашылды); жұлдызы сөнді (бақыты тайды,дүниеден өтті); жұлдызы түзелді « тағдыр таразысы оңалды);

В) **мақал – мәтелдер**: Адасқанға жұлдыз айдай, қарын ашқанға – көже майдай

Қорыта айтқанда қазақтардың астрологиялық көзқарастары көшпелілердің болмысының қажеттілігінен туындайды: 1) бағытты бағдарлау нысаны ретінде пайдалану; 2) уақыт, мезгілді болжайды; 3) аспан кеңістігіндегі денелер мифтік баяндарда анималистік, антропоморфтік модельдер арқылы көрініс беріп, адамдардың, жануарлардың түрінде кейіптенеді. Олар адамдарға, жануарларға тән қасиеттерге ие болады. Алыс жұлдыздарды өзіне таныс адамдардың қылығы, жануарлардың қасиеті арқылы сипаттау көшпелі шаруашылықтармен, өмір тәсілімен байланысты, өйткені қазақтар жұлдыздарды өздеріне танымал нысандар арқылы белгілеген; 4) жұлдыздар аспандағы тәңірдің қосағы. Олар жаратушыға жақын, сондықтан олардың мінез –құлқы жердегі адамдарға үлгі болып табылады деген.

Әдебиеттер:

1.Почепцов О.Г. Языковая ментальность: способ представления мира// Вопросы языкознания,1990, №6.-С. 110-123.

2.Оразалиева Э.Н. Когнитивті лингвистика. Қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – «АН Арыс» баспасы. – Алматы,2007.-312 б.

МҰҚАҒАЛИ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Нұрғазина М.Б., Мұқанова Ұ.А., Қадыров Ж.Т.
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қ.

Өмірді жырлап, өлімнен қорыққан Мұқағали бақытты да өз деңгейінде жырлап кетеді. Бақытты болу әр адам мақсаты. Бақыт үшін күресіп, бақытты таудан да, тастан да, достан да, жақыннан да іздеп табуға тырысады. Ал сонда бақыт деген не? Оны қайдан табу керек екен? Оған жауапты ақынның өзінен табамыз. Оны ол "Үш бақытым атты" өлеңінде береді. Сонда ақын ойынша үш түрлі бақыт болады: халқы, тілі, Отаны. Аталғандарды аялап,қадірлей білсек, есті адамға осылардан асқан бақыт жоқ демекші. "Бақыт деген" деп өлеңінде бақыттың не екені, балаларға бақыттың не екенін түсіндіреді.

Бақыт деген – сенің бала күндерің,
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің,
Бақытын да, басқасын да білмедің
Бақытсыз-ақ ойнағаның күлгенің [1: 94].

Бұл жолдар үлкеннің балаға айтқан ақылы, өсиет-өнегесі ретінде қабылдауға болады. Бала бақытын осындай десек болар.

Бақыт іздеп мал бақ, мейлің, тас қала,
Бірақ, балам, мынаны, естен тастама:
Бақыттысың бақыт іздеп сорласаң,
Бақытты боп сорлап жүрсең масқара!

Жастарға, жалпы адамзатқа тәрбие ретінде айтылып отыр. Бақыт деген атақ та, даңқ та емес, істеген қызметің де еместігін, бақытты болу адамның өзіне жеке басына байланысты дейді. Азға қанағат қылмай, әрқашан барыңды толықтырып, ізденісте жүрсең бақыт деген сол дейді. Кейде ақыл ретінде айтылған өлеңдері болса, кейде өлеңдерінде өкініш сазы да білінеді:

Қарға адым жерде тұр еді менің бақытым,
Ұстай алмадым,
Өткізіп қойып уақытын.
Сансырап, шаршап жүргенде,
Біреу тап келіп,
Қақты да кетті,
Айылы мықты, аты тың.

Қолы қысқа, сүйеуі жоқ адамның сөзі. Мұқағалидың өлеңдерінің түгелі өзінің өмірінің көрінісі. Ақын өмірін өлеңмен осылайша өрнектейді. Жан күйзелісін, көкірек тасын өлеңмен түсірмекші. Бұл ақын қолтаңбасын айқындайтын бірден-бір көрініс. Мақатаев өкінішімен қоса қуанышын да жасырмаған.

Бақыт іздеп несіне шаршағамын?!
Қасымда жүр екен ғой аңсағаным.
О, менің ән самалым, жан сонарым!

Тамсанамын,
Тіліңнен бал сорамын,

-деп өзінің қуанышын өзінде ұстап қалмаған. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген сияқты кейде адам өз бақытының қасында жүргенін сезбейді де. Ал автор соны түсініп, өкінішін де, қуанышын да жыр етеді. Жырлай келе баршаға жар салады. Өзінің көптен іздегенін тапқанына балаша мәз болып, мақтанады.

Қасымнан – жер бетінен таптым сені,
Жайына бақыт қалып, жаһұт қалып,

- баршаға айқай салады. Бақытты екі қолымен ұстап айырылғысы келмейтін болады. Бұл айтқанымыз ақынның жеке басының бақыты, ал ақынның бақыты – шындықты, мезгіл ақиқатын, уақыт үнін ащы-тұщы қалпында жыр жолына сыйғыза білгенінде болса керек. Нені жазса да, күйіп-жанып, өліп-өшіп, үздігіп, сағынып аңсап, елжірей сүйіп, күңірене тебіреніп жазған сөз жүрекке жол таппай қоймайды [2: 34].

Ақын «Сырласу» өлеңінде өлең-сөзге үлкен жүк артады. Оның көтерер жүгінің, барар жолының тіпті шегі болмас. Аспан, жер, уақыт, заман туралы да, сен жайлы, өзім жайлы, анау жайлы да, бүгінгі ұрпақ, бүгінгі адам жайлы да айту керек. Сондықтан ақын:

Білесің бе?
Жыр жазу – маған қайғы!
Мысалы, Анам жайлы
Сөзбенен сурет салып, ой түйсем де,
Анамдай бәрібір ол бола алмайды,

- дейді. Ақынның неге сонша тебіреніс, толғаныс үстінде көрінетіні зердей жанға:

...Шындықтың ауылында - қазына бар,
Шыр айналып соны іздеп алаңдаймын,

- деген жолдарды оқығанда түсінікті болар. Қай мезгілде, қай жағдайда болсын әділеттілік басқа құбылыстың артынан сөйлейтін ойлы адамдай жылдам көріне бермейтін сияқты. Ақын қиналып отырғандай адам баласындағы ең қасиетті тұлға – Ана. Ана туралы қанша жыр жазса да, сүйкімді бейнесі толық шықпай қала ма деген күмән тек айрықша жауапкершіліктен, биік талаптан тғана туады. Талаптан шығу үлкен суреткерлікті, таланттылықты қажет етеді. Ақынның қобалжуы да осындай талғампаздықтан туындап отыр.

Қазақ поэзиясында ең дәстүрлі, көне тақырып деп жүрген «Ана» тақырыбы жаңаша леппен үлкен патриоттық жүрекпен құлпыртқан бір жырды мысалға келтірейік.

Қайран біздің шешелер!
Арды ойлаған,
Шілік шауып, ши орып, бау байлаған...
Жігіттерден айрылып, қалмай қараң,
Қырман басып, егін сап, арба айдаған,

-деп бір мақтанса. Ендігісінде қайратты аналарын тағы бір дәріптейді:

Жылап алып,
Қайтадан қуаттанып,
Егінжайға келетін бұлақты алып.
Тоқтап қалған тірліктің машинасын
Жүргізетін, бір жерін бұрап қалып.
Қайран жандар!
Қайран жандар!..

-деп сол кездегі асыл жандардың төзімділігне, қуаттылығына бір жасап қалатындай. Тірліктің барлық кілті осылардың қолында сияқты. Ал олар бейне бір шеберлері немесе жүргізушілеріндей дейді.

Өлеңге деген ел ілтипатын оның еркін сазы, шынайы шыншылдығы, бүкпесіз ақ ниеті, көңілі баурайды. Лирикалық қаһарман ел ұлы, ел ұланы бояуды армандайтын асқақ ниетті ақынымыз. Оның эстетикалық, идеялық мұраттары мынадай жолдарда ажарлы көрінеді:

Кешір, ана!
Табынбан саған ғана,
Отан деген маған да, саған да Ана!
Алдымен Отанымды ырза етейін,
Бер мені Отаныма, алаңдама [1: 127],

- деп ақтарыла жырлап, ағынан жарылған Мұқағали жырлары да оқушы жүрегіне осылай айқын ой, өр рухымен жақын. Ылдидан шапса – төсте озған жүйріктей сұңғыла ақынның еркін төгіле жырлайтын тұстарында азаматтық әуеннің жалынды лебін де сезінеміз.

Келесі бір шумақтарда анасын көкке көтере, асқақтата жырлайды. Шешесіне табынып, өмірлік рахметін айтады.

Ұлың сенің ұжмаққа бергісі жоқ,
Ұжмағың да тамұқ қой – көргісіз от.
Осылай көз алдымда жүре берші,
Сұраулы сөйлемдердің белгісі боп [1: 128].

Қайран шешесін ештеңеге қимақ емес. Өмірінің көп ауыртпашылығын көріп, жақсылығын аз сезінген анасына жаны аши қарайды. Кәрі шешесінің азалы уақытын сезінетін автор уақыттың зымырап өткеніне налиды. Иілген шешесін сұрау белгісіне ұқсатып, өзінше еркелетеді. Кейде жылаған шешесін алақанына сап аялап, жасын тыйдырып уатады:

Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағын, жыламағын!
(Тәңірім кеше гөрсін кесірімді.)
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!
Шеше!
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдан иілген бесігімді... [1: 129]

Мынадай жолдардың атасы болған Мұқағали тарихтағы ұлт ақыны ғана шығатын шұғылалы биікке көтерілген әрбір ірі ақындар сияқты, Қазақ поэзиясын жаңа кеңістікке көшіріп қондырды да, өзі соның мәңгілік тұрғыны

болып қалды. Ол сонысымен әрбір мезгілмен бірге көктеп-көгеріп, әр ұрпақпен бірге жасайтын ардақ ақынның таңдаулы тобында.

Дарынды ақынның жырлаған тақырыптары қозғай берсе ұлан-ғайыр шеті көрінбейтін мұхит тәріздес. Әрі терең ойлы, мөлдір сезімді, таза ниетті ақын сөздері бітпек емес, өшпек емес. Ана туралы қозғағанын сөз етсек, ендігі соғып кететін тақырыбымыз әке, туысқан жайлысы.

Алыс ауылда, алаңсыз ақ көңілді ортада жүрген жасөспірімнің қан майданнан қайтпай қалған әкесі өлді деуге қимайтын сәби көңілі өзі емес, сол сияқты талайлардың тағдырын баяндайтын ғажап шындық емес пе??

...Жалынған ғазиз анам, сұрап қалған,
Жоғалды сол бетімен бірақ та арман.
Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,
Себебі ол үйімізден тірі аттанған...

Ағасы майданда мерт болып, жесір жеңгесі амалсыз басқа біреудің етегінен ұстағанын көрген есті бала қадірлі жеңгесінің сүттей ұйыған шаңырағының шырқын бұзған қанды балақ соғысқа қарғыс айтуы жарасымды. Жаны нәзік, сезімтал бала жеңгесінің бәрібір бақытсыз екенін біліп, мұңға батады, жаны ауырып, сырын сыртқа шығарады. Жетімдер мен жесірлер тағдырын жеріне жеткізе, жүрегіңді қан жылатажырлаған.

Қартайып қалыпсың-ау,
Қайран жеңгем!
Қайғыға мойымаушы ең,
Қайдан келген?!
Сағынып жүрсің бе әлде,
Қадірлім-ай,
Баяғы жастығыңды майданда өлген?!

М.Мақатаев өлеңдеріндегі соқталы ойлары, нәзік сезімдері оқырманын еліктіріп, жетелеп ала жөнелетін сиқырлы сазымен жүрегіңді бірден баурап ала қояды. Ақын өлеңдерін өрнектеген образдың оңасы келісті, ойлары оралымды, сөздері суретті. Жұтаң ой, қасаң сезім, сұйық сөзден жалыққан жұртшылық аруақты ақынның жаңаша мақамда жазылған жырларына сүйсіне құлақ түрді, бас алмай оқыды. Жаныңды қозғайтын терең ойға, мөлдір сезімге сусаған қазақ қауымының рухани шөлін қандыруға Мұқағали музасы мінсіз қызмет етуде. Ал бұл сияқты қарапайым өмір құбылысынан өлеңде қабырғалы ой қалыптастыруға талантқа қонған бақ, дарынға бұйырған олжа. Қазіргі қазақ поэзиясына шағын өлеңдері шалқар ойларымен өрнектеп, өмір драмасын ақын – парасаттылықтың талқысына салып, тәлімді, тосын философиялық ойлар түйіндеу арқылы қыруар қазына қосқан да ақын Мақатаев. Қыртысты ойларға толы шымыр шумақтардың бірден жадыңда жатталып қалатыны да осы қасиетінен болар.

Әдебиеттер:

1. Мақатаев М. Таңдамалы. – Алматы, Жалын, 2003. – 325 б.
2. Оңғарсынова Ф. Кие жырдың шапағаты //Егемен Қазақстан// 29.12.2000

НҰРЛЫБЕК БАЙМҰРАТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Сеидахмет Г.С., Мұхтар Н.С., Қадыров Ж.Т.
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қ.

Нұрлыбек Баймұратұлы ақындығының бастау көздері жөнінде айтқанымызда, ең алдымен барлық халық ақындары сияқты ертегі-аңыз, өлең-жыр арқылы бойына сіңген бай халық ауыз әдебиетінде екенін атап өткеніміз орынды.

Ақынның тарихи поэмалары мен лирикалық туындыларында ауыз әдебиетімен дәстүр жалғастығын танытатын факторларды айқын аңғаруға болады. Мәселен, лирикалық туындыларында ұлттық колоритті танытатын, халқымыздың менталитетіне етене жақын, ұғым-түсініктерді білдіретін тіркестерді ұтымды қолдана білген. «Ой-қырда Құлагердей құйындата», «Қорқыттың қайда барсам көрі кез кеп», «Еңіреп Асан қайғы атам құсап» деген өлең жолдары қазақ халқының жалпы оқырманына бірден түсінікті.

«Түн түндігін серпілтіп, Жол ашқан өнер-білімге», «Шудадай шұбатылған бұйра түтін», «Қопсытып қар мен мұзды жүндей түтіп», «Сүліктей су түбіне сүңгіп батқан», «Боздатып боз інгеннің күйін кешсін» «Қу көденің шоғына түскен шоқтай», «Отпен ойнап көбелек таппақ ажал» деген өлең жолдары жайлы да осыны айтуға болады.

Поэзияның алғышарттарының бірі ықшамдылық, әрі нақтылық болса, мақал-мәтелді поэзияда ұтымды қолдану шығармадағы ойдың жинақылығын, көркемдігін, дәлдігін арттыра түседі. Мақал-мәтелдер Нұрлыбек ақынның еңбек тақырыбындағы өлеңдерінде үндеу, еңбекке шақыру негізінде көптеп кездеседі. Ұйқас үшін мақалдағы сөздердің орнын ауыстырып та қолданған. Ақынның мақал-мәтелдегі негізгі ойды да ұтқыр пайдаланғандығын байқауға болады. Мәселен, «Еңбексіз ембейтінін сонда білді» деген өлең жолында ешқандай халықтық мақал немесе ақынның өзі тудырған тапқыр тіркес те көрінбейді. Мұнда тек ақын «Еңбек етсең – емерсің» деген мақал негізінде туындаған негізгі ойды қолданған. Бұл қаламгердің шығармашылық шеберлігін танытады. Ақын тағы бір өлеңінде «Малы жоқтың – құны жоқ бір ақымақ» дейді. Мұндағы «Малы жоқтың – құны жоқ» тіркесі өмірлік қағидадан туындаған фольклорлық дәстүр үлгісіндегі ақынның өзі өрнектеген ойының көрінісі.

Нұрлыбек Баймұратұлының шаттық сезімге бөленіп, мерейі тасып отырған шағында туған өлеңдері толғау түрінде келеді. Ақын толғаулары көбінесе үлкен жиын-тойларда, тарихи мәні бар жиналыстарда туып отырған. Ақын үшін басты шарт туған халқының өзіне дейінгі әдебиетін жақсы білу болып табылса, рухани азыққа айналып, шығармашылық шыңдалуға себеп болған жыраулар поэзиясы да халық ақындары шығармашылығынан орын тапты. Жыраулық дәстүр, толғау жанры халық ақындарының

шығармашылығында мазмұн, түр жағынан уақыт талабына сай туып, толғау жанры жаңа бір қырынан танылды.

Халық ақындары шығармашылығында бұрынғы жыраулар жыр қылған ел бірлігін, қазақ халқының болмыс-бітімін, бүгіні мен ертеңін, өмір философиясын кеңінен толғаған шығармалар да аз емес. Бұған қоса, той үстінде ақындар толғау айтып, өзгерген өмірдің сән-салтанатын марқая жырлап, қоғамдағы Қазан төңкерісі әкелген жаңалықтарды кеңінен толғады.

Нұрлыбектің жыраулық дәстүрмен жазылған толғауларының бірі – «Жауынгер жастарға» атты туындысы. Автор жастарға «халықтың қамын ойлап, тұлпар мініп, топ баста, қызыл туды қолға ұста, жай отындай жалтылда», – деп дем беріп, «ел ертеңі – жастар», «күш – жастарда» дегенді меңзейді.

Қай халықтың әдебиеті болмасын, тамырын тереңге жайған бай әдеби дәстүрінсіз өмір сүріп, гүлдене алмайды. «Жалпы дәстүр, оның ішінде поэзиядағы дәстүр де дамиды, өзгереді, өседі, жаңарады. Бірақ бұл үшін көбінесе халықтың тіршілігінде, өмірінде санасында, көркемдік дүниетанымында жаңа бетбұрыс, үрдіс, даму т.б. болу қажет» [1: 78]. Қазақ әдебиеті үшін жаңалық болған Абай шығармашылығы, уақыт өте келе бірнеше буын ақындарына таптырмас дәстүрге айналды. Жазба әдебиетінің бастауы, көркемдік дәстүрдің көзі – Абай дәстүрі болды.

Тәңірберген Әміренов «Ақын аға үлгісімен» атты мақаласында: «Өзім білетін халық ақындарының Абайға еліктемегені, одан үйренбегені жоқ. Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратов тағы басқалардың жыр-толғауларынан Абай әсері айқын аңғарылады. Бұлардың ішінде, әсіресе, Нұрлыбек Баймұратовтың өмір бойы Абайды ең жақын ұстаз тұтып өткенін жақсы білемін. Ол кісі күнделікті өлеңдерін былай қойғанда, ауыз екі айтыстарында да Абай есімін ардақ тұтып, алдымен айтатын», – деп көріп-білгенін баяндайды [2].

Халық ақыны Нұрлыбек Баймұратұлының Абай дәстүрін жалғастыруына негіз болған екі себеп бар. Біріншіден, «бала ақын» атанған Нұрлыбекке тәлімгерлік етіп, өнер жолына түсуіне ықпал еткен Ахметшәріп Молдажанов Абайды өмір бойы өзіне ұстаз тұтқан және өнерге ден қойған жас Нұрлыбекке әдебиеттің уызы ретінде Абай өлеңдерін жаттатады. Екіншіден, 1920 жылдардан бастап, Нұрлыбектің жігіттік шағында, бар ғұмырын Абайдың ұлылығын дәріптеуге арнаған М.Әуезовпен кездесіп, шығармашылық қарым-қатынаста болуы – ақынның Абай үлгісін ұстануына игі ықпал етеді.

Екі ғасырдың еркін жыршылары ұлы Абай мен Нұрлыбек Баймұратұлында ой-таным бірлігі, сезім үндестігі байқалады.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы, –

деп Абай «ақын» атаулыға қояр талабын бейнелесе, Нұрлыбек:

Шебер тіл өрнек өріп, мый кестелеп,

Бейнесін толған айдай бедерлеген.
Өмірдің терең тінтсең әр саласын,
Кең толғап сонда ғана айта аласың, –

деп Абай идеясын әрі дамытып өлең мен сөз категориясына, ойды қосады. Нұрлыбектің «Өмірдің әр саласын терең тінтсең ғана кең толғап айта аласың» деген ойы, Абайдың «қиыннан қиыстырар ер данасы» ережесімен үндес келеді.

Абай:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бишарасы.

Нұрлыбек:

Аз сөзбен алыс шолып, жақын тартып,
Айқындап әр дәуірдің салт-санасын.

«Бөтен сөзбен былғамай, аз сөзбен» тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтудағы идея бірлігін көруге болады.

Қазақ поэзиясына қысты «ақ сақалды, түсі суық, кәрі құдаң» деп «кәрі шалдың» кейпінде бейнелеуді Абай енгізген болса, Нұрлыбектің «Сұлу көктем» өлеңіндегі «қаһарлы кәрі қыстың әлі бітіп» деген жолдарынан Абай қолданысын әрі қарай өрбіткенін байқаймыз.

Абайдың табиғат лирикасына еліктемеген ақын жоқ шығар. Ұлы ақынның «Жазғытұры» өлеңіндегі бейнелі көріністі Нұрлыбектің «Сұлу көктем» өлеңінен көре аламыз. Абайдағы «жастың жайраңдасып құрбысымен күлуін, … кемпір мен шалдың тұрғысымен жалбаңдасуын, Қыздың бұраңдап, наз қылуын», Нұрлыбек бәрін бір жерге тоғыстырып, «Жас күліп, қарт әзілдеп, қыз әндетіп» деп береді.

Ұстазы Абай лирикалық өлеңдерінде жүректің көзі, кеудедегі сәуле мәселесін де қозғайды. Көз, сәуле болғанда ғана адамшылық игі қасиеттер туындайды, көкірегің оянады дегенді меңзейді. Кеудесінде сәулесі жоқ адамға жол сілтеу, жөн айтуды құмға сіңген суға ұқсатады.

Сәулең болса кеудеңде,
Мына сөзге көңіл бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.

Ал Нұрлыбек:

Ақын, ақын болмайды, сөз болмаса,
Құрылған қарсы алдында тез болмаса,
Өлеңнің төрт аяғы бірдей келмес,
Адамның кеудесінде көз болмаса.

Абай объектісі – тыңдаушы да, Нұрлыбек объектісі – айтушы. Бұдан түйіндейтін ой, мынаған келіп саяды: кеудедегі көз немесе сәуле тыңдаушымен қатар, сөйлеушіде де болуы хақ. Айтушының кеудесінде көз болмаса, айтқан сөзінде ешбір салмақ, ешқандай сапа, мән болмайды.

Абай дәстүрі, Абай қалыптастырған стиль халық ақындары шығармашылығынан ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеті, қала берді әлем әдебиетінен алатын орны бөлек, ерекше құбылыс.

1982 жылы «Қазына» деген атпен шыққан шығармалар жинағы мен әр жылдар мерзімді баспасөз бетінде жарияланған және Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорынан табылған өлеңдері бойынша Нұрлыбек ақынның лирикалық шығармаларын арнау өлең, хат өлең, толғау, өмірбаяндық өлең, шағын сюжетті өлең тәрізді бірнеше жанрлық түрге бөлуге болады.

Нұрлыбек Баймұратұлы – Абай поэзиясымен сусындап, ақын шәкірттері Әріп, Әсет пен Көкбай мектебінен өткен ақындардың бірі. Ақынның Абайға арналған төрт өлеңі сақталған: «Абай» (1939), «Абай» (1940), «Бейіт басында» (1940), «Ұлы ақын» (1945). Ақынның туғанына 95 жыл, 100 жыл толуына орай әр жылдары жазылған арнау өлеңдері, мағынасы жағынан 350 жолдан тұратын шағын поэма тәрізді.

Қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Мәлік Ғабдуллинге арналған «Батыр ұлыма» өлеңінде жазушы-ғалымның ерлік қасиеті сипатталған. Біршама арнауларында ақын кейіпкерінің бойындағы ерекше қасиетін, өнерін сипаттаумен қатар, сол кездегі заманның келбетінен де азды-көпті хабардар етеді. Мәселен, «Өнерпаз қызыма» өлеңінде қазақтың атақты биші қызы Шара Жиенқұлованың өнерін мадақтаумен қоса өмірдің өзгеріп, заманның жақсарғанын қоса баяндайды.

Халық ақындары мектебінің негізін салушы, көптеген ақындардың ұстазы болған Жамбылға арналған екі өлеңінің бірі жыр жүйрігіне қарата айтылған сәлемдесу түрінде, екіншісі «Алтай сәлемі» – ақынның тойына арналып жазылған. Өлеңде «жыр алыбы – Жамбылды», «тау алыбы – Алатауға», өзін Алтай тауына балап, Алтайдың Алатауға құттықтап сөз айтуы тұрпатында берілген.

«Уа, ақ басты, өрім шашты Алатауым,
Қатпар құз, қия-жартас, кең қойнауың.
Арналы алмалы ағаш, сәулім самал,
Жемісті, көкмайсалы көл жайлауың.

Шығарма соңына дейін осы мақаммен екі таудың тілдесуі түрінде жазылған. Осылайша, жыр дүлділі Жамбылға деген ізгі ниетін, ілтипат сезімін білдірудің өзіндік жолын туғызған.

Осы циклді құрайтын туындыларына «Пушкинге», «Горькийге», «Сәбитке», «Ақмола ақыны Бақытжамал Оспанқызына» секілді туындыларын жатқызуға болады.

Фольклордан, жыраулық поэзиядан, классикалық әдебиеттен нәр алып, бойына сіңіріп дарытқан Нұрлыбек Баймұратұлының лирикалық шығармалары жан-жақтылығымен, көркемдік-эстетикалық қуатымен ерекшеленеді. Идеялық мазмұны, тақырыбы, көркемдігі жағынан қазақ халық поэзиясы қорынан ойып орын алатын туындылар.

Қорыта айтқанда, халық ақыны Нұрлыбек Баймұратұлы поэзиясы көркемдік-эстетикалық бастау көзін фольклордан алады. Сондықтан да ақынның өлеңдерінің көркемдік қуаты жоғары, тағылымдық мәні зор болып келеді.

Әдебиеттер:

1. Әміренов Т. Жұмбақ тас (Өлеңдер). – Алматы, Жазушы, 1967. – 60 б.
2. Әміренов Т. Ақын аға үлгісімен // Семей таңы. – 1970, 10 шілде.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, Фолиант, 2002. – 408 б.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Серкешбаева Г.Н.
Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
Naznar2014@mail.ru

Халық ауыз әдебиеті – барша ұлт мәдениетінің қайнар бұлағы болуымен қатар, халық тарихының дәстүрлі дүниетанымының жинақталған алтын қоры әрі рухани жан дүниесінің айнасы. Қай халық болмасын өзінің тамырын танып, ұлттық келбетін айқындауда ең алдымен дәстүрлі дүниетанымның таусылмас қазынасы фольклорға жүгініп жатады. Бұл ұлтымыздың рухани көкжиегін кеңейтуде ұлттық болмысымызды толыққанды қалыптастыруда ерекше маңызды.

Ұлттық тәрбие – тұнып тұрған асыл қазына, өсиет, өнеге. Әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне негізделген өзіндік педагогикасы бар. Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық мәдени қайта өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты халық дәстүрлері арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. «Адамзат ұрпағымен мың жасайды» дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де басты мәселе болған. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Бүкіл әлемдік өркениетте үлкен орын алатын ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берген білім өте қауіпті», – деген болатын [1: 13]. Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты – әрбір жеке тұлғаны жан-жақты жарасымды етіп тәрбиелеу. Олай болса, келешек ұрпаққа білім-ғылым нәрін егумен қатар, өз халқымыздың тағылымдарын үйретудің мәні зор.

Бүгінгі күні баршамыз болып «Болашақ жастардың қолында!» деп ерекше екпінмен ұрандатып жүргенде, сол болашағымызды нұрландырар жастарымызды ел тізгінін ұстауға лайықты етіп тәрбиелеп жатырмыз ба?! Қазір жасөспірімдерге берілетін тәрбие қандай болса, ертеңгі ел болашағы да сондай болары хақ.

Балғын шыбықтың түзу өсуі оның бағып-қағуында емес пе?! Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Балам дейтін жұртың болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп қағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой» [2: 21].

Бүгінгі жас ұрпақтың салауатты, тәрбиелі жақсы азамат болып қалыптасуы бүкіл қоғам, отбасы, білім мекемелерімен тікелей байланысты. Біріншіден, ұлттық болмысымызды, яғни, ділді, рухты қалыптастыратын

ұлттық өмір сүру әдісін, өмір сүру философиясын ұғынуымыз керек. Иә, өмір сүру әдісі салт-дәсүрді тудырса, салт-дәсүр ділді, тіл ұлттық келбетті, ұлттық тәрбиені айқындайтынын әрбір ұрпақ бойына дарыту керек. Қазақ халқының өмір сүру қағидасында «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деген немесе амандық сұрасқанда «армысың» дейтін сөзі бар. Міне, дана қазағым жанынан арды жоғары қойғаны осының дәлелі.

Бала – отбасының айнасы. Отбасындағы түрлі кикілжің, ұрыс-керістің баланың дұрыс дамуына психологиялық кері әсерін тигізеді. Осығанорай, «Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды. Бала айтқанды емес, көргенін істейді» деген қағиданы әрқашан естен шығармауымыз керек.

Бүгінде жасөспірімдер арасында туындап жатқан сан түрлі жүрек сыздатар жағдайлар ата-аналардың бала тәрбиесіне аса мән бермеуінен,өз міндеттерін толық сезіне алмауынан туындап отырғаны жасырын емес.

«Ата-анадан өсіп бала тараған, жақсы-жаман болса, бала солардан» деген Жүсіп Баласағұнидың дана сөзін әрбір ата-ана жадында ұстаса ләзім [1: 17]. «Қызға қырық үйден тыю, қалса қара күңнен тыю» деп данагөй халқымыз тегін айтпаса керек-ті. Қазіргі таңда қазақ қыздарының бойындағы жат қылықтардың белең алуы – осы ұлттық тәрбиемізді аяққа таптап, жоғарыда айтылған даналық сөздерге мән бермейтіндігінің салдары.

Қаймағы бұзылмаған қазақ ұлтын сақтап қалу үшін ең бірінші ұлттық тәрбиемізді және тіліміздің дамыту керек. Ол үшін Абай айтқандай, жарлық пен байлық қолында барлар бірігіп, ұлт тәрбиесінің дамуына, өсіп өркендеуіне бар күштерін жұмсап, оның ауыр жүгін арқалап, мүмкіндігінше атсалысса, бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесі, ұлт мәселесі басты мәселеге айналмас еді.

Қазақ халқының тәрбиесін халықтың өмір сүру әдісі, қоршаған орта және осы қоршаған ортада өмір сүру философиясын айқындаған. Ал, өмір сүру философиясы халық ауыз әдебиетінен бастау алатыны сөзсіз.

Ұлы дариядай шалқыған мол да, құнарлы қазақ фольклорының жанрлық құрамы да аса күрделі, көрікті әлем. Салт-дәстүр жырларын басқа жанрлардан ерекшелейтін ең басты сипат отбасымен тікелей байланысты болып келуінде, яғни, адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп үй болуы, ақыры өмірмен қоштасар сәттегі бақилық сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, өнермен әрлеп отырған.

Ата-бабаларымыз: «Ата көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді», – деп бекер айтпаған. Бұл ұрпақ тәрбиесінің ең алдымен отбасынан басталатынын меңзейді. Сондықтан, әрбір ата-ана баласы ес біліп, етек жиғаннан бастап, оған ата-ананың ұрпағы алдындағы қарызын өтеуді көздеп, тәрбиесін біртіндеп күшейтеді.

«Ел болам десең, бесігіңді, тағылымыңды түзе», – деп Мұхтар Әуезов айтқандай [3: 327], бесік тәрбиесінің бала тәрбиелеудегі басты қадам екені баршамызға аян. Біріншіден, бесіктің бала денсаулығына пайдасы өте зор. Бесікте тербелген баланың ми жасушалары анағұрлым толық жетіліп, ақыл-ойы, тілі жақсы дамиды. Бесікте жатқан баланы бесіктен шешкен кезде ол керіліп, созылады. Денесінің әртүрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды, бала

таза болып қана қоймай жұқпалы аурулардан да аман болады. Бесік жасалған ағаш баланың жүрек қағысының, тамақ қуысының,тыныс алу мүшелерінің дұрыс қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Бесіктің жүйелі тербелісінен баланың ми қыртысы дұрыс қалыптасады. Осы арқылы баланың жүйке жүйесі жақсы дамиды. Бала салмақты, сабырлы болып өседі. Бесікке бөленген баланың ұйқы безі дұрыс қалыптасып,салауатты болып өседі.

Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының ең басты түрі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйегіне айналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар [4: 18].

Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әртүрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп жатады. Бесік жырының басты қызметі – бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіреді.

Баланың өмірдегі алғашқы қадамын қазақ халқы ерекше бағалаған. Соған орай, өзіндік тәлімі мол тұсау кесу рәсімін жүргізген. Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін әрі болашақ өмірі мән-мағыналы болсын деген тілекпен жасалатын ғұрып. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Сол жіппен баланың аяғын байлап, оны он екіге толмаған жүйрік әрі жеті қазынаның біріне жеткен және өмірдің тәттісін иеленген жас балаға кестірген.Яғни, періштенің тұсауын періште кескен.

Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртіп, тұсау кесу жырын айтады.Осы кезде ел атасы бата береді. Тұсау кесердің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері де бар. Көбейіп, көгере берсін деп көк шөптен есіп жасайды. Адал болсын деп ала жіптен де кеседі.

Баланың тілі шыға бастаған кезінен бастап тілашар, өнеге, өсиет секілді ата-ананың өтеуге тиісті міндеттерін жан-тәнімен дерлік өтеу қажет. Әсіресе, баланы жасына қарай тәрбиелеуге ата-ана ерекше көңіл бөлген жөн.

Тілашар тойына арнап шашу шашады. Осы тойда балаға «ғалым бол», «ақын бол» деген тілек білдіріп, бата береді. Бұл тәрбиеден бала өскендігінің белгісін сезінеді.

Ал, өтірік өлең арқылы баланың қиялын дамыта отырып, логикалық ой-тұжырымын қалыптастырады. Өтірік өлең – қазақ ауыз әдебиетіндегі өмір құбылыстарын шындыққа жанаспайтын етіп айтатын өлең түрі. Негізінен алғанда, өмірде бар нәрселер өлең қылып айтылады, бірақ, сол нәрселердің сипат-ерекшеліктері, қимыл-әрекеттері табиғи қалпынан өзгертіліп, мүлде нанымсыз етіп көрсетіледі. Сондай-ақ, әр түрлі жануарларға, аң-құстарға, жәндіктерге адам істейтін істері шындықтан алшақталып сипатталады.

Өтірік өлең халық поэзиясында айырықша тапқырлықтың, өмір шындығын жақсы біле отырып, оны өзгертіп, қиынсыз түрге келтіріп айтуға шеберліктің белгісі ретінде бағаланған[4: 27].

Қазақ халқы баланың айтқанды қағып алатын ұғымтал кезі алты мен он бес жас аралығы деп тұжырымдап, жан-жануар, табиғат заңдылықтарын түсінетін, игеретін кезі дәл осы тұс деп қарап, балаларға тәрбие мазмұнын ауырлатып, сезімдік танымнан, ақылдылық танымға қарай баптайды. Сондықтан, ұл мен қызға ортақ жүргізілетін еңбекті сүю, өнер білімге әуес болу, адал, ақ көңіл болу, үлкенді құрметтеу, парықсыз болмау, үнемшіл болу, өтірік айтпау, кешірімшіл болу сияқты толып жатқан тамаша ұлттық түсі қою тәрбиелерден тыс ұлдарын қайсарлыққа, алуан түрлі сайыс өнеріне баулыса, қыздарын әдеп-ибаға, әсемдікке, өнерлі болуға баулиды. Осындай тәлім тәрбиенің үлгісін қазақ халқы өзінің сан ғасыр мирас болып келе жатқан ауыз әдебиеті жырларынан алған. Әр отбасы өзінің ұрпағын ақылды, өжет, көрегенді етіп тәрбиелеуін жеке отбасының қажеті деп қарамай, ұлтының, отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған.

Ұрпақ гүлденсе, ел жаңарады. Көрегенді ұрпақтан, дана халық тарайды. Міне, сондықтан да ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы зор міндет. Ол үшін, алдымен, әрбір отбасында ұлттық тәрбиенің негізі қаланса және мектепте ұлттық тәрбиеге қатысты жүйелі жұмыстар жүргізілсе, ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға қойылған болар еді.

Сонда ғана әрбір ұрпақ ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, қоғамға тигізер пайдасы зор жеке тұлға болып қалыптасады. Сонда ғана «Болашақ жастардың қолында!» деп ұрпақ алдында да ұялмай айтар едік.

Қазақ дүниені жалған деп, ұрпақ тәрбиесін ерлік деп есептеген. Сондықтан, ерлікке балайтын өнегелі ұрпақ өсіру – қоғамның, ата-ананың, ұстаздың парызы, негізгі міндеті екенін басты назарда ұстағанымыз жөн. Ендеше, Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеп шығару үшін, алдымен, ұлттық тәрбиемізді, яғни, діліміздің, рухымызды, тіліміздің және салт-дәстүр мен тарихымызды ұрпақ санасына сіңірейік.

Әдебиеттер:

1 Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. – Алматы: Жазушы, 1991. – 13, 17-бб.
2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 21-б.
3 Әуезов М. Адамдық негізі – әйел // Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 327-б.
4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 18, 27-бб.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ ШЫНДЫҒЫ МЕН КӨРКЕМДІГІ

Сунгубаева Н.Т.
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
Nur_nurzat@mail.ru

Дүниеге тәуелсіздік көзімен қарайтын әдебиет керек.
Нұрсұлтан Назарбаев

Желтоқсан қазақ мемлекеті тәуелсіздігінің толғақ қысқан сәті өткен ғасырдың сексенші жылдары жарқырап көрініп, ұлттық тарихымызға алтын бет болып мәңгілік жазылып қалды. Оған қатысқан қазақ жастарының, студенттердің жұмысшылардың рухы биік болмысы, өршіл бейнесі елім деп соққан әрбір қазақтың жүрегіне сәулелі нұр боп құйылады. Олар білектің күшімен, найзаның ұшымен көлемі жағынан әлемде 9 орын алаған байтақ жерімізді қорғап бізге аманат еткен ата-бабаларымыздың кешегі қазақтың соңғы ханы Кенесары мен алаш үкіметінің қайраткерлерінің ісін жалғастырушы.Тәуелсіздік, бостандық жолындағы әр түрлі тарихи күрестерге толы XX ғасырдың ең соңғы үлкен оқиғасы 1986 жылғы Желтоқсан екені баршаға мәлім. Алайда содан бері ширек ғасыр өткенін зымыран уақыт байқатпай қойыпты. Кезінде күллі әлемді дүр сілкіндіріп, елді алаңдатқан сол оқиға талайларға үлкен сын да болды.

Еліміз тәуелсіздік алғасын, өткенімізге көз жіберу мақсатында бұрын айтуға тыйым салынған, «жабық» тақырыптардың бірі – **Желтоқсан көтерілісі.** Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына келтіріліп, бұл жөнінде “Желтоқсан. 1986. Алматы.” (құрастырылған Т.Өтегенов, Т.Зейнәбілов), “Желтоқсан құрбандарын жоқтау”, “Ер намысы — ел намысы” жинақтары, К.Тәбейдің “Мұзда жанған алау”, Т.Бейісқұловтың “Желтоқсан ызғары” кітаптары мен “Желтоқсан” (бас редакторы Х.Қожа-Ахмет) газеті жарық көрді, “Аллажар”(1991, реж. Т.Теменов), “Қызғыш құс” кинофильмдері түсірілді. Қазақтың қылшылдаған қыз-жігіттерінің көз жасынан тұратын бұл тақырыпты біраз қаламгерлер өз шығармаларына арқау еткені белгілі. Р.Нұрғалиевтың, Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» атты романы мен Н.Құнантайұлының «Қараөзек» романы бұл тақырыпты үлкен прозаға әкеледі. Әңгіме-повестерде бұл тың тақырыпқа – А.Алтай, М.Байғұтұлы, Ж.Қорғасбек пен Қ.Түменбайлар түрен салды. [1:89] Міне, содан бері өткен ширек ғасырда қазақ әдебиеті Желтоқсан тақырыбен толықты. Поэзия, проза, драматургия жанрларының бәрінен де Желтоқсан туралы шығармаларды молынан атауға болады. Желтоқсанның жиырма жылдығы тұсында Жастар мен жасөспірімдер театрында тұсауы кесілген С.Асылбековтің «Желтоқсан түні» пьесасының қатары бүгіндері И.Сапарбайдың және басқа да драматургтердің шығармаларымен көбеюде. Бұл мәселеге келгенде қазақ жазушылары да қарап жатпағанын байқатуда.

Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармалардағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. [2:123]

Көркемдік шындық - өмір шындықтың, жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармашылығы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркемдік шындық өмірдегі шындықты кең талғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады.

Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында»атты кітабында:» 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар жүз жылға жуық уақыт бойы халықты казармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез-келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді» ─ деп дәл бағалаған. [3:56]

Желтоқсан тақырыбына арнап жазылған қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде А.Алтайдың «Сібір офицері» атты әңгімесінің түрі мен пішіні бөлек. Көбінесе бұл тақырыпта жазылған әңгімелердің көпшілігінің оқиға желісі желтоқсан зардабынан жапа шеккен Желтоқсанға қатысқандардың өмірін суреттеуге, сол қанды оқиғадан бір үзік сыр түюге құрылатұғын. Ал, аталмыш әңгімеде жағдай мүлдем басқаша суреттеледі.

Қаламгер қаһарлы суықта қарусыз қайрат көрсеткен жұртты жаппай қанға бөктіріп, өзін адал сезінетін, совет заманының азат азаматымын дейтін офицер Бураханның тағдырының тәлкекке ұшырауын шеберлікпен бейнелей білген. Асқар Алтайдың кейіпкері абақтыдағы өмірдің әділетсіз сипатын, кесінді биліктің кесірлі пендесі болып шыққан адам болмысының кері өзгерісін суреттейді. Автор өзінің осы шығармасы арқылы кісенді қоғамның зорлығын, аңқау офицердің әмірлі биліктің құрбанына айналғандығын: партиялық бұйрықтың қаталдығын, кеңес саясатының екі жүзділігін көрсеткісі келген. Отаны алдындағы әскери парызын адал атқарып жатқан кеңес офицерінің жазықсыз қолын жазалы еткен де – саясат. Кейіпкердің жанын жегідей жеген де, намысын жер қылған да – «желтоқсан». Бураханның көзін ашқан да, көңілін басқан да сол желтоқсан деп пайымдайды авторлық таным.[4:89]

М.Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» атты әңгімесі оқыс хабардан басталады. «Жұрнақ көке жынданып кетіпті». Әңгіме оқиғаны оқушы баланың көзімен суреттеген. Жұрнақ – желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіт. Бұл – жоғалған ұрпақтың символы. «Жынды Жұрнақ адамдарды бір-бірінен айырмайтын, кісі танымайтын, кімнің кім екенін мүлде білмейтін». Қазіргі қазақ баласының кейпіне ұқсайды, ана тілін білмейді, өзі мен жатты, ақ пен қараны ажырата алмайды. Бұл образ арқылы ұлтсыздану мен жаһандану дертіне шалдыққан ұрпақ қасіреті бейнеленген. Ұлтының қасиетін танудан қалып, қазақтықтан аулақ кетіп барады.

Мұңлық әкенің күйі ол болса, көтеріліске қатысқаны үшін жазықты болып, жынданған бейшара ұлының күні тіптен мүшкіл еді. Барынан айрылған, адамзат баласына тән ең ұлы қасиет – санасынан, ақыл-есінен айрылған, жарым ес атанып, көрінгеннің есігінде қу құлқыны үшін өлместің күнін кешіп жүр. Қаламгер кезінде оқу озаты болған Мәскеу оқу орны студентінің бүгінгі мүшкіл халін суреттеу арқылы тағдыры да, заманы да, солақай саясаты да аямаған жас жігітті туып-өскен ортасы, кіндік қаны тамған ауылдастары да аяды ма, мүсіркегендері бір күндік боқ дүниемен теңелгендігін шебер суреттеген.

Жұрнақ жынды бола тұра туған табалдырығына тізерлеп, кіндік кескен үйіне басын иген қалпы өмірмен қоштасады. Жалпы шығарманың әлеуметтік мазмұнын, жазушы үй, қара шаңырақ мотиві арқылы айқындап отырады. Демек, қаламгер ұлттық танымға тән мотивтер мен дәстүрлі символдарды шебер пайдалану арқылы Желтоқсан қасіретінің қазақтың халықтық рухына тигізген зардаптарын аша білген.

Желтоқсан шындығының бір қырына Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романына қанығамыз. Аталған шығармада жазушы 1986 жылғы қазақ жастары дүрбелеңін басып-жаншу кезінде нақақтан сотталған жас жігіттің өзгеше тағдырын кеңес түрмелері мен лагерьлерінде өткен ауыр жылдарымен бейнелеген. Тоқсаныншы жылдардың басындағы рынок деп аталатын қоғамдағы жаңа, тосын тіршілік бүкіл елдің басынан өткен заманауи өзгерістермен сабақтастырыла суреттелген. Тың дерек, бөлек тәсіл арқылы замана шындығын шынайы әрі әсерлі бейнелеу мақсатында автор ширыққан тартысты оқиғаларды іріктеп алған.Роман кезінде жас әдебиетшілердің 2001 жылы өткен республикалық кеңесінде жоғары бағаға ие болған.[5:179]

Қазақ жастарының тәуелсіздік жолындағы күресі М.Қозыбаевтың «Дақпырт және Шындық» атты еңбегінде баяндалған. Тәуелсіздік халқымызға аспаннан түскен құдіреттің сиы емес. Ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды-дауылды күресінің заңды жалғасы деп түсіндіреді. Жатса түсінен, тұрса есінен бір сәт кетпеген бабалардың ғасырлық арманы болған тәуелсіздік деп келтіреді. Жүректерін батпандаған мұң, қатпарлаған қасірет тоң болып қатып, шер болып басып жатпады ма? – деп сауал қояды. Тәуелсіздік тарихын зерттеп, жаңғыртып бүгінге жеткізу арқылы мемлекет келешегіне жол бастаған тұлғалар ғұмыры жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлығы ақиқат.[6:198]

Әдебиет жайлы айтылған пікірлердің тарихына көз салсақ, сонау қайта өрлеу кезеңінен бастап, өнертанушылардың әлемдік өкілдерінің пайымдауынша, көркем образ жасаудың бірден-бір тәсілі – сол қиял. Бұл орайда тарихи романдардың дүниеге келуіне байланысты көркем қиял мен болжал жөнінде арнайы әңгіме ету – уақыт талабы. Ол жөнінде пікірталастар әлі күнге толастаған жоқ, бұдан былай да жалғаса берері сөзсіз. Өйткені дүниеге келген әрбір нағыз көркем шығарма өзінше әлем, әр үлкен суреткер көркем қиял мен болжалды пайдаланудың өзінше үлгісін жасамақ. Осыған байланысты әр шығарма жөнінде сөз еткен кезде зерттеушілер өзінше жаңа бір әлемге кез болып, жаңа ойлар айтады, тың тұжырымдар қорытады. «Бұл

құбылыс халық өмірінің, ел тарихының құнарлы кенін қопарған тегеурінді дарын».

Саяси айыпты болып табылған қуғын-сүргін құрбандарының кеңес түрмелері мен лагерьлерінде өткен күндері тың деректермен оқырманын өзіне баурады. Аталған шығармалардың барлығы да тәуелсіздік үшін күрескен қазақ жастарының азаттық жолындағы арпалысы ретінде танылды. Желтоқсан оқиғасының аяқ астынан өршіп кетуі, алаңғы шыққан жастарды басып жаншу, оларға жүргізілген сұрақ-жауап процестері, қыспаққа алудың салдарынан қуғын-сүргін құрбандарының тағдырдың тауқыметіне ұшырап қиын-қыстау күн кешуі, түрмеге түскен жастардың мезгілсіз қыршынынан қиылуы – барлығы да сол тұстағы ел өміріндегі шындық. Бұл романдардың негізгі жетістігі – жетпіс жылдан аса өмір сүрген Коммунистік партияның халыққа жасаған қиянатын, бар болмысымен көркем шындыққа айналдыруы. Мызғымас Кеңестер одағының құрамына енген қазақ халқына жасалған сынақ тәжірибесі қаншама жастың қанын судай ағызды. «Бас жарылса, бөрік ішінде» дейді атам қазақ, тән жарасы жазылар, алайда араға отыз жыл салғанмен жан жарасы жазылмайтыны анық.[7:67]

Көп ұлтты қазақ әдебиетінің қуатты отрядының бірі — қазақтың сөз өнері де құнарлы шығармалары биік белестерді бағындырды. Қазақ әскери әдебиетінің көптеген өз проблемасы мен өз тарихы бар. Ұлы Жеңіске, жас қауымды тәрбиелеуге, көркем сөзді дамытуға қосқан өз үлесі бар. Өз даму тенденциясы бар. Елдің тәуелсіздік жолында ат салыспаған қазақ қаламгері болған емес. Ән мен жырда, хисса мен поэмада, әңгіме мен очеркте, пьеса мен мақалада кеңес жауынгерінің қайсарлығы паш етілді, көкірекке жеңіске деген сенім сезімі төгілді. «Ұлт үшін күрес- ұлы күрес! Біздермен сіздермен әрқашанда біргеміз, жеңіске міндетті түрде жетеміз» деген айырықша үндеу сөз қазақ елінің жастарын тәуелсіздікке жетеледі.

Әдебиеттер:

1.Жолдасбеков М. Тәуелсіздік тағылымы. - Астана, 2012ж
2.Беспаев М.Трагедия Желтоқсана.- Алматы, 2006ж
3.Н.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында.- Алматы, 2003
4.Қожа-Ахмет Х. Ереуіл атқа ер салмай.- Астана, 2000ж
5.Аймахан Қ. Тәуелсіздік желтоқсаннан басталады. - Астана, 2012
6.Қозыбаев М. 1986 Желтоқсан: дақпырт және шындық. – Алматы, 1996
7.Ергалиев Ж. Тәуелсіздік толғауы. - Астана, 2011ж

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ТІЛ МӘДЕНИЕТІ, СТИЛИСТИКА КУРСЫМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тұрлыбекқызы М.
Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.
manshuk-7@mail.ru

Интеграция – тек қана жеке бөлшектердің тұтасқа бірігуі ғана емес, сондай-ақ сандық және сапалық көрсеткіштерге жетелейтін, әр түрлі деңгейі бар жүйе. Білім алушыға саналы білім беру принципін қолдануда интеграциялау арқылы оқыту ерекше маңызға ие. Себебі білім жүйелі әрі бірізділікпен берілуі тиіс. Сондықтан техникалық және кәсіптік білім беруде де жалпы пәндермен арнайы пәндерді байланыстыру керек.

«Қазақ тілін интеграция арқылы оқытуда жүргізілетін кешенді жұмыс түрлері» атты Құралай Сарқытбайқызы Жайлаубаеваның мақаласында білім беру саласындағы интеграция үдерісі күрделі, жүйелі құбылыс болумен қатар психологиялық және педагогикалық тұрғыдан талдау жасауды қажет ететін мәселе екендігі айтылды [1].

Интегративті негізде білім берудің негізгі мақсаты – қоршаған әлем жайлы оқушы санасында біртұтас көрініс қалыптастыру. Сабақты басқа пәндермен тоғыстыра оқыту оқушылардың ойлау қабілетін шыңдайды, олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік тудырады. Әр білім алушының пәнді игеру қабілеті түрлі болып келеді. Бір сабақты өте жақсы меңгерген бала, екінші пәнді игеруде қиындыққа кездесуі мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде, пәндерді тоғыстыра меңгерту оқушының мүмкіндігін ашуға жетелейді.

Техникалық және кәсіптік білім берудің 011101 3 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алушылардың жан-жақты білімді, құзіретті әрі білікті маман болып шығуына 1-курстан бастап алатын білім, білік, дағдылары ерекше рөл атқарады. Себебі болашақ маман ретіндегі білім негізі оқудың алғашқы сәтінен-ақ басталады.

Студенттерге орталықтандырып білім беру – қазақ тілінде оқытылатын Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжінің басты мақсаттарының бірі. Осы мақсатта жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11 сыныптарға арналған «Тіл және әдебиет» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген «Тіл мәдениеті, стилистика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде берілетін білім интеграцияланады [2: 7].

Алайда интеграциялауда кездесетін біршама қиындықтар бар. Атап өтетін болсақ, біріншіден, бұл жас ерекшелігіне байланысты студенттердің саналы білім алуға даярлығының психологиялық тұрғыдан дайын болмауы, яғни берілетін ақпаратты саналы түрде қабылдамауы, екіншіден, жалпы білім

беру пәні мен арнайы пән арасындағы мерзім ұзақтығы, ішінара байланыстың үзілуі. Яғни, 1-курста берілген білім тек 3-курста немесе 4-курста ғана жалғасуы мүмкін. Үшіншіден, кейбір пәндердің (мысалы, «Шешендік өнер негіздері» курсының) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 29 шілдедегі №312 бұйрығымен бекітіліп, қолданысқа енгізілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылғы 28 тамыздағы №9705 тіркелген) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартынан алынып тасталуы.

Жалпы білім беретін «Қазақ тілі» пәнін төмендегі арнайы пәндермен интеграциялауға болады:

1. Тіл біліміне кіріспе;
2. Қазіргі қазақ тілі;
3. Қазақ тілінің теориясы мен тарихы;
4. Тіл мәдениеті, стилистика.

Мысалы, 10-сынып бағдарламасы негізінде берілетін *«Сөз сапасы»* тақырыптары аясындағы сөз сапасының тілдік емес шарттарын, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қарым-қатынасқа әсер ететін әлеуметтік факторлар, сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттары, әдеби тіл нормасын сақтау, сөздерді талғап, саралап, «таза» қолдану, сөз сапасына кері әсер ететін қолданыстарды қамтитын *«Сөз сапасы туралы түсінік»* тақырыбы, сөз дұрыстығы ұғымы, сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуы, сөздің рөлі, ұғымды, заттарды, құбылыстарды бейнелеп айту тәсілдері туралы мәліметтерді құрайтын *«Сөз дұрыстығы»* тақырыбы, сөз оралымдығының бір шарты – сөз байлығы, сөз қайталаудың сөз сапасына кері әсері, сөз байлығы ұғымына енетін лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер, сөз байлығының стиль түрлерімен байланысы, лексикологиялық сөздіктер арқылы сөз байлығын болжау мүмкіндігін қамтитын *«Сөз байлығы»* тақырыбы, тіл мәдениетінің маңызды сапасы – тіл тазалығы, тілдердегі сөз алмасу құбылысы, сөз тазалығына жат элементтер, әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы, тілдегі бейәдеби элементтер, олардың көркем әдебиетте қолданылуы, «қыстырынды сөздердің» тілдік қарым-қатынасқа әсерін қамтитын *«Сөз тазалығы»* тақырыбы, ал *«Сөз қысқалығы мен нұсқалығы»* тақырыбы негізінде сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы сөз жинақылығының белгісі, аз сөзге көп мағына сыйдыру шеберлік екендігі, сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік, сөздің қысқалығы мен нұсқалығына қойылатын талаптар туралы білім беріледі. *«Сөз дәлдігі»* тақырыбында сөйлеудегі дәлдік ұғымы, сөзді мағынасына лайық қолдану – сөз дәлдігінің талабы, тілдегі паронимдер, «зат» – «сөз» қатынастары, мағыналас сөздерді талғап жұмсау, логикалық дәлдік, сөз дәлдігінің стильдермен байланысы айқындалады [2: 13].

Сол сияқты «Сөз бедері және стиль», «Сөйлеу тілінің стильдік бедері», «Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері», «Ресми іскағаздары тілінің сөз бедері», «Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері», «Көркем әдебиет

тілінің сөз бедері», «Көркем сөз бедері» тақырыптары нақты филолог маманға қажетті білімнің негізін қалай алады [3].

Сондықтан жалпы білім беру пәні ретіндегі қазақ тілі мен арнайы пәнде берілетін білім мазмұнын өзара төмендегідей байланыстыруға болады:

1. Теориялық білімнің тереңдетілуі;
2. Практикалық тапсырмаларды күрделендіру;
3. Қосымша ақпаратпен қамтамасыз ету.

1-кесте. «Сөз байлығы» тақырыбы негізінде жасалған сабақ үлгісінен үзінді

Уақыты: 19.10.2016	**Қазақ тілі**	**Мұғалім:** М.Тұрлыбекқызы	**Сынып:**
Сабақ тақырыбы:	Жалпы білім берудегі қазақ тілі пәнін тіл мәдениеті, стилистика курсымен интеграциялаудың маңызы		
SMART мақсат:	Мөлшерлі уақыт аясында сабаққа қатысушыларға сөз байлығы туралы ұғымды, сөздің мағыналық, эстетикалық, эмоциялық реңктерін меңгерту		
Табыс критерийлері:	Мөлшерлі уақыт аясында сабаққа қатысушыларға сөз байлығы туралы ұғыммен танысады, сөздің мағыналық, эстетикалық, эмоциялық реңктерін ажыртуды үйренеді.		
Сабақта қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, постер, үлестірмелі материалдар: кеспе қағаздар, қосымша құралдар		
Оқыту әдістері:	Топтық жұмыс, АКТ		

2-кесте.Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының (сабаққа қатысушының) іс-әрекеті

Ұйымдастыру кезеңі	**Мұғалімнің іс-әрекеті**	**Оқушының (сабаққа қатысушының) іс-әрекеті**
	Тақырып, сабақтың SMART мақсаты мен табыс критерийлері таныстырылады.	
Топқа бөлу кезеңі	Сабаққа қатысушыларға өздері ұнататын конфет түрін таңдату арқылы топқа бөлу (екі түрлі конфет ұсынылады)	1. Арнайы дайындалған ыдыстан өзіне ұнаған конфет түрін алады. 2. Бірдей конфет түріне қарай топтарға бөлінеді.
Жаңа сабақ	***1-тапсырма.*** «Сөз байлығы» тақырыбына сәйкес теориялық материал беріледі. **Мәтін-1; Мәтін-2**	1. Теориялық материал оқылады. 2. Материалға байланысты постер құрылады. Жалпы білім берудегі қазақ тілі мен арнайы пән – тіл мәдениеті және

	2-тапсырма. Берілген тірек сөздерден қандай адам сипатталып тұрғанын анықтай отырып, ұтымды әрі стилистикалық бояулы мәтін құраңыз.	стилистика курсының «Сөз байлығы» тақырыбының ұқсастықтары мен айырмашылықтары жіппен байланыстыру арқылы көрсетіледі. Топ мүшелерінің жүргізген жұмысы «Бағдаршам» тәсілі арқылы бағаланады.
Қорытынды	Сабаққа қатысушыларды бір шеңберге жинайды. «Өрмекші торы» тәсілі арқылы сабақты қорытындылауды ұсынады.	«Өрмекші торы» тәсілі арқылы сабаққа қатысушылар бір-біріне алған білімдері аясында сұрақ қояды, тақырыпты қорытып, жауап береді.
Бағалау		Сабаққа қатысушылар «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі арқылы пікірлерін айтады.

Жалпы білім берудегі қазақ тілі пәнін тіл мәдениеті, стилистика курсымен интеграциялап оқыту нәтижесінде білім алушы:

- ✓ *білуі керек:* Стилистика және сөйлеу мәдениетін меңгеру арқылы өз ойын тиянақты, жүйелі жеткізуі, мәдениетті, сауатты сөйлеуі, тек әдеби тілді пайдалана біледі;
- ✓ *меңгеруі керек*: Ғылыми ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең меңгереді;
- ✓ *игеруі тиіс*: Сөз қателіктері, сөйлеу нормалары, лингвистикалық экология, лингвистикалық болжау орталықтарын игереді;
- ✓ *құзыретті болуы тиіс*: Жалпы халықтық тіл және оның нормаларын, функционалды стилистиканың түрлерін айқындауда құзіретті болады.

Қорытындылай келе, біріншіден, 1-курста берілетін базалық білімді 3-курста өтілетін «Тіл мәдениеті, стилистика» курсына негіз етуді; екіншіден, тілдік теориялық тақырыптарды практикалық тапсырмалармен, соның ішінде көркем шығармалар тіліне лингвистикалық талдау жасауға дағдыландыруды [4]; үшіншіден, стилистикалық қабаттың ерекшеліктерін түсіне отырып, ғылыми мақалалар, әдеби ойтолғаулар жазуда, ғылыми жұмыстар мен курстық, дипломдық жұмыстар жазуда пайдалануда қолдануға болатындығын ұсыныс ретінде алға тартуға болады.

Әдебиеттер:

1. http://www.rusnauka.com/15_NNM_2012/Pedagogica/5_110791.doc.htm Қ.С.Жайлаубаева. «Қазақ тілін интеграция арқылы оқытуда жүргізілетін кешенді жұмыс түрлері»

2. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған «Тіл және әдебиет» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламалары**.** – Астана, 2013. – 192 б.
3. Уәли Н., Ө.Қыдырбаев. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2010. – 256 б.
4. Даупаев Қ.О. Тіл мәдениеті және стилистика. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. 72 б.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФУТУРИЗМ

Үсен А. Ә.
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
aierke0102@mail.ru

XX ғасырдың басында капиталистік құрылыстың дамуына орай Еуропа мәдениеті мен өнерінде түлі ағымдар пайда болғаны белгілі. Бұл құрылыстың қатал да қиын заңдылықтары адамзаттың қоғамдық-әлеуметтік сипатын да, моральдық-адамгершілік құндылықтары мен эстетикалық талғамын өзгерткені айқын. Осындай әр адам өзі үшін күресіп, даралық сипаты айқындалған тұста Еуропа әдебиеті де идеялық- көркемдік болмысын кеңінен танытып, түрлі ағымдар мен бағыттардың тууына жол ашты. Қоғамдағы қайшылықтар мен адам мен орта қақтығыстары тереңдеген сайын, адамның ішкі психологиялық мәселесі күрделенген сайын сол шындықты бейнелейтін көркемөнердің де даму сипаты кеңейе түсетіні айқын. Сондай авангардтық ағым Еуропа елдерінде пайда болып, әлем әдебиетінде түрліше сипатта көрінді. 1909 жылы Ф.Маринетти «Футуризм манифестін» жария еткен соң кей өнер иелері өз шығармашылықтарында дәстүрлі мәдениеттен қол үзіп, жаңа қоғамдық даму эволюциясына сай, оның идеялық-көркемдік құндылықтарын танытуға қолайлы әдіс-тәсілдер іздей бастады. Қала тұрмыстық сипатының ерекшелігіне сай, адамзаттың қарқынды дамуы мен өндіріс пен ғылым, техника сияқты жаңа даму эволюциясының сипаттарын бейнелей білетін ағым ретінде футуризм қалыптасты. Бұл ағым өз кезеңінің кей мәдениеттанушыларының пікірінше антимәдениеттік, антиэстетикалық, антифилософиялық болды. Футуристер өзіне дейінгі мәдени канондардан бас тартып, жаңа болашақтың мәдениетін тудырамыз деп жариялады. Модернистік ағымдардың негізінде дәстүрлі мәдени құндылықтардан бас тарту үрдісі жатқандығы белгілі. Әсіресе, футуризм өзінің экстремистік сипатымен ерекшеленді. Өзіне дейінгі мәдени дамуды толық терістеп, іске алғысыз етіп, өткеннің ескірген дүние ретінде көрсетіп, өнердің формалары мен шарттылықтарын бұзуға одан аулақтауға шақырды. XX ғасырдың қарқыды қозғалысын көрсетуге дәрменсіз, қозғалыз,

жылдамдық, күш пен әлсізді жаншып, өзінің артықшылығын дәріптеу идеялаары жатқандықтан радикалдарға қолайлы болды. Фашистер, коммунистер және анархистер өткенді құлатуға ұмтылған жалпы төңкерістік рухтағы азаматтарға қызмет етті. Өзін көрсету, өзгеден биік қою және барынша назарды аудару құлқы футуристердің таңдаған мінез әрекеті болды. Мұндай мінез ерекшелігі қоғамда бітіпес қарсылықтар тудырып, өнерді қабылдаушы мен бағалаушылар тарапынан қарсылықтарғы ұшырап отыруы да заңдылық еді. Футуризм эстетикасы мына арналарды қамтыды: бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлерді мансұқтау, бүлікшілдік, анархиялық дүниетаным, канонды өлең формаларына қарсылық,техниканы, қалалық индустрияны дәріптеу.

Сәкен өлеңдерінің бір арнасы қазақ даласына келіп жатқан жаңа дәуір мен тұрмыс қалпын суреттеуге арналды. Бұл сол кезеңдегі сяси-әлеуметтік жүйенің талабы да еді. Сәкен кеңестік жүйенің идеясына сеніп, оның аясында өз халқына қызмет етуді мақсат етті. Алаш азаматтары сияқты кеңестік жүйе идеологиясынан бас тартпай, оның жақсылығын, отырықшылық пен өндірісті, жаңа технологияны, мемлекеттік институттарды қазақ халқына тереңдете енгізіп, елді алға шығару үшін бүкіл өмірін сарп етті. Бірақ қазақты халық ретінде құртуды мақсат еткен қызыл империяның жендеттері Сәкенді халқын риясыз сүйіп, оған шексіз қызмет еткені үшін жазалады. Қазан төңкерісін, Ленин идеясын дәріптеген ақын заманның шын мәнінде нені қажет еткенін түсінген болар. Бірақ қай жолды таңдасаң да апарын жері біреу екенін ол білген де шығар. «Қазан төңкерісіне арнап поэма жазу – Сәкеннің көптен бергі арманы... Бұл шығарма төңкерістің дауылындай қуатты болуы тиіс. әдеттегі өрнектердің ешқайсысы жарамайды бұл тақырыпты жырлауға. Жаңа өрнек, жаңа мақам, жаңа леп табуына керек» [1:211] деген Сәкентанушы ғалым Т.Кәкішевтің пікірінше, ел үмітіндей болған жаңа өзгерістер ақын жанын толқытып, дәуір үніне үн қосып, оның шындығын сөзбен ғана емес, әуенмен, өзіне сай мәнермен дамытуға күш салды. Ол кезеңнің тақырыбы да, сюжеті де жаңа коммунистік идея болды. Сол идеяны асқақтата жырлау, өзгеше көркемдік- стильдік сипатта жеткізу өзгеше ырғақтық-интонациялық құрылымды орыс футуризмінің көрнекті өкілі Маяковскийден тапқан Сәкен де тақырыбына сай оның формасын да жаңғырта жырлады.

Сәкен өз өлеңдерінде өз қоғамын сипаттап айтып қана қоймай, әуенін тыңдатып, өз дәуірінің суреттегідей жансыз бейнесін емес, көз алдында өтіп жатқандай, көру, сезу, тыңдау сияқты сезім түйсіктеріне әсер етіп, барынша шынайы көрсету үшін ырғақтық-интонациялық динамикасын сақтауды мақсат тұтты. Сондықтан ақынның жаңа құрылымдық кестелері тақырыптық-идеялық сапасы тың шығармаларында қаланады. «Сонымен, несомненно, поэзия өнеріндегі жаңашылдықты барлығынан бұрын жаңа мазмұннан іздеу қажеттігі шүбәсіз» [2:209] - деген ғалым З.Ахметов пікірі Сәкен шығармашылығындағы мазмұн мен түр сабақтастығының біртұтастығын меңзейді. Сәкен «Прежде всего в этой связи следует указать на то, что творчество крупнейших казахских поэтов С.Сейфуллина, И.Джансугурова, С.Муканова, Т.Жарокова

созвучно Маяковскому тем, что в нем разрабатываются темы имеющие особую социальную остроту, лучшие произведения этих писателей и поэтов отличаются большой идейной страстностью, публицистичностью». «Альбатрос», «Социалистан», «Қызыл ат» ақын дәуірінің жаңа лебі болып енген тарихи-саяси бетбұрыс арқау болған поэмалары жаңа интонацияға құрылып, соны әуен, тың өрнек әкеледі.

Лек, Лек, Ас! Бас!
Нық, Нық, Марш, Бас!
Құрыш, Күш; От, Шаш!
Сап,Сап, Нәш, Бас!..
Алға Адым Марш Бас!
Топ, Тап, Алға Ас! [3: 130]

Ақынның «Альбатрос» поэмасының «Ленин жолы» деп аталатын бөліміндегі еңбекшілерді биік пафоспен жырлау үшін, олардың қуатын таныту үшін поэзия дәстүрінен тыс әдісті қолданады. Бұл жолдардың эмоционалдық әсері мен экспрессивтік сипатының күшті екені даусыз. Әр бірі екпінмен айтылатын қысқа сөздерде жұмысшы табының нық сенімді қадамдыры сезіледі. Бұл жолдардың бейнешілдігі айқын. Сәкеннің поэмалары жаңа қоғам құрудағы жаңа тап – еңбекшілердің екпінді іс-әрекетін, жігерлі ішкі күйін, қайратты қозғалысын оқырман жанында өтіп жатқандай жанды суретін жасап қана қоймай, тынысын тыңдатып, лебін сезіндіреді, жинақтай айтқанда ақын ғалым Т.Кәкішев сөзімен айтқанда, «өзі өмір сүрген заманын Асау тұлпар – экспресс арқылы бейнеледі».

«Сәкен эпика саласында да айшықты ізін қалдырып кетті. Соның ең ірісі де, өнегелісі де – «Советстан». Өлең мазмұны қазір қабылдана қоймағанмен ақындық жаңалығы, қазақ өлеңіне қосқан өлшемдері мен мақамдары қазіргі поэзиямызда сайрап жатыр», [4:217] – деген академик С.Қирабаев пікірі қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүрлі өлшемдердің интонацияны құнарландырып, эмоционалдық мазмұнын табу үшін тармақтарға тасымалданатын аса кең жайылған құбылысты меңзеп отыр. Сәкен тобындағы ақындар кеңестік қоғамның жалынды келбетін жасауда Сәкенге еліктеді. Ал Сәкенге дем беруші, өнеге тұтушы, революция ақыны В. Маяковский еді. «Маяковский» және «революция ақыны» ұғымдары өзара мәндес сөздерге айналды.

Сәкеннің поэмалары жаңа қоғам құрудағы жаңа тап – еңбекшілердің екпінді іс-әрекетін, жігерлі ішкі күйін, қайратты қозғалысын оқырман жанында өтіп жатқандай жанды суретін жасап қана қоймай, тынысын тыңдатып, лебін сезіндіреді, жинақтай айтқанда ақын ғалым Т.Кәкішев сөзімен айтқанда, «өзі өмір сүрген заманын Асау тұлпар – экспресс арқылы бейнеледі». Сәкен дәстүрлі жеті, сегіз, он бір өрнектерінің бунақтарын бірнеше тармақтарға жіктеп, логикалық екпін түсіру арқылы жаңа интонация тудыру дәстүрінің негізін салды. Бұл құбылыс пайда болғаннан бері қазақ поэзиясында интонацияны түрлендірудің ең өнімді амалы. Бұл кезеңде өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін түрлендіру сатиралық өлеңдерден

көп көрінді. Сатиралық шығармалардың ішкі мазмұндық өрісі ауызекі сөйлеу стиліне жақындатуды талап еткендіктен, Б.Майлин, С.Мұқанов сынды ақын-жазушылар өлеңнің ырғақтық- интонациялық құрылымын айтарлықтай құнарландырды. Оның көрнекті үлгісі Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңінен көрінеді. Бұл өлең ерекшелігі оның композициясының диалогпен өрбуінде. Соған сай дауыс ырғағының өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік динамикасына сай түрленуі. Тілдік бірліктердің оның ішінде грамматикалық тәсілдер арқылы, **- мыз, -мын** жіктік жалғаулары арқылы өлең экспрессиясына тән бояуды іріктеп ала білуі.

Айнымалы ырғаққа құрылған ерікті өлеңдердің алуан түрін қазақ өлеңіне әкелген С.Сейфуллин болды. «Біз–комсомол» өлеңінде сегіз буынды өлшемнің 4+4 өрнегі алты буынды өлшемнің 3+3 өрнегімен сабақтасып, марш интонациялық-мелодикалық сипаты ішкі мазмұндық ерекшелікке сай құрылады. Сәкен өлеңдерінде қазақ өлшемдерінің 4+4, 3+3, 2+2 сияқты тең бунақтық өрнектерін көп қолданады. Бұл өрнектердегі бунақтық жік айқын, ырғақ толқындылығымен емес, нақтылығымен, шапшаңдығымен, жұмырлығымен ерекшеленеді. «Бұл дәуір поэзиясын сөз еткенде ондағы түрлік ізденістерді айтпай кетуге болмайды. Өлең ырғағын жаңа заманның даму қарқынына, экспресс жүрісіне, фабрикадағы станок қозғалыс ырғағына бейімдеу, сол арқылы орыс поэзиясындағы В.Маяковский тәжірибесін қабылдауы бұл кездің өлең-поэмаларында жиі кездеседі. 20-жылдар Сәкен осы саладағы бастамаға мұрындық болды да, «Советстан» поэмасы мен жекелеген өлеңдерінде осындай экспиремент жасады. Бұл ізденісін ақын отызыншы жылдары да жалғастырды. Ақын поэзиясында оның жекелеген табыстары да жоқ емес. Алайда ол ұзақ өріс алып, орнықпады. І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Т.Жароков, А.Тоқмағамбетов сияқты ақындар әуелде Сәкенге еліктеп, артынан өз бетінше ізденіп көрді. Сәбиттің он бір буынды қара өлеңнің буын санын сақтай отырып, жеке тармақтарды интонация негізінде бөлшектеуі әр сөзге салмақты ой беруге тырысуы кезінде қолдау тауып жүрді».

Сәкеннің «баспалдақтары» мен өзге құрылымдары Абайдың алты аяқ, сегіз аяқтары сияқты қазақ поэзиясына орнығып, тамыр жая алмағанмен, ізсіз кеткен жоқ. Қазіргі ақындар қолданып жүрген өлеңнің ырғақтық-синтаксистік жүйесін түрлендірудің негізі Сәкен поэзиясында жатыр. «Шынтуайттап келгенде, олар қазақ өлеңінің мелодикасын өзгертті, интонациясын байытты. Бұлар сөз жігі, сөз оқшаулығы, ырғақ пен синтаксистің үйлеспеушілігі, үн алуандылығы, морфологиялық тұлғалар, дыбыс үні, тармақ ұзындықтарының әр қилылығы, ұйқас пен ырғақтың екпін-леппен шендесуі, синтаксистік симметрияның жойылуы, өлең тілі синтаксисінің жаңаша құрылуы, жаңаша ырғақ толқындауы арқылы жүзеге асты». І.Жансүгіров «Эксковатор» атты өлеңінде дыбыстық еліктеуіштер арқылы эксковатордың іс-әрекетін бейнелейді. Жаңа келіп жатқан техникалық құралдарды жаңа әдіс арқылы сипаттау, дәстүрлі өлеңде жоқ ырғақтар арқылы жеткізу жаңа заманның жаңа әуені десе де болады.

Темір бура жеккені.

Аузы жерді қапса,
Аузы жерді шапса,
Тасты тұздай кемірсе,
Тауды мұздай жемірсе,
Ырғалса,
Сықыр, сықыр, сықыр...
Опырса
Күтір, күтір, күтір...
Шайнаса,
Қытыр, қытыр, қытыр...
Күйресе,
Күрс, күрс, күрс... [5: 353]

Қазақ поэзиясында футуризм етене ене алмау себебі қазақ поэзиясының дәстүрге берік байланғанында. Орыс футуристерінің әсерімен келген бұл ағым қазақ поэзиясына сіңісіп, кең жайылып кете алмады. Оның алғашқы элементтері жаңа заман екпінін сездіру және жаңа өндірістің қарқынын сиапттап, оның бейнесін жырлауда ғана көрінді. Осы өлеңдері үшін Сәкен талай сын садағына ілінгені белгілі. Поэзиядағы көркем ізденістің бірі ретінде көрінетін футуризм қазіргі ақындарда да аракідік тәжірибие ретінде көрініп қалады. Оның бірі идеясы мен мазмұны сыртқы суреті арқылы көрінетін суретті өлең. Т.Әбдікәкімовтың құмсағат формасында жазылған өлеңі уақыттың өтуінеқатысты, болашақты болжайды.

ЕЛІКТЕР –ТӘҢІР
ГЕ ДЕГЕН
СЕНІМ
э
лектр
темірге д
еген сенім т
үріне түпкілікті ау
ысып. Уақыт жылдам
дығы барған сайын үдей
түсіп, түрлі үкіметтік төңкеріс
тер мен табиғи жойқын апаттар ө
рті бықси тұтанып, О ЖАЛҒАН: А+М. [6: 311]

Қорыта айтқанда Сәкен Сейфуллин қазақ поэзиясында жаңашыл рефомалар жасаған мәдениеті мол ақын. Өз дәуірінің тынысын толық сездіру үшін дыбыстық бейнелеуіш құралдарын белсенді қолданып жаңа өндіріс пен техникалық құралдарды көркемөнер арқылы халық санасына жақындатуы ақынның шеберлігінің озық үлгісі. Қазақ поэзиясы дәстүрге берік байланған поэзия екендігі белгілі. Халық дәстүрі мен Абай дәстүрін терең сіңірген поэзия дәстүрден тыс формаларды тәжірибие ретінде ғана қолданады.

Жаңашыл өрнектер қазақ өлеңінің құрылымдық мүмкіндігінің мол екендігінің куәсі.

Әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. Дала дауылпазы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 357 б.
2. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы: Наука, 1964. – 409 б.
3. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 т.Өлеңдер. А., 1987
4. Қирабаев С. Тәуелсіздік өрісі: әдеби зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – Т. 1. – 250 б.
5. Жансүгіров І. Бес томдық шығ. жинағы. Өлеңдер мен поэмалар. А., 1988
6. Әбдікәкімов Т. Қас сақ аңқымасы. – Алматы: Жалын, 2003. - 228 б.

МӘТІН – ФУНКЦИОНАЛДЫ СИНТАКСИСТІҢ НЕГІЗГІ БІРЛІГІ

Шалабай Б.
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.
bshalabai@mail.ru

Мәтін – функционалды-коммуникативтік синтаксистің (функционалды-коммуникативтік тіл білімінің) негізгі зерттеу бірлігі.

Қандай тілдік бірлік болмасын, оның үш жағы бар: формасы, мазмұны және қызметі. Мәтін формасы оның құрылымдық тұтастығының көрінісі болса, мағыналық тұтастығын тақырып бірлігі анықтайды, ал қызметі мәтіннің қатысының тұтастығынан көрінеді. Осылардың барлығының бірлігі мәтіннің жалпы тұтастығын құрайды.

Мәтін қызметін анықтайтын жағдайлар: адресант, адресат, жағдай, коммуниканттардың қарым-қатынасы, олардың білімі, мамандығы, тәжірибесі т.б.

Адамдардың қарым-қатынасының түрлеріне байланысты әртүрлі қатысымдық мақсатты бағыттағы сөйлеу түрлері туындайды. Олардың бастыларын атайтын болсақ: бір нәрсе туралы хабарлау, ақпарат беру; өзінің ниетін, көңіл-күйі, сезімін білдіру; басқа адамдармен байланыс орнату немесе оған әсер ету т.б.

Осыған байланысты мәтін түрлерінің негізгі қызметтерін былайша топтауға болады: 1) хабарлау, ақпарат беру қызметі; 2) экспрессивтік қызмет; 3) бұйыру, ұсыныс, кеңес беру қызметі; 4) эстетикалық қызметі, т.б.

Бұлардың ішінде хабарлау, ақпарат беру қызметі басымдыққа ие негізгі қызмет түріне жатады. Мұндай мәтіннің мазмұнын қабылдаушыға берілуге тиіс жаңа мәлімет, білім құрайды. Ақпараттық мәлімет, әсіресе, радио, теледидар және газет хабаларында көбірек кездесетіні белгілі.

Экпрессивтік қызмет адресанттың көңіл күйін, сезімін, көзқарасын, эмоциясын білдіруде көрінеді. Мұндай мәтіндерге алғыс айту, көңіл білдіру, баға беру, құттықтау, кешірім сұрау, сәлемдесу, қоштасу мазмұнындағы мәтіндер жатады. Мұндай мәтіндердің құрамында экспрессивті сөздер, оқшау сөздің түрлері, модаль сөздер көп қолданылады.

Бұйыру, ұсыныс, кеңес беру қызметіндегі мәтіндерге келетін болсақ, онда адресатқа қандай да бір істі істету мақсатын көздейді. Бұл қызмет ресми іс қағаздары мәтіндерінде көбірек қолданысқа ие. Олар жарнама жанрындағы, нұсқау беру қызметіндегі мәтіндерде сондай-ақ ауызекі сөйлеуде кездесіп отырады. Жағдайдағы қызмет түрлері, негізінен, күнделікті қарым-қатынас барысындағы практикалық қызмет түрлеріне жатады.

Ал эстетикалық қызмет жоғары сатыдағы эстетикалық, көркемдік мақсатты көздейтін болғандықтан, практикалық қызмет түрлеріне қарама-қарсы қойылады. Бұл – көркем мәтіндердің атқаратын негізгі қызметі. Мұнда хабарланатын жайдан гөрі, саны жеткізіп тұрған таңба-белгіге ерекше мән беріледі. Тіл мұнда көркем бейнелі мазмұнды жеткізуші көркемдеуші құрал қызметін атқарады. Сондықтан тілдің жай практикалық қызметі мен көркем эстетикалық қызметін айқын қарау керек болады. Бұлар белгілі дәрежеде бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Мәтінтану ілімінде мына жайды ескеру керек болады. Ол – мәтін және дискурс, олардың байланыс, бірлік ерекшеліктері.

Бұларды бірлікте алғанда, мәтін, жалпы дискурс – тілдік факторлардың, сөздік (речевой) факторлардың және интеллектуалды факторлардың өзара байланыстары, әсерлестіктегі біртұтас кешені.

Ал, мәтіннің өзін алатын болсақ, ол – жазбаша сөз. Осы жай оның біраз ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер етеді. Мұндағы қарым-қатынас жағдайы ауызша сөзге (дискурсқа) қарағанда өзгешелеу. Қарым-қатынас жасаушы екінші жақ көз алдында тұрмағандықтан, мәтін оның түсінуіне лайықталып құрылады. Мәтінде айтылғанды қабылдау сол мезетке емес, біраз уақыт өткеннен кейін болатындықтан, қарым-қатынас жасаушылардың арасында қайта байланыс бірден жүзеге аспайды.

Осының бәрі мәтінді алдын-ала дайындап алуды: оның компоненттерін таңдап, сұрыптап, оларды әлдеқайда кең түрде таратып, дәл ұйымдастыруды қажет етеді. Соның нәтижесінде мәтінге (ауызекі сөзге қарағанда) кең таралымдылық, ізбе-ізділік, байланыстылық, аяқталғандық сияқты белгілер тән болады.

Ал дискурсқа келетін болсақ, ол –жанды іс-әрекеттегі тілдік, яғни сөйлеу, сөйлесу кезіндегі мәтіннің көрінісі болғандықтан, оның өзіне тән бірқанша ерекшеліктері бар. Дискурс нақты сөйлеу үрдісін білдірсе, мәтін – сол үрдістің нәтижесі, басқа басылған, таңбаланған көрінісі.

Қандай түрде болғанда да мәтін (жазбаша не ауызша түрдегі) қарым-қатынастық үдерісті бейнелейді. Мәтінді зерттеу тұрақты күйдегі тілді емес, әрекеттегі тілді зерттеуден, яғни тілдік бірліктерді қатысымдық-функционалды мақсатты қолданыс нәтижесі ретінде алып қараудан туды. Мәтіннің

функционалдық табиғаты туралы Т.В.Колшанский: «Мәтін – қатысымдық негізгі бірлік; қатысымның негізгі, өз алдына шынайы бірлігі ретінде мәтінді ғана есептеуіміз керек. Сөйлемді синтаксистік тұрғыда тілдің жоғары деңгейі деп қарау керек, ал қарым-қатынаста мән-мазмұнға, қатысымдық аяқталғандыққа, тиянақтылыққа мәтін ғана ие» - дейді [1,40].

Мәтін сөзді жүйеге түсіріп, қатынас жасауды жүзеге асырушы құрал. Мәтінді «әрекеттегі тіл» ретінде динамикалық сипатта түсіну оны қатысымдық-функционалдық жақтан талдау қажеттігін туғызады.

Мәтінді функционалдық талдауда қандай жайларға, нелерге көңіл бөлінуі керек? Ол үшін мына схемаға назар аударайық:



Сөйлеушіні сөйлететін мазмұны,
жайлар:
белгілі бір мақсат көздеу,оның ниеті (интерция),
талабы,сөйлеуді тудыратын
алғышарттар (мотивтер)

Сөйлеуші мақсатына жету үшін оған не керек?

- Білімі,
- Тәжірибесі,
- Тілдік шеберлігі,
- Жалпы тілдік тұлғаның интеллектуалдық өрісі.

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, мәтіннің нақты қолданыста жүзеге асуы, яғни оның ұйымдасу заңдылығы, қолданылу жағдайлары, түсінікті болуы шынайы қарым-қатынас үдерісінің алғышарттарына тәуелді екен. Демек, мәтінді функционалды аспектіде талдау деген сөз – тілдік қатынас үдерісімен байланысты болып келетін **қатысымдық-прагматикалық жағдайды** зерттеу деген сөз. Басқаша айтқанда, мәтінді функционалды талдау мәтіннен тысқары (экстралингвистикалық) және мәтінішілік белгілерді қамтиды.

Мәтінді құрайтын бірліктердің таңдалып алынуы, олардың бір-бірімен байланысы, бір бүтіндік құрауы қандай прагматикалық талапты орындап, қандай қатысымдық мақсат үшін қызмет атқаруына тікелей байланысты.

Қандай мәтін болмасын, оның қатысымдық-когнитивтік, функционалды бүтіндік ретіндегі негізгі міндеті – хабар беру, хабар алмасу; пікір алысуды

жүзеге асырып, сол арқылы адресатқа әсер етіп, оның жауап-қайтарымын (реакциясын) тудыру. Бұл мәтін қабылдаушығы толық түсінікті болғанда ғана жүзеге асады. Ал мәтіннің түсінікті болуы мәтін белгілі бір қатысымдық нақтылы шарт-жағдайға, прагматикалық талапқа сай құрылғанда ғана мүмкін болады. Соған сәйкес қарым-қатынас үдерісінде қандай мәтін болмасын мағыналық-ақпараттық мазмұнының, тілдік құрылымының және прагматикалық талап-мүдденің бірлігі ретінде қызмет етеді.

Мәтіннің тақырыбын, мазмұнын, фабуласын, композициясын, архитектоникасын, құрылымын, онда қолданған тілдік құралдарды автор таңдап белгілейді. Сондықтан автордың және адресаттың тілдік-тұлға ретіндегі жеке тәжірибесі, жалпы білім деңгейі, тілдік түйсік-талғамы белгілі мөлшерде мәнділікке ие болады. Мәтінді талдауда оларды есепке алу арқылы мәтін мазмұнының қалыптасуын және мәтін мазмұны мен тілдік құрылымының арасындағы байланыс, қарым-қатынасты ашып көрсетуге болады.

Сонымен, мәтін бір жағынан, адамның бүкіл интеллектуалдық, эмоционалдық болмысының материалдануы болса, екінші жағынан, ол екінші бір адамның интеллектуалдық, эмоционалдық психикасына, оның жүріс-тұрысына әсер етуге, сезімін оятып, өзгертуге бағытталады. Демек, мәтін тілдік қатысымдық бірлік ретінде өзінің негізгі міндетін іске асыра отырып, ол заттық-ұғымдық, бейнелік-эстетикалық мәнді білдіріп қана қоймай, когнитивтік, коннотативтік, эмоционалдық-эстетикалық, мағына-мазмұнды да білдіреді.

Мәтінді функционалды-қатысымдық аспектіде талдау мәтіннің тілдік сипаттарының шегінен шығып, функционалды-семантикалық (ұғымдық) санаттарды талдауға бағытталады. Өйткені олар мәтіннің не үшін, қандай мақсатпен құрылғанын анықтауға негіз болады.

Функционалды грамматиканың А.В.Бондарко мектебі ұсынған ФСК, ФСӨ, КЖ ұғымдары мәтінді осы тұрғыдан талдауға негізделеді[2]. Және бұл мәтінді актуалды мүшелеу теориясымен де байланысты болып келеді [3].

Алдымен, жазушы не сөйлеуші адам белгілі бір мазмұнға сәйкес синтаксистік модельдерді (сөйлем үлгілерін) таңдайды. Мысалы, іс-әрекетті хабарлау үшін етістік предикаттан құралған сөйлемдерді, ал заттар мен олардың сапаларын суреттеу үшін есімдерден (зат, сын, сан...) құралған сөйлемдерді алып мәтін түзеді.

Актуалды мүшелеудің санаттары – тема мен рема (белгілі мен жаңа) сөйлемнен сөйлемге ауысатын ой байланысын,мәтін ішілік байланысты жүзеге асырушы басты санаттардың бірі. Реманың, яғни мәтінде баяндалатын жаңа нәрсенің сипатын анықтау үшін әр типті мазмұнға ие мәтіндердегі өзіне логикалық екпін түсіріп тұрған сөздерге назар аударайық:

«Алба-жұлба қараша үйдің сырт жағынан қарасаң, іші өртеніп жатыр ма дейтінсің, түтіні бұрқырап шығып жатыр. Үйдің ортасында үлкен қара қазан, астында заулап жанған от; қазанның ішінде бір үйіріліп, бір бұзылып қайнап жатқан сабын. Төменгі жаулықпен басын тұмшалап орап алып,

маңдай терісі тыржиып терлеп-тепшіп, Айнабайдың Зейнебі сапты қалақпен сабын былғап жатыр» (Б.Майлин).

Негізгі мағына арқалап тұрған сөздер (оларға логикалық екпін түсіп тұр) грамматикалық-мағыналық біркелкілігі жағынан ерекшеленеді. Мәтінде жалпы көріністің жекелеген компоненттері (заттар) санамалай берілген. Мәтін, әдетте, суреттеуге құрылған жағдайда осылай болады. Осыған сәйкес, сөйлемдер де бірдей белгілерге ие (асты сызылған, заттық мағына арқалаған сөздер ол сөйлемдердің ремалары болады). Алғашқы, соңғы сөйлемдер етістікті сөйлемдер болғанмен, оларда негізгі көңіл бөлінетін жайлар қимыл емес, қимылдың көзі болып тұрған заттар (үй, үйдің іші, түтін, Айнабайдың Зейнебі).

Зат, құбылыстарды суреттейтін бұл мәтінде күрделі синтаксистік тұтастыққа біріктіруші тәсіл ретінде заттық ремалардың мағыналық-грамматикалық біркелкілігі қызмет етеді. Мәтіннің мазмұны қатарлас, біркелкі зат, құбылыстарды бейнелеуге құрылған. Соған орай сөйлемдердің құрылымы біртектес, бірыңғай санамаланған интонациямен айтылады.

Енді мазмұны бір-бірін жылдам ауыстыратын қимыл-үдеріске құрылған мәтінге назар аударайық. Бұл жағдайда қимылды атайтын етістіктерге логикалық екпін түсіп, олар ремалық қызмет атқарады.

«Күн бата шұбартып мал шеті де көрінеді, боран да үдеңкіреп кетті. Жұмекең жетектеп келе жатқан қара бурылына да мініп алды. Күні бойы бір дыбыс шығармай, шоқыта берген кісі: «Жануарларым-ай!.. Жатырмысыңдар аман!» -деп қалды. Бурылға қасқыр қарасы көрінгенде ғана мінуші еді иесі. Соған дағдыланған бурыл ат тізгінді керіп, сүзе жөнелді. Қараңғы түсіп кетпей, малдың сүреңін көріп қалғысы келіп, иесі де асығып келеді. Әлде, келе жатқан Жұман екенін таныды ма, әлде боарнның күшейіп кетерін сезе ме, жылқышылар да малдың етек-жеңін жинап, ұзын сары жонның шығыс жақ бетіне қарай аударып барады. Батыс жақта бір қос жылқы қарауытып бір елес беріп еді, ол енді көрінбей кетті» (Ғ.Мүсірепов).

Алдыңғы мәтінде заттың рематикалық үстемдігі туралы айту керек болса, бұл мәтінде қимылдың рематикалық үстемдігі туралы айтуға тура келеді. Рематикалық басымдылық қимылды білдіретін етістіктер арқылы берілген.

«Сен біз «Дәу қара» деп атайтын Қарағандының забойшигі Бейсенәліні білесің ғой! Ол қазір бізбен бірге. Өзі де дәу қара десең, дәу қара-ау! Бүгінгі ұрыста жұртты тым-ақ сүйсіндірген сол болды. Оның қимылы да қызық...» (Баубек Бұлқышев).

«Қарабайдың тоқсан мың жылқысы...». Бұрын мен мұны «Қозы-Көрпеш – Баян сұлуда», яғни халық эпостарында көбейтіп, шамадан тыс өсіріп айтатын «мыңдар» ғой деп ойлайтынмын. Ал енді тарихи деректер не дейді? Ежелгі түрік байларында 85 мың жылқы, 60 мың жылқы, 55 мың жылқы болғанын тарихшылар растап отыр. Жарайды, әріге бармай-ақ қояйық, 1917 жылғы Қазан төңкерісінің қарсаңын ғана алайықшы. Атақты ғалым Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайдың 24 мың жылқысы болған. 1910-1925 жылдары Арқада 45 мың, 30 мың, 28 мың, 15 мың, 10 мың жылқысы бар байлар өте көп болған. Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында Иірсу дейтін

жер бар. Осы Иірсуда Әбдіраман деген бай болған, жылқысы 17 мың екен...» (Әбіл Қоныспаев, этнограф). Бұл мәтіндерде сын-сапалық және сан-мөлшерлік мағыналық басымдықтар орын алған.Ол басымдықтар сын-сапаны және сан-мөлшерді білдіретін сөздер арқылы жасалған.

Сонымен, мәтіннің мағыналық типтері болады және оларды сипаттайтын рематикалық басымдықтар болады. Мәтіндердің мағыналық түрлеріне: зат, құбылысты суреттейтін мәтіндер (рематикалық доминанты - заттық мағыианы беретін сөздер); зат,құбылыстың не кейіпкердің сипатын беретін мәтіндер (рематикалық доминанты – сапа-күйді білдіретін сөздер); қыймыл-қозғалысты білдіретін мәтіндер (рематикалық доминанты - етістіктер); қалып-күйді суреттейтін мәтіндер (рематикалық доминанты -тұрақтылықты білдіретін сөздер); мағынасы болмысты жекелік-субъективтік тұрғыдан қабылдау түрінде келетін мәтіндер (рематикалық доминанты –экспрссивтік сөздер) жатады. Мәтіннің мағыналық түрлерін және олардың рематикалық басымдықтарын белгілеу оларды ұйымдастырып бейнелейтін тілдік құралдардың ерекшеліктеріне негізделеді. Әрқайсысындағы сөйлемдердің синтаксистік үлгілері (модельдері), олардағы сөздердің мағыналық-грамматикалық топтары ерекшеліктерге ие болып келеді.

Әдебиеттер:

1.Колшанский Т.В. Коммуникативная функция и структура языка. М., 1984;

2.Бондарко А.В. Функциональная грамматика. Ленинград,1984; Теория функциональной грамматики. М., УРСС, 2003;

3.Матезиус В. Об актуальном членении предложения. Пражский лингвистический кружок. М.,1967.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПОЭТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ӨМІР ДЕРЕКТЕРІ

Шералиева Г.Р., Абубакирова Р.М., Қадыров Ж.Т.
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қ.

Әдебиеттанудағы поэтика мәселесі өте ертеден сөз болып, ілгері дамып келеді. Ертеде грек әдебиетін құрылысы жағынан зерттеп, оның кейбір ұстанымдық ерекшеліктерін негізге ала отырып, поэтика туралы тұңғыш рет жүйелі пікір айтқан – Аристотель. Аристотельдің «Поэтикасы» IX-X ғасырларда араб, сирия тілдеріне аударылған. XIII ғасырда Испанияда латын тіліне аударылып, XIIY ғасырда Италияда, XYI-XYII ғасырларда Францияда әйгілі еңбек болуы оның дүние жүзілік мәнін танытады. Сонымен қатар,

«Поэтика» мәселелерінің күрлелілігімен қатар өзектілігіне дәлел болады. Көне үнді елінде де өнер теориясы дамыған. Үнділер өнер туындысының сезімге эстетикалық әсерін, адамның сол сәттегі көңіл-күйін зерттеген. Сонымен бірге ежелгі үнділер поэтикасы сөздердің поэтикалық қызметін айқындауға негізделген. Кейнігі ғасырларда поэтиканы ілгері дамытып, биік белекске көтерген орыс ғалымдары деп айтуға болады. Мәселен, В.Г.Белинскийдің әдеби еңбектерінде поэтиканың негізгі мәселелері қамтылып отырған. Поэтика мәселесімен орыстың үлкен ғалымы Потебния да шұғылданған. «Потебния поэтиканы лингвистикамен, фольклормен байланыста қарайды. Оның әсіресе поэтикалық тіл, поэзия табиғаты, жалпы өнерге деген көзқарасы ерекше назар аудартады. Потебния өнерді ғылыми таным секілді кәдімгі таным дүниесі, ойдың қызметі деп қарайды. Поэтикалық сөз, соған орай поэтикалық туынды атаулыны тұтас алып, құрамдас үш салаға бөледі. Сырт құрылысы, басқаша айтқанда,үн(звучание), мән-мағына (семантика), ішкі түр (образ)» [1: 6].

ХХ ғасырда теориялық поэтикамен қайтадан шұғылдана бастайды. Поэтиканың зерттеліп, анықталуын алға жылжытқан ғалым –Г.О.Винокур. Ол поэтиканы зерттеудің жолдарын, оның қарастырар мәселесін анықтап берді. Бұл кезде поэтика зерттеуші өкілдерінің бірі И.Виноградовтың зерттеулерінен де жаңа нышандар байқалады. ХХ ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдарында поэтиканы зерттеудің ауқымы молаюмен қатар зерттеу екі бағытта, тарихи поэтиканы жасау мен жанрлық проблемаларды: сюжет, композиция, стильді зерттеу бағытында жүреді. Т.Абдрахманова: «Қырқыншы жылдардан кейін поэтика бұрынғыдай поэтика аталып зерттелмеді, бірақ оның есесіне шеберлік, тіл мен стиль, өлеңтану салаларында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, көптеген еңбектер жарық көреді. Бірақ, поэтиканы бұлай зерттеудің кемістігі болмай қойған жоқ. Шеберлік мәселесінде поэтика шегі, шеңбері анықталмай, тым жалпылама алынса, «тіл мен стиль» деген салада поэтикалық тілден гөрі лингвистикаға көбірек сайып кеткен жайлар болды. Көркем түр мәселесі тіпті қағажау қалды десе болғандай.

Елуінші жылдардың орта шеніне ала поэтикасына талдау жасамайынша көркем әдебиет туындысына, жазушы творчествосына құнды зерттеу жасау мүмкін еместігіне көз жетті. Сондықтан да осы уақыттан былай қарай поэтика дамуының жаңа бір кезеңі басталып, мәселенің өзі кең көлемде қойылып, поэтиканың жалпы проблемалары туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл тұрғыда Томашевскийдің, Белицкидің, Винокурдың, Виноградовтың, Тимофеевтің, Шенгелидің т.б. еңбектерін атауға болады. Бұлардың поэтикалық сөз, сюжет пен композиция мәселелері, өлең проблемелары, жанр мен стиль проблемаларына арналған бір емес, бірнеше еңбектері басылып шықты» - дейді [1: 11].

Поэтика мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында да кең қозғалды. Поэтиканың қазақ топырағындағы алғашқы зерттелуі ретінде Т.Абрахмановаңың топшылауынша, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Мұхаметжан Қаратаевтың әдеби мұра, Абай поэзиясын игеру, жазушылық

шеберлікті жетілдіру, жаңа заманды жаңаша жырлау тұрғысындағы пікірлерін, мақалаларын қазақтың әдебиеттану ғылымының, поэтиканың алғашқы бой көрсеткен нышандары ретінде танимыз [1]. С.Мұқановтың «Поэзия мәселесі» атты мақаласы бар. Онда мазмұн мен түр, ұйқас пен ырғақ, дәстүр мен жаңашылдық тәрізді өте күрделі де маңызды мәселелері қозғалады. Сонымен қатар С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, А.Тоқмағанбетов, Ә.Тәжібаев, Қ.Әбдікадыров,Т.Жароков шығармаларына поэтикалық талдау жасалған. Бұл мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген [2]. Негізгі бағыты әдебиет сыны болғанымен поэтика мәселесін де қозғаған ғалымдарымыздың бірі – М.Қаратаев. Ол әдебиеттану ғылымына орасан зор еңбек сіңірген.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуір қазақ әдебиеттану ғылымының шарықтап өскен дәуірі. Бұл дәуірде қазақ әдебиеті тарихын жасау, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің творчествосы туралы монографиялар жазу істері қолға алынумен қатар, әдебиет теориясының ең өзекті, күрделі мәселелері күн тәртібіне қойылып, терең зерттеле бастайды. Осы тұрғыдағы табысымыз әдеби дамуымыздың бұл дәуірінде де Абай поэзиясын зерттеу жұмысымен байланысты. Абай шығармаларын әр қырынан алып зерттеген көп еңбектер жазылды. Солардың ішінде Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өмірі мен творчествосы», Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» туралы еңбектері ерекше маңызды еңбектер болды. Сондай-ақ Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ыбырай Алтынсарин, Махамбет Өтемісұлы шығармаларын зерттеу де қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған үлестер. Бұл дәуірде де қазақ әдебиеттану ғылымы, бір жағынан, әдебиет тарихына байланысты дамыса, екінші жағынан, қазақ әдебиетінің іштей түрленіп, салаланып, жанрға, проблемаларға, әдебиеттің бүгінгі күнгі жай-күйіне байланысты қарастырылу бағытында ілгері басты.

Қазақ әдебиеттану ғылымы қазіргі кезеңде ғылым ретінде әбден қалыптасып, жан-жақты толысып, ілгері дамып отыр. Бұл кезеңде біз әдебиет теориясын әдебиеттің өзге салаларынан бөліп, ажыратып қарау дәрежесіне жетіп отырмыз. Бұл тұрғыда ауыз толтырып айтарлықтай табыстарымыз бар. Бұған әдебиеттанудың ең өзекті мәселелеріне арналған қыруар еңбектің жарық көруі дәлел.

А. Квятковскийдің 1966 жылы Мәскеуде, «Советская энциклопедия» баспасы шығарған «Поэтикалық сөздік» деген еңбегінде:

«Поэтика (от греч. поэтика – поэтическое искусство) – наука о структурных формах художественых произведений и исторических законах изменения этих форм под влиянием нового содержания – деп көрсетілген. Ары қарай А. Квятковский қай дәуірде поэтикаға қандай анықтамалар беріліп, қалай түсіндірілгеніне қысқаша тоқтаған. Ең ақырында әдебиет энциклопедиясында әдеби энциклопедия осы жалпы поэтика, суреттеме поэтика, тарихи поэтика деп түсіндірмелер береді. Поэтикаға әдеби энциклопедияда берілген анықтама бойынша поэтика-әдеби туындылардың құрылысы және онда қолданылған көркемдеу құралдарының эстетикалық жүйесі туралы ғылым делінген [3].

Соңғы жылдары әдеби зерттеулерде поэтика деген термин өте жиі қолданылып жүр. Бұл жанрға және шығармашылыққа қатысты да қолданылады. Мәселен, фольклордың поэтикасы, драманың поэтикасы, романдардың поэтикасы делінеді. Белгілі бір автордың шығармашылығына қатысты да зерттеулер бар. Мысалы, «Қасым Аманжоловтың поэтикасы» деген еңбекті біз білеміз. «Қазақ совет драматургиясының поэтикасы» деген Р.Нұрғалиевтың еңбегі бар. Поэтика деген ұғым әдебиеттің тегіне қатысты айтылса да, жанрға қатысты айтылса да, творчествоға қатысты айтылса да қисынды. Мұнда сол жанрдың, сол еңбектің құрылысы мен онда қолданылған көркемдік құралдарының жүйесі, орнын, зандылықтары ғана емес, сол жанр, сол еңбектің барлық табиғаты жан-жақты ашылуға тиіс. «Олай болса, поэтика — зерттеуге алынып отырған объектінің күллі табигаты деген сөз». Демек поэтика – көркем шығарма табиғаты туралы ғылым. Өйткені поэтика қамтымайтын әдебиеттің бір де бір саласы, бір де бір жанры, бір де бір проблемасы жоқ. Біз Қасым Аманжоловтың поэтикасын қарастыруда осы айтылған мәселелер төңірегінде сөз етпекшіміз.

Поэтика – көркем туындының табиғаты, көркемдеу құралдарын қолданудың эстетикалық жүйесіндегі заңдылықтар. Поэтиканың қарастырар негізгі мәселесі-суреткердің ойы мен оны жүзеге асыруда қолданған амал-тәсілдері, олардың байланысы. Осыларды қарастыра отырып, қаламгердің өзіндік стилін анықтаймыз. Қасым Аманжоловтың поэтикасын зерттеген ғалым – Т. Әбдірахманова. Ол 1976 жылы Қасым шығармашылығы жайлы үлкен монографиялық еңбек жазған [1]. Онда ақын шығармашылығы, көркемдігі жан-жақты талданған. Бұл монографиялық еңбектен басқа ақын шығармашылығына арналған жеке пікір білдірулер, мақалалар да баршылық. Белгілі ғалым Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» [4], «Көркем сөздің құдіреті» [5] зерттеулерінде ақын поэзиясы талданады. Зерттеуші Қасым Аманжоловтың стилін, тек өзіне ғана тән қырларын басқа ақындармен салыстыра көрсетеді. І.Жансүгіров, Ғ.Орманов өлеңдерімен салыстырылады.

Ақын шығармашылығына тек ғылыми зерттеулер ғана арналған жоқ. Ақынға сезімге толы өлеңдер де арналды. Мәселен, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев ақын құрметіне орай «Қасым солай болмаса...» атты өлеңін жазады:

Кең кеудеде кетті ғой кектер сөніп,
Қасым деген – қалғыған жанартау ғой,
Жанартау ғой.
Жанды да кетті өртеніп.
«Бір күй бар домбырамда... -

деген ақын жыры Қасымның әдебиеттегі орнын танытады. Қазақ әдебиетінің асыл қазынасының бірі екендігін айғақтайды.

Қазақ халқының үлкен ақыны, аяулы перзенті Қасым Аманжолов шаш ал десе бас алатын қатал заманның тұсына тура келсе де, заман ағымының ыңғайымен жүре бермей, қайсар талант қаламынан отты жыр тудырғанын білеміз.

Әдебиеттер:

1. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. – Алматы, 1976. – 298 б.

2.Мұқанов С. Поэзия мәселесі //Социалистік қазақстан. 1933, №128

3.Квятковский А. Поэтикалық сөздік. – М.,1966.

4.Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар,1999. – 384 б.

5.Мәшһүр-Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдіреті. – Алматы, 2000. – 286 б.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТӘСІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Шукуманова Б. С.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, қ

Shukumanova-bs @mail.ru

Қазіргі жаңа технологияда педагог–психологтардың қолданып жүрген Интербелсенді оқыту тәсілдерінің бірі – ынтымақтастықта оқыту әдісі. Бұл туралы психолог ғалымдар еңбегінде: «Сотрудничество – это гуманистическая идея совместной развивающей деятельности детей и взрослых, скрепленной взаимопониманием, проникновением в духовный мир друг друга, коллективным анализом хода и результатов деятельности. В основе стратегии сотрудничества лежат идеи стимулирования и направления педагогом познавательных интересов учащихся», – деп, көрсетілген .

Оқу үдерісінде ұжымдық жұмыс жасау білім алушыларға оқытушының немесе басқа ересек адамның көмегінсіз өз бетінше ұжыммен бірлесе отырып, татулықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Алғашқы кезеңде тіл үйренуші топтық, ұжымдық жұмысқа оқытушының ұйымдастыруынсыз кірісе алмауы мүмкін, алайда олар тапсырмаларды бірлесе орындай отырып, түрлі сұрақтардың жауабын айтуға, бірінің қатесін екіншісі көрсете отырып оны түзетуге үйренері сөзсіз.Топта ынтымақтаса жұмыс істеудің тиімділігі – білімгерлердің қасындағы серіктесіне назар аударуы, өзінің іс–әрекетінде басқалардың жұмысына көңіл бөлуі, бір–бірімен санасып, бірін–бірі тыңдай білуі. Бұл топтағы тілдік үлгерімі нашар білім алушыға да әсер етеді. Олар өз бойындағы қорқақтықты, ұялшақтықты жеңіп, сенімсіздік күйінен арылып, ризашылықпен топтық жұмысқа қатыса отырып, үздік студенттерден қалыспауға, түсінбеген тапсырмаларын сұрауға тырысады. Осыған орай, топтық жұмыс барысында ынтымақтастыққа тәрбиелеуге бағытталған түрлі психологиялық ойындар мен жаттығулар түрлерін пайдалануға болады. Осы тұрғыдан психолог ғалым Л.С.Выготскийдің: «. это указывает на то, что игра является естественной формой труда ребенка, присущей ему формой деятельности, приготовлением к будущей жизни», – деген пікірімен келісуге

болады. Демек, тілді оқыту барысында шығармашылықты талап ететін күрделі ситуацияларды ойнау, коммуникативтік қабілетін дамытатын ойынға тапсырмаларды орындау білімгерлердің бейімі мен қабілетін дамытуға көмектеседі. Ойын студенттің тіл үйренуге деген қызығушылығы ғана арттырып қоймайды, олардың қабілетін, ой–өрісін, танымын, шығармашылық дербестігін, тілін дамытады. Сондай–ақ олар ойын арқылы ұжыммен жұмыс істеуге үйренеді. Сол сияқты ойталқы, ойбөліс, іскерлік ойындар арқылы белгілі бір тақырып аясында мәселеге өз пікірін білдіруге, қарсы жақпен бейбіт түрде пікір таластыра білуге, дұрыс ойлана білуге дағдыланады. Оқу түрінің осындай мақсатта ұйымдастырылуы белгілі әлеуметтік–психологиялық заңдылықтарға сәйкес әлеуметтік орта арқылы жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Өз сабағымызда мынадай ойын түрлерін ұсынуға болады. «Екі ұсыныс , бір тілек» әдісі.

1.Сабақ жұптық жұмыс түрінде жүргізіледі. Екі адам бір–бірінің арқасына жапсырылған қағазға жұбына тән екі жақсы қасиетпен бір тілек жазады. Топтағы адамдар әрқайсының арқасына жазылған қошемет пен тілекті жеке және топпен оқып шығады. Бұл әдіс әр адамның өзіне деген сенімін арттырып, өз бойындағы жақсы қасиеттерді көре білуге көмектеседі.

2. Бұл әдістің екінші түрі тіл үйренушілер шеңбер ішінде бір–біріне қарама–қарсы жұптасып тұрып, бір–біріне кезектесіп қошамет сөздер айтады. Оқытушы уақыттың аяқталғанын хабарлағанда екіншісі, үшінші адамға жылжып қошамет сөздер айтуды жалғастыра береді. Бұл әдіс білім алушылар арасында жағымды ахуал туғызады, тосыннан сөйлеуге, жылдам жауап беруге, пікірін айтуға, ой ұшқырлығын дамытуға машықтандырады. «Сөз бен қимыл». Тыңдаушылар шеңберге тұрады. Мысалы, «Астана» деген тақырыпқа ассоциация болатын бір сөз айтып, соны қимылмен көрсетеді.

Осы сөз бен қимылды есте сақтау керек. Әр адам өзі айтқан сөзден басқа сөздер мен қимылдарды есте сақтау керек. Мысалы: Гүлдана – жаңа қала, Айдана – Бәйтерек, Ғазез – Мәңгілік ел, Серікбек – білім, ғылым ордасы, т.б. Топтық жұмыс білім алушылардың бір мәселе төңірегінде өзара пікір алмасуын, талқылауын, жұмысына қорытынды жасауын, бағалауын туғызады.

Топ мүшелері жеке жұмыс жасағаннан гөрі топ ішінде жұмыс істей отырып жағымды ахуал туғызады, бір–бірінің жұмысын бағалап, құрметпен қарауға үйренеді. Эстон ғалымы Х.И. Лийметс топтық жұмыстың мынадай артықшылығын атап көрсетеді:

- білім алушылар 3–6 адамнан тұратын бірнеше топқа бөлінеді;
- әр топ өздеріне ортақ тапсырмаларын алады;
- әр топ өз қатысушылары арасында рөлдерді бөледі «лидер, спикер, аналтик, уақыт реттеуші» және т.б.)
-топ қатысушылары тапсырманы орындау барысында өзара пікірлесіп, талдайды;
- топтағы қабылданған мәселенің шешімін барлық топ талқылайды .

Білім алушылар тапсырмалардың барлығын топпен немесе ұжымдық жұмыс түрінде іске асырады. «Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз –

үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасу арқылы олардың екеуара бірін–бірі үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алысуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы» [2,33]. Топтық жұмыс түрлерін өткізу тәжірибеміздің байқағандай, бұл – білім ынтымақтастықта, белсенді жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Топтық жұмысқа кез тапсырмалар ұсынылмайды, мына екі талап бойынша ұсынған жөн:

1. Тапсырма құрылымы оны топтық тапсырма түрлеріне бөліп беруге болатындай болуы керек;

2. Берілген материал мазмұны шынайы өмірмен байланысты мәселе туындатып, сол арқылы тіл үйренушінің көзқарасын, пікірін, айтып пікірталас туғыза алатындай болуы керек.

«Сурет» әдісі. Студенттер 2 топқа бөлініп, барлығына сурет таратылды. Сол суреттерге сипаттама беріп, бірінің ойын екіншісі жалғастыру керек. Әр топ өз суреттеріне ортақ тақырып қою керек. Бұл әдіс айтылым, жазылым дағдысын дамытуға, креативтілікке мүмкіндік береді.

Сурет бойынша ассоциограмма құру.

1.Білімгерлер үш топқа бөлінді, әр топқа бірдей суреттер (5–7 сурет) топтамасы таратылып, топтағы білімгерлер бірге отырып әр суретті қалай түсінетініне ассоциация жазады. Берілген суреттер әр ұлттың, мемлекеттің салт–дәстүрі, мәдениеті, тарихы туралы болуы мүмкін. Тапсырманың мақсатына сәйкес әр топ сурет бойынша өз ойларын айтып шығады. Бұл тапсырма түрі білім алушылардың танымдық білімін, айтылым дағдысын дамытуға, мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыруға көмектеседі.

2. Білім алушылар түрлі тақырыптар бейнеленген (табиғат апаты, көрікті жерлер, соғыс, бақытты балалық, т.б.) суреттерді таңдап алып, сол бойынша өз сезімін, ойларын қысқаша айтып шығады. Ойларын айтып болғаннан соң екі топқа бөлініп осы суреттегі көріністер өз елінде, қоғамда кездесе ме, бұл суреттің жағымды, жағымсыз тұстары неде? деген сұрақтарды талқылап, ойларын топтық көрініс түрінде көрсетуіне болады. Осы жеке, топтық жұмыс түрі арқылы білім алушылардың өз пікірін білдіре отырып, айтылым дағдысын дамытуға, шығармашылыққа, сыни ойлауға машықтанады.

4/3/2/1 әдісі. (авторы Пауль Нейшн, Жаңа Зеландия ғалымы).

Әр топта 4 адам. Тақтада 4 сұрақ берілген. Топ мүшелері бір–бір сұрақтан алады.

1. №1,2 және №3,4 топ мүшелері 3 минут ішінде алған тақырыптары бойынша бір– біріне әңгімелейді.

2. №1,3 және №2,4 топ мүшелері 2 минут ішінде алған тақырыптары бойынша бір– біріне әңгімелейді.

3. №1,4 және №3,2 топ мүшелері 1 минут ішінде алған тақырыптары бойынша бір– біріне әңгімелейді.

Оқытушы бақылап, уақытты белгілеп тұрады.

Топтық жұмыстың тиімді ұйымдастырудың бір шарты – білім алушыларды дұрыс топқа бөлу. Психолог Ю.Н.Кулюткиннің пікірінше: «В группу должны подбираться учащиеся, между которыми сложились отношения доброжелательности. Только в этом случае возникает психологическая атмосфера взаимопонимания и взаимопомощи, снимаются тревожность и страх». Интербелсенді оқытуда тұрақты топ болмайды, олар үнемі ауысып отырады. Ал топ құрамының ауысуы барлық тіл үйренушілерге әртүрлі адамдармен жұмыс істеуге және оларды тануға мүмкіндік береді. Білімді меңгеруде, тапсырмаларды орындауда, бір–бірінің жұмысын бағалауда, талдауда студенттер өздері жетекшілік етеді, тәжірибесіне сүйенеді.

Топқа бөлуді былай жүзеге асыруға болады:

- оқытушының немесе топ басшысының анықтауы бойынша (мысалы: есімінің алғашқы әрпі дауыстыдан не дауыссыздан басталады; қай жыл мезгілінде туған; т.б.);
- топ басшысының таңдауы бойынша (өзіне команда жинау);
- оқытушының таңдауы (оқытушы белгілі педагогикалық ұстанымға сәйкес тіл үйренушінің интелектуальдық мүмкіндіктерін ескеріп, жұмыс істеу қарқыны бойынша, т.б.) .

Топтық жұмыстың артықшылығы:

- қарым–қатынас жасау дағдысын қалыптастыру, ынтымақтастық, өзара көмек;
- бір–бірімен қарым–қатынас жасау барысында өзара түсіністік, бір–бірінің пікірін тыңдау;
- топтық жұмысқа қатысу және өзін қадағалауды үйрену, топ мүшелері қабылдаған шешімдер мен пікірлерді бағалау, өз көзқарасын қалыптастыру;
- әр топ мүшесінің өз пікірін, идеясын ұсынуға, жүзеге асыруға мүмкіндігі бар;
- қандай әлсіз топ болса да жеке адамға қарағанда көп жұмыс атқарады;
- шығармашылық қабілетін шыңдау, өзін–өзі бағалау мен құрметтеуді үйрену;
- әр топ мүшесінің қатысуы мен үлесі өнімдірек болады.
- топтық жұмыс – ұжымдағы табыстың кілті.

Топтық жұмыстағы оқытушының қызметі:

Оқытушы – ұйымдастырушы, топтың көшбасшысы, ақыл–кеңес беруші, оқушы әрекетіне жағдай жасаушы қызметін атқарады. Ол дайын білімді ұсынбай, сабақ барысында ұйымдастырушы және ұжымдық жұмысқа қатысушы қызметін атқарады. Оқытушы шығармашылық жұмыстарды барысында тың мәселелерді туғыза отырып, білім алушылардың таным белсенділігін арттыруды көздейді. Оқытушының қызметі:

- ұсынылған жұмыстың мақсатын түсіндіру;
- топқа бөлу (топ мүшелерін орындайтын жұмысына сәйкес «тәртіпті қадағалаушы», «көрнекілік менеджері», «тіл сақшысы», «жұмыс уақытын реттеуші», « хабаршы (пошташы)», « хатшы» деп бөлуге болады)
- топтық жұмыстың барысын бақылау;

- белсенділікке, ізденіске талпындыру мақсатында әр топтың топ жұмысына кезек–кезек қатысады, бірақ өз көзқарасын, пікірін айтпайды;

- топтық жұмыс аяқталған соң орындалған жұмыс туралы қорытынды жасау, қателерге көңіл бөлу, қатысушылардың жұмысын бағалау.

Қорыта келгенде, оқу түрінің осындай мақсатта ұйымдастырылуы белгілі әлеуметтік–психологиялық заңдылықтарға сәйкес әлеуметтік орта арқылы жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Бұл барлық білім алушыларға жұмыс түрлеріне қатысуға, ынтымақтастық, тұлға аралық қатысым (белсене тыңдай білу, туындаған қайшылықтарды шешу, ортақ пікірге келу) дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1.Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика, 1991. – 480с.

2.Досмурзаева А.С. Қазақ тілін орыс бөлімдерінде тірек сызбалар арқылы оқыту әдістемесі. Дисс. – Алматы, 2002.

3.Кулюткин Ю.Н. Психология обучения взрослых. – М.,1985

4.Лийметс, Х.И. Групповая работа на уроке. – М., 1975

5.Цукерман Г.А., Фокина Н.Е. Поведение младших школьников в коллективной учебной работе // Вопросы психологии. –1983. №4, 211.

СУБКУЛЬТУРА АНИМЕ КАК ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ

Анищенко О. А., Амержанова Н. С.
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау
olga_alex62@mail.ru, filial.zerna@mail.ru

В настоящее время все больше возрастает влияние зарубежных культур на молодежь. Американские фильмы, сериалы и комиксы, корейские дорамы (сериалы), британский «Гарри Поттер», поп, рок-культура, японские манга (комиксы), аниме (анимационные фильмы и сериалы) – всё это дало толчок к развитию и обогащению молодежной лексики.

Большую популярность в мире приобретает японская культура. Влияние Японии прослеживается во всех сферах жизни: духовной, культурной, технически-технологической. Широко известными становятся японские единоборства (каратэ, джиу-джитсу), каменные сады, икебана, оригами, бонсай, японская литература, японская кухня.

Особый интерес к японской культуре Т.П. Григорьева объясняет потребностью «заглянуть в себя, познать себя, перейти от энергетических действий, утративших смысл, к духовным свершениям» [1, с.278]. В восприятии всего японского, считает Е. Штейнер, «и изначально, и по сей день имеет место изрядная доля ложного, ошибочного восприятия, что, на самом деле, порой совсем не так плохо, ибо является творческим, эвристическим подходом» [2].

Молодых людей и подростков больше всего привлекают японские манга и аниме. Тысячи фанатов во всех странах создают различные сообщества и фан-клубы японской анимации. Члены сообществ, любители сериалов, с нетерпением ждут выхода новой серии, встречи с любимыми персонажами, чтобы позже обсудить просмотренное аниме со своими друзьями. В кругу поклонников японской мультипликации складывается своеобразная субкультура аниме, специфический язык общения. Этой проблеме посвящены исследования культурологов, психологов, педагогов, лингвистов.

Особую популярность субкультура аниме, по мнению ученых, получила в 2000-х годах, когда японские мультипликационные сериалы стали доступны как на телеканалах, так и на видеодисках, и в Интернете. Данную субкультуру отличает увлеченность её представителей определенными образами персонажей предпочитаемых медиатекстов, стремление изображать их в той или иной форме: рисунок, фанфик (рассказ по мотивам того или иного произведения, написанный его поклонниками), постановка, а также копирование и использование в повседневной жизни характерных движений или реплик персонажей.

Среди основных особенностей субкультуры аниме Л.М. Эррера выделяет творческое начало, так как её возникновение спонтанно и обусловлено, по мнению исследователя, деятельностью актеров-любителей, изображающих на сцене персонажей аниме, и любительских театральных трупп [3, с. 65].

Связывает с творческой реализацией молодежи появление субкультуры аниме и А.А. Брешин, который считает, что субкультура сегодня – «это огромное поле социальной реализации молодежи, создающее альтернативу общественным отношениям, но не отрицающая при этом «официальную» культуру» [4]. В.Б. Хасьянов также отмечает, что субкультура аниме является «просоциальной, то есть направленной на развитие общества через совершение социально одобряемых действий, так как творческая самореализация признается ценностью среди представителей данной субкультуры. И позиции данной субкультуры будут укрепляться через проводимые мероприятия, фестивали, так количество представителей будет увеличиваться» [5, с. 75].

Крайне актуальным считают медицинские психологи исследование у поклонников аниме агрессивности и эмоционального интеллекта, поскольку «аниме возникло на особой культурной почве и коренным образом отличается от известных стандартных американских мультфильмов» [6]. По их мнению, благодаря своему сложному сюжету, визуальной концептуализации и эмоциональному подтексту, аниме стоит ближе к игровому кино, чем к детским мультфильмам, поэтому его целевой аудиторией и считается молодежь.

К аниме и манге обращается в своих работах и специалист по истории русско-японских отношений, визуальной культуре Ю.Д. Михайлова. В частности, в статье «Anime and Manga in Contemporary Russia» [7] она прослеживает историю развития интереса современной молодежи к японской анимации. В ходе исследования Юлия Дмитриевна общалась с поклонниками аниме, посещала их мероприятия, аниме-фестивали, конкурсы.

На описание символической системы, используемой в современном аниме, обращает внимание А.И Денисова. Она анализирует связь между цветом волос и характером героя аниме, описывает действия, несущие символическое значение, а также основные типажи персонажей. Посредством манги и аниме, считает А.И. Денисова, могут транслироваться любые идеи, а преданный почитатель жанров всегда сможет понять то, что хотел сказать автор, ориентируясь на символы и знаки [8, с. 5].

Символом принадлежности к субкультуре анимешников становится цвет волос, макияж, поведение, мимика, жесты, определённые детали (украшения, аксессуары). Для объединения любителей аниме характерно и использование специфических слов и выражений, большая часть которых представляет собой заимствования.

Рассматривая специфику субкультуры аниме, А.Х. Габдуллина выявляет причины и факторы популярности этого феномена: стилистика аниме и манга, похожая на граффити, делает изобразительный язык достаточно простым и привлекательным для молодежи любого возраста, оставаясь в памяти на долгое время; множество жанров аниме ориентировано на особую возрастную и

гендерную категорию. Она отмечает, что заимствования из японского языка и стоящие за ними смыслы заняли, безусловно, значимое место во многих национальных культурах, а также стали популярны в молодежных субкультурах [9, с. 259], где японские лексические заимствования подвергаются процессам грамматической, фонетико-графической ассимиляции и семантической адаптации [10, с. 12].

В кругу поклонников японской культуры, аниме складывается своеобразный язык общения, состоящий из синтеза русских и японских слов: *охаё* (приветствие), *сугой* (восхищение), *аригато* (спасибо), *конничива* (добрый день) *конбанва* (добрый вечер), *покемон* (странный человек), *нянко* (котик), *ой*(эй), *оясуми* (приятных снов), *банзай* (ура), *кими* (ты) и др.

К источнику пополнения молодёжного сленга относят аниме и авторы «Словаря молодёжного сленга», составленного на основе лексикона студентов Томского государственного университета, одного из крупнейших вузов России. Они подчёркивают, что «некоторые единицы сленга анимешников перешли в устную разговорную речь томских студентов, которые иногда даже не догадываются, что такое аниме» [11, с.16]. В качестве примеров приводятся выражения: *Кава□й, кава□йный, кава□йка* (kawaii – «милый, прелестный») – 1. Субъективная положительная оценка любого предмета, человека, явления действительности как милого, приятного и симпатичного, вызывающего умиление, чаще употребляется как существительное; 2. Жанр аниме, в котором фигурируют преувеличенно милые персонажи. *Ня* – 1. Мяу; 2. Выражение положительных эмоций; *няшка* – существо женского или мужского пола, вызывающее умиление и сильную симпатию в пределах лёгкой влюблённости; поведение или внешний вид няшки можно описать словом «кавай»; *няшный* – милый, прелестный. *синоним кавайный* [11, с.17].

Направление японской культуры завоевало множество поклонников и в Казахстане. На примере молодежи с. Чаглинка наблюдается интерес к аниме, японскому языку, рисованию в стиле «аниме». Стремление к пониманию реплик аниме без перевода становится стимулом к изучению японского языка. Большинство аниме-любителей понимают звучащую японскую речь. У многих поклонников аниме улучшились навыки рисования. Некоторые из учеников пробуют себя в написании фанфиков. Сами школьники считают, что «увлечение Японией не является отрицательным опытом для них». Свой ответ они обосновывают тем, что увлечение японскими аниме и манге расширяет их кругозор, способствует пониманию этикета и норм поведения иноязычной страны. Нередко при встрече молодые люди говорят: *охаё* – «доброе утро, привет», *охаёшки* −«приветики»; *конничива* – «добрый день, здравствуйте». Прощаясь, произносят: *иттекимасу* – «до свидания, я ушел (ушла)». В качестве синонимов к русскому *спасибо* используются заимствованные слова *аригато*/*аригатище* (*спасибище*), *домо*/*домушки* (*спасибушки)*. По мнению поклонников аниме, они учатся различать звучание корейского, японского и китайского языков, стремятся к чтению манги и просмотру аниме, и это поднимает им настроение.

Веяния нового времени, повсеместное использование Интернет-ресурсов позволяет молодёжи расширять свой кругозор, участвовать в процессе создания собственного лексикона и отразить в нём личный языковой опыт. У молодёжи появилось больше возможностей для самоопределения и развития своих способностей и креативности. Особенно полно эти возможности раскрываются в системе субкультур, где юноши и девушки имеют возможность показать себя. Участие в деятельности субкультур помогает молодым людям лучше понять себя и своё место в мире, творчески раскрыться и найти единомышленников.

Литература:

1. Григорьева Т.П. Синергетическая парадигма японской культуры. Нелинейное мышление в науке и искусстве − М, 2002. – С 274-294.
2. Штейнер Е. Япония и «японщина» в России и на Западе // [Электронный ресурс] Режим доступа: http://polit.ru/article/2006/01/18/schteiner/
3. Л. М. Эррера. Психологические аспекты изучения особенностей молодежных субкультур / Л. А. Эррера // Среднерусский вестник общественных наук. − 2011. − № 3. – С. 64–67.
4. А.А. Брешин. Субкультура современной российской молодежи. // [Электронный ресурс] Режим доступа:http://www.dissercat.com/content/subkultura-sovremennoi-rossiiskoi-molodezhi
5. Хасьянов В. Б. Субкультура аниме как культурно-информационный феномен (на примере деятельности молодежных объединений Иркутской области) / В. Б. Хасьянов, А. С. Зайцев // Научный диалог. − 2014. − № 11 (35): Психология. Педагогика. − С. 75−88.
6. Жила А., Бернат А., Деметрович Ж. Агрессивность и эмоциональный интеллект: исследование на выборке отаку // Медицинская психология в России: электрон. науч. журн. – 2015. – N 4 (33) [Электронный ресурс]. – URL: http://mprj.ru
7. *Mikhailova Y.D.* Anime and Manga in Contemporary Russia – A Bridge between the Two Countries? // Russo-Japanese Mutual Images and Representations Seen through Visual Media − for Understanding Relations between Japan and Russia, Report on Academic Research Project for the period 2003-2004. – Hiroshima: Ichiritsu Daigaku, 2005. − Pp. 113-133.
8. Денисова А.И. Семиотика в манга и аниме // Вестник ТГУ, выпуск 12 (140). − С. 1-5.
9. Габдуллина А.Х. Японские заимствования в современном информационном пространстве // Вестник Челябинского государственного университета. − 2012. − №3. − С. 259−268.
10. Габдуллина А.Х. Лексические заимствования из японского языка в русский: когнитивно-прагматические особенности и процесс ассимиляции //

Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. − 2012. − №2 (256). − Вып. 62. − С. 12–16.
11. Захарова Л.А., Шуваева А.В. Словарь молодёжного сленга (на материале лексикона студентов Томского государственного университета): учебно-методическое пособие / Л.А. Захарова, А.В. Шуваева. – Томск: Издательский Дом Томского государственного университета. − 2014. -126 с.

ПРОСТРАНСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ В РУССКИХ ТОПОНИМИЧЕСКИХ ПРЕДАНИЯХ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Асенова А.Б., Кельдешова С.Ш.
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау
nurassen_47@mail.ru, keldeshova1994@mail.ru

